



**"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қыркүйекте № 17433 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 146 (28085) санында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-25-қосымшаларға сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 2) осы бұйрыққа 26-58-қосымшаларға сәйкес негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 3) осы бұйрыққа 59-108-қосымшаларға сәйкес жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 4) осы бұйрыққа 109-113-қосымшаларға сәйкес негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің таңдау курстары мен факультативтерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 5) осы бұйрыққа 114-174-қосымшаларға сәйкес мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары;
- 6) осы бұйрыққа 175-191-қосымшаларға сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- 7) осы бұйрыққа 192-218-қосымшаларға сәйкес жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

8) осы бұйрыққа 219-323-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

9) осы бұйрыққа 324-384-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

10) осы бұйрыққа 385-390-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

11) осы бұйрыққа 391-440-қосымшаларға сәйкес жаңартылған мазмұндағы жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары;

12) осы бұйрыққа 441-545-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бекітілсін.";

осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105-қосымшаларға сәйкес 441, 442, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 449, 450, 451, 452, 453, 454, 455, 456, 457, 458, 459, 460, 461, 462, 463, 464, 465, 466, 467, 468, 469, 470, 471, 472, 473, 474, 475, 476, 477, 478, 479, 480, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 491, 492, 493, 494, 495, 496, 497, 498, 499, 500, 501, 502, 503, 504, 505, 506, 507, 508, 509, 510, 511, 512, 513, 514, 515, 516, 517, 518, 519, 520, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533, 534, 535, 536, 537, 538, 539, 540, 541, 542, 543, 544, 545-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*Е. Сағадиев*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 441-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту мақсаты – тіл туралы білімдерді меңгеру, түрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормалары және оларды өнімді тілдік әрекет барысында белсендету, сонымен бірге сөздік қорын байыту, байланыстыра айту жолдарын, қатынас мәдениетін, тілді жетілдірудің саналы және шығармашылықтық механизмдерін меңгеру негізінде тілдік әрекеттің барлық түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы зиялы және белсенді тұлғаны дамыту.

3. Оқытудың міндеттері:

1) тіл туралы білімдерді, оның түрлі салада және қатынас жағдайларында, стилистикалық ресурстарда, әдеби тілдің негізгі нормаларында (орфоэпиялық, орфографиялық және грамматикалық) және тілдік этикет ережелерінде қызмет істеуін қалыптастыру;

2) оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) нормативтік және қатынас жағдайындағы сәйкестік көзқарастары жағынан тілдік құралдарды бағалау және таңдау қабілетін қалыптастыру;

4) түрлі тілілік жанрларда ауызша және жазбаша монологиялық сөйлемдерді құру қабілетін дамыту және жетілдіру;

5) табысты әңгімелік қатынас жасау, түрлі сала мен коммуникативтік жағдайда пікірталас жүргізу қабілетін жетілдіру;

6) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылығын жетілдіру;

7) қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершіліктік құндылық ретінде және де қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал жасайтын тілдік капитал ретінде, тілге саналы қарауға тәрбиелеу.

4. Бағдарламаның мазмұны, заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

**2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзету-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы



психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әртүрлі жұмыстарды, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларды қарастырады (оқитын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндер қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стильдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық "Мәңгілік Ел" идеясын іске асыруға, этникааралық және

мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу процесі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық әрекеттерді қолдану түрінде берілетін, "кішкентай қадамдар" әдісі маңызды орын алады.

17. Оқудағы қиындықтарды жеңу мақсатында арнайы тәсілдер (көру бұзылымдары ескерілгендегі оқу ісінің алгоритмизациясы, сабақ құрылымының ерекшелігі, сақталған функцияларды дамыту бойынша арнайы гимнастика), оқу ақпаратын өңдеудің логикалық тәсілдері (нақтыландыру, үлгілер бойынша аналогиясын орнату, қорыту) қолданылады.

18. Білім алушылардың психикалық және дене ерекшеліктерін түзеу мақсатында тіл сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

1) шолу әдісі;

2) дидактикалық ойындар;

3) "Фонетика", "Лексика және фразеология" тақырыптарын оқу барысында кроссвордтарды табу, ребустарды, шараларды шешу;

4) тірек сызбалар;

5) мәтінді редакциялау;

6) анықтамалық материалдар үшін дәптер дайындау және қолдану;

7) "дыбыссыз" сұрақ;

8) дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру тәсілі және тақырыпты құру барысындағы есептеулер тәсілі;

9) болашақ тақырыптың микротақырыптарын ашу сызбасын құрастыру тәсілі және оны дайын мәтіннен есептеп шығару тәсілі;

10) тәсілдерді қолдана отырғандағы тіл шығармашылығы: "Еркін ассоциациялар тәсілі"(суреттердің деректері бойынша), "Не болар еді, егер ..." (білім алушы өзіне осындай сұрақ қойып жауап беруге тырысады), "Өңгімені жалғастыр";

11) "мағыналық бірліктер" тәсілі мағыналық жады мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналады. Тәсілдер: мәтіннің сараптамасы немесе шағын-баяндау, мұнда білім алушы дәйекті түрде екі сұраққа жауап береді: "Бұл мәтінде кім (немесе не) туралы айтылады?" және "Бұл жөнінде не айтылады (хабарланады)?" Қолданылатын қысқаша-баяндаулар көлемі үлкен мәтінге қарасты қорқынышын жеңіп, эмоциялық-ерік аясының қалыптасуына көмектеседі. Жеке тәжірибесін қолдану: жанұядағы туыстық байланыстардың аналогиясы бойынша мәтін немесе сөйлем ішіндегі туыстық байланыстарды анықтау (мысалы, "Қарапайым сөйлем") тақырыбын зерделеу барысында.

19. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға барлық психикалық процестердің тез сарқылуы тән, сондықтан сабақ кезінде іс-әрекеттерді ауыстырудың, әдістер мен тәсілдерді алмастырудың, жіктемелік тәсілдің, маңызды материалды ойда сақтап қалу үшін көп рет қайталаудың, көру қабілеті, айналаны бақылау, оқу, жұмысты тынығумен алмастыру үшін жайлы жағдайлар жасаудың мағынасы зор.

20. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін тіл және әдебиет кабинеттерін жабдықтаудың нормалары белгіленген:

1) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жинақталымы: проектор, интерактивтік тақта немесе экран;

2) электрондық басылымдар, DVD –гі видеофильмдер, электрондық плакаттар;

3) компьютер жинақталымы: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, веб -камера, желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы;

4) аудиторлық қабырға тақтасы.

21. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) фронталды оқу ісін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбыс ұлғайтқыш жабдық (әр сыныпқа);

2) мультимедиялық компьютерлік сынып;

3) жекелік есту аппараттары; сөйлеу экраны;

4) интерактивтік панелі және үшөлшемді аксессуарлары бар "Мультимедиялық интерактивтік оқытатын бағдарламалық-әдістемелік кешен" электрондық ресурсы - теориялық материал мен практикалық білімдердің меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін;

5) дыбыстық сигнады визуалдайтын "Логопедиялық тренажер" - арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізу барысында, әсіресе тұтықпасы мен дизартриясы бар балалармен жұмыс істегенде;

6) тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арналған тілдік тренажер ассистивтік құрылғысы - қажетті мөлшерде жалпақ сөйлемдік тілді меңгермеген білім алушылар үшін, сонымен бірге білім алушылардың тілдік шектелуі кезеңінде.

**3-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылына – 34 сағатты құрайды.

23. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Тыңдалым және айтылым";
- 2) 2-бөлім "Оқылым";
- 3) 3-бөлім "Жазылым";
- 4) 4-бөлім "Әдеби тіл нормаларын сақтау".

24. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 4) негізгі ойды анықтау;
- 5) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- 6) сөйлеу мәдениетін дамыту.

25. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;
- 5) мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау;

- 6) оқылым стратегияларын қолдану;
- 7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

26. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жоспар құру;
- 2) әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 4) эссе жазу;
- 5) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

27. "Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі" келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма.

28. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; негізгі ойды анықтау; негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіру;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктері; ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер; оқылым стратегияларын қолдану; қажетті ақпаратты таба білу;

3) жазылым: мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру; хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу; сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу; эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды); мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі; үндестік заңы; емле заңдылықтары; орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал; лексикалық норма: сөздердің тура және ауыспалы мағынасы; көп мағыналы сөздер; синоним, омоним, антоним; грамматикалық норма: туынды сөздер; күрделі сөздер: зат есімнің мағыналық түрлері; сын есім, шырай категориясы; сан есім, мағыналық түрлері; төл сөз бен

төлеу сөз, автор сөзі; пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

29. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы көтерілген мәселені болжау; әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог пен монологтарда көтерілген мәселені талдау; мәтін мазмұнын түсіну, ақпаратты түсіну; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру; ресми сөздер мен тіркестер және терминдерді орынды қолдану, сұқбатқа қатысу;

2) оқылым: мәтіннен негізгі және детальді ақпаратты анықтау; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтін негізінде нақтылау сұрақтарын құрастыру; оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; сілтеме жасау;

3) жазылым: әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру; мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу; графиктік мәтін құрастыру; эссе жазу барысында абзацты жүйелі құрастыру, "келісу, келіспеу" эссесін жазу; жинақы мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық норма: жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер; орфоэпиялық норма: сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін; лексикалық норма: көнерген сөз; эвфемизм; дисфемизм; неологизм; термин; диалект сөз; кәсіби сөз; табу сөздер; грамматикалық норма: есімдік; етістік; етіс түрлері; салт және сабақты етістік; үстеу, үстеудің мағыналық түрлері; пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері.

30. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтарда (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; факті мен көзқарасты ажырату; дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; дәлелді жауап беру, салыстыру, талқылау; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздер және

мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогқа қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу;

2) оқылым: мәтіндік және графикалық ақпаратты интерпретациялау; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін тану; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтіннің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы мен тілдік ерекшеліктерін талдау; мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастыра білу; комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу; сілтеме жасау;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу; графикалық мәтін түрінде берілген мысалды сипаттап жазу; дискуссивті эссе жазу; жинақы мәтін жазу; мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық норма: жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; лексикалық норма: фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәні мен көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану; грамматикалық норма: есімше; көсемше; тұйық етістік; шақ, рай түрлері; еліктеу сөздер; шылау түрлері; одағай; оқшау сөздер; пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.

### 31. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау; әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтерда (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; астарлы ойды анықтау; тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау; перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу;

2) оқылым: тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану; мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық

ерекшеліктерін ажырату; ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау; сілтеме жасау;

3) жазылым: тезистік жоспар құру; мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; аргументативті эссе жазу; бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам; грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері; есімді және етістікті сөз тіркестері; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері; сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері; жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі; пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

32. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың ролін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру;

2) оқылым: тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе); перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

4) әдеби тіл нормаларының түрлері: орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша



мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; мәтін құрылымын сақтай отырып, деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу; эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (эссе); жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу; орфоэпиялық норма: мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдары мен түрлерін білу; пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

33. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру;

2) оқылым: тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе); перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу; эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау,

біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе); оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, қисынды түзетулер енгізу, редакциялау; орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану. Пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

34. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген белгі сөйлеу әрекетінің дағдысын (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормалары), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1" – бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

35. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Тыңдалым және айтылым":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Болжау	5.1.1.1 сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау	6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйек сөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау	9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру	10.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру
1.2 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	5.1.2.1 әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырып тарға байланысты	6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы	7.1.2.1 әлеуметтік- қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог,	8.1.2.1 әлеуметтік қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог,	9.1.2.1 әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас,	10.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі

	диалог, монологтардағы (ән мәтіні, хабарлама жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру	(нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау	полилогтар дағы (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	полилогтардағы (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау	монография, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау	жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, монография, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау
1.3 Мәтіннен ақпаратты анықтау	5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау	6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу	8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау	9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу	10.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу
1.4 Негізгі ойды анықтау	5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударатын жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау	9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау
1.5 Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұнын негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұнын бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау	9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту	10.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту мәселе бойынша ой тұжырымдау
1.6 Сөйлеу мәдениетін	5.1. коммуника	6.1 коммуника	7.1.6.1 коммуникатив	8.1.6.1 коммуникатив	9. 1.6.1 қоғамдық-	10. 1.6.1 қоғамдық-саяси,

дамыту	тивтік жағдаятқа сай эмоци оналды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру	тивтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен термин дерді орынды қолданып, диалогқа қатысу, ойын анық жеткізу	тік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогқа қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу	тік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу	саяси, жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау	ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау
--------	--	---	---	--	---	--

## 2) 2-бөлім "Оқылым":

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ақпаратты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру	7.2.1.1 мәтіндік және графтік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру	9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндер-дегі мәлімет-терді салыстыру, өңдеу	10.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндер-дегі мәлімет-терді салыстыру, өңдеу
2.2 Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырма шылық тарын арқылы тану	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	7.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктері н қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктері н қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	10.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
2.3 Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулыққа хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық	6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымды	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік	8.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі	9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің	10.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің

	ерекшеліктерін ажырату	қ және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату
2.4 Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау	5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру	6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау	9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
2.5 Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу	5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру	8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру	9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру	10.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру
2.6 Оқылым стратегияларын қолдану	5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, ақпаратты табу үшін оқу	6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу	9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу	10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу
2.7 Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет журналдардан қажетті ақпаратты ала	6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет журналдар,	8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет журналдар,	9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет журналдар,	10.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет журналдар,

	білу	газет журналдардан ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау
--	------	---	---	---	--	--

### 3) 3-бөлім "Жазылым":

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Жоспар құру	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру	6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру	8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру	9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру	10.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру
3.2 Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктерін е сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін е сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу	9.3.2.1 мақсатты аудитория-ның қызығушылығы н ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығы н ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру
3.3 Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба)	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет,	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру,	10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру,

		түрінде құрастыру	сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	анықтап жазу	маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазу	маңызды тұстары мен үрдістерді (тенден-ция) анықтап жазу
3.4 Эссе жазу	5. 3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу ("келісу, келіспеу" эссесі)	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	8.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	9.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)	10.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)
3.5 Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу	5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу	6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу	7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу	9. 3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу	10. 3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу
3.6 Мәтіндерді түзету және редакциялау	5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау	9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау	10.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

4) 4-бөлім "Әдеби тіл нормаларын сақтау":

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Орфографиялық норма	5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
4.2 Орфоэпиялық норма	5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын а сәйкес айта білу	6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану	7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану	8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	9.4.2.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	10.4.2.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
4.3 Лексикалық норма	5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану	6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану	8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану	9.4.3.1 лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану	10.4.3.1 лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану
4.4 Грамматикалық норма	5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шак, рай түрлерін тілдесім барысында	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату,	9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің	10.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу 10.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің



	<p>тілдесім барысында қолдану 5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану 5.4.4.3 сын есімдерді, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу 5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу 5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдары, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру</p>	<p>6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану 6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану</p>	<p>қолдану 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану 7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу</p>	<p>қолдану 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану 8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу 8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану</p>	<p>мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрленді-ріп қолдану 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану</p>	<p>мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану 10.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрленді-ріп қолдану 10.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану</p>
10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әр-түрлі жұмыстарға қамтылады, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларға

(оқитын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрындағы, стильдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық "Мәңгілік Ел" идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу процесі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық ірекеттерді қолдану түрінде берілетін, "кішкентай қадамдар" әдісі маңызды орын алады.

17. Әрбір жаңа кезеңде білім алушылар материалды зерделеуге алдыңғы дағдыларының қалыптасуына қарай көшіп отырады; мұғалім дағдылары мен қабілеттерінің қалыптасуына қажетті әр кезеңге белгіленген уақытты өз бетінше белгілейді.

18. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында білім алушылардың тілдік практикалық қабілеттерінің қалыптасуына акцент жасалады, бұл ретте білім

алушылардың тілдік әрекетінің шектеулілігіне байланысты күнделікті істерінде жүзеге асырылады.

19. Екінші тілге оқытудың бастапқы кезеңдерінде ауызша сөйлеу тілін түсіну қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын анықтау және кеңейту негізгі болып табылады, олар тілдік естуін дамыту және түзеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуімен, орфоэпикалық дағдыларын қалыптастырумен сабақтасады; бұл үшін әңгімелесуді, өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, сөйлемдер, тілдік ойындар жаттауды қолдануға болады; мұнда мұғалім сөздердің орфоэпикалық дұрыс айтылуын қадағалайды, өз тілі мысалында қазақ тілінде сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоюға, сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді оқуға үйретеді.

20. 5-сыныпта білім алушылар сөздердің дыбыстық, содан кейін дыбыстық-әріптік сарптамасымен жұмыс жүргізуді жалғастырады; жұмыстың бұл түрінің тілдік естуді дамытуда үлкен мағынасы бар, қазақша сөздегі әрбір дыбыс пен әріптің орнын көруге көмектеседі, ал бұл өз кезегінде, дұрыс сөйлеуге, жазуға, сөздерді есте сақтауға ықпалын тигізеді.

21. Тілді практикалық тұрғыда меңгерудің бастапқы кезі тыңдау қабілеті мен дағдысы болады, бұлардың базасында байланысты сөйлеу, сөйлеу қабілеті мен дағдылары қалыптасып, олармен жұмыс жетекші орын алуы қажет, өйткені ауызша тілдің қабілеті мен дағдыларының базасында оқу және жазу қабілеті мен дағдылары қалыптасады.

22. Бұл үшін қабілеттіліктің бүтіндей кешені орнатылуы керек, атап айтқанда:

1) дыбыстамалық тілді тыңдау;

2) айтылғанды есту, бөтен және өз тіліндегі нормадан ауытқуларды табу;

3) үлгі негізінде естігенді дұрыс қайталап айту;

4) дыбыстарды, буындарды, сөздерді анық артикуляциялау;

5) естігенді айтқан сөзбен және көргенімен сәйкестеу: дыбыстық және әріптік құрылымның сәйкестігін белгілеу, әдеби сөйлеу мен сөзді жазу арасындағы қайшылықтарды табу;

6) ауызша өз сөзінде және оқығанда өз бетінше орфоэпикалық үлгілерді қолдану;

7) байланысты сөздер құру;

8) сауатты жазу.

23. Тілдік дағдыларды дамыту үшін түрлі талдауыштар қатысатын жағдайларды жасаған дұрыс: көру (суреттерді, заттарды көрсету), есту (мұғалім, құрдастары не айтып жатқанын мұқият тыңдау, өзгелер мен өз сөзінде қателерді байқау); тактильді (дыбыс артикуляциясын сезіну).

24. Сөздерді дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады: сөздерді, сөйлемдерді тақтадан және оқулықтан көшіріп жазу; қалдырып кеткен әріптерді, буындарды, сөздерді қойып көшіру; таңдамалы көшіру; естігенін жазу, ойша, сраптама ізі бойынша сөйлемдердегі сөздердің бұзылған ретін қалпына келтіру.

25. Оқыту барысындағы орфографиялық сөздермен сүйемелденетін тыңдау, сөйлеу, саналы көшіру, қазақ тілін меңгеру жұмыстарының негізгі түрі болып табылады.

26. Оқыған кезде фактілер дұрыс қабылданып жатқанын (не?, қайда?, қашан?), себептік-нәтижелік байланыстар белгіленгенін (неге?, не үшін?), оқығанның мағынасын қалай түсінгенін анықтап алады.

27. Оқыту барысында сөздіктік жұмыстың үлкен мағынасы бар: ол түсініп оқудың қалыптасуына, сөздігінің баюына, бөлектенген сөздердің айтылуы мен жазылуы практикалық тұрғыда меңгерілуіне ықпал жасайды; сөздік жұмыстың мазмұнымен жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріліп, олар білім алушылардың белсенді тіліне (ауызша және жазбаша) енгізілуі қажет. Жаңа сөздер мағынасын талқылау қазақ тілінде жүргізілгені дұрыс; бөлектенген жағдайда ана тілін қолдануға, сөздерді бір тілден екіншіге аудармалауға болады.

28. Қазақ тілін оқытудың маңызды шарттарының бірі - мұғалімнің сөйлеу тілі мен оқуы; педагогтың тілі үлгі болуы керек; үлкеннің қазақ тілі анық, ашық, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қателерсіз болады.

29. Қабілеттер мен дағдылардың дамуы сабақ берудің стратегиялары, әдістері мен тәсілдері қолданылады:

1) білім алушыларды коммуникативтік іс-әрекетке белсенді түрде тарту;

2) оқудың таныстырушылық түрі негізінде өз бетінше білім іздеу уәждемесін қалыптастыру;

3) әрі қарай дамуы үшін бағалаудың түрлі тәсілдерін қолдану, білім алушылардың шығармашылықтық қабілеттерін арттыру үшін түрлі жағдайлар жасау;

4) білім алушыларды ынталандыру және уәждеу мақсатында оқытуды дифференциалау.

30. Екінші тілге оқыту үшін бірегей (шоғырландырылған) қазақ тілі мен әдебиеті сабағы жүргізіледі.

31. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) фронталды оқу ісін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбысұлғайтқыш жабдық (әр сыныпқа);

2) мультимедиялық компьютерлік сынып;

3) жекелік есту аппараттары; сөйлеу экраны;

4) интерактивтік панелі және үшөлшемді аксессуарлары бар "Мультимедиялық интерактивтік оқытатын бағдарламалық-әдістемелік кешен" электрондық ресурсы - теориялық материал мен практикалық білімдердің меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін;

5) дыбыстық сигнады визуалдайтын "Логопедиялық тренажер" - арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізу барысында, әсіресе тұтықпасы мен дизартриясы бар балалармен жұмыс істегенде;

6) "Тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арналған тілдік тренажер" ассистивтік құрылғысы, - қажетті мөлшерде жалпақ сөйлемдік тілді меңгермеген білім алушылар үшін, сонымен бірге білім алушылардың тілдік шектелуі кезеңінде.

**3-тарау. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

32. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 160 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 160 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 160 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 160 сағатты;

5) 9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 160 сағатты;

6) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

33. Оқыту пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім "Тыңдалым";

2) 2-бөлім "Айтылым";

3) 3-бөлім "Оқылым";

4) 4-бөлім "Жазылым";

5) 5-бөлім "Тілдік бағдар".

34. "Тыңдалым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) тыңдалым тәсілдерін қолдану;

2) зейін қойып тыңдау;

3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

4) көркем шығармалардан үзінді тыңдап-көру.

35. "Айтылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сөздік қордың алуан түрлілігі;

2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;

3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;



4) мұғалімнің көмегімен мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;

5) анық, дұрыс сөйлеп және түсініп жауап беру;

6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

36. "Оқылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) оқудың түрлі тәсілдерін қолдану;

2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;

3) көркем шығармалардан үзінділер оқу;

4) мәтіндерге сұрақ-жауап арқылы сипаттама беру;

5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді түсініп оқу.

37. "Жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сөздік және таныс сөздер арқылы сөйлемдер құрастыру;

2) сөздерде, сөйлемдерде қазақ тіліне төл дыбыстарын дұрыс жазу;

3) тақырып бойынша сөздерді дұрыс қолданып жазу;

4) орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды ұстану.

38. "Тілдік бағдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) грамматикалық нормаларды ұстану;

2) синтаксистік құрылымдарды түсіну.

39. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдап-көру: дыбыс күшейткіш аппараттарды қолдана отырып естіп-көру арқылы қарапайым сөз, сөйлемдерді түсініп, қайталау; таныс тақырып бойынша сөздер мен сөйлемдерді түсіну; естіп-көру арқылы мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым: естіп-көру арқылы мәтін тақырыбына сай сөздерді қолдану; сөйлеу барысында өзі туралы айтқанда, танысу, сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу; мұғалімнің көмегімен тақырып бойынша өз ойын айту;

3) оқылым: естіп-көру арқылы мәтінді мәнерлеп, қателеспей дауыстап оқу; мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, әңгіме) анықтау; мұғалімнің көмегімен мәтін немесе суреттер бойынша қарапайым сұрақтар (кім?, не?) қою; мағынасын түсінетін таныс сөздерді дауыстап оқу;

4) жазылым: естіп-көру арқылы суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу; таныс атауларын жазу; қазақ тілінің төл дыбыстарын бір-бірінен дұрыс ажыратып жаза білу; бас әріптер мен кіші әріптерді ажыратып жазу;

5) тілдік бағдар: естіп-көру арқылы мұғалімнің көмегімен заттың сынын, санын, іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану;

айтылу мақсатына қарай мұғалімнің көмегімен сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырата білу.

40. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдап-көру: тірек сөздер арқылы негізгі мазмұнын көру, түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем-әдеби мәтіндердің мазмұнын көмекші сөздер арқылы түсіну, мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді олардың синонимдері, антонимдері және омонимдерімен қатар қолдану, ойын сұрақ-жауап арқылы жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары дұрыс айта білу, берілген сұраққа мұғалімнің көмегімен лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен негізгі ақпаратты анықтау (хат, хабарлама) мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығамалардың тақырыбын белгілеу, мұғалімнің көмегімен мәтіндердің тақырыбы және мазмұндық құрылымын салыстыру, тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, сұрақ-жауап арқылы өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай жазба жұмыстарында (хабарлама, хабарландыру, хат жазу, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны баяндау) сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрі, түсі мен сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүздіктер) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктерді білу; сөйлем: мұғалімнің көмегімен хабарлы, сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

41. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдап-көру: мұғалімнің көмегімен мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты анықтау, әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын әңгіме мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы ойды

анықтау, тыңдап-көру материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап бере білу;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен тура мағынадағы сөздерді қолдану, ойын жеткізу, тақырып бойынша диалогты бастау, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттап салыстыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме, өмірбаян, түйіндеме), орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбы және мазмұндық құрылымына сүйене отырып түрлерін салыстыру, тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян бойынша желісін құрастыру, жазба жұмыстарында мәліметтерді жинақтай отырып сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: сөз таптары: мұғалімнің көмегімен заттың сипаты, көлемі, салмағы мен аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану; сөйлем: мұғалімнің көмегімен жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыра білу.

42. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуы мен мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен терминдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын сұрақ-жауап арқылы дамыту, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын мұғалімнің көмегімен талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші→тыңдаушы" позицияларын ауыстыру, кесте,

диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскери салаға қатысты мәтіндердің (өтініш, ресми құттықтаулар) тілдік ерекшелігін түсіну, шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе кейіпкердің образын мұғалімнің көмегімен талдау, мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер арқылы түсіну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын жеткізе білу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, жазба жұмыстарында теңеу қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу, тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: сөз таптары: мұғалімнің көмегімен мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу; сөйлем: мұғалімнің көмегімен жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

43. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбын түсіну, тірек сөздер арқылы автор көзқарасы мен көңіл-күйі мен негізгі ойын анықтау, деректер келтіре отырып, жауап беру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айтуға және қойылған сұрақтарға жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбалар арқылы ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау,

кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, тақырып бойынша мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға бере білу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын пікір жазу, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: сөз таптары: мұғалімнің көмегімен болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану; сөйлем: мұғалімнің көмегімен жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

44. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен тыңдалаған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін сұрақ-жауап арқылы білдіру, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым: сұрақ-жауап арқылы ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін мұғалімнің көмегімен түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді қолдану, диалогте еркін сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбалар арқылы берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде жазылған мәтіндердің (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилі мен жанрлық ерекшеліктерін талдау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, өз ойын жазу, жазба жұмыстарында сөздікті тиімді қолданып жазу, түрлі тақырыпта жеңіл мәтіндер құрау, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: сөз таптары: мұғалімнің көмегімен өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану; сөйлем: мұғалімнің көмегімен жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

45. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1" – бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

46. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Тыңдалым":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	5.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсіну	6.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту	7.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту және тақырыбын анықтау	8.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту және басты сөздерді анықтау	9.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту және негізгі ақпаратты материалды анықтау	10.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсініп, қайталап, бекіту және барысын анықтау
1.2 Сөздер, сөзтіркестер	5.1.2.1 күнделікті өмірге	6.1.2.1 жаңа сөздер	7.1.2.1 тұрмыстық	8.1.2.1 тұрмыстық	9.1.2.1 тұрмыстық-	10.1.2.1 оқу-білімдік

дің лексикалық мағынасын түсіну	қатысы бар таныс сөздердің мағынасын түсіну	мен сөзтіркестердің лексикалық мағынасын түсіну	тақырыптарға байланысты жаңа сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	және рухани-адамгершілік тақырыптарға байланысты сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	мәдени тақырыптарға байланысты сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	тақырыптарға байланысты сөздердің лексикалық мағынасын түсіну
1.3 Ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы оқыған және тыңдаған мәтіннің мағынасын түсіну	5.1.3.1 естіп-көру тыңдаған мазмұны мұғалімнің сұрақтарға сәйкес таңдау арқылы мәтін бойынша көмегімен жауап беру, суреттерді	6.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	7.1.3.1 тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	8.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен тіркестерінің мағынасын түсіну	9.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну	10.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну
1.4 Визуалды материалды түсіну	5.1.4.1 көргендерін сұрақ қою, қысқа жауап арқылы мазмұнын түсінгенін білдіру	6.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу	7. 1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, негізгі ойды анықтау	8. 1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, сұрақтар негізінде негізгі ойды анықтау	9.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, сөз және сөзтіркестері арқылы негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 визуалды материалда болып жатқан оқиғаны түсініп, суреттеу, негізгі сөзтіркестері арқылы сүйене отырып, негізгі ойды анықтау
1.5 Түзету мақсаттары	5.1.5.1 мұғалімнің, сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге, өздігінен сұрақ қоя білуге бағыттау	6.1.5.1 есту қабілеттерін жеке сөйлету арқылы дамыту	7.1.5.1 сұрақ-жауап арқылы тілдерін дамыту	8.1.5.1 тілдік қарым-қатынасты бекіту	9.1.5.1 айналасындағылармен тілдік қарым-қатынасты бекіту	10.1.5.1 өздігінен әңгіме ашуды, сұрақ қойып, жауап берулерін дамыту

## 2) 2-бөлім "Айтылым":

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.2. Берілген	5.2.2.1	6.2.2.1	7.2.2.1	8.2.2.1	9.2.2.1	10.2.2.1

тақырып бойынша ойын жеткізу	сурет бойынша 1-2 сөйлем құрып, ойларын білдіру	сюжеттік суреттер бойынша ойларын білдіру	тірек сұрақтар негізі арқылы ойларын білдіру	жоспарға сүйене отырып ойларын білдіру	мазмұны мағыналас мәтін бойынша ойларын жеткізе білуді	мазмұны мағыналас мәтін бойынша қысқаша, толық ойларын білдіру
2.3. Кейбір артикуляциялық ережелерді сақтай отырып оқытылушылардың айтылым әдеттерін дамыту	5.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып әнгімелесушіні түсініп, жауап беру	6.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып белгілі бір тақырып бойынша тілдік жағдаяттарға қатысу, әнгімелесушінің не айтып тұрғанын түсіну	7.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырып бойынша орфоэпиялық нормаларды сақтай отырып тілдік жағдаяттарға қатысу, түсіну	8.2.3.1 сөздердің лексикалық нормаларын сақтап, түсіну	9.2.3.1 түрлі сөз таптарының элементтерін қолданып, морфологиялық нормаларды сақтап, түсіну	10.2.3.1 тірек синтаксистік нормаларын сақтай отырып орындау
2.4. Оқыған материалды айтып беру	5.2.4.1 таныс сөздерді қолданып, қысқа мәтінді айтып беру	6.2.4.1 қысқа мәтінді айтып беру	7.2.4.1 оқиға барысын сақтай отырып, әнгімелер мен таныс сөздерді пайдаланып айтып беру	8.2.4.1 әнгімелер мен таныс сөздерді пайдаланып айтып беру	9.2.4.1 иллюстрация негізінде әнгімелерді таныс сөздерді пайдаланып айтып беру	10.2.4.1 негізгі сөздерге және жоспарға сүйене отырып оқиға, әнгімелерді айтып беру
2.5. Визуалды материал негізінде сөйлемдер құру	5.2.5.1 көрген сюжеттерін өз сөздерімен айтып беру	6.2.5.1 видеоматериалдағы сөздерді пайдалана отырып суреттеу	7.2.5.1 негізгі сөздерді қолдана отырып сюжетті суреттеу	8.2.5.1 жоспарға сүйеніп, негізгі сөздерді қолдана отырып сюжетті суреттеу	9.2.5.1 сюжетті әнгімелеу элементтері бар сөздермен суреттеу	10.2.5.1 сюжетті кесте, сызбалар қолдану арқылы суреттеу
2.6. Оқыған материал жайлы бағалау пікіріндегі мәлімдеме	5.2.6.1 оқыған, тыңдаған материал өзінң карапайым бағалау білдіру	6.2.6.1 ақпарат, кейіпкер, оқиға жайында салыстырмалы негізде	7.2.6.1 негізгі сөздерге сүйене отырып құрылған	8.2.6.1 құрылған жоспар бойынша ақпарат, кейіпкер,	9.2.6.1 құрылған диалог бойынша ақпарат, кейіпкер,	10.2.6.1 диаграммалар, сызбалар, кестелер бойынша ақпарат,



	келісемін/келіспеймін ...", "маған ұнады/ұнамады...")	қарапайым бағалау пікірін білдіру ("мен ... деп ойлаймын", "мен .. деп есептеймін")	жоспар негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға жайында бағалау пікірін білдіру	оқиға жайында бағалау пікірін білдіру	оқиға бойынша бағалау пікірін білдіру	кейіпкер, оқиғалар бойынша бағалау пікірін білдіру
2.7. Түзету мақсаттары	5.2.7.1 қабылдаудың толықтығын, нақтылығын, тездігін жетілдіру	6.2.7.1 сөздік құрылымды мәтінге жақындату, жоспарды қолдана білу	7.2.7.1 қысқаша жауап беруді білу және оны дұрыс құруды жетілдіру	8.2.7.1 есте сақтау қабілеттерін ің мықты жұмыс жасауын қорғаныс режимы арқылы толықтыру	9.2.7.1 сөздік-логикалық есте сақтау қабілетін дамыту	10.2.7.1 көріп, есте сақтау және елестетіп есте сақтау қабілеттерін шынықтыру

### 3) 3-бөлім "Оқылым":

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1. Мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну	5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын түсіну	6.3.1.1 мәтіннің мазмұнын негізгі сөздер, сөздер және тіркестер арқылы түсіну	7.3.1.1 мәтін мазмұнын негізгі сөздер, сөзтіркестер, сөйлемдер арқылы түсіну	8.3.1.1 негізгі ақпаратты тақырыпты анықтау арқылы түсіну	9.3.1.1 тақырыпты және мәтіннің бағытын анықтау арқылы түсіну	10.3.1.1 мәтіннің тақырыбы мен мақсатын анықтай отырып негізгі ақпаратын түсіну
3.2. Сұрақтарға жауаптарды дұрыс құрастыру	5.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыра білу	6.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыра білу және жауап бере білу	7.3.2.1 мәтіннің мазмұнын бағалауға бағытталған сұрақтарды құрастыру	8.3.2.1 мәтіннің мазмұнын бағалауға бағытталған сұрақтарды құрастыру және соларға жауап беру	9.3.2.1 мәтін бойынша мәселелі сұрақтар құрастыру	10.3.2.1 мәтін бойынша мәселелі сұрақтар құрастыру және оларға жауап беру
3.3. Оқудың әртүрлі тәсілдерін игере білу	5.3.3.1 кейіпкерге бөлініп оқуды меңгеру	6.3.3.1 таңдамалы оқу әдісін меңгеру	7.3.3.1 кіріспе оқу әдісін меңгеру	8.3.3.1 ой-пікір оқу әдісін меңгеру	9.3.3.1 оқу әдістерін меңгеру (кіріспе, ой-пікір)	10.3.3.1 кейіпкерге бөлініп оқу әдісін меңгеру (кіріспе, ой-пікір)
3.4. Жоспар құрастыру	5.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздер	6.3.4.1 тірек сөздер көмегімен жоспар құрау	7.3.4.1 сұрақтар негізінде негізгі сөздер	8.3.4.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым	9.3.4.1 негізгі сөздердің көмегімен	10.3.4.1 негізгі сөздердің көмегімен күрделі жоспар

	арқылы жоспар құрастыра білу		көмегімен жоспар құру	жоспар құру	қарапайым жоспар құру	құру
3.5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу	5.3.5.1 мұғалімнің көмегімен ұсынылған тақырыптан керекті мәлімет алу	6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді сұрақтар арқылы білу	7.3.5.1 жоспарға сүйене отырып берілген тақырып бойынша қажетті мәліметтерді ала білу	8.3.5.1 жоспарға сүйене отырып, түрлі сұрақтар арқылы берілген тақырып бойынша керекті мәліметтерді алу	9.3.5.1 түрлі саладан алынған сұрақтар бойынша берілген тақырыптан қажетті мәлімет алу	10.3.5.1 алынған ақпаратпен салыстыра отырып, түрлі саладан сұрақтар қою арқылы қажетті мәлімет алу
3.6. Түзету мақсаттары	5.3.6.1 мәнерлеп оқу қабілетін дамыту	6.3.6.1 таңдамалы оқу қабілетін дамыту	7.3.6.1 кіріспе оқу қабілетін дамыту	8.3.6.1 ой-пікір оқу қабілетін дамыту	9.3.6.1 саналы оқу қабілетін дамыту	10.3.6.1 баяу және жылдам оқу қабілеттерін дамыту

#### 4) 4-бөлім "Жазылым":

#### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1. Түрлі формада елестетуді қолдану арқылы мәтін құру	5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтін құру	6.4.1.1 мұғалімнің көмегімен таныс сөздерді қолданып, шағын әңгіме жазу	7.4.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіндер жазу (хат, есеп беру), өз ойларын білдіру	8.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ауызекі сөйлеу стилі элементтерін қолдану арқылы мәтін жазу	9.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ауызекі және стилі элементтерін қолдану арқылы мәтін жазу	10.4.1.1 мұғалімнің көмегімен ресми-іскери стиль элементтерін қолданып мәтін құру
4.2. Оқыған материал бойынша мазмұнын баяндау	5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жеткізу	6.4.2.1 мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жоспар негізінде жеткізу	7.4.2.1 мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жоспар негізінде жеткізу	8.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің негізгі мазмұнын жеткізу	9.4.2.1 мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен бейне ақпараттың, мәтіннің бөлігінің мазмұнын жеткізу	10.4.2.1 мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен бейне ақпараттың, мәтіннің бөлігін мазмұнын қысқаша жеткізу
4.3. Пункту	5.4.3.1 мұғалімнің	6.4.3.1 мұғалімнің	7.4.3.1 мұғалімнің	8.4.3.1 мұғалімнің	9.4.3.1 мұғалімнің	10.4.3.1 мұғалімнің

ациялық нормаларды сақтау	көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану	көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану	ң көмегімен бірыңғай мүшелері бар қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану	көмегімен қаратпа сөйлемдерде тыныс белгілерін қолдану	көмегімен төл сөзі бар сөйлемдерде тыныс белгілерін қолдану	көмегімен күрделі тыныс сөйлемдерде белгілерін қолдану
4.4. Орфографиялық нормаларды сақтау	5.4.4.1 2-3 қарапайым сөйлем мен сөзтіркестерін дұрыс көшіріп жаза білу	6.4.4.1 аты-жөндері, жануарларға қойған аттарды бас әріппен жаза білу	7.4.4.1 мұғалімнің көмегімен сөздерді бөліп жазу	8.4.4.1 мұғалімнің көмегімен септік жалғауларды жаза білу	9.4.4.1 мұғалімнің көмегімен етістіктің жалғауларын жаза білу	10.4.4.1 мұғалімнің көмегімен дауысты, дауыссыз дыбыстарды сөздің әр бөлігінде дұрыс жаза білу
4.5. Түзету мақсаттары	5.4.5.1 ұсақ моториканы дамыту, сөздерді байланыстырып жазу әдеттерін қалыптастыру	6.4.5.1 сөйлемдерді дұрыс жаза білу, біліктерін қалыптастыру (бас әріппен бастап, сөйлем соңында үтір қою)	7.4.5.1 сөз және сөйлемдерді байланыстырып жазу әдеттерін қалыптастыру	8.4.5.1 жедел хат жазу әдеттерін дағдыландыру	9.4.5.1 жедел хат жазу әдеттерін дамытуға атсалысу	10.4.5.1 жедел хат жазу әдеттерін дамытуға келешекте атсалысу

## 5) 5-бөлім "Тілдік бағдар":

### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1. Грамматикалық нормаларды сақтау	5.5.1.1 жазбаша және ауызша түрде "кім?, не?" сұрақтарына жауап беретін затты білдіретін сөздерді ажырата білу	6.5.1.1 мұғалімнің көмегімен зат есім, сын есім, етістіктерді жазба және ауызша сөйлемде қолдана білу, оларды ажырату	7.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың көлемі, пішіні, түсін сәйкестендіру, заттың сынын білдіретін сөздерді қолдану	8.5.1.1 материал бойынша заттың сынын білдіретін сөздерді ажырата білу, зат пен сынын сәйкестендіре білу	9.5.1.1 зат есім, сын есімдердің түрлерін қолдана білу	10.5.1.1 мұғалімнің көмегімен зат есімді және сын есімді сөйлемдерде қолдана білу
	5.5.1.2 сұрақтар арқылы сөйлемдерді тарату	6.5.1.2. пікір білдіру міндетімен сөйлемдерді тарату	7.5.1.2 затты және заттың қимылын білдіретін	8.5.1.2 пікір білдіру міндетімен материалды	9.5.1.2 тірек-сызба арқылы зат есім, сын есім, сан есімдерді қолдану	10.5.2.1 мұғалімнің көмегімен етістікті қолдану

		сөздерді келістіру	ң көлемі, пішіні және түсіне қарай сын есім сөздерін қолдану		
5.5.1.3 сан есімдерді (бірліктер, ондықтар) атай білу және қолдана білу	6.5.1.3 сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, орынды қолдану	7.5.1.3 реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазбаша және ауызша жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.3 топтау сан есімдерін жазбаша және ауызша жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.1 мұғалімнің көмегімен болжалдық және бөлшектік сан есімдерді жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	10.5.1.3 болжалдық және бөлшектік сан есімдерді ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу
5.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сұрау есімдігін жазбаша және ауызша жұмыстарда қолдана білу	6.5.1.4 мұғалімнің көмегіменжіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазбаша және ауызша жұмыстарда орынды қолдану	7.5.1.4 мұғалімнің көмегімен өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазбаша және ауызша жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.4 мұғалімнің көмегімен одағай түрлерін мәтіннен ажырата алу, ауызша жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.2 мұғалімнің көмегімен еліктеу сөздерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	10.5.1.4 мұғалімнің көмегімен одағай түрлерін, електеу сөздерді жазбаша және ауызша жұмыстарда орынды қолдану
5.5.1.5 мұғалімнің көмегімен болымды және болымсыз етістіктерді ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу	6.5.1.5 болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	7.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану	8.5.1.5 етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдану	9.5.1.3 етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	10.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану
5.5.1.6 мұғалімнің	6.5.1.6 мекен және	7.5.1.6 сын-қимыл	8.5.1.6 мақсат және	9.5.1.4 күшейткіш	10.5.1.2 мекен және

	көмегімен мекен, мезгіл үстеулерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу	мезгіл үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	(бейне) және мөлшер үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	себеп-салдар үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	мезгіл үстеулерді ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану
	5.5.1.7 мұғалімнің көмегімен жалғаулықтардың (қарсылық қатынасты) қызметін білу	6.5.1.7 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	7.5.1.7 талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.7 септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.5 демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану	10.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану
5.2. Сөйлем	5.5.2.1 мұғалімнің көмегімен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын түсіну, қолдану	6.5.2.1 жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, оларды құрастыру	7.5.2.1 жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру	8.5.2.1 жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру	9.5.2.1 жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру	10.5.2.1 жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру
5.3. Түзету мақсаттары	5.5.3.1 фонематикалық есту қабілеттерін дамыту	6.5.3.1 дыбыстарды ажырата білуге үйрету	7.5.3.1 фонематикалық талдау қызметін дамыту	8.5.3.1 грамматикалық және тілдік құрылымын жетілдіру, сөздік қорын молайту	9.5.3.1 сапалы оқуларын жетілдіру, әңгімелерді түрлінше (қысқаша, толық, тандап) оқуға үйрету	10.5.3.1 күрделі және жай сөйлемдерді бөле білу

Ескерту:

1) тыңдалым барысында барлық еститін тілдік материал ұжымдық және жеке дыбыс күшейткіш аппараттарды қолдануды көздейді;

2) сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқыту мақсаттары кешенді және түрлі нұсқада қолданылады.

47. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

48. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-10 сыныптары үшін  
"Қазақ тілі мен әдебиеті"  
пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына  
қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде емес)**

1) 5-сынып:

1-кесте

Тақырыптар	Көркем шығармалар	Коммуникативтік дағдылар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Отбасындағы дәстүр мен мерекелер	М. Мақатаев "Тоқта, ботам!" өлеңі	Тыңдалым	5.1.4.1 көргендерін сұрақ қою, қысқа жауап арқылы мазмұнын түсінгенін білдіру; 5.1.5.1 мұғалімнің, сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге, өздігінен сұрақ қоя білуге бағыттау;
		Айтылым	5.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып әңгімелесушіні түсініп, жауап беру; 5.2.4.1 таныс сөздерді қолданып, қысқа мәтінді айтып беру; 5.2.5.1 көрген сюжеттерін өз сөздерімен айтып беру;
		Оқылым	5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын түсіну; 5.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыра білу; 5.3.3.1 кейіпке бөліп оқуды меңгеру; 5.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздер арқылы жоспар құрастыра білу; 5.3.5.1 мұғалімнің көмегімен ұсынылған тақырыптан керекті мәлімет алу;

		<p>Жазылым</p>	<p>5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құру; 5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жеткізу; 5.4.3.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану; 5.4.4.1 2-3 қарапайым сөйлем, сөзтіркестерін дұрыс көшіріп жаза білу;</p>
		<p>Тілдік бағдар</p>	<p>5.5.1.1 жазбаша және ауызша тілде "кім? не?" сұрақтарына жауап беретін затты білдіретін сөздерді ажырата білу; 5.5.1.2 сұрақтар арқылы сөйлемдерді тарату; 5.5.1.3 сан есімдерді (бірліктер, ондықтар) атай білу және қолдана білу; 5.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сұрау есімдігін жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.5 мұғалімнің көмегімен болымды және болымсыз етістіктерді ауызша, жазбаша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.6 мұғалімнің көмегімен мекен, мезгіл үстеулерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.7 мұғалімнің көмегімен жалғаулықтардың (қарсылықты қатынасты) қызметін білу; 5.5.2.1 мұғалімнің көмегімен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын түсіну, қолдану;</p>
<p>Мектеп өмірі. Б. Сокпақбаев Әдепті бала - "Менің атым – арлы бала Қожа" повесі (үзінді)</p>		<p>Тыңдалым</p>	<p>5.1.4.1 көргендерін сұрақ қою, қысқа жауап арқылы мазмұнын түсінгенін білдіру; 5.1.5.1 мұғалімнің, сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге, өздігінен сұрақ қоя білуге бағыттау;</p>
		<p>Айтылым</p>	<p>5.2.5.1 көрген сюжеттерін өз сөздерімен айтып беру; 5.2.6.1 оқыған, тыңдаған материал жайында өзінің қарапайым бағалау пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...");</p>
		<p>Оқылым</p>	<p>5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын түсіну; 5.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыра білу;</p>
		<p>Жазылым</p>	<p>5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құру; 5.4.3.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану; 5.4.4.1 2-3 қарапайым сөйлемді, сөзтіркестерін дұрыс көшіріп жаза білу;</p>
		<p>Тілдік бағдар</p>	<p>5.5.1.6 мұғалімнің көмегімен мекен, мезгіл үстеулерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу;</p>

			5.5.1.7 мұғалімнің көмегімен жалғаулықтардың (қарсылықты қатынасты) қызметін білу; 5.5.2.1 мұғалімнің көмегімен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын түсіну, қолдану;	
2-тоқсан				
Қазақстандағы жан жануарлар мен өсімдіктер әлемі	Жан-жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар	Тыңдалым	5.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсіну 5.1.2.1 күнделікті өмірге қатысы бар таныс сөздердің мағынасын түсіну; 5.1.3.1 естіп-көру арқылы тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес суреттерді таңдау; 5.1.4.1 көргендерін сұрақ қою, қысқа жауап арқылы мазмұнын түсінгенін білдіру; 5.1.5.1 мұғалімнің, сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге, өздігінен сұрақ қоя білуге бағыттау;	
		Айтылым	5.2.1.1 сөйлесу барысында танысу, өзі туралы айту, затты сипаттау үшін сөздер мен сөзтіркестерді қолдана білу; 5.2.5.1 көрген сюжеттерін өз сөздерімен айтып беру; 5.2.6.1 оқыған, тыңдаған материал жайында өзінің қарапайым бағалау пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...");	
		Оқылым	5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын түсіну; 5.3.5.1 мұғалімнің көмегімен ұсынылған тақырыптан керекті мәлімет алу;	
		Жазылым	5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құру. 5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жеткізу; 5.4.3.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану;	
		Тілдік бағдар	5.5.1.1 жазбаша және ауызша тілде "кім?, не?" сұрақтарына жауап беретін затты білдіретін сөздерді ажырата білу; 5.5.1.7 мұғалімнің көмегімен жалғаулықтардың (қарсылықты қатынасты) қызметін білу; 5.5.2.1 мұғалімнің көмегімен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын түсіну, қолдану;	
Менің	Тәуелсіз Қ. Сарин	"Тәуелсіздік"	Тыңдалым	5.1.4.1 көргендерін сұрақ қою, қысқа жауап арқылы мазмұнын түсінгенін білдіру;



Қазақстаным	өлеңі.		5.1.5.1 мұғалімнің, сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге, өздігінен сұрақ қоя білуге бағыттау;
		Айтылым	5.2.1.1 сөйлесу барысында танысу, өзі туралы айту, затты сипаттау үшін сөздер мен сөзтіркестерді қолдана білу; 5.2.2.1 сурет бойынша 1-2 сөйлем құрып, ойларын білдіру; 5.2.6.1 оқыған, тыңдаған материал жайында өзінің қарапайым бағалау пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...");
		Оқылым	5.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастыра білу; 5.3.3.1 кейіпке бөліп оқуды меңгеру; 5.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздер арқылы жоспар құрастыра білу;
		Жазылым	5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құру; 5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жеткізу; 5.4.3.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану;
		Тілдік бағдар	5.5.1.1 жазбаша және ауызша тілде "кім?, не?" сұрақтарына жауап беретін затты білдіретін сөздерді ажырата білу; 5.5.1.2 сұрақтар арқылы сөйлемдерді тарату; 5.5.1.3 сан есімдерді (бірліктер, ондықтар) атай білу және қолдана білу; 5.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сұрау есімдігін жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.5 мұғалімнің көмегімен болымды және болымсыз етістіктерді ауызша, жазбаша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.6 мұғалімнің көмегімен мекен, мезгіл үстеулерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.7 мұғалімнің көмегімен жалғаулықтардың (қарсылықты қатынасты) қызметін білу. 5.5.2.1 мұғалімнің көмегімен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын түсіну, қолдану;
3-тоқсан			
Денсаулық – зор байлық	"Ең үлкен байлық" ертегісі	Тыңдалым	5.1.1.1 ұжымдық немесе жеке дыбыс күшейткіш аппарат арқылы естіп, естіп-көру арқылы қарапайым, нақты, қысқа хабарламаларды түсіну. 5.1.2.1 күнделікті өмірге қатысы бар таныс сөздердің мағынасын түсіну; 5.1.5.1 мұғалімнің, сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге, өздігінен сұрақ қоя

			білуге бағыттау;
		Айтылым	5.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып әнгімелесушіні түсініп, жауап беру; 5.2.4.1 таныс сөздерді қолданып, қысқа мәтінді айтып беру; 5.2.5.1 көрген сюжеттерін өз сөздерімен айтып беру; 5.2.6.1 оқыған, тыңдаған материал жайында өзінің қарапайым бағалау пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...");
		Оқылым	5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын түсіну; 5.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздер арқылы жоспар құрастыра білу; 5.3.5.1 мұғалімнің көмегімен ұсынылған тақырыптан керекті мәлімет алу;
		Жазылым	5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құру; 5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жеткізу;
		Тілдік бағдар	5.5.1.2 сұрақтар арқылы сөйлемдерді тарату; 5.5.1.3 сан есімдерді (бірліктер, ондықтар) атай білу және қолдана білу; 5.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сұрау есімдігін жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдана білу; 5.5.1.7 мұғалімнің көмегімен жалғаулықтардың (қарсылықты қатынасты) қызметін білу; 5.5.2.1 мұғалімнің көмегімен сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын түсіну, қолдану;
Су – тіршілік көзі	Ә.Тәжібаев өлеңі "Сырдария"	Тыңдалым	5.1.3.1 естіп-көру арқылы тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес суреттерді таңдау. 5.1.4.1 көргендерін сұрақ қою, қысқа жауап арқылы мазмұнын түсінгенін білдіру.
		Айтылым	5.2.1.1 сөйлесу барысында танысу, өзі туралы айту, затты сипаттау үшін сөздер мен сөзтіркестерді қолдана білу; 5.2.5.1 көрген сюжеттерін өз сөздерімен айтып беру; 5.2.6.1 оқыған, тыңдаған материал жайында өзінің қарапайым бағалау пікірін білдіру ("мен келісемін/келіспеймін...", "маған ұнады/ұнамады...");
		Оқылым	5.3.5.1 мұғалімнің көмегімен ұсынылған тақырыптан керекті мәлімет алу;
		Жазылым	5.4.1.1 мұғалімнің көмегімен шағын мәтін құру;

			<p>5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен бейне ақпараттың, мәтіннің мазмұнын жеткізу;</p> <p>5.4.3.1 мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлем соңында тыныс белгілерін қолдану;</p> <p>5.4.4.1 2-3 қарапайым сөйлемдер мен сөзтіркестерін дұрыс көшіріп жаза білу;</p>
		<p>есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану;  10.2.3.7 арифметикалық немесе/және геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару;  10.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану;  10.2.3.9 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану;</p>
2.4.Тригонометрия		<p>10.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу;  10.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары <math>(\cos \alpha, \sin \alpha)</math> мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу;  10.2.4.3 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану;  10.2.4.4 келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану;  10.2.4.5 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;  10.2.4.6 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын <math>2\pi</math>, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру;  10.2.4.7</p>

			<p>тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 10.2.4.8 тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;</p>
--	--	--	---

### 3) 3 бөлім "Статистика және ықтималдықтар теориясы":

3 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	8 сынып	9 сынып	10 сынып
3.1. Комбинаторика негіздері			<p>10.3.1.1 комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 10.3.1.2 санның факториалы анықтамасын білу; 10.3.1.3 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 10.3.1.4 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу; 10.3.1.5 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 9.3.1.6 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану;</p>
3.2. Ықти-малдықтар теория-сының негіздері			<p>10.3.2.1 оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 10.3.2.2 элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 10.3.2.3 Ықтималдықтың классикалық</p>

			анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 10.3.2.4 ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу; 10.3.2.5 геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану;
3.3. Статистика және деректерді талдау	8.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру; 8.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 8.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 8.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету 8.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; 8.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 8.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау;	9.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 9.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру; 9.3.3.3 - жинақталған жиілік анықтамасын білу; 9.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 9.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;	

#### 4) 4 бөлім "Математикалық модельдеу мен талдау":

##### 4 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	8 сынып	9 сынып	10 сынып
4.1.Математикалық анализ бастама-лары	8.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын 8.4.1.2	9.4.1.1 функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу;	



	<p>функцияның берілу тәсілдерін білу;</p> <p>8.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;</p> <p>8.4.1.4 функциясының анықтамасын білу, графигін салу, <math>k</math> коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау;</p> <p>8.4.1.5 түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің <math>k</math> және <math>b</math> коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау;</p> <p>8.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу;</p> <p>8.4.1.7 <math>y = kx + b</math> сызықтық функциясының графигінен <math>k</math> және <math>b</math> таңбаларын анықтау;</p> <p>8.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу</p> <p>8.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;</p> <p>8.4.1.10 <math>y</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>8.4.1.11 функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>8.4.1.12 функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p>	<p>8.4.1.2 түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу;</p> <p>8.4.1.3 түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу;</p> <p>8.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;</p>	
<p>4.2. Математикалық модель-деудің көмегімен есептер шығару</p>	<p>8.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару;</p> <p>8.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару;</p> <p>8.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай</p>	<p>9.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу;</p> <p>9.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу;</p> <p>9.4.2.3 қолданбалы есептерді</p>	<p>10.4.2.1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару;</p> <p>10.4.2.2 геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару;</p>

	өзгеретінін бағалау; 8.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графикалық тәсілмен шешу;	шығару үшін квадраттық функцияны қолдану;	
4.3. Математикалық тіл және математикалық үлгі	8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	9.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру;	10.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру;

26. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

27. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 8-10 сыныптары үшін  
"Алгебра" пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 8 сынып

1 – кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
5-7-сыныптардағы математика курсына қайталау		
Бүтін көрсеткішті дәреже	Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	8.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 8.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 8.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану; 8.4.2.3 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгеретінін бағалау;
	Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	8.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 8.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 8.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 8.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті

		дәреже қасиеттерін қолдану;
Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру		8.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау;
Санның стандарт түрі		8.1.1.1 сандарды стандарт түрде жазу; 8.1.2.7 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 8.1.2.8 стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу; 8.1.2.9 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру; 8.1.2.10 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу; 8.1.2.11 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу; 8.1.2.12 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу; 8.1.2.13 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау;
Мәтінді есептерді шығару		8.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару;
Көпмүшелер	Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	8.2.1.2 бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 8.2.1.3 бірмүшені стандарт түрде жазу; 8.2.1.4 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;
	Көпмүшелер. Көпмүшенің дәрежесі және стандарт түрі	8.2.1.5 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 8.2.1.6 көпмүшені стандарт түрге келтіру;
	Көпмүшелерге амалдар қолдану	8.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 8.2.1.8 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау; 8.2.1.9 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау;
	Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу	8.2.1.12 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру	8.2.1.13 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау;
	2 тоқсан	
Функция. Функцияның графигі	Функция және функцияның графигі	8.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 8.4.1.2 функцияның берілу тәсілдерін білу; 8.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;
	Сызықтық функция және оның графигі	8.4.1.4 функциясының анықтамасын білу, графигін салу, k коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 8.4.1.5 түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің k және b коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 8.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 8.4.1.7 $y = kx + b$ сызықтық функциясының графигінен k және b таңбаларын анықтау;
	Сызықтық функциялардың графигтерінің өзара	8.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу

орналасуы	8.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;
Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графикалық тәсілмен шешу	8.4.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графикалық тәсілмен шешу;
$y=ax^2$ , $y=ax^3$ және ( $k \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері	8.4.1.10 $y$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 8.4.1.11 функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 8.4.1.12 функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;

### 3 тоқсан

Статистика элементтері	Вариациялық қатар	8.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру;
	Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі	8.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 8.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 8.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету 8.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру;
	Жиілік алқабы	8.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 8.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау;
Қысқаша көбейту формулалары	Қысқаша көбейту формулалары	8.2.1.10 қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; 8.2.1.11 қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
	Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру	8.1.2.14 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 8.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу; 8.2.1.15 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау ;
	Мәтінді есептерді шығару	8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 8.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару;

### 4 тоқсан

Алгебралық бөлшектер	Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті	8.2.1.16 алгебралық бөлшектерді танып білу; 8.2.1.17 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 8.2.1.18 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: ;
	Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану	8.2.1.19 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 8.2.1.20 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау;
	Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру	8.2.1.21 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау;

8-сыныптағы алгебра курсы қайталау

## 2) 9 сынып

### 2 - кесте

Ұзақ мерзімді	Ұзақ мерзімді	Оқыту мақсаттары
---------------	---------------	------------------

жоспар бөлімі	жоспар бөлімінің мазмұны	
1 тоқсан		
8-сыныптағы алгебра курсы қайталау		
Квадрат түбір және иррационал өрнек	Нақты сандар	9.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру;
	Квадрат түбір	9.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату; 9.1.2.1 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 9.1.2.2 квадрат түбірдің мәнін бағалау;
	Құрамында квадрат түбірлері өрнектерді түрлендіру	9.1.2.3 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу ; 9.1.2.4 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту; 9.1.2.5 құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 9.1.2.6 нақты сандарды салыстыру;
	функциясы, оның графигі және қасиеттері	9.4.1.1 функциясының қасиеттерін білу және оның графигін салу; 9.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;
2 тоқсан		
Квадрат теңдеулер	Квадрат теңдеу	9.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 9.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату;
	Квадрат теңдеулерді шешу	9.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу; 9.2.2.4 Виет теоремасын қолдану;
	2.1 Квадрат үшмүше	9.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 9.2.1.2 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу; 9.2.1.3 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу;
	Теңдеулерді шешу	9.2.2.5 түріндегі теңдеулерді шешу; 9.2.2.6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу; 9.2.2.7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу;
3 тоқсан		
Квадрат теңдеулер	Мәтінді есептерді шығару	9.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 9.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу;
Квадраттық функция	Квадраттық функция және оның графигі	9.4.1.2 түріндегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу; 9.4.1.3 түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графикін салу; 9.4.1.4 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін табу және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;
	Мәтінді есептерді шығару	9.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану; 9.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру;
Статистика элементтері	Жиілік жиілік гистограммасы алқабы,	9.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 9.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру;
	Орта мән. Дисперсия.	9.3.3.3 жинақталған жиілік анықтамасын білу; 9.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген

	Стандартты ауытқу	акпаратты талдау; 9.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;
4 тоқсан		
Теңсіздіктер	Квадрат теңсіздік	9.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;
	Рационал теңсіздік	9.2.2.9 рационал теңсіздіктерді шешу;
	Теңсіздіктер жүйелерін шешу	9.2.2.10 біреуі сызықтық, екіншісі - квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу; 9.2.2.11 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу;
9-сыныптағы алгебра курсының қайталауы		

### 3) 10 сынып:

#### 3 - кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
9-сыныптағы алгебра курсының қайталауы		
Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер, және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер және олардың жүйелері	10.2.2.1 екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату; 10.2.2.2 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу; 10.4.2.1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 10.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру;
	Екі айнымалысы бар теңсіздіктер	10.2.2.3 екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу;
	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйелері	10.2.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу;
Комбинаторика элементтері	Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері)	10.3.1.1 комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 10.3.1.2 санның факториалы анықтамасын білу; 10.3.1.3 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 10.3.1.4 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу;
	Комбинаторика формулаларын қолданып есептер шешу	10.3.1.5 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару;
	Ньютон биномы және оның қасиеттері	10.3.1.6 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану;
2 тоқсан		
Тізбектер	Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері	10.2.3.1 сандар тізбегі туралы түсінік болу; 10.2.3.2 тізбектің n-ші мүшесін табу, мысалы;; 10.2.3.3 математикалық индукция әдісін білу және қолдану;

	Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар	10.2.3.4 сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату; 10.2.3.5 арифметикалық прогрессиялардың $n$ -ші мүшесін, алғашқы $n$ мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 10.2.3.6 геометриялық прогрессиялардың $n$ -ші мүшесін, алғашқы $n$ мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 10.2.3.7 арифметикалық немесе/және геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару
	Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия	10.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану;
	Мәтінді есептерді шығару	10.2.3.9 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану; 10.4.2.2 геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару;
3 тоқсан		
4. Тригонометрия	Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері	10.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 10.1.2.1 градусты радианға және радианды градусқа айналдыру; 10.1.1.2 - бірлік шеңбердің бойында сандарын белгілеу;
	Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыш синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің мәндері	10.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу; 10.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары ( $\alpha$ ) мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу;
	Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері	10.2.4.5 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 10.2.4.6 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру;
	Тригонометрия формулалары	10.2.4.4 келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 10.2.4.3 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану;
4 тоқсан		
Тригонометрия	Тригонометрия формулалары	10.2.4.7 тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану;
	Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру	10.2.4.8 тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;
Ықтималдықтар	Ықтималдықтар теориясының	10.3.2.1 оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін

теориясының элементтері	негіздері	емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 10.3.2.2 элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 10.3.2.3 ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 10.3.2.4 ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу;
	Мәтінді есептерді шығару	10.3.2.5 геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану;
8-10-сыныптардағы алгебра курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 9-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 449-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Геометрия" оқу пәнінің мақсаты – естімейтін білім алушыларды практикалық әрекетте, басқа пәндерді меңгеруде қажетті геометриялық білім мен білік жүйесімен қамтамасыз ету, білім беруді жалғастыру, жалпы адами құндылықтар негізінде танымдық саланы дамыту, қазіргі қоғамда толыққанды өмір сүру үшін математикалық әрекетке тән және қажетті қасиеттерді қалыптастыру және дамыту.

3. Міндеттері:

1) математикалық білім, білік және дағдыларын игеру;

2) әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) геометриялық мәтінмен жұмыс істей алу (құрылымдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен белгілеуді қолдана отырып ауызша және жазбаша тілде өз ойын нақты және сауатты жеткізу, әр түрлі математикалық тілдерді пайдалану (сөздік, белгілік, графикалық), пайымдауды негіздеу, жіктеу жасау;



4) базалық түсініктемелік аппаратты, ауызша, жазбаша, инструменттік есептеулерді меңгеру, геометриялық формулаларды қолдану;

5) есептерді шешу мақсатында білім алушылардың білімдерін математикалық модельдерді жасай білу және оны түсіндіре алу;

6) практикалық мәселелерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау және олардың дұрыстығын анықтауда математикалық әдістерді таңдай алу

7) кеңістіктік ойлау және қиялды дамыту;

8) коммуникативті дағдыларды дамыту: ақпаратты нақты және сауатты жеткізу, әр түрлі дереккөздерден, соның ішінде басылымдар мен электронды құралдардан алынған ақпаратты пайдалану, түрлі синтаксистік құрылымдарды, байланыстырып сөйлеуді меңгеру; сөйлеу тілдік дағдыларды дамыту;

9) өздігінен топта жұмыс істеу үшін жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;

11) қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал ететін білім, рухани-адамгершілік құндылықтар көзі ретінде пәнге саналы қарым-қатынасты тәрбиелеу;

12) дыбыс айту дағдыларын жетілдіру, мәнерлі және эмоционалды ауызша сөйлеу тілін алыптасыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Естімейтін білім алушыларды оқытуда психофизикалық, есту-сөйлеу ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін ескеру қажет.

5. Естімейтін білім алушыларды математикаға оқытудың негізгі принциптері: жеке ыңғай жасау, көрнекілік, оқытудың коммуникативтілігі.

6. Оқу процесіне бейнелік ойлау негізделген формалар, әдістер, құралдарды енгізу математикалық дайындық деңгейінің одан әрі артуына, логикалық ойлау мен белсенді сөйлеудің, ұйымдастырушылық біліктер мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларының дамуына ықпал етеді:

1) оқытудың түзетушілік бағыты (дыбыс күшейткіш аппаратура қолдана отырып есту арқылы қабылдауды дамыту, жеке жадайларда ым-ишарат және дактиль тілін қолдану, тереңдетілген сөздік жұмыс);

2) әдістемелік тәсілдерді ерекшелікке байланысты таңдау;

3) коммуникация, математикалық сөйлеу дағдыларын дамыту;

4) ақпараттық қолдаудың арнайы бағдарламаларын және дыбыс күшейткіш аппаратурасын қолдану.

7. Математикалық пәндер сабақтарын жоспарлауда қалыптастырылып жатқан түсінік немесе біліктің сипатын ескеріп, әр кезеңде естімейтін білім алушылардағы нақты білім деңгейі есепке алады және бағдарламаны меңгеруді бақылау қарастырылады.

8. Әр сабақтың міндетті элементтері тақырыбы, мақсаттардың қойылуы, сабақ жоспарын жазу және хабарлау, негізгі түсініктер мен оларды меңгеру әдістерін белгілеу, әрекет түрлерін және материалды меңгеруін тексеру әдістері, сөздік жұмыс болып табылады.

9. Геометрия сабақтары өткен тақырып бойынша білім қайталаудан басталады: білім алушылар өткен тақырып бойынша негізгі анықтамаларды, түсініктерді еске түсіреді немесе тапсырмалар мен жаттығулар жасайды; жаңа тақырыппен таныстыру терминдерді енгізуден басталады; сабақ соңында сұрақтар, теориялық немесе практикалық жаттығулар.

10. Естімейтін білім алушыларды оқытудың тиімділігін арттыру жолдары:

1) оқу әрекеті дағдыларын, өз өзін бақылау қажеттілігі мен оны жүзеге асыру біліктерін қалыптастыру;

2) оқу әрекетін жекелендіру, математикалық білім, білік деңгейін, әрбір білім алушының математикалық ойлау мен сөйлеуін дамытуды тұрақты түрде есепке алу;

3) проблемалық оқыту элементтерін қолдану;

4) ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы көрнекіліктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету;

5) оқу материалдарының коммуникативтілігін, білім алушылардың белсенді сөйлеуін дамытуды қамтамасыз ету;

6) математикаға оқыту процесінде ауызша сөйлеуін дамыту (математикалық сөйлеу тілі);

7) бір ойды тану және әр түрлі формада жеткізе алу қабілетін дамыту;

8) сөздік белгілік және графикалық тіл арқылы математикалық сөйлеуде ойды әр түрі жеткізу білігін дамыту;

9) жаңа материалды меңгеруде бағдарлық негіз ретінде алгоритмдерді қолдану, алгоритмдерді орындауда мазмұндық негізді қамтамасыз ету;

10) пәндік құзыреттер саласында қажеттілігін ескере отырып ым-ишарат тілі мен дактилологияны қолдану;

11) әр түрлі жағдайларда математикалық білімді қолдану кезінде коммуникативті кедергілерді еңсеру;

12) математикалық білімді өмірде өздігінен қолдану қабілетін дамыту.

11. Бағдарламаны іске асыру процесінде инвариантты компоненттің оқу пәндері мен түзету компонентінің және факультатив сабақтарымен пәнаралық байланыс жүзеге асады: "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дыбыс айтуын

қалыптастыру мен есту арқылы қабылдауын дамыту", "Ауызекі сөйлеу тілі", "Ым-ишарат тілі".

12. Бағдарламаны іске асыруда сыныптар келесі жабдықтармен жарақтандырылады:

1) топтық оқу әрекетін қамтамасыз ету үшін қондырмалы дыбыс күшейткіш жабдық (әр сыныпқа), дыбыстарды айту экраны;

2) мультимедиялық компьютерлік сынып;

3) жеке есту аппараттары;

4) барлық білім алушыларға Бағдарламаға сәйкес оқу жылына арналған оқу құралдары.

13. Мектепте жабдықталған оқу залы және кітап қоймасы, медитекасы, жұмыс аймақтары бар ақпараттық-кітапханалық қор қарастырылғаны жөн.

14. Білім алушылар мен педагогтер үшін Интернет желісіндегі ақпараттық-білім беру ресурстарына шектусіз қолжетімділікті қамтамасыз ету.

**3-тарау. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Геометрия" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

2) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

3) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

16. Оқу пәнінің мазмұны бір бөлімді қамтиды:

1) 1-бөлім "Геометрия".

17. "Геометрия" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) геометриялық фигуралар туралы түсінік;

2) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;

3) метрикалық қатыстар; векторлар және түрлендірулер.

18. 8-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) геометрияның алғашқы мәліметтері. Геометрияның негізгі ұғымдары. Геометрияның қарапайым фигуралары. Аксиома және теорема. Фигуралардың теңдігі. Теореманы дәлелдеу. Дәлелдеудің кері жору әдісі. Сыбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері. Бұрыштың биссектрисасы. Перпендикуляр;

2) үшбұрыштар. Үшбұрыш және оның түрлері. Үшбұрыштардың теңдігі. Үшбұрыштардың теңдігінің белгілері. Теңбүйірлі үшбұрыш. Үшбұрыштың биссектрисасы, медианасы және биіктігі, орта сызығы;

3) түзулердің өзара орналасуы. Екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштар. Түзулердің параллельдік белгілері. Параллель түзулердің қасиеттері. Үшбұрыштардың бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы. Үшбұрыштардың теңсіздігі. Тікбұрышты үшбұрыштың теңдік белгілері. Тік

бұрышты үшбұрыштың қасиеттері. Перпендикуляр түзулер. Көлбеу және оның проекциясы. Түзуге жүргізілген перпендикулярдың біреу ғана болуы;

4) шеңбер. Геометриялық салулар. Шеңбер, дөңгелек және оның элементтері мен бөліктері. Центрлік бұрыш. Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы. Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері. Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер. Салу есептері;

5) 8-сыныптағы геометрия курсы қайталау.

19. 9-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) 8-сыныптағы геометрия курсы қайталау;

2) көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу. Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш. Көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы. Көпбұрыштың сыртқы бұрышы. Көпбұрыштың сыртқы бұрыштарының қосындысы. Параллелограмм және оның қасиеттері. Параллелограмның белгілері. Тіктөртбұрыш, ромб және шаршы, олардың қасиеттері және белгілері. Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер. Трапеция. Тікбұрышты және теңбүйірлі трапециялар, олардың қасиеттері. Үшбұрыштың орта сызығы. Трапецияның орта сызығы. Үшбұрыштың тамаша нүктелері. Үшбұрыштың медианаларының қасиеті;

3) тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар. Тікбұрышты үшбұрыштағы сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Пифагор теоремасы. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер және оның салдары;

4) тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер және оның салдары. Синус, косинус, тангенс және котангенстің бұрыштарындағы мәндері. Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу. Бұрыштардың тригонометриялық функциялары;

5) аудандар. Аудан ұғымы. Тең шамалас және тең құрамдас фигуралар. Шаршының, тіктөртбұрыштың, параллелограммның, ромбтың, үшбұрыштың және трапецияның аудандары;

6) жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі. Жазықтықтағы нүктенің координаталары. Кесінді ортасының координаталары. Екі нүктенің арақашықтығы. Шеңбердің теңдеуі. Түзудің теңдеуі. Теңдеулерімен берілген түзулер мен шеңберлердің өзара орналасуы. Координаталарды есептер шығаруда қолдану;

7) 8-сыныптағы геометрия курсы қайталау.

20. 10-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) 9-сыныптағы геометрия курсы қайталау;

2) жазықтықтағы векторлар. Вектор ұғымы. Нөлдік вектор. Бірлік вектор. Коллинеар векторлар. Вектордың ұзындығы (модулі). Векторлардың теңдігі. Векторларды қосу және оның қасиеттері, векторларды азайту, векторды санға көбейту. Жазықтықтағы векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу. Вектордың координаталары. Координаталық түрде берілген векторларға амалдар қолдану. Векторлардың коллинеарлық белгісі. Нүктенің радиус-векторы. Жазықтықтағы нүктелердің координаталары мен векторлардың координаталары арасындағы байланыс. Векторлардың арасындағы бұрыш. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі. Векторларды есептерді шығаруда қолдану;

3) жазықтықта түрлендіру. Жазықтықты түрлендіру, қозғалыс және оның қасиеттері. Түрлендірулердің композициясы (көбейтіндісі). Фигуралардың теңдігі және оның қасиеттері. Жазықтықтағы қозғалыстар – осьтік және центрлік симметриялар, параллель көшіру, бұру. Гомотетия, ұқсастық түрлендіру және оның қасиеттері. Ұқсас фигуралар. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері. Тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығы;

4) үшбұрыштарды шешу. Синустар және косинустар теоремалары. Үшбұрыштарды шешу. Практикалық мазмұнды есептерді шешу. Шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштың ауданын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулалары;

5) шеңбер. Дұрыс көпбұрыштар. Іштей сызылған бұрыш және оның қасиеттері. Шеңбердің хордалары мен қиюшы кесінділерінің пропорционалдығы туралы теорема. Шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар және олардың қасиеттері. Шеңбер доғасының ұзындығы. Сектор мен сегмент ауданы. Іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын көпбұрыштың қабырғаларымен, периметрімен және ауданымен байланыстыратын формулалар. Дұрыс көпбұрыштарды салу;

б) 8-10 сыныптардағы геометрия курсын қайталау.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

21. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4 кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

22. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Геометрия" бөлімі:

1 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	8 сынып	9 сынып	10 сынып
1.1 Геометриялық фигуралар туралы түсінік	<p>8.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу;</p> <p>7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>8.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату;</p> <p>8.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және "кері жору" әдістері;</p> <p>8.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу;</p> <p>8.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>8.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>8.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>8.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу;</p> <p>8.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану;</p> <p>8.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу;</p> <p>8.1.1.12 үшбұрыштың медианасы,</p>	<p>9.1.1.1 көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын білу;</p> <p>9.1.1.2 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару;</p> <p>9.1.1.3 параллелограмм анықтамасын білу;</p> <p>9.1.1.4 параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.1.1.5 параллелограмм белгілерін қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.1.1.6 тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын білу және олардың қасиеттері мен белгілерін қорытып шығару;</p> <p>9.1.1.7 Фалес теоремасын білу және қолдану;</p> <p>9.1.1.8 пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану;</p> <p>9.1.1.9 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей <math>n</math> бөлікке бөлу;</p> <p>9.1.1.10 пропорционал кесінділерді салу;</p> <p>9.1.1.11 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу;</p> <p>9.1.1.12 үшбұрыштың орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану;</p> <p>8.1.1.13 трапецияның орта сызығының қасиетін дәлелдеу және қолдану.</p>	<p>10.1.1.1 доға ұзындығының формуласын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>10.1.1.2 сектор мен сегмент ауданының формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>10.1.1.3 іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу;</p> <p>10.1.1.4 дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану;</p>

<p>биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикуляры, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу;</p> <p>8.1.1.13 үшбұрыштардың түрлерін ажырату;</p> <p>8.1.1.14 теңқабырғалы, теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін білу;</p> <p>8.1.1.15 сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру;</p> <p>8.1.1.16 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын дәлелдеу;</p> <p>8.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану;</p> <p>8.1.1.18 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы дәлелдеу;</p> <p>8.1.1.19 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану;</p> <p>8.1.1.20 үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану;</p> <p>8.1.1.21 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу;</p> <p>8.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде қолдану;</p> <p>8.1.1.23</p>		
--	--	--

	<p>теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану;        8.1.1.24 теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;        8.1.1.25 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеу;        8.1.1.26 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда қолдану;        8.1.1.27 тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін қолдану;        8.1.1.28 шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу;        8.1.1.29 центрлік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану;        8.1.1.30 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды дәлелдеу және қолдану;        8.1.1.31 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын білу;        8.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі;</p>		
<p>1.2        Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы</p>	<p>8.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы);        8.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;        8.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу;</p>		<p>10.1.2.1 шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін білу және қолдану;        10.1.2.2 дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын және қасиеттерін білу;        10.1.2.3 дұрыс көпбұрыштарды салу;        10.1.2.4 дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арасындағы байланысты білу және</p>



<p>8.1.2.4 түзулердің параллельдік белгілерін дәлелдеу;</p> <p>8.1.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану;</p> <p>8.1.2.6 параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдеу;</p> <p>8.1.2.7 параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;</p> <p>8.1.2.8 перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру;</p> <p>8.1.2.9 нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы дәлелдеу және қолдану;</p> <p>8.1.2.10 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>8.1.2.11 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын білу;</p> <p>8.1.2.12 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасу жағдайларын талдау;</p> <p>8.1.2.13 есептер шығаруда шеңбер жанамасының қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>8.1.2.14 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын білу;</p> <p>8.1.2.15 үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлердің центрлерінің орналасуын түсіндіру;</p> <p>8.1.2.16 берілген бұрышқа тең бұрыш</p>		<p>қолдану;</p> <p>10.1.2.5 дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды білу және қолдану;</p> <p>10.1.2.6 үшбұрыш медианаларының қасиеттерін білу және қолдану;</p>
--	--	--

	<p>салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қақ бөлу;</p> <p>8.1.2.17 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу;</p> <p>8.1.2.18 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу;</p>		
1.3.Метрикалық қатыстар	8.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану;	<p>9.1.3.1 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.2 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу;</p> <p>9.1.3.3 Пифагор теоремасын дәлелдеу және қолдану;</p> <p>9.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін дәлелдеу және қолдану;</p> <p>9.1.3.5 бұрышты оның синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің белгілі мәні бойынша салу;</p> <p>9.1.3.6 тікбұрышты үшбұрышты 300, 450, 600 -қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану;</p> <p>9.1.3.7 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 300, 450, 600 - қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану;</p> <p>9.1.3.8 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу;</p> <p>9.1.3.9 көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу;</p>	<p>10.1.3.1 вектордың координаталарын табу;</p> <p>10.1.3.2 вектордың ұзындығын табу;</p> <p>10.1.3.3 координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану;</p> <p>10.1.3.4 векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану;</p> <p>10.1.3.5 векторлар арасындағы бұрышты есептеу;</p> <p>10.1.3.6 косинустар теоремасын білу және қолдану;</p> <p>10.1.3.7 синустар теоремасын білу және қолдану;</p> <p>10.1.3.8 іштей сызылған үшбұрыштың ауданын ( – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының ( мұндағы – іштей сызылған шеңбер радиусы, көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану;</p> <p>10.1.3.9 шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу және қолдану;</p> <p>10.1.3.10 синустар және косинустар теоремаларын үшбұрыштарды шешуде және қолданбалы есептерді шығаруда қолдану;</p>

		<p>9.1.3.10 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу;</p> <p>9.1.3.11 параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.1.3.13 трапецияның ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.1.3.14 жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу;</p> <p>9.1.3.15 кесінді ортасының координаталарын табу;</p> <p>9.1.3.16 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу;</p> <p>9.1.3.17 центрі <math>(a, b)</math>, радиусы <math>r</math> болатын шеңбердің теңдеуін білу;</p> <p>9.1.3.18 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу;</p> <p>9.1.3.19 түзудің жалпы теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу: ;</p> <p>9.1.3.20 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару ;</p> <p>9.1.3.21 Пифагор теоремасын пайдаланып, формулаларын қорытып шығару және есептер шешуде қолдану;</p> <p>9.1.3.22 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді қорытып шығару және қолдану;</p> <p>9.1.3.23 бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.24 мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу;</p>	
1.4. Векторлар және түрлендірулер			10.1.4.1 вектордың, коллинеар векторлардың, тең векторлардың, нөлдік вектордың, бірлік вектордың және вектор ұзындығының

			<p>анықтамаларын білу;</p> <p>10.1.4.2 векторларды қосу, векторды санға көбейту ережелерін білу және қолдану;</p> <p>10.1.4.3 векторлардың коллинеарлық шартын қолдану;</p> <p>10.1.4.4 векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу;</p> <p>10.1.4.5 екі вектордың арасындағы бұрыштың анықтамасын білу;</p> <p>10.1.4.6 векторлардың скаляр көбейтіндісін табу;</p> <p>10.1.4.7 есептерді векторлық әдіспен шешу;</p> <p>10.1.4.8 қозғалыстың түрлерін, композициясын және олардың қасиеттерін білу;</p> <p>10.1.4.9 симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу;</p> <p>10.1.4.10 жазықтықта түрлендіруді қолдана отырып есептер шығару;</p> <p>10.1.4.11 гомотетияның анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>10.1.4.12 гомотетия кезінде әртүрлі фигуралардың бейнелерін салу;</p> <p>10.1.4.13 ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін білу;</p> <p>10.1.4.14 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану;</p> <p>10.1.4.15 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану;</p> <p>10.1.4.16 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін білу және қолдану;</p> <p>10.1.4.17 ұқсас фигуралардың аудандары және ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын білу</p> <p>10.1.4.18 дұрыс көпбұрыштардың симметрияларын білу;</p> <p>10.1.4.19 есептер шығаруда векторларды қолдану</p>
--	--	--	---

23. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

24. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8 -10 сыныптары үшін "Геометрия" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 8 - сынып:

1 - кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Геометрияның алғашқы мәліметтері	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома. Теорема	8.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу; 8.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу; 8.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату; 7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы); 7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу; 7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;
	Фигуралар теңдігі	8.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану;
	Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу және "кері жору" әдісі	8.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және "кері жору" әдістері
	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері	8.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; 8.1.1.10 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың қасиеттерін дәлелдеу және қолдану; 8.1.1.32 перпендикуляр ұғымын біледі;
2 - тоқсан		
Үшбұрыштар	Үшбұрыш және оның түрлері	8.1.1.13 үшбұрыштардың түрлерін ажырату;
	Үшбұрыштың биссектрисы,	8.1.1.14 теңқабырғалы, теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың

	медианасы, биіктігі және орта сызығы	элементтерін білу; 8.1.1.12 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикулярлары, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу; 8.1.1.15 сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру;
	Үшбұрыштар теңдігінің белгілері	8.1.1.21 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және дәлелдеу; 8.1.1.22 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығару мен дәлелдеулерде қолдану;
	Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері	8.1.1.23 теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану; 8.1.1.24 теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;
3 - тоқсан		
Түзулердің өзара орналасуы	Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері	8.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу; 8.1.2.4 түзулердің параллельдік белгілерін дәлелдеу; 8.1.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану; 8.1.2.6 параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдеу; 8.1.2.7 параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;
	Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы	8.1.1.16 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын дәлелдеу; 8.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы туралы теорема мен оның салдарларын есептер шығаруда қолдану; 8.1.1.18 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы дәлелдеу; 8.1.1.19 үшбұрыштың сыртқы бұрышы туралы теореманы қолдану;
	Үшбұрыш теңсіздігі	8.1.1.20 үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану; 8.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану;
	Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері. Тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттері	8.1.1.25 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін дәлелдеу; 8.1.1.26 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда қолдану; 8.1.1.27 тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін қолдану;
	Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы	8.1.2.8 перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру; 8.1.2.9 нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы дәлелдеу және қолдану; 8.1.2.10 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану;
4 - тоқсан		
Шеңбер. Геометриялық салулар	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрілік бұрыш	8.1.1.28 шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу; 7.1.1.29 центрілік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.1.30 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды дәлелдеу және қолдану;

		8.1.1.31 үшбұрыштың теңсіздіктерін білу және қолдану
	Компьютерде қандай маңызды құрылғылар бар?	6.1.1.2 қарапайым деңгейде процессордың қатты дисктің қызметін түсіндіру. 6.1.1.3 типтік сөздікті білу және қолдану: жүйелі блок, "аналық құрсақ", процессор, қатты диск, видеокарта, дыбыстық карта, желі картасы.
Компьютерлік жүйелер мен желілер	Есептеу техникасының даму тарихы	6.1.1.1 есептеу техникасының шығу тарихы мен перспективасы туралы айтып беру; 6.1.1.4 типтік сөздікті білу және қолдану: электронді компьютер, есептеу машинасы, есеп, абак, аналитикалық машина, табулятор, компьютердің кезі.
	Телекоммуникациялар	6.1.3.1 "компьютерлік желі", "жаһандық компьютерлік желі" ұғымдарын түсіндіру. 6.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: телекоммуникация, компьютерлік желі, глобальная жаһандық компьютерлік желі, интернет;
Ақпаратты ұсыну	Ақпаратты жеткізу	6.2.1.3 байланыс арналарына, ақпарат көздері мен қабылдаушыға мысал келтіру; 6.2.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ақпаратты тасымалдаушы, байланыс арнасы, ақпарат көзі, қабылдаушы.
2-тоқсан		
Мультимедиа-технологиялар әлемі	Компьютерлік презентациялар	6.2.2.1 құжаттың басып шығаруды тиімді ұйымдастыру (парақ параметрлерін орнату, алдын-ала қарап шығу); 6.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: презентация, слайд, шаблондар безендіру, фон, анимация, гиперсілтеме, триггерлер,

		презентацияны көрсету.
	Мини-жоба	6.2.2.1 құжаттың басып шығаруды тиімді ұйымдастыру (парақ параметрлерін орнату, алдын-ала карап шығу); 6.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: презентация, слайд, шаблондар безендіру, фон, анимация, гиперсілтеме, триггерлер, презентацияны көрсету.
3-тоқсан		
Алгоритмдер біздің өмірімізде	Командаларды орындай отырып...	6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама.
	Лабиринттен шығу жолын табу	6.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама; 6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама.
	Виртуальді лабиринттен шығу	6.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама; 6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама.
Талқылаймыз және бағдарламалаймыз	Менің алғашқы бағдарламам	6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама; 6.3.3.1 использовать команды ветвления и цикла бағдарламалау ойын ортасында тармақталу және цикл командаларын қолдану (Лого, Scratch (Скратч)). 6.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағыналар, тармақталу, цикл, тармақтау командалары, цикл командалары, шарттар, нысандар әрекеттері: құру, жою, қасиеттерді өзгерту
	Тірі графика	6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама; 6.3.3.1 бағдарламалау ойын ортасында тармақталу және цикл командаларын қолдану (Лого, Scratch (Скратч)) 6.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағыналар, тармақталу, цикл, тармақтау командалары, цикл командалары, шарттар, нысандар әрекеттері: құру, жою, қасиеттерді өзгерту.
	Ақиқатты іздеу кезінде	6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама; 6.3.3.1 бағдарламалау ойын ортасында тармақталу және цикл командаларын қолдану (Лого, Scratch (Скратч)). 6.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағыналар, тармақталу, цикл, тармақтау командалары, цикл командалары, шарттар, нысандар әрекеттері: құру, жою, қасиеттерді өзгерту
4-тоқсан		
Жобаны жасау және ұсыну	Анимация жасау	6.3.2.2 алгоритмді ауызша формада ұсыну; 6.3.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: алгоритм, алгоритмді орындаушы, бағдарлама; 6.3.1.1 бағдарламалаудың ойын ортасында нысаналар мен

		оқиғалардың анимациясын құру (Лого, Scratch (Скратч)); 6.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағыналар, цикл, шарты, нысаналар әрекеті: құру, жою, қасиеттерін ауыстыру 6.3.3.1 использовать команды ветвления и цикла бағдарламалау ойын ортасында тармақталу және цикл командаларын қолдану (Лого, Scratch (Скратч)). 6.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағыналар, тармақталу, цикл, тармақтау командалары, цикл командалары, шарттар, нысандар әрекеттері: құру, жою, қасиеттерді өзгерту
	Құжатты басып шығаруға дайындау	6.2.2.1 құжаттың басып шығаруды тиімді ұйымдастыру (парақ параметрлерін орнату, алдын-ала қарап шығу); 6.2.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: басып шығару, парақ бетін бағдарлау, парақ бетінің көрсеткіштері, жиегі, алдын-ала қарау; 6.4.2.1 ақпаратқа және оны таратуға құқықтық және этикалық тұрғыдан ескере отырып, жауапкершілікпен қарау керектігін түсіндіру; 6.4.2.2 типтік сөздікті қолдану: ақпарат, ақпараттық қауіпсіздік, этика, компьютерлік желі, Интернет жаһандық ақпараттық желі, сілтеме, бағдарлама, браузер, электронды пошта, вирус, антивирус, түзету жұмысы.
	Жоба презентациясы	6.3.2.1 берілген сюжетке анимация әсері бар компьютерлік презентация құру.

### 3) 7-сынып

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Компьютерлік жүйелер мен желілер	Эргономика дегеніміз не?	7.4.1.1 эргономика мәселелерін құрастырып айту және оны шешу (максималді комфорт пен тиімділік үшін); 7.4.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: эргономика, комфорт, тиімділік, жарықтың түсуі.
	Компьютер қалай жұмыс істейді?	7.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру; 7.1.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: компьютер сәулеті, жүйелі шина, компьютер порттары; 7.1.2.1 операциондық жүйенің негізгі атқарымдарын атау; 7.1.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бір қолданушынікі, көп қолданушынікі, бір мәнді, көп мәнді.
	Сымсыз желілер	7.1.3.1 сымсыз байланыстың артықшылығын түсіндіру; 7.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: сымсыз желі, бағытын бағдарлау, Wi-Fi (Вай-фай)
2-тоқсан		
Ақпаратты ұсыну	Ақпаратқа шифр қою	7.2.1.1 мәтінді ақпаратқа код қою және кодты шешу; 7.2.1.3 типтік сөздікті білу және қолдану: код, код қою, кодты шешу, екі жақты код, бит.
	Ақпаратты екі данада ұсыну	7.2.1.2 компьютерге арналған барлық ақпарат екі дана ұсынылатынын түсіндіру. 7.2.1.3 типтік сөздікті білу және қолдану: код, код қою, кодты шешу, екі жақты код, бит.
Компьютерлік	Векторлы	7.2.2.2 векторлық бейнелерді құру және редакциялау;

графика	бейнелерді құру	7.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: қоюландыру, бастырып шығу, интербелсенді құралдар (ағып өту, сұлба, бұрмалау, көлеңке, қабығы, қысып шығару, мөлдір), сегмент, түйін, Безье қисығы, көркем қылқаламдары
	Растрлік және векторлы бейнелерді салыстыру	7.2.2.3 растрлік және векторлық графикалардың артықшылығы мен жетіспеушілігін бағалау.
3-тоқсан		
Компьютер ойындары қалай жасалады	Идеяны анықтаймыз	7.3.2.1 есептің шешімін кезеңімен талқылау; 7.3.2.2 алгоритмді блок-сызба түрінде ұсыну; 7.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: блок-сызба, алгоритмнің басталу және аяқталу блоктары, деректерді енгізу-шығару блоктары, шешімдер болгі, шартты блок
	Сценарий құрамыз	7.3.2.2 алгоритмді блок-сызба түрінде ұсыну; 7.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: блок-сызба, алгоритмнің басталу және аяқталу блоктары, деректерді енгізу-шығару блоктары, шешімдер болгі, шартты блок.
	Сахналау мен кейіпкерлердің суретін саламыз	7.3.2.1 есептің шешімін кезеңімен талқылау.
Компьютерлік ойындар	Сценарийді жүзеге асырамыз	7.3.1.1 бағдарламалаудың ойын ортасында сценарийді жасап жүзеге асыру; 7.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: сценарий, бағдарламалық код; 7.3.3.1 бағдарламадағы қателерді табу және жөндеу; 7.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: сценарий, бағдарламалық код
	Дыбыстық сүйемелдеу жасаймыз	7.3.1.1 бағдарламалаудың ойын ортасында сценарийді жасап жүзеге асыру.; 7.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: сценарий, бағдарламалық код
	Заставка құрамыз	7.3.1.1 бағдарламалаудың ойын ортасында сценарийді жасап жүзеге асыру
	Өз жобамызды жақсартамыз	7.3.1.1 бағдарламалаудың ойын ортасында сценарийді жасап жүзеге асыру; 7.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: сценарий, бағдарламалық код; 7.3.3.1 бағдарламадағы қателерді табу және жөндеу; 7.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: сценарий, бағдарламалық код.
4-тоқсан		
Құжаттармен жұмыс істеу	Түсініктемелер	7.2.2.1 сілтемелерді ұйымдастыру (гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсіндірме); 7.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: сілтеме, гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсініктеме
	Гиперсілтеме	7.2.2.1 сілтемелерді ұйымдастыру (гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсіндірме); 7.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: сілтемелер, гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсініктеме; 7.4.2.1 ұғымдарын түсіндіру "автор құқығы", "плагиат"; 7.4.2.2 ақпарат беруде авторға сілтеме жасау; 7.4.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: автор, авторлық құқық, плагиат, сілтеме
	Мазмұны	7.2.2.1 сілтемелерді ұйымдастыру (гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсіндірме); 7.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: сілтемелер, гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсініктеме
	Ойын	7.4.2.1 ұғымдарын түсіндіру "автор құқығы", "плагиат";

құжаттарын ресімдеу	7.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: сілтемелер, гиперсілтеме, мазмұны, атауы, түсініктеме; 7.4.2.1 ұғымдарын түсіндіру "автор құқығы", "плагиат"; 7.4.2.2 ақпарат беруде авторға сілтеме жасау; 7.4.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: автор, авторлық құқық, плагиат, сілтеме.
---------------------	---

#### 4) 8-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Ақпаратты өзгерту және компьютерлік ес	Ақпаратты өлшеу бірліктері	8.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктерін атау; 8.2.1.2 ақпаратты бірөлшем бірлігінен екіншісіне ауыстыру; 8.2.1.3 типтік сөздікті білу және қолдану: ақпаратты өлшеу бірліктері, бит, байт
	Компьютерлік ес	8.1.1.1 компьютердің есте сақтау түрлерінің мәнін сипаттап беру(жедел сақтау құрылғылары, тұрақты сақтау құрылғылары, сыртқы сақтау құрылғылары, кеш-есте сақтауы); 8.1.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы есте сақтау құрылғысы, кеш-есте сақтауы
	Файл мөлшерлері	8.1.2.3 бірдей ақпаратты сақтаған түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру. 8.1.2.2 түрлі форматтағы мұрағаттарды құру және ашу. 8.1.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: мұрағаттау мұрағатты файл, мұрағаттан шығу, ашу.
Желілер және қауіпсіздік	Компьютерлік желілер және олардың топтастырылуы	8.1.3.1 компьютерлік желілерді топтастыру; 8.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: жаһандақ, жергілікті, өңірлік желілер, сервер, жұмыс станциясы, клиент, модем, біррангті желі;
	Антивирустік қауіпсіздік	8.4.2.1 компьютерді зиянкесті бағдарламалардан қорғау; 8.4.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: компьютер вирусі, антивирустік бағдарламалар, детектор-бағдарламасы, емдеу бағдарламалары, ревизор-бағдарламалары, фильтр
2-тоқсан		
Электронды кесте көмегімен есептерді шешу	Мәтіндік процессордағы кестелер	8.2.2.1 кесте элементтерін мәтін процесорында алып тастау; 8.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: кесте, жазу жолы, баған, ұяшық, кесте шекарасы;
	Электронды кестелердің элементтерін тазарту	8.2.2.2 форматировать элементы электронды кестелердің элементтерін форматтау; 8.2.2.6 типтік сөздікті білу және қолдану: электронды кесте, жазу жолы, баған, ұяшық, ұяшық мекен-жайы, деректер типі мен форматы, толтыру маркері;
	Деректер форматы	8.3.3.1 деректер типтерін топтастыру;
	Шартты түрде тазарту	8.2.2.4 электронды кестеде шартты форматтауды қолдану; 8.2.2.7 типтік сөздікті білу және қолдану: шартты форматтау, формат, атқарым;
	Кесте	8.2.2.3 электронды кестеде диаграмма құру;



	деректерін графика түрінде ұсыну	8.2.2.8 типтік сөздікті білу және қолдану: диаграмма, диаграмма түрлері, диаграмма элементтері, тақырыбы, берілген түсініктеме, көрсеткіштері, диапазон;
	Үдерістерді электронды кестеде моделдеу	8.2.2.2 форматировать элементы электрон-ды кестелердің элементтерін форматтау; 8.2.2.7 типтік сөздікті білу және қолдану: шартты форматтау, формат, атқарым; 8.3.3.1 деректер типтерін топтастыру; 8.2.2.4 электронды кестеде шартты форматтауды қолдану; 8.2.2.7 типтік сөздікті білу және қолдану: шартты форматтау, формат, атқарым; 8.2.2.3 электронды кестеде диаграмма құру; 8.2.2.8 типтік сөздікті білу және қолдану: диаграмма, диаграмма түрлері, диаграммалар элементтері, тақырыбы, легенда, көрсеткіштері, диапазон
3-тоқсан		
Шешімдерді бағдарламалау	Бағдарламалау тілі	8.1.2.1 "бағдарламалау жүйесі" және "бағдарламалау тілі" ұғымдарын ажырата білу;
	Бағдарламалау жүйесі	8.1.2.1 "бағдарламалау жүйесі" және "бағдарламалау тілі" ұғымдарын ажырата білу;
	Деректер типтері	8.3.3.1 деректер типтерін топтастыру.
Шешімдерді бағдарламалау	Жоба интерфейсі	8.4.1.1 жасалып жатқан жобаның интерфейсін құру талаптарын орындау; 8.4.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: интерфейс, визуальді интерфейс, түстер гаммасы, атқарым қасиеттері.
	Сызықтық алгоритмдерді бағдарламалау	8.3.2.1 бағдарламалау тілінде алгоритмді жазу; 8.3.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бағдарламалау тілі, тіл әліпбиі, компиляция, оператор, деректер; 8.3.3.2 бағдарламаларды жасаудың кіріктіру ортасында сызықтық және тармақталған алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль). 8.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағына, тағайындау операторы, енгізу операторы, шығару операторы, өту операторы, шартты оператор, салынған шарттар
	Тармақталу алгоритмдерін бағдарламалау	8.3.2.1 бағдарламалау тілінде алгоритмді жазу; 8.3.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бағдарламалау тілі, тіл әліпбиі, компиляция, оператор, деректер; 8.3.3.2 бағдарламаларды жасаудың кіріктіру ортасында сызықтық және тармақталған алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль). 8.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағына, тағайындау операторы, енгізу операторы, шығару операторы, өту операторы, шартты оператор, салынған шарттар
	Салынған шарттарды бағдарламалау	8.3.2.1 бағдарламалау тілінде алгоритмді жазу; 8.3.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бағдарламалау тілі, тіл әліпбиі, компиляция, оператор, деректер; 8.3.3.2 бағдарламаларды жасаудың кіріктіру ортасында сызықтық және тармақталған алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль). 8.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағына, тағайындау операторы, енгізу операторы, шығару операторы, өту операторы, шартты оператор, салынған шарттар
	Күрделі	8.3.2.1 бағдарламалау тілінде алгоритмді жазу;

	шарттарды бағдарламалау	8.3.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бағдарламалау тілі, тіл әліпбиі, компиляция, оператор, деректер; 8.3.3.2 бағдарламаларды жасаудың кіріктіру ортасында сызықтық және тармақталған алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 8.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: ауыспалы мағына, тағайындау операторы, енгізу операторы, шығару операторы, өту операторы, шартты оператор, салынған шарттар
4-тоқсан		
Нысандар мен оқиғаларды моделдеу	Үшөлшемді моделдер	8.3.1.1 3D редакторында нысаналар мен оқиғалардың моделдерін құру; 8.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: модель, моделдеу, 3D- редактор, үшөлшемді графика, нысаналардың үшөлшемді моделдері, оқиғалардың үшөлшемді моделдері;
	Редакторға орнатылған нысандар	8.3.1.1 3D редакторында нысаналар мен оқиғалардың моделдерін құру; 8.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: модель, моделдеу, 3D- редактор, үшөлшемді графика, нысаналардың үшөлшемді моделдері, оқиғалардың үшөлшемді моделдері;
	Нысандардың үшөлшемді моделдері	8.3.1.1 3D редакторында нысаналар мен оқиғалардың моделдерін құру; 8.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: модель, моделдеу, 3D- редактор, үшөлшемді графика, нысаналардың үшөлшемді моделдері, оқиғалардың үшөлшемді моделдері;
	Оқиғалардың үшөлшемді моделдері	8.3.1.1 3D редакторында нысаналар мен оқиғалардың моделдерін құру. 8.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: модель, моделдеу, 3D- редактор, үшөлшемді графика, нысаналардың үшөлшемді моделдері, оқиғалардың үшөлшемді моделдері

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Компьютердің және желілердің техникалық сипаттамасы	Ақпаратты өлшеу	9.2.1.1 ақпарат санын анықтауда алфавитті тұғыр қолдану; 9.2.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: алфавит, алфавит қуаты;
	Процессор және оның сипаттамасы	9.1.1.1 қарапайым деңгейде процессордың қызметі мен оның сипаттамасын түсіндіру; 9.1.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: жиілігі, разрядтілігі, кэш, техникалық процессор, Socket (Сакит)
	Компьютерлік желілер	9.1.3.1 желілердің өткізу мүмкіндіктерін анықтау; 9.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: топология, шінді, айналмалы, жұлдызды, иерархиялық және ырықты құрылымдағы желілер.
Денсаулық және қауіпсіздік	Компьютерді қолданудың жағымсыз аспектілері	9.4.1.1 түрлі электронды құрылғылардың адам ағзасына әсер ететініне және тиімді қорғану әдістеріне мысал келтіру; 9.4.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: жағымсыз ықпал, электромагнитті излучение, электростатикалық алаң, ауаның ионизациялануы
	Желідегі қауіпсіздік	9.4.2.1 соблюдать правила обеспечения безопасности пользователя в сети (мошенничество и агрессия в интернете);

		9.4.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: контент қауіпі, электронды қауіптер, коммуникациялық қауіптер, қолданушылар қауіпі, спам, кибералаяқтық, киберқудалау (кибер-буллинг).
2-тоқсан		
Ақпаратты электронды кестеде өңдеу	Статистикалық деректер	9.2.2.2 абсолютты және салыстырмалы сілтемелерді қолдану; 9.2.2.6 типтік сөздікті білу және қолдану: абсолютті сілтеме, салыстырмалы сілтеме, аралас сілтеме; 9.2.2.1 электронды кестелерде есепті шығару үшін деректердің түрлі форматтарын қолдану; 9.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: деректер форматы мен типтері;
	Орнатылған атқарымдар	9.2.2.3 электронды кестелерді қолдана отырып, есептерді шығару үшін орнатылған атқарымдарды пайдалану; 9.2.2.7 жиі пайдаланатын атқарымдарды білу және сөйлеу тілінде қолдану
	Қолдағы ақпарат негізінде деректерді талдау	9.2.2.3 электронды кестелерді қолдана отырып, есептерді шығару үшін орнатылған атқарымдарды пайдалану; 9.2.2.7 жиі пайдаланатын атқарымдарды білу және сөйлеу тілінде қолдану;
	Қолданбалы есептерді шешу	9.2.2.3 электронды кестелерді қолдана отырып, есептерді шығару үшін орнатылған атқарымдарды пайдалану; 9.2.2.7 жиі пайдаланатын атқарымдарды білу және сөйлеу тілінде қолдану; 9.2.2.1 электронды кестелерде есепті шығару үшін деректердің түрлі форматтарын қолдану; 9.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: деректер форматы мен типтері; 9.2.2.4 атқарымдар графикасын, берілген кестелерді құру; 9.2.2.8 бастапқы ұғымдарды еркін қолдана алуы: атқарым, атқарым графигі, диаграмма, кесте, жазу жолы, баған, сілтеме
3-тоқсан		
Бағдарламаларды жасаудың кірігу ортасы	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды топтастыру	9.1.2.1 жүйелі, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыру мен бағдарламалау жүйелерінажырату; 9.1.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыру, жүйелі бағдарламалық қамтамасыздандыру;
	Бағдарлама жасаудың кірігу ортасының құрамды бөлігі	9.3.3.2 бағдарламаларды жасаудың кіріктіру ортасының құрамды бөлігін білу және қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль).
	Таңдау операторы	9.3.3.1 бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында таңдау және цикл операторларын қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 9.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: таңдау операторы , цикл операторы, көрсеткіші бар цикл, алғы шарты бар цикл, кейінгі шарты бар цикл;
	Көрсеткіштері бар цикл	9.3.3.1 бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында таңдау және цикл операторларын қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 9.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: таңдау операторы , цикл операторы, көрсеткіші бар цикл, алғы шарты бар цикл, кейінгі шарты бар цикл;

	Кейінгі шарты бар цикл с постусловием	9.3.3.1 бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында таңдау және цикл операторларын қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 9.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: таңдау операторы , цикл операторы,көрсеткіші бар цикл, алғы шарты бар цикл, кейінгі шарты бар цикл;
	Алғы шарты бар цикл	9.3.3.1 бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында таңдау және цикл операторларын қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 9.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: таңдау операторы , цикл операторы,көрсеткіші бар цикл, алғы шарты бар цикл, кейінгі шарты бар цикл;
	Алгоритмді трасслеу	9.3.2.1 алгоритм трассирлеуін жүзеге асыру; 9.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: трассирлеу алгоритмді;
4-тоқсан		
Бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында есептерді шешу	Мәселені қою	9.3.1.1 бағдарламалаудың кіріктірілген ортасында есептер моделін құру. 9.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: компьютерлік модель, кірігу ортасы;
	Алгоритмді құру	9.3.1.1 бағдарламалаудың кіріктірілген ортасында есептер моделін құру; 9.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: компьютерлік модель, кірігу ортасы; 9.3.2.1 алгоритм трассирлеуін жүзеге асыру; 9.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: трассирлеу алгоритмді;
	Алгоритмді бағдарламалау	9.3.1.1 бағдарламалаудың кіріктірілген ортасында есептер моделін құру; 9.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: компьютерлік модель, кірігу ортасы; 9.3.3.2 бағдарламаларды жасаудың кіріктіру ортасының құрамды бөлігін білу және қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль). 9.3.3.1 бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында таңдау және цикл операторларын қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 9.3.3.3 типтік сөздікті білу және қолдану: таңдау операторы, цикл операторы,көрсеткіші бар цикл, алғы шарты бар цикл, кейінгі шарты бар цикл;
	Бағдарламаларды тестілеу	9.3.3.1 бағдарламалар жасаудың кірігу ортасында таңдау және цикл операторларын қолдану (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль); 9.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: компьютерлік модель, кірігу ортасы; 9.3.2.1 алгоритм трассирлеуін жүзеге асыру; 9.3.2.3 типтік сөздікті білу және қолдану: трассирлеу алгоритмді

## б) 10-сынып:

### 6-кесте

Ұзақ мерзімді	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
---------------	---------------------	------------------

жоспардың бөлімдері		
1-тоқсан		
Ақпаратпен жұмыс істеу	Ақпарат қасиеттері	10.2.1.1 ақпарат қасиеттерін анықтау (өзектілігін, нақтылығын, шынайлығын, құндылығын). 10.2.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: өзектілігі, дәлдігі, шынайлығы, құндылығы, объективтілігі, толықтығы, қолжетімдігі. 10.4.1.1 компьютерді ұзақ қолданудың қауыпын сыни тұрғыдан бағалау; 10.4.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: көру анализаторына шамадан тыс күш түсіру, еңбекті қорғау нұсқаулығы, еңбек іс-әрекетінің ұзақтығы;
	Құжатпен бірлескен жұмыс	10.1.3.1 бұлт технологиясын қолдана отырып, құжаттармен бірлескен жұмысты атқару. 10.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: электронды пошта, электронды мекен-жай, электронды жәшік, пошта хаттамасы, әлеуметтік сервис;
	Желі этикеті	10.4.2.1 желідегі этикалық және құқықтық нормаларды бұзудың салдары туралы айту; 10.4.2.2 типтік сөздікті білу және қолдану: жекеменшік нысаны, қылмыс, авторлық құқық туралы заң, алаяқтық
Компьютер таңдаймыз	Компьютердің конфигурациясы	10.1.1.1 компьютер конфигурациясын оның қызметіне қарай іріктеу; 10.1.1.2 логикалық ойлау, ЖК конфигурациясын іріктеу нәтижесін ұғыну қабілетін қалыптастыру.
	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды таңдау	10.1.2.1 қолданушының сұранысына қарай бағдарламалық қамтамасыздандыруды іріктеу; 10.1.2.2 логикалық ойлау, бағдарламалық қамтамасыздандыруды іріктеу нәтижесін ұғыну қабілетін қалыптастыру.
	"Компьютердің құнын есептеу"	10.1.1.1 компьютер конфигурациясын оның қызметіне қарай іріктеу; 10.1.1.2 логикалық ойлау, ЖК конфигурациясын іріктеу нәтижесін ұғыну қабілетін қалыптастыру. 10.3.1.1 электронды кестеде үдерістер моделдерін жасау және зерттеу (физикалық, биологиялық, экономикалық) 10.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бастапқы деректер, аралық болжам есептеулер, нәтижелері;
2-тоқсан		
Деректер базасы	Деректер базасы	10.2.2.1 деректер базасы, жазу, алаң ұғымдарын түсіндіру; 10.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: деректер базасы, дерек базаларын басқару жүйесі, жиегі, жазу, кілт;
	Деректер базасын электронды кестеде құру	10.2.2.2 электронды кестеде деректер базасын құру;
	Ақпаратты іздеу әдістері	10.2.2.3 деректерді іздеу, сұрыптау және тазалауды жүзеге асыру; 10.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: іздеу, сұрыптау, фильтрация, фильтр, кеңейтілген фильтр;
	Деректерді сұрыптау және тазалау	10.2.2.3 деректерді іздеу, сұрыптау және тазалауды жүзеге асыру. 10.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: іздеу, сұрыптау, фильтрация, фильтр, кеңейтілген фильтр;
	Деректер базасымен жұмыс істеу	10.2.2.2 электронды кестеде деректер базасын құру; 10.2.2.3 деректерді іздеу, сұрыптау және тазалауды жүзеге асыру. 10.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: іздеу, сұрыптау, фильтрация, фильтр, кеңейтілген фильтр;

3-тоқсан		
Деректер ауқымы	Бірөлшемді ауқым	10.3.3.1 үшөлшемді ауқымдарды қолдана отырып, кірігу ортасында бағдарламалар құру (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль)). 10.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауқым, ауқымның өлшемдігі, бірөлшемді ауқым, индекс;
	Белгілі қасиеттері бар элементтерді іздеу	10.3.3.1 үшөлшемді ауқымдарды қолдана отырып, кірігу ортасында бағдарламалар құру (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль)). 10.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауқым, ауқымның өлшемдігі, бірөлшемді ауқым, индекс;
	Элементтердің орнын ауыстыру	10.3.3.1 үшөлшемді ауқымдарды қолдана отырып, кірігу ортасында бағдарламалар құру (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль)). 10.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауқым, ауқымның өлшемдігі, бірөлшемді ауқым, индекс.
	Сұрыптау	10.3.3.1 үшөлшемді ауқымдарды қолдана отырып, кірігу ортасында бағдарламалар құру (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль)). 10.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауқым, ауқымның өлшемдігі, бірөлшемді ауқым, индекс;
	Элементті жою және кіргізіп қою	10.3.3.1 үшөлшемді ауқымдарды қолдана отырып, кірігу ортасында бағдарламалар құру (C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарас), Pascal (Паскаль)). 10.3.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: ауқым, ауқымның өлшемдігі, бірөлшемді ауқым, индекс.
4-тоқсан		
Үдерістерді электронды кестелерде моделдеу	Мәселелерді анықтау және талдау	10.3.1.1 электронды кестеде үдерістер моделдерін жасау және зерттеу (физикалық, биологиялық, экономикалық). 10.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бастапқы деректер, аралық болжам есептеулер, нәтижелері;
	Шешімдерді өңдеп жасау	10.3.1.1 электронды кестеде үдерістер моделдерін жасау және зерттеу (физикалық, биологиялық, экономикалық). 10.3.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: бастапқы деректер, аралық болжам есептеулер, нәтижелері; 10.2.2.2 электронды кестеде деректер базасын құру; 10.2.2.4 типтік сөздікті білу және қолдану: деректер базасы, дерек базаларын басқару жүйесі, жиегі, жазу, кілт; 10.2.2.3 деректерді іздеу, сұрыптау және тазалауды жүзеге асыру; 10.2.2.5 типтік сөздікті білу және қолдану: іздеу, сұрыптау, фильтрация, фильтр, кеңейтілген фильтр; 10.3.2.1 есептерді түрлі амалдармен шығару, олардың әрқайсысын сипаттау және ең тиімдісін таңдау; 10.3.2.2 логикалық ойлау, түрлі амалдармен есепті шешу барысында алынған нәтижелерді ұғыну, ең тиімдісін анықтау қабілеттілігін қалыптастыру; 10.3.2.2 қойылған мәселенің шешімін бағалау; 10.1.3.1 бұлт технологиясын қолдана отырып, құжаттармен бірлескен жұмысты атқару; 10.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: электронды пошта, электронды

	мекен-жай, электронды жәшік, пошта хаттамасы, әлеуметтік сервис
Жобаны қорғау	10.1.3.1 бұлт технологиясын қолдана отырып, құжаттармен бірлескен жұмысты атқару; 10.1.3.2 типтік сөздікті білу және қолдану: электронды пошта, электронды мекен-жай, электронды жәшік, пошта хаттамасы, әлеуметтік сервис; 10.4.1.1 компьютере-рді ұзақ қолданудың қауыпын сыни тұрғыдан бағалау; 10.4.1.2 типтік сөздікті білу және қолдану: көру анализаторына шамадан тыс күш түсіру, еңбекті қорғау нұсқаулығы, еңбек іс-әрекетінің ұзақтығы

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 11-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№115 бұйрығына 451-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты қозғалыс дағдылары мен икемдерін қалыптастыру, дене дамуы мен моторлық аясының кемшіліктерін түзету, негізгі дене қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін ұлғайту болып табылады.

3. Негізгі міндеттер:

1) жігерлілікке, тәртіптілікке, ұқыптылыққа және дербестікке баулу, борыш және жауапкершілік сезімін, өзін-өзі ұстау мәдениетін тәрбиелеу, білім алушылардың өз денсаулығына, дене дамуына, шынығуына қамқорлық жасауының аса маңызды екендігі туралы түсінігін қалыптастыру;

2) білім алушыларды дене шынығуы, жеңіл атлетикалық және гимнастикалық жаттығулар, шаңғымен жүру және ойындар бойынша қойылатын талаптарды орындауға дайындау;

3) негізгі қозғалыс қимыл әрекеттеріне және оларды қиындығы әртүрлі жағдайда орындауға үйрету, ол үшін қажетті қозғалыс қасиеттерін дамыту: ептілік, жатықтық, төзімділік;

4) білім алушылардың дене жаттығуларымен өз бетімен шұғылдану дағдылары мен әдетін дамыту, дене шынықтыруға деген тұрақты қызығушылығын тәрбиелеу және оның күн тәртібіне енуіне жағдай жасау;

5) білім алушылардың жинақы, дұрыс дене сымбатын, ұқыптылығын және кинестетикалық бақылауын қалыптастыруға жәрдемдесу;

6) дене дамуы мен моторикасындағы, қимылдардың кеңістіктегі ұйымдастырылуындағы бұзылыстарды жеңу, қимылдардың, қозғалыс операциялары мен нұсқаулардың орындалу ретін есте сақтай алуын дамыту; өз қимылдарына және басқалардың қимыл әрекеттеріне назар аударуын дамыту;

7) қимылдарды ауызша нұсқау бойынша орындай алу қабілетін, қозғалудағы дербестігін, қимылдардың орындалу сапасын талдай алу қабілеттерін дамыту;

8) нашар еститін білім алушылар ағзасындағы мүшелер мен жүйелердің физиологиялық белсенділігін, сондай-ақ дене және ақыл-ой еңбегіне қабілеттілігін арттыру;

9) жүрек-қантамыр және тыныс жүйелерін, тірек-қимыл аппаратын дамыту және нығайту;

10) жүру кезіндегі қимыл-қозғалыстардың үйлесімділік дәлдігін қалыптастыру;

11) қол саусақтарының майда моторикасын, дененің жеке бөліктері қозғалысының уақыт пен кеңістіктегі үйлестілігін, қозғалыстардың ауыспалылығын, дифференциялануын және ырғақтылығын дамыту.

#### **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Бағдарламаны меңгеру ағзаның шынығуы мен күшеюіне көмектеседі, негізгі қимылдарға жоспарлы түрде үйретуді көздейді және моторлық, дене дамуының кемістіктерін түзетіп, ауытқулардың алдын алуға бағытталған.

5. Жасы мен есту бұзылысының сипатын, медициналық құжаттарындағы мәліметтерді, педагогикалық бақылау мен тестілеу сынақтарының нәтижелерін ескере отырып, білім алушыларды топтарға бөлеміз:

1) бірінші – арнайы топ, оған аралас бұзылыстары бар, соматикалық тұрғыда әлжуаз, медициналық көрсетілім бойынша бірқатар шектеу қойылған білім алушылар кіреді;

2) екінші – негізгі топ, нашар еститін және кейін естімей қалған.

6. Дене шынықтыру сабақтары білім алушылардың эстетикалық тәрбиесінде маңызды рөл атқарады: мәнерлі және көркем қимылдарға назар аудару, олардың орындалу дәлдігін бақылау, дене сымбатын қалыптастыруға арналған жаттығулар енгізіледі.

7. Бағдарламада дене жаттығуларымен айналысу ерекшеліктері, олардың өмірлік маңызы бар қозғалыс дағдыларының қалыптасуындағы және еңбек қызметіне дайындалудағы мәні жайлы, гигиеналық талаптарды орындау қажеттігі жайлы түсінік беретін теориялық мәліметтер маңызды орын алады.



8. Бағдарламаның әр бөлімін өту кезінде қалыптасқан дағдылар мен икемдердің бұрынғыдан да күрделендірілген, үйреншікті емес жағдайларда (кедергілер алабы, жарысатын жағдай, кешенді жаттығулар) қолданылуын қажет ететін тапсырмаларды қамтиды.

9. Есту арқылы қабылдау мен кеңістікті бағдарлау бұзылыстарына байланысты, естімейтіндер үшін қозғалыс құрамының қарапайымдығына қарамастан сап құру және қайта құру қиынға соғады, нашар еститін білім алушылар зал бөліктерін, қатардағы орнын, қозғалыс бағытын тез ұмытады, жаңа сап құруда, қайта құруда абыржып, сасқалақтап қалады, сондықтан Бағдарламаға қимыл-қозғалыстардың дәлдігі мен үйлесімділігін дамытуға бағытталған жаттығулар енгізілген.

10. Естімейтін білім алушыларға беруге болатын дене жүктемесі шеңберінде қозғалыстың күші, жылдамдығы, ептілігі, төзімділігі, иілгіштігі және вестибулярлы тұрақтылығы сияқты қасиеттерді дамытуға жүйелі түрде ықпал ету.

11. Төзімділікті дамыту үшін жүру, арасында жүгірумен алмастырып отыру, баяу қарқынмен жүгіру, шаңғымен жүру жаттығуларын, үздіксіз қозғалыс әрекеті айқын байқалатын ойындар қолданылады.

12. Бағдарламаның әр бөліміне оқу материалын меңгеруге көмектесіп, қимыл-қозғалыс және рухани қасиеттерінің дамуына септігін тигізіп, әртүрлі моторлық бұзылыстарды түзету құралы болатын ойындар енгізілген.

13. Естімейтін білім алушылармен өткізілетін бейімделген дене шынықтыру сабақтары сөйлеу нұсқауларын бере отырып жүргізіледі, сонда сөздерді есте сақтау бойынша сөздік жұмыс жүргізілмейді, өйткені күнделікті айтылатын, жиі кездесетін және басқа сабақтарда машықталған сөздік қоры қолданылады.

14. Сөйлеу арқылы берілетін нұсқаулар қысқаша, үйренетін жаттығуларға қарай қажетті ақпараттан (терминдік белгілер, техника, сақтық шаралар, жәрдем бойынша мәліметтер) беріледі; қажетіне байланысты жесттік сөйлеумен қатар жүреді; нұсқаулар ілеспелі қызмет атқарады және сабақтың моторлық тығыздығына, бейімделген дене шынықтырудың негізгі міндеттеріне нұқсан келтірмейтіндей етіп пайдаланылады.

15. Білім алушылардың дамуына педагогикалық бақылау жасау мақсатымен жылына екі рет (қыркүйек-қазанда және сәуір-мамырда) дене дайындығы бойынша тексерулер өткізіледі; сонда экспресс-тесттер қолданылады:

1) биік сөреден 30 метр қашықтыққа жүгіру, орнынан ұзындыққа секіру, аяқты екі жаққа жіберіп отырған бастапқы қалыптан нығыздалған допты (1 кг) екі қолмен бастан асыра лақтыру, білек күші;

2) келесі жаттығу түрлері: кіші допты алысқа лақтыру, кіші допты нысанаға лақтыру, жерге қону дәлдігіне секіру, ал 7-8 сыныптарда, сонымен қатар, екпінмен ұзындыққа, биіктікке секіру және қозғалыстың кеңістік пен уақытта орындалу дәлдігін талап ететін тепе-теңдік пен координацияны анықтауға арналған жаттығулар.

16. Әсіресе дене дамуы мен дене дайындығы жеткіліксіз деңгейдегі білім алушыларға ерекше назар аудару: жеке тапсырмалар және сабақтан тыс уақытта орындау үшін сабақта өткен дене жаттығуларынан тұратын өзіндік жұмыс тапсырмалары қарастырылады.

17. Дене жаттығуларын орындаудан босатылған білім алушылар дене шынықтыру сабақтарына қатысып, дене тәрбиесінің кемістіктерін түзету бойынша жеке және топтық тапсырмаларды орындайды.

18. Бейімделген дене шынықтырудың әр сабағында білім алушылардың сырт келбетінің ұқыптылығына, тазалық пен жинақылығына, дене жаттығуларын орындау кезінде өзін-өзі ұстау ережесін сақтауына, сәйкес киім мен аяқ-киім киюіне, құрал-жабдықтарды қамқорлықпен пайдалануына, өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауына қатаң гигиеналық талаптар қойылады.

19. Қысқа мерзімде ашық ауада өткізілетін сабақтарды ауа температурасы  $-100\text{C}$ -ден төмен болмайтындай (орта климаттық зона үшін), желсіз ауа райында жүргізіледі. Өртүрлі климаттық зоналарда сабақтарды ашық ауада өткізу мүмкіндігіне қатысты сұрақты білім беру органдары денсаулық сақтау органдарымен келісе отырып шешеді. Сабақ өткізілетін бөлмедегі ауа температурасы  $+160\text{C}$ -ден төмен болмайды.

20. Күзгі және көктемгі мерзімде сабақтар арнайы жабдықталған спорт алаңдарында өткізіледі.

21. Сабақтарды дыбыс күшейткіш аппаратура мен спорт құрал-жабдықтарын пайдалануға мүмкіндік болатын, арнайы жабдықталған залда өткізген дұрыс.

22. Оқу пәнін оқыту процесінде инвариантті компоненттің оқу пәндері мен түзету компонентінің және факультатив сабақтарымен пәнаралық байланыс жүзеге асады: "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дыбыс айтуын қалыптастыру мен есту арқылы қабылдауын дамыту", "Ауызекі сөйлеу тілі", "Ым-ишарат тілі".

23. Жалпы дене дайындығы бойынша сабақтарға арналған жиынтықтар қолданылады:

1) аралығы 0,8 м. гимнастикалық қабырға, гимнастикалық төсеніштер, гимнастикалық орындықтар, өрмелеуге арналған сырық 1-5,5 м., өрмелеуге арналған арқан 1-6 м., керме, құм салынған қапшықтар (200-250г), гимнастикалық таяқша;

2) дене іс-әрекетін бақылау мен бағалауға арналған жабдықтар. Ұзындық өлшеуіш (25 және 10 м.), төреші ысқырықтары, секунд өлшеуіштер, жалауды көтеретін құрылғы;

3) гимнастикаға арналған жиынтық. Мектепке арналған гимнастикалық қоссырық сырғауылдары: түрлі биіктіктегі, параллельді, мектепке арналған гимнастикалық ат, гимнастикалық ешкі, гимнастикалық бөрене (универсалды) корпустары, гимнастикалық көпірше, диаметрі 90-95 см. гимнастикалық шығыршықтар, гимнастикалық секіртпелер, салмағы 16 кг. гiр тастары, 0,2, 0,5, 1 килограмм жай гантельдер;

4) жеңіл атлетикамен айналысуға арналған жиынтық. 30, 60, 100, 200 (м.) жүгіру жолдары, эстафеталық таяқшалар, ұзындыққа, биіктікке секіруге арналған мектеп жиынтығы, әртүрлі жалаушалар, допты қашықтыққа және нысанаға лақтыруға арналған секторлар, 150 г. лақтыратын доптар;

5) шаңғы дайындығы бойынша сабақтарға арналған жиынтық. Бекіткіштері бар шаңғы, шаңғы бәтеңкелері, шаңғы таяқтары (5-10 сыныптар);

6) спорт элементтері бар қозғалмалы ойындарға арналған жиынтық. Футбол доптары, волейбол доптары, баскетбол доптары, қол добы ойынына арналған доптар, кіші теннистік доптар, нығыздалған доптар (салмағы 1 кг.-нан 4 кг.-ға дейін), инесі бар доп үрлегіштер, волейбол торы, волейбол бағаналары, баскетбол қалқандары, тартуға арналған арқан, қол добын (мини-футбол) ойнауға арналған қақпа.

24. Бейімделген дене шынықтыру сабақтарын дыбыс күшейткіш құрылғылары бар, арнайы жабдықталған залда өткізу қарастырылады.

**3-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

25. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

6) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

26. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Дене шынықтыру туралы білім";
- 2) 2-бөлім "Гимнастика";
- 3) 3-бөлім "Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар";
- 4) 4-бөлім "Жеңіл атлетика";
- 5) 5-бөлім "Ұлттық және зияткерлік ойындар";
- 6) 6-бөлім "Шаңғы дайындығы";
- 7) 7-бөлім "Спорт ойындары".

27. "Салауатты өмір салты жайлы білім жүйесін қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы;
- 2) жеке бас тазалығы және күн тәртібі.

28. "Гимнастика" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;
- 2) кеңістікті бағдарлауды және қимылдардың дәлдігін дамытуға арналған жаттығулар;
- 3) тыныс жаттығулары;
- 4) өрмелеу және асып түсу;
- 5) құралдармен орындалатын жаттығулар.

29. "Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тепе-теңдік пен қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған ойындар;
- 2) кедергілерден өтуге арналған ойындар;
- 3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған ойындар.

30. "Жеңіл атлетика" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жүру;
- 2) жүгіру;
- 3) секіру;
- 4) лақтыру.

31. "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) "Тоғыз құмалақ";
- 2) "Асық";
- 3) дойбы;
- 4) шахмат.

32. "Шаңғы дайындығы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаңғымен жүру адымдарын бекітуге арналған жаттығулар;

2) жылдамдық пен шыдамдылықты дамытуға арналған жаттығулар.

33. "Спорт ойындары" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) волейбол;

2) баскетбол;

3) теннис;

4) футбол.

34. 5-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Ежелгі Олимпиадалық ойындар туралы тарихи білім. Шынығу ережелері;

2) гимнастика. Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сап пәрмендерін орындау. Бастың, қолдың, тұлғаның, аяқтың қалыптары және қимылдары (құралмен және құралсыз). Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар. Жүру және жүгіру кезіндегі тыныс гимнастикасы. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және басқа құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар. Қимыл дәлдігін түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар, күш пен ептіліктің дамуына ықпал ететін өрмелеу мен асып түсу жаттығулары. Акробатикалық жаттығуларды орындау. Гимнастикалық жабдықтарда орындалатын жаттығулардың техникасын үйрету. Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Таспамен қуаласпақ", "Допты шеңбермен қуалау", "Таяқшаны бастан жоғары көтеру";

4) жеңіл атлетика. Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын үйрету. Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрену. Орташа және ұзын қашықтыққа жүгіру техникасын үйрену. Орнынан және екпінмен ұзындыққа секіру техникасын үйрену. Әртүрлі заттар мен құралдарды нысанаға және алысқа тастау мен лақтырудың техникасы. Эстафетадағы командалық жұмыс. Кеңістікті бағдарлауды және қимыл дәлдігін дамытуға арналған жаттығулар;

5) ұлттық және зияткерлік ойындар. Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрену;

6) шаңғы дайындығы. Үсудің алдын алу (әңгімелесу); бір-бірлеп лек құру және шаңғы аяқтың жанында болғанда бір сапқа тұру; шаңғымен сырғаната кең

қадам жасап жүру; 60 м дейінгі аралықты жылдамдыққа жүріп өту; ұзындығы 10-15 м ылдидан түсу; қозғалыста ішкі шаңғыға баса отырып адымдап бұрылу; "саты" жасап жайпақ беткейге көтерілу; шаңғымен баяу қарқынмен 500-600 м жүру; 40-50 м қашықтықты жылдамдыққа жүріп өту; шаңғы ойындары: "Жай қуаласпақ", "Кім алысырақ";

7) спорт ойындары. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдайларында допты игеру. Ойын кеңістігінде бағдарлану дағдыларына үйрету. Ойындағы жеке, командалық әрекеттер.

35. 6-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Қазақстандағы олимпиадалық қозғалыс. Дене шынықтыру сабақтарындағы жарақаттанудың алдын алу;

2) гимнастика. Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сап пәрмендерін орындау. Бастың, қолдың, тұлғаның, аяқтың қалыптары және қимылдары (құралмен және құралсыз). Өртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар. Жүру және жүгіру кезіндегі тыныс гимнастикасы. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және басқа құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар. Қимыл дәлдігін түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар, күш пен ептіліктің дамуына ықпал ететін өрмелеу мен асып түсу жаттығулары. Акробатикалық жаттығуларды орындау. Гимнастикалық жабдықтарда орындалатын жаттығулардың техникасын үйрету. Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Допты беру", "Жүгіретін сызықтық эстафета", "Нөмірмен жүгіріп жарысу", "Допқа тигіз", "Аңшылар мен үйректер";

4) жеңіл атлетика. Ұзын қадаммен жүру; қадам ұзындығын жүру ырғағына қарай өзгерте отырып жүру (ырғағы неғұрлым сирек болса, қадамы соғұрлым ұзын); жай жүріс кезінде келесі командаларды орындау: "Адым бас!", "Жиі бас!"; қадам жиілігін өзгертіп жүру; белгілеу бойынша лекте бір-бірден жүру; 60 м. дейін жарысып жүгіру; баяу қарқынмен 2 минутқа дейін жүгіру; жылдамдықты өзгертіп жүгіру, 40 м. дейін үдете жүгіру. Жүгіріп келіп "аттап өту" тәсілімен биіктікке секіру; "аяқты бұғу" тәсілімен ұзындыққа секіру. Кіші допты арқадан иық арқылы лақтыру; допты 3 м. биіктікке тік орнатылған нысанаға лақтыру: 10 м. дейінгі (ұлдар) және 8 м. дейінгі (қыздар) ара

қашықтықтан; допты көлденең орнатылған нысанаға лақтыру; допты алысқа лақтыру;

5) ұлттық және зияткерлік ойындар. Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрену: "Тоғыз құмалақ", "Асық";

6) шаңғы дайындығы. Шаңғымен алма-кезек екі адымды жүріспен жүру; 80 м дейінгі аралықты жылдамдыққа жүріп өту; жайпақ ылдидан түсе отырып қарапайым кедергілерден өту (мысалы, шаңғы таяқшаларынан жасалған "қақпаша"); қозғалыста сыртқы шаңғыға баса отырып адымдап бұрылу; "саты" жасап қысқа тік беткейге бір аяқтан бір аяққа шапшаң секіріп көтерілу; шаңғымен баяу қарқынмен 600-700 м. жүру; шаңғымен әртүрлі жүрістің, жайпақ беткейге шығып түсудің қарапайым тіркесі, 50-60 м. қашықтықты жылдамдыққа жүріп өту; шаңғы ойындары ("Ең мерген", "Шаңғы эстафетасы");

7) спорт ойындары. Қауіпсіздік техникасы. Ойын техникасы дағдыларын дамыту. Спорт ойындарында тактикалық әрекеттерді қолдану. Командада жұмыс істеудегі көшбасшылық дағдыларды дамыту.

36. 7-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Қазіргі замандағы Қазақстандағы спорттық ойындардың дамуы, жаттығулар жасаудағы өзін-өзі бақылаудың, өзін-өзі сақтандырудың негізгі әдістері, тамақтану және оның өсу мен даму үшін маңызы, қауіпсіздік ережелері. 7-сынып білім алушыларының күн тәртібі;

2) гимнастика. Саптағы жаттығулар, қозғалыста бір лектен екі, үш, төрт лек құру, лектің диагональ бойынша, қарсы жүріспен, ирелендеп, қарсы лекпен қозғалуы; дұрыс дене сымбатын қалыптастыруға, тыныс гимнастикасына, дене салмағын реттеуге және дене дамуының жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып дене бітімінің пішінін түзетуге арналған жаттығулар кешендері, жалпы дене дайындығы жаттығулары. Акробатикалық жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Екі шеңбер", "Экипаждар";

4) жеңіл атлетика. Жылдам жүру. Ұмтылыспен жүру, қолдың шеңберлі қимылдарымен жүру. Қозғалыстағы жаттығулармен қатар жүру. Нық қадаммен, алақан соғып, берілген санақпен аяғын топылдатып жүру. Биік сөре. Үдемелі жүгіріс. Орнынан ұзындыққа секіру. "Аяқты бүгіп секіру" әдісімен қысқартылған екпінмен ұзындыққа секіру. Кіші допты бастан асыра иық арқылы қашықтыққа лақтыру. Көлденең (ені 90 см. белдеу) және тігінен қойылған кедергілерден қадамдап өте отырып жүгіру. Жылдамдықты, күш қасиеттерін, шамалы жүктемеге төзімділікті, секіргіштікті және қимыл шапшандығын

дамытуға арналған жаттығулар, "Секіре салып секіру", "Мерген" ойындары, кіші доптарды алысқа лақтыру және жүгіруді жүрумен кезектестіру (15 секунд жүгіру және 1 минут жүру);

5) қазақтың ұлттық ойындары: мәдени-этникалық бағытты ойындар мен жаттығулар, ұлттық спорт түрлерінің техника элементтері (техника элементтерін, ойындар мен жаттығуларды таңдауды мұғалім реттейді);

6) шаңғы дайындығы. Ауыспалы екі адымды жүріс (басты назар қимылдардың үйлесімділігіне). Түсу кезінде алдын ала қойылған түрлі-түсті жалаушалар бойынша тоқтайтын өрлерден өту. "Саты" жасап көтерілу. Жылдамдық пен төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар: шаңғымен шамалы ойлы-қырлы жермен 700-800 м. қашықтыққа жүру, 60-70 м. қашықтықты арасында 2-3 минут демалып (тыныш сырғанау) қайталап (2-3 рет) жылдамдыққа жүріп өту; қашықтық арасы 100-200 м. эстафеталар, "Шаңғышылар, орындарыңа барыңдар!", "Жалаушаны ауыстыр" ойындары; төбешікке шығып-түсу эстафеталары;

7) спорт ойындары. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдайларында допты игерудің орындалу техникасы. Кеңістікті бағдарлау және допты беру дағдыларын дамыту.

37. 8-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Қазақстандағы қысқы спорттық ойындардың дамуы, жылдамдық-күш жаттығуларын өз бетімен орындау ережелері, жаттығуларды орындау кезінде серіктесін сақтандыру; қауіпсіздік ережелері, жарақат кезіндегі алғашқы көмек;

2) гимнастика. Сапта бір орында және қозғалыста өткізілетін тәсілдер. Акробатикалық жаттығуларды біріктіру: секіру және теңгеру. Гимнастикалық жабдықтардағы комбинациялар. Ырғақты гимнастика еркін жаттығуларының кешені. Сап құру және қайта құру. Кеңістікті бағдарлау мен қимыл дәлдігін дамытуға бағытталған жаттығулар. Ырғыту мен лақтырудағы күш пен бұлшық ет шыдамдылығын дамыту. Әртүрлі жылдамдықта тегіс жермен жүгіру. Жылдамдық-күш қасиеттерін, шамалы жүктемеге төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. Мәселелерді ойын арқылы шешу дағдылары. Ойын жағдайында тәсілдерді іске асыру. Ойын қызметі. Жарысу ойын әрекетін ұйымдастыру. "Оймен-қырмен", "Кім ең епті";



11. Теорияны оқытқан кезде де, геометрия есептерін шығарған кезде де, оқу үдерісіне жұмыстардың ауызша және жазбаша түрлерін рационалды үйлестіре отырып, бағдар беру; оқулықпен жұмыс істеулеріне назар аудару.

12. Оқу үдерісінің тиімділігін қаматамсыз етуде өткен материалды бекіту мен қайталау, курстың кейінгі бөлімдерінде тірек білімдерін жүйелі түрде қолдану маңызды рөл атқарады.

13. Істің маңызын түсінуге негізделген ережелер мен формулаларды механикалық тұрғыда есте сақтап қана емес, саналы түрде қолдануы, білім алушыға ұсынылған есептердің, жаттығулар мен сұрақтардың дұрыс таңдалуына ықпал жасайды; мәтінін түсінуге қиындықтар туғызатын ауыр және күрделі есептерден аулақ болу.

14. Көп жағдайларда формулаларды жаттау анықтаманы қолдану дағдысына алмастырған жөн.

15. Оқу процесін тиімді ұйымдастырудың маңызды шарты оқу жабдықтары мен көрнекі құралдарды максималды қолдану болып табылады. Оқытудың техникалық құралдарының үлгілері:

1) магниттік бекітілуі бар сандар, әріптер, белгілер жиынтығы;

2) аудандар мен көлемдерді өлшеу бойынша зертханалық жұмыстарға арналған үлгілер жиынтығы;

3) бөліктер және бөлшектер жинақталымы;

4) топсалық (шарнирлік) үлгілер жиынтығы.

16. Құрал-саймандар, құрылғылар:

1) координаталық торлы магниттік тақта;

2) сыныптық құрал-саймандар жинақталымы: сыныптық сызғыш, сыныптық транспортир, сыныптық бұрыштама, сыныптық циркуль.

17. Параболалар трафареттерінің жиынтығы.

18. Баспалық құралдар:

1) атақты математик ғалымдар - портреттер топтамасы;

2) математика кестелері -5-7 сыныптарға (және оларға қатысты үлестірме материал);

3) алгебра кестелері – 8-10 сыныптар (және оларға қатысты үлестірме материал);

4) геометрия кестелері – 8-10 сыныптар (және оларға қатысты үлестірме материал);

5) үлестірмелік материалдар– 5-10 сыныптар;

6) баспалық негізі бар дәптер– 5-10 сыныптар (Жұмыс дәптері – оқулыққа);

7) нұсқалар бойынша өзіндік жұмыстар өткізуге арналған материалдар 5-10 сыныптар.

19. Сыныптар бойынша математикалық терминдер жинақталымы (сөздіктік жұмыс) 5-10 сыныптар

20. 5-10 сыныптар тақырыптары бойынша DVD дискілер.

21. Стендтер және транспаранттар 5-10 сыныптар тақырыптары бойынша.

22. Техникалық құралдар: компьютер.

23. Интерактивтік тақта.

**3-тарау. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

24. "Геометрия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

2) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

3) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

25. Оқу пәнінің мазмұны бір бөлімді қамтиды:

1) 1-бөлім "Геометрия".

26. "Геометрия" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) геометриялық фигуралар және олардың қасиеттері;

2) геометриялық шамалар;

3) тригонометрия элементтері;

4) координаттар мен векторлар.

27. 8-сыныпқа арналған "Геометрия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қарапайым геометриялық фигуралардың негізгі қасиеттері. Планиметрияның бастапқы түсініктері. Геометриялық фигуралар. Кесіндінің ұзындығы және оның қасиеті. Бұрыштың шамасы және қасиеті. Үшбұрыш. Үшбұрыштардың теңдігі. Қиылысатын және параллель түзулер. Аксиомалар және теоремалар жайлы түсінік;

2) шектес бұрыштар және тік бұрыштар. Шектес бұрыштар және тік бұрыштар, олардың қасиеттері;

3) үшбұрыштар теңдігінің белгілері. Үшбұрыштың теңдігінің белгілері. Теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттері. Кері теоремалар жайлы түсінік;

4) үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Түзулер параллелдігінің белгілері. Түзулер параллелдігінің және перпендикулярлығының теоремалары. Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрыштары. Тікбұрышты үшбұрыш;

5) геометриялық құрылымдар. Шеңбер. Шеңберге жанама және қасиеттері. Кесіндіге орта перпендикулярдың қасиеті; үшбұрыштың жанына сырттай сызылған шеңбер. Бұрыш биссектрисасының қасиеті; үшбұрыштың ішіне сызылған шеңбер. Циркуль және сызғыштың көмегімен құрылымдар жасаудың негізгі есептері: берілген бұрышқа тең бұрыш құру; бұрыш биссектрисасын құру; кесіндіні ортасынан тең бөлу; перпендикуляр түзу сызу. Нүктелердің геометриялық орны;

6) қайталау. Есептер шығару.

28. 9-сыныпқа арналған "Геометрия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 8-сыныптың геометрия курсы қайталау;

2) төртбұрыштар. Параллелограмм және оның қасиеттері.

параллелограмм белгілері. Тікбұрыш, ромб, шаршы және олардың қасиеттері. Трапеция;

3) пифагор теоремасы. Бұрыштың синусы, косинусы және тангенсі. Пифагор теоремасы. Тікбұрышты үшбұрыш қабырғалары және бұрыштары арасындағы байланыстар;

4) жазықтықтағы Декарт координаттары. Жазықтықтағы координаттардың тікбұрыштық жүйесі. Жазықтықтағы координаттары берілген екі нүктенің қашықтық формуласы. Түзу мен шеңбер теңдеуі. 00 ден 1800 дейін бұрыштардың синусы, косинусы және тангенсі;

5) қозғалыс. Қозғалыстар: өстік және орталық симметриялар, бұру. Симметриялы фигуралар мысалдары. Фигуралар теңдігі түсінігі;

6) векторлар. Вектор. Вектордың абсолюттік шамасы және бағыты. Векторларды қосу және алу және қасиеттері. Векторды санға көбейту және қасиеттері. Коллинеарлық векторлар. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі және қасиеттері. Векторлардың өстегі проекциясы. Векторларды координат өстері бойынша жіктеу.

29. 10-сыныпқа арналған "Геометрия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 9-сыныптың геометрия курсы қайталау;

2) фигуралар ұқсастығы. Ұқсастықтың түрлендірілуі және қасиеттері. Фигуралар ұқсастығы. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері. Шеңбердің ішіне сызылған бұрыштар. Хордалар кесінділерінің және шеңбер кесінділерінің пропорционалдығы;



3) үшбұрыштардың шешімі. Синустар мен косинустар теоремасы. Үшбұрыштардың шешімі;

4) көпбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар. Шеңбер ұзындығы. Доға ұзындығы.  $p$  саны. Дұрыс көпбұрыштардың ішіне және сыртына салынған шеңберлер радиустарының формулалары. Дұрыс көпбұрыштарды құру. Дұрыс дөңес көпбұрыштардың ұқсастығы;

5) фигуралар ауданы. Аудан жайлы түсінік, ауданның негізгі қасиеттері. Тікбұрыштың, үшбұрыштың, параллелограмның, трапецияның аудандары. Ұқсас фигуралар аудандарының байланыстары. Дөңгелек пен оның бөліктерінің ауданы. Үшбұрыштың ішіне және сыртына салынған шеңберлер радиустарының формулалары;

б) 8-10 сыныптардың геометрия курстарын қайталау.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодтағы бірінші сан сыныпты көрсетеді, екінші және үшінші сандар – бөлім мен ішкібөлімді, төртінші сан – оқу мақсатының реттік нөмірі. Мысалы, 8.1.1.4 кодында "8" – сыныптың, "1.1" – бөлімшенің, "4" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

31. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Геометрия":

1-кесте

Оқыту мақсаттары					
	8-сынып	9-сынып	10-сынып		
1.1 Геометриялық фигуралар және олардың қасиеттері	8.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу нүкте, 8.1.1.2 нүктелер түзулердің қатыстылық аксиомаларын білу және қолдану	9.1.1.1 параллелограмм білу: анықтамасын білу 9.1.1.2 параллелограмның қасиеттері мен белгілерін білу, қолдану	10.1.1.1 ұқсастықтың және фигуралар білу. 10.1.1.2 үшбұрыштар ұқсастығының, тікбұрышты ұқсастығының белгілерін білу		
	8.1.1.3 нүктелердің түзулердің үстіне орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттілік аксиомасы)	9.1.1.3 тікбұрыш, ромб және шаршы анықтамаларын, қасиеттерін және белгілерін білу	10.1.1.3 көпбұрыштар, дөңес көпбұрыштар, дөңес көпбұрыштар элементтері анықтамаларын білу		
	8.1.1.4 түзулердің параллелдігі аксиомасын білу және қолдану;	9.1.1.4 Фалес теоремасын білу және қолдану	10.1.1.4 көпбұрыштың ішкі бұрыштар қосындысының және сыртқы бұрыштар қосындысының формулаларын білу. 10.1.1.5 ішке сызылған бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу		
	8.1.1.5 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың болу аксиомасын білу және қолдану	9.1.1.5 пропорционалды кесінділер теоремасын білу және қолдану	10.1.1.6 орталық бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу		
	8.1.1.6 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну; теореманың шарты	9.1.1.6 кесіндіні циркуль және сызғыштың көмегімен бірдей бөліктерге бөлу	10.1.1.7 ішке сызылған бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу		
		9.1.1.7 пропорционал кесінділер сызу	10.1.1.8 трапецияның орталық бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу		
		9.1.1.8 трапецияның орталық бұрыштың анықтамасы, түрлерін және қасиеттерін білу			

мен қорытындысын белгілеу	қасиеттерін білу	білу, қолдану
8.1.1.7 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура әдіс және "қарсыдан келу" әдісі	9.1.1.9 үшбұрыштың орталық түзуі қасиетін дәлелдеу және қолдану	10.1.1.7 хордалар кесінділері мен шеңберлер қиышыларының пропорционалдығын білу
8.1.1.8 кесіндінің, сәуленің, бұрыштың, үшбұрыштың жарты-жазықтықтың анықтамаларын білу	9.1.1.10 трапецияның орталық түзуі қасиетін дәлелдеу және қолдану	10.1.1.8 бүгілме, ішке сызылған және дұрыс көппұрыш түсініктерін білу
8.1.1.9 тең фигуралар анықтамасын білу және қолдану	9.1.1.11 Пифагор теоремасын білу және есептер шығаруға қолдану	10.1.1.9 ішке және сыртқа сызылған көпбұрыштар шеңберлерінің радиустарының формулаларын білу
8.1.1.10 шектес және тік бұрыштар анықтамаларын білу;	8.1.1.12 перпендикуляр, көлбеу және көлбеу проекциясы түсініктерін меңгеру	10.1.1.10 ішке және сыртқа сызылған дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын, қасиеттерін, белгілерін білу және қолдану
8.1.1.11 - шектес және тік бұрыштар қасиетінің анықтамасын білу және қолдану	9.1.1.13 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану	10.1.1.11 ішке және сыртқа сызылған дұрыс көпбұрыштарды құру
8.1.1.12 перпендикулярдың жалғыздығы теоремасын білу және қолдану	9.1.1.14 фигуралар қозғалысы қозғалысы түсінігін және қозғалыс қасиеттерін білу	10.1.1.12 дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустары арасындағы байланысын білу және қолдану
8.1.1.13 биссектрисасының түсінігін білу және табу	9.1.1.15 өстік және орталық симметриялар, параллельдік тасымалдау түсініктерін	10.1.1.13 дұрыс көпбұрыштың формуласын, байланысты қабырғаларын, периметрін, ауданын және дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустарын білу және қолдану
8.1.1.14 үшбұрыштар түрлерін білу және ажырату	9.1.1.16 симметриялы фигуралар мысалдарын табу	10.1.1.12 дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустары арасындағы байланысын білу және қолдану
8.1.1.15 есептемелік және дәлелдемелік есептер шығару барысында үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және қолдану	9.1.1.15 өстік және орталық симметрия, бұру, параллелді тасымалдау түсініктерін білу	10.1.1.12 дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустары арасындағы байланысын білу және қолдану
8.1.1.16 теңқабырғалы, теңбүйірлі және тік-бұрышты үшбұрыштар элементтерін білу	9.1.1.16 симметриялы фигуралар мысалдарын табу	10.1.1.13 дұрыс көпбұрыштың формуласын, байланысты қабырғаларын, периметрін, ауданын және дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустарын білу және қолдану
8.1.1.17 теңбүйірлі үшбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін қолдану		
8.1.1.18 теңқабырғалы үшбұрыштардың қасиеттерін есептер шығаруға қолдану		
8.1.1.19 медиананың, биссектрисаның, ұзындықтың, орта перпендикулярдың анықтамасын білу, оларды бейнелеу		
8.1.1.20 теңбүйірлі үшбұрыштың медианасының қасиетін білу, есептер шығаруға қолдану		
8.1.1.21 түзулердің параллелдігі белгілерін білу және есептер шығаруға		

қолдану  
8.1.1.22 параллелді  
түзулердің қасиеттерін білу  
және есептер шығаруға  
қолдану 8.1.1.23 қиюшының  
екі түзуі қиылысқанындағы  
бұрышты тану  
8.1.1.24 қиюшының  
параллелді түзулері  
қиылысқанындағы бұрышты  
тану, есептер шығаруға  
қолдану  
8.1.1.25 үшбұрыштың ішкі  
бұрыштарының  
қосындысының теоремасын  
білу және салдарын есептер  
шығаруға қолдану  
8.1.1.26 үшбұрыштың сыртқы  
бұрышының анықтамасын  
білу; үшбұрыштың сыртқы  
бұрыш теоремасын есептер  
шығаруға қолдану  
8.1.1.27 тікбұрышты  
үшбұрыштар теңдігі  
белгілерін білу және есептер  
шығаруға қолдану  
8.1.1.28 тікбұрышты  
үшбұрыш қасиеттерін қолдану  
8.1.1.29 түзуге перпен-  
дикуляр қасиеттерін білу және  
қолдану  
8.1.1.30 дөңгелектің  
шеңберінің, олардың  
элементтерінің (центр, радиус,  
диаметр, хорда) анықтамасын  
білу  
8.1.1.31 түзу мен шеңбердің,  
екі шеңбердің өзара орналасу  
жағдайларын саралау  
8.1.1.32 шеңберге жанама  
түзудің қасиеттерін білу есеп-  
тер шығаруға қолдану  
8.1.1.33 үшбұрыштың ішіне  
сызылған шеңбер және  
үшбұрыштың жанына сырттай  
сызылған шеңбер  
анықтамаларын білу  
8.1.1.34 үшбұрыштың ішіне  
сызылған және үшбұрыштың  
жанына сырттай сызылған  
шеңберлер центрлерінің  
орналасуын білу 8.1.1.35

	<p>берілген бұрышқа тең бұрыш құру; бұрыш биссек-трисасын құру; кесін-діні ортасынан тең бөлу</p> <p>8.1.1.36 кесіндіге орта перпендикуляр, берілген түзуге перпендикуляр түзу құру</p> <p>8.1.1.37 берілген элементтері бойынша үшбұрыш құру</p> <p>8.1.1.38 нүктелердің геометриялық орны анықтамасын және әдісін білу</p>		
<p>1.2 Геометриялық шамалар</p>	<p>8.1.2.1 кесінділер мен бұрыштар өлшемінің аксиомаларын білу және қолдану</p> <p>8.1.2.1 кесіндінің ұзындығы түсінігін және қасиеттерін білу</p> <p>8.1.2.3 нүктелер арасындағы қашықтық түсінігін білу және табу;</p> <p>8.1.2.4 нүктеден түзуге дейін қашықтық түсінігін білу және табу;</p> <p>8.1.2.5 бұрыш шамасы түсінігі мен қасиеттерін білу және табу</p>		<p>10.1.2.1 ішке сызылған бұрыштарды өлшеу</p> <p>10.1.2.2 шеңбер ұзындығының формуласын білу және табу</p> <p>10.1.2.3 бұрыштың радиандық өлшемі түсінігін білу және табу</p> <p>10.1.2.4 фигура ауданы және қасиеттері түсінігін білу</p> <p>10.1.2.5 тікбұрыш, үшбұрыш, трапеция аудандарын білу және табу</p> <p>10.1.2.6 Герон формуласын білу және қолдану</p> <p>10.1.2.7 ішке және сыртқа сызылған үшбұрыштар шеңберлерінің радиустарының формулаларын білу</p> <p>10.1.2.8 ұқсас фигуралар ауданы түсінігі мен қасиеттерін білу</p> <p>10.1.2.9 шеңбер ауданы формуласын білу және қолдану</p> <p>9.1.1.10 сектор, сегмент ауданы формуласын білу және қолдану</p>
<p>1.3 Тригонометрия элементтері</p>		<p>9.1.3.1 тікбұрышты үшбұрыш бұрыш-тарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі анықтамаларын қабырғаларының қатынастары арқылы білу</p> <p>9.1.3.2 негізгі тригонометриялық ұқсастықтарды білу және оларды өрнек-терді түрлендіруде қолдану</p> <p>9.1.3.3 кейбір бұрыштарының синусы, косинусы, тан-генсі және котангенсі белгілерін білу</p>	<p>10.1.3.1 косинутар теоремасын білу және есептер шығаруда қолдану</p> <p>10.1.3.2 косинутар теоремасын білу және есептер шығаруда қолдану</p> <p>10.1.3.3 үшбұрыш пен қрама-қарсы жатқан бұрыштарының қатынастарын білу және есептер шығаруда қолдану</p> <p>10.1.3.4 үшбұрыштар шешімін білу және типтік есептер шығару</p>

		<p>9.1.3.4 бұрыштың өсуі барысында синус, косинус, тангенс және котангенс өзгерулерін білу</p> <p>9.1.3.5 - 00 ден 1800 дейін кез-келген бұрыштардың синусы, косинусы және тан-генсі анықтамасын білу</p>	
<p>1.4 Координаттар және векторлар</p>		<p>9.1.4.1 жазықтықтағы координаттардың тікбұрыштық жүйесін білу, нүктенің координаттарын тауып, координаттары бойынша белгілеу</p> <p>9.1.4.2 формула бойынша кесінді ортасының координаттарын табу, есептер шығару</p> <p>9.1.4.3 екі нүктенің қашықтығын формула бойынша табу, есептер шығару</p> <p>9.1.4.4 берілген параметрлер бойынша шеңбер теңдеуін жазу</p> <p>9.1.4.5 берілген шарттар бойынша түзудің теңдеуін жазу</p> <p>9.1.4.6 түзулер қиылысындағы нүктенің координаттарын табу</p> <p>9.1.4.7 түзудің координаттар жүйесіне қарасты қалай орналасқанын табу</p> <p>9.1.4.8 түзулік теңдеуде бұрыштық коэффициентті табу</p> <p>9.1.4.9 түзудің шеңбермен қиылысатын жағдайларын білу</p> <p>9.1.4.10 абсолюттік шама мен вектор бағыттары түсініктерін білу</p> <p>9.1.4.11 векторлар теңдігі түсінігін білу</p> <p>9.1.4.12 векторлар координаттары түсінігін білу</p> <p>9.1.4.13 векторларды қосу және алу: үшбұрыш және параллелограмм ережесі</p> <p>9.1.4.14 векторды санға көбейту</p> <p>9.1.4.15 векторды екі коллинеарсыз векторларға және координаттық өстерге жіктеу</p> <p>9.1.4.16 векторлардың</p>	

		скалярлық түсінігін білу	көбейтіндісі	
--	--	--------------------------	--------------	--

32. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

33. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 8-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспар**

1) 8-СЫНЫП:

1-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Ұзақмерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Қарапайым геометриялық фигуралардың негізгі қасиеттері	Планиметрияның бастапқы түсініктері. Геометриялық фигуралар. Нүкте және түзу. Кесіндінің ұзындығы және қасиеттері. жапзықтық, жартылай түзу, бұрыш. Бұрыш шамасы және қасиеті. Үшбұрыш. Үшбұрыштар теңдігі. Қиылысатын және параллель түзулер. Аксиомалар және теоремлар жайлы түсінік	8.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу 8.1.1.2 нүктелер мен түзулердің қатыстылық аксиомаларын білу және қолдану 8.1.1.3 нүктелердің түзулердің үстіне орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттілік аксиомасы) 8.1.1.4 түзулердің параллелдігі аксиомасын білу және қолдану; 8.1.1.5 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың болу аксиомасын білу және қолдану 8.1.1.6 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну; теореманың шарты мен қорытындысын белгілеу 8.1.1.8 кесіндінің, сәуленің, бұрыштың, үшбұрыштың жартыжазықтықтың анықтамаларын білу 8.1.1.9 тең фигуралар анықтамасын білу және қолдану 8.1.2.1 кесінділер мен бұрыштар өлшемінің аксиомаларын білу және қолдану

		8.1.2.1 кесіндінің ұзындығы түсінігін және қасиеттерін білу 8.1.2.3 нүктелер арасындағы қашықтық түсінігін білу және табу; 8.1.2.5 бұрыш шамасы түсінігі мен қасиеттерін білу және табу
Шектес және тік бұрыштар	Шектес және тік бұрыштар, олардың қасиеттері. Бұрыш биссектриссы. Перпендикуляр түзулер.	8.1.1.10 шектес және тік бұрыштар анықтамаларын білу; 8.1.1.11 шектес және тік бұрыштар қасиетінің анықтамасын білу және қолдану 8.1.1.12 түзуге перпендикулярдың жалғыздығы теоремасын білу және қолдану 8.1.1.13 бұрыш биссектрисасының түсінігін білу және табу
2-тоқсан		
Шектес және тік бұрыштар (жалғасы)	Қарсыдан келу дәлелдемесі	8.1.1.7 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура әдіс және "қарсыдан келу" әдісі
Үшбұрыштар теңдігінің белгілері	Үшбұрыштар теңдігінің белгілері. Теңбүйірлі үшбұрыштың қасиеттері. Кері теоремалар жайлы түсінік. Үшбұрыштың биіктігі, биссектрисасы және медианасы	8.1.1.14 үшбұрыштар түрлерін білу және ажырату 8.1.1.15 есептемелік және дәлелдемелік есептер шығару барысында үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және қолдану 8.1.1.16 теңқабырғалы, теңбүйірлі және тікбұрышты үшбұрыштар элементтерін білу 8.1.1.17 теңбүйірлі үшбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін қолдану 8.1.1.18 теңқабырғалы үшбұрыштардың қасиеттерін есептер шығаруға қолдану 8.1.1.19 медиананың, биссектрисаның, ұзындықтың, орта перпендикулярдың анықтамасын білу, оларды бейнелеу
3-тоқсан		
Үшбұрыштар теңдігінің белгілері (жалғасы)	Теңбүйірлі үшбұрыш медианасының қасиеттері	8.1.1.20 теңбүйірлі үшбұрыштың медианасының қасиетін білу, есептер шығаруға қолдану
Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы	Түзулер параллелдігінің белгілері. Түзулер параллелдігінің және перпендикулярлығының теоремалары. Екі параллель түзулер қиышымен қиылысқан кезде пайда болатын бұрыштар. Екі параллель түзулер қиышымен қиылысқан кезде пайда болатын бұрыштардың қасиеті. Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Тікбұрышты үшбұрыш. Түзуге перпендикулярдың бар болуы және жалғыздығы	8.1.1.21 түзулердің параллелдігі белгілерін білу және есептер шығаруға қолдану 8.1.1.22 параллелді түзулердің қасиеттерін білу және есептер шығаруға қолдану 8.1.1.23 қиышының екі түзуі қиылысқанындағы бұрышты тану

		<p>8.1.1.24 қиюшының параллелді түзулері қиылысқанындағы бұрышты тану, есептер шығаруға қолдану</p> <p>8.1.1.25 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысының теоремасын білу және салдарын есептер шығаруға қолдану</p> <p>8.1.1.26 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу; үшбұрыштың сыртқы бұрыш теоремасын есептер шығаруға қолдану</p> <p>8.1.1.27 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігі белгілерін білу және есептер шығаруға қолдану</p> <p>8.1.1.28 тікбұрышты үшбұрыш қасиеттерін қолдану</p> <p>8.1.1.29 түзуге перпендикуляр қасиеттерін білу және қолдану</p> <p>8.1.2.4 нүктеден түзуге дейін қашықтық түсінігін білу және табу</p>
Геометриялық құрылымдар	<p>Шеңбер. Шеңберге жанама және қасиеттері. Кесіндіге орта перпендикулярдың қасиеті; үшбұрыштың жанына сырттай сызылған шеңбер. Бұрыш биссектрисасының қасиеті; үшбұрыштың ішіне сызылған шеңбер.</p>	<p>8.1.1.30 дөңгелектің шеңберінің, олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамасын білу</p> <p>8.1.1.31 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасу жағдайларын саралау</p> <p>8.1.1.32 шеңберге жанама түзудің қасиеттерін білу есептер шығаруға қолдану</p> <p>8.1.1.33 үшбұрыштың ішіне сызылған шеңбер және үшбұрыштың жанына сырттай сызылған шеңбер анықтамаларын білу</p> <p>8.1.1.34 үшбұрыштың ішіне сызылған және үшбұрыштың жанына сырттай сызылған шеңберлер центрлерінің орналасуын білу</p>
4-тоқсан		
Геометриялық құрылымдар (жалғасы)	<p>Циркуль және сызғыштың көмегімен құрылымдар жасаудың негізгі есептері: берілген бұрышқа тең бұрыш құру; бұрыш биссектрисасын құру; кесіндіні ортасынан тең бөлу; перпендикуляр түзу сызу. Нүктелердің геометриялық орны</p>	<p>8.1.1.35 берілген бұрышқа тең бұрыш құру; бұрыш биссектрисасын құру; кесіндіні ортасынан тең бөлу</p> <p>8.1.1.36 кесіндіге орта перпендикуляр, берілген түзуге перпендикуляр түзу құру,</p> <p>8.1.1.37 берілген элементтері бойынша үшбұрыш құру</p> <p>8.1.1.38 нүктелердің геометриялық орны анықтамасын және әдісін білу</p>
8-сыныптың геометрия курсы қайталау		

## 2) 9-сынып:



## 2-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Ұзақмерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқытқу мақсаттары
1-тоқсан		
8-сыныптың геометрия курсын қайталау		
Төртбұрыштар	Параллелограмм және оның қасиеттері. Параллелограмм белгілері Тікбұрыш, ромб, шаршы және олардың қасиеттері. Фалес теоремасы. Үшбұрыштың орталық түзуі	9.1.1.1 параллелограмм анықтамасын білу 9.1.1.2 параллелограмның қасиеттері мен белгілерін білу, қолдану 9.1.1.3 тікбұрыш, ромб және шаршы анықтамаларын, қасиеттерін және белгілерін білу 9.1.1.4 Фалес теоремасын білу және қолдану 9.1.1.5 пропорционалды кесінділер теоремасын білу және қолдану 9.1.1.6 кесіндіні циркуль және сызғыштың көмегімен бірдей бөліктерге бөлу 9.1.1.7 пропорционал кесінділер сызу
2-тоқсан		
Төртбұрыштар (жалғасы)	Трапеция. Пропорционал кесінділер теоремасы	9.1.1.8 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу 9.1.1.9 үшбұрыштың орталық түзуі қасиетін дәлелдеу және қолдану 9.1.1.10 трапецияның орталық түзуі қасиетін дәлелдеу және қолдану
Пифагор теоремасы	Бұрыштың синусы, косинусы және тангенсі. Пифагор теоремасы. Перпендикуляр және көлбеу Үшбұрыштың теңсіздігі Тікбұрышты үшбұрыш қабырғалары және бұрыштары арасындағы байланыстар. Негізгі тригонометриялық ұқсастықтар	9.1.1.11 Пифагор теоремасын білу және есептер шығаруға қолдану 8.1.1.12 перпендикуляр, көлбеу және көлбеу проекциясы түсініктерін меңгеру 9.1.1.13 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану 9.1.3.1 тікбұрышты үшбұрыш бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі анықтамаларын қабырғаларының қатынастары арқылы білу 9.1.3.2 негізгі тригонометриялық ұқсастықтарды білу және оларды өрнектерді түрлендіруде қолдану 9.1.3.3 кейбір бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі белгілерін білу
3-тоқсан		
Пифагор теоремасы	Кейбір бұрыштарының синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің өзгерулері	9.1.3.4 бұрыштың өсуі барысында синус, косинус, тангенс және

(жалғасы)	Бұрыштың өсуі барысында синус, косинус, тангенс және котангенс мәндері	котангенс өзгерулерін білу
Жазықтықтағы Декарт координаттары нүктелерінің координаттары.	Жазықтықтағы координаттардың тікбұрыш-тық жүйесі. Кесінді ортасының координаттары. Жазықтықтағы берілген координаттағы екі нүктенің қашықтығының формуласы. Түзу мен шеңбер теңдеуі. Түзулердің қиылысқан Түзудің координаттар жүйесіне қарасты орналасуы. Түзулік теңдеудегі бұрыштық коэффициент. Түзулік функцияның графигі. Түзудің шеңбермен қиылысуы. 00 ден 1800 дейін бұрыштардың синусы, косинусы және тангенсі.	9.1.3.5 00 ден 1800 дейін кез-келген бұрыштардың синусы, косинусы және тангенсі анықтамасын білу 9.1.4.1 жазықтықтағы координаттардың тікбұрыштық жүйесін білу, нүктенің координаттарын тауып, координаттары бойынша белгілеу 9.1.4.2 формула бойынша кесінді ортасының координаттарын табу, есептер шығару 9.1.4.3 екі нүктенің қашықтығын формула бойынша табу, есептер шығару 9.1.4.4 берілген параметрлер бойынша шеңбер теңдеуін жазу 9.1.4.5 берілген шарттар бойынша түзудің теңдеуін жазу 9.1.4.6 түзулер қиылысындағы нүктенің координаттарын табу 9.1.4.7 түзудің координаттар жүйесіне қарасты қалай орналасқанын табу 9.1.4.8 түзулік теңдеуде бұрыштық коэффициенті табу 9.1.4.9 түзудің шеңбермен қиылысатын жағдайларын білу
Қозғалыс.	Фигуралардың түрлендірілуі. Қозғалыстың қасиеттері. Қозғалыстар: өстік және орталық сим-метриялар, бұру. Параллелді тасымалдау және қасиеттері. Жартылай түзулердің бірегей бағыттары. Симметриялы фигуралар мысалдары. Фигуралар теңдігі түсінігі	9.1.1.15 өстік және орталық симметриялар, бұру, параллельдік тасымалдау түсініктерін білу 9.1.1.16 симметриялы фигуралар мысалдарын табу
4-тоқсан		
Векторлар	Вектор. Вектордың абсолюттік шамасы және бағыты. Векторлардың теңдігі. Вектордың координаттары. Векторларды қосу және алу және қасиеттері. Векторды санға көбейту және қасиеттері. Коллинеарлық векторлар. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі және қасиеттері. Векторлардың өстегі проекциясы. Векторларды координат өстері бой-ынша жіктеу.	9.1.4.10 абсолюттік шама мен вектор бағыттары түсініктерін білу 9.1.4.11 векторлар теңдігі түсінігін білу 9.1.4.12 векторлар координаттары түсінігін білу 9.1.4.13 векторларды қосу және алу: үшбұрыш және параллелограмм ережесі 9.1.4.14 векторды санға көбейту 9.1.4.15 векторды екі коллинеарсыз векторларға және координаттық өстерге жіктеу 9.1.4.16 векторлардың скалярлық көбейтіндісі түсінігін білу
9-сыныптың геометрия курсы қайталау		

### 3) 10-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Ұзақмерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
9-сыныптың геометрия курсын қайталау		
Фигуралар ұқсастығы	Ұқсастықтың түрлендірілуі және қасиеттері. Фигуралар ұқсастығы. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері. . Тікбұрышты үшбұрыштар ұқсастығының белгілері. Шеңбердің ішіне сызылған бұрыштар. Хордалар кесінділерінің және шеңбер кесінділерінің пропорционалдығы.	10.1.1.1 ұқсастықтың түрлендірілуін және қасиеттерін, фигуралар ұқсастығын білу. 10.1.1.2 үшбұрыштар ұқсастығының, тікбұрышты үшбұрыштар ұқсастығының белгілерін білу 10.1.1.5 ішке сызылған бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу 10.1.1.6 орталық бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу, қолдану 10.1.1.7 хордалар кесінділері мен шеңберлер киюшыларының пропорционалдығын білу 10.1.2.1 ішке сызылған бұрыштарды өлшеу
Үшбұрыштарды шешу	Синустар мен косинустар теоремасы	10.1.3.1 косинустар теоремасын білу және есептер шығаруда қолдану 10.1.3.2 косинустар теоремасын білу және есептер шығаруда қолдану 10.1.3.3 үшбұрыш пен қрама-қарсы жатқан бұрыштарының қатынастарын білу және есептер шығаруда қолдану
2-тоқсан		
Үшбұрыштарды шешу (жалғасы)	Үшбұрыштар шешімі	10.1.3.4 үшбұрыштар шешімін білу және үлгілік есептер шығару
Көпбұрыштар.	Бүгілме. Дөңес көпбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштардың ішіне және сыртына салынған шеңберлер радиустарының формулалары. Дұрыс көпбұрыштарды құру. Дұрыс дөңес көпбұрыштардың ұқсастығы.	10.1.1.8 бүгілме, ішке сызылған және дұрыс көпбұрыш түсініктерін білу 10.1.1.3 көпбұрыштар, дөңес көпбұрыштар, көпбұрыштар элементтері анықтамаларын білу 10.1.1.4 көпбұрыштың ішкі бұрыштар қосындысының және сыртқы бұрыштар қосындысының формулаларын білу 10.1.1.9 ішке және сыртқа сызылған көпбұрыштар шеңберлерінің радиустарының формулаларын білу 10.1.1.10 ішке және сыртқа сызылған дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын, қасиеттерін, белгілерін білу және қолдану 10.1.1.11 ішке және сыртқа сызылған дұрыс көпбұрыштарды құру 10.1.1.12 дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустары арасындағы байланысын білу және қолдану 10.1.1.13 дұрыс көпбұрыштың формуласын, байланысты қабырғаларын, периметрін, ауданын және дұрыс көпбұрыштың ішіне және сыртына сызылған шеңберлер радиустарын білу және қолдану

3-тоқсан		
Көпбұрыштар (жалғасы)	Шеңбер ұзындығы. Доға ұзындығы. р саны. Бұрыштың радиандық өлшемі.	10.1.2.2 шеңбер ұзындығының формуласын білу және табу 10.1.2.3 бұрыштың радиандық өлшемі түсінігін білу және табу
Фигуралар ауданы	Аудан жайлы түсінік, ауданның негізгі қасиеттері. Тікбұрыштың, үшбұрыштың, параллелограмның, трапецияның аудандары. Ұқсас фигуралар аудандарының байланыстары. Дөңгелек пен оның бөліктерінің ауданы	10.1.2.4 фигура ауданы және қасиеттері түсінігін білу 10.1.2.5 тікбұрыш, үшбұрыш, трапеция аудандарын білу және табу 10.1.2.6 Герон формуласын білу және қолдану 10.1.2.8 ұқсас фигуралар ауданы түсінігі мен қасиеттерін білу 10.1.2.9 шеңбер ауданы формуласын білу және қолдану 9.1.1.10 сектор, сегмент ауданы формуласын білу және қолдану
4-тоқсан		
Фигуралар ауданы (жалғасы)	Үшбұрыштың ішіне және сыртына салынған шеңберлер радиустарының формулалары	10.1.2.7 ішке және сыртқа сызылған үшбұрыштар шеңберлерінің радиустарының формулаларын білу
8-10 сыныптардың геометрия курсы қайталау		

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 24-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 464-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларды заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдану үшін, олармен жұмыс істеудің базалық білімдер, біліктер және дағдыларымен қамтамасыз ету.

3. Бағдарламаның негізгі міндеті:

- 1) ақпарат туралы түсінік қалыптастыру;
- 2) электрондық есептеуіш техника құралдарын қолдану бойынша практикалық дағдыларға баулу;

3) ойлаудың операциялық стилін қалыптастыру, әрекеттердің құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпараттық модельдерді құру;

4) бағдарламалау тіліндегі базалық алгоритмдік конструкцияларды қолдану дағдыларын үйрету;

5) білім алушыларды қазіргі компьютерлік техниканың мүмкіндіктерімен таныстыру, ойлаудың тереңдігін, сынилығын және икемділігін дамыту, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

6) ақпараттың және ақпараттық процестердің мәні туралы ұғымдарды қалыптастыру;

7) компьютерде жұмыс істеу барысында пайдаланушы дағдыларын оқыту;

8) білім алушыларды техникаға ұқыпты қарауға және ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу;

9) нашар еститін білім алушыларды есептеуші техника мен бағдарламалық қамтамасыздандырудың заманауи құралдарын қолдану арқылы практикалық іс-әрекетке дайындығына ықпал ету;

10) сөйлеу тілін және естіп қабылдауды қалыптастыру, танымдық сферасын, көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, сөздік қорын дамыту;

11) естуші әлемде бейімделуге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Естуі зақымдалған балаларға арналған арнайы (түзету) мектепте баланың есту мүкістігінің дәрежесін және баланың соған сәйкес дамуының ерекшеліктерін ескеріп балаларды сыныптарға топтастырады. Нашар еститін білім алушыларды дифференциалды оқыту принципінің негізіне келесі қағидалар алынған:

1) тілдік дамудың ерекшеліктері;

2) естудің зақымдалу дәрежесі;

3) танымдық іс-әрекеттің ерекшеліктері.

5. Материалды толық меңгеру үшін ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру маңызды, сондықтан тек көрнекі құралдарды (суреттер, карточкалар) ғана емес, сонымен қатар жазбаша және ауызша сөйлеу тілін қолданылады.

6. Білім алушыларда шыдамсыздық, зейіннің тұрақсыздығы сияқты қиындықтар кездеседі, сондықтан Бағдарлама жеке тапсырмаларды, айтылу және есте сақтауға қиын терминдерді бірлесе айтуды, қызықты дидактикалық ойындарын қарастырады.

7. Ұғымдарды есте сақтаудағы қиындықтарды жою үшін, жеке терминологиялық сөздікті, сабақтың конспектісін жүргізу тиімді. Себебі жаға материалды бекіту – сабақтың ең маңызды кезеңі.

8. Информатика сабақтарында тілді дамытуға, ойлау іс-әрекетін дамытуға бағытталған тілдік материалды жинақтауда: сөздер – атаулар, сөздер – практикалық әрекеттердің атаулары, заттардың белгілерін білдіретін сөздерді, жаңашылдық элементтерін қамтитын жаттығуларды жиі қайталау ескеріледі.

9. Компьютердің әдістемелік күші, білім алушыны дыбыстық және көру бейнелерінің үйлестірілген ағынын қабылдағанда, оны қызықтыру және оқытудың оңай әрі жеңіл болатынынан байқалады.

10. Дербес компьютерлердің ресурстары Бағдарламаның талаптарын, балалардың ауызша сөйлеу тілінің даму деңгейін, білім алушылардың жеке-дара ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін ескеріп, өзіндік дидактикалық материалды құруға мүмкіндік береді.

11. Білім алушыларға "ақпарат", "алгоритм", "бағдарлама" сияқты дерексіз ұғымдарды түсіну қиынға соғады, сондықтан оқыту балаларға жақын және түсінікті жағдайларға негізделген ойын түрінде өтеді, тақырыптың негізгі ұғымдары қарастырылады, ақпараттық процестер мен ақпараттық қасиеттерді түсіну және алынған білімді күнделікті өмірде қолдану дағдысы қалыптасады.

12. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер оқыту процесін дұрыс реттеуге көмек беретін бірқатар принциптерді:

1) қарапайымдылық және көрнекілік - есту бойынша мазмұнды білім алушылардың жеткіліксіз қабылдау мүмкіндіктерін есепке алып, негізгі білімдер білім алушыларға нақты және жалпы таныс өмірлік жағдаяттар үлгісінде беруді;

2) ғылымилық - білім алушыларды ғылым ретінде информатиканың негіздерімен, ақпараттық процестердің рөлімен: ақпаратты беру, сақтау, қайта құрумен таныстыруды;

3) практикалық бағыттылық – алынған білімді үнемі тәжірибеде қолдану: пернетақтамен жұмыстың қарапайым дағдыларын мәтіндерді жазу және редакторлау үшін қолдану, информатика саласындағы іргелі білімдер өзіндік іс-әрекетін қолдану білігіне, мысалы өзінің күн тәртібін құру саласында қолдануға көмек беруді;

4) білім алушылардың мүмкіндіктеріне мазмұнның сәйкестігі - сөйлеуге байланысты және дерексіз түсініктерді қабылдауы қиын, сондықтан тапсырманың білім алушылар мүмкіндіктеріне сәйкестігін ескеруді;

5) ұжымшылдық – оқыту формасы ретінде, сабақтар ойын түрінде ұжымдық формада жүргізіледі: өтілген материалды қайталау, жаңа материалды оқу, білім алушылармен жаңа материалды талқылауды ескереді.

13. Бағдарлама "Информатика" курсының пәнаралық байланыстарын әлемдегі ақпараттық бейнені кеңінен қамтуға мүмкіндік беретін сабақтарда ескереді:

1) "Математика" - сандық, мәтіндік және графикалық ақпаратты кодтау кезінде сандық деректер түрлері туралы түсініктерді пайдалану; калькулятормен компьютерде есептеу; графикалық редактор мен электрондық кестелердің көмегімен графикалық функцияларды құру;

2) "Алгебра" - процестерді автоматтандыру үшін функцияларды, формулаларды, салыстыру операцияларын қолдану; есептеулерде электрондық кестені қолдана отырып математикалық білімді қолдану; стандартты функциялармен жұмыс кезінде түрлі есептеулерді есептеудегі ережелерді қолдану; математикалық логиканың элементтерін пайдалана отырып кесте процессорларындағы графиктерді құрудағы координаттық жүйелерді қолдану, міндеттерді шешуде операцияларды жүзеге асырудың негізгі кезеңдерін анықтау; математикалық объектілерді зерттеуде ақпараттық тәсіл қолдану; бағдарламалау тіліндегі сызбаларды құру үшін координаттық жүйені қолдану арқылы алгоритмдерді әзірлеу;

3) "Геометрия" - векторлық графикалық объектілерді құру үшін геометриялық пішіндермен жұмыс істеу әдістерін қолдану; әртүрлі құрылымды алгоритмдері үшін планиметрия формулаларын қолдану; геометриялық объектілерді моделдеу; геометриялық композицияларды құру;

4) "Физика" - компьютердің архитектурасын қарастыруда электр саласындағы, ақпаратты кодтау, сандар жүйесі, логика элементтері біліміне; дыбыс, бейне және графиканың физикалық мағынасына бағдарланған, ақпараттық технологияларды және модельдеу үшін бағдарламалау тілдерін қолдана отырып, алгоритмдерді құруда физикалық үдерістерді қарастырады, дербес компьютерлік құрылғылардың жұмысында физикалық принциптерге негізделеді;

5) "Қазақ, орыс және шет тілдері" - информатика бойынша терминдермен сөздік қорын байыту; мәтіндік материалды құру кезінде емле және пунктуация ережелерін пайдалану; мәтіндік процессормен жұмыс істеу кезінде ұлттық фольклорға қатысты мәтіндерді қолдану; жобаны қорғау процесінде, талқылауға қатысу және ауызша жауап беруде сөйлеу тілін дамыту; операциялық жүйелер мен бағдарламалау тілдерін оқуда ағылшын тілін меңгеру дағдыларын нығайту; бағдарламалау тілдерінің синтаксисін түсіну, компьютерлік терминологияны меңгеру, кең ауқымды әдебиетке қол жеткізу; телекоммуникациялық ресурстар шет тілдерін үйрену құралы ретінде;

6) "Тарих" - дербес компьютерлік құрылғылардың және ақпаратты өңдеу әдістерінің пайда болуы мен дамуы;

7) "Сызу" симметриялы және үйлесімге негізделген графикалық объектілер құру.

14. Оқытудың техникалық құралдары:

1) дербес компьютер;

2) оқу-әдістемелік әдебиет (оқулықтар, нашар еститін балаларға арналған жұмыс дәптерлері, әдістемелік құралдар, тапсырмалар жинағы мен практикумдар, тақырыптық және қорытынды бақылауға арналған тест тапсырмаларының жинағы);

3) мерзімдік басылымдар;

4) демонстрациялық қабырғалық көрнекі құралдар жиынтығына "Жұмыс орнын және қауіпсіздік техникасын ұйымдастыру" плакаты міндетті түрде енеді. "Информатика" оқу пәнінің негізгі мазмұнын көрсететін плакаттар, сызбалар, кестелердің демонстрациялық көрнекі құралдарының жиынтығы, қабырғалық графикалық басылымдар түрінде де, сонымен бірге электрондық түрде де болады (мультимедиялық презентация слайдтарының жинағы), пән бойынша оқытушы плакаттар;

5) информатика бойынша анықтамалық және әдістемелік әдебиет;

6) алмастырылған материалы бар қабырғалық стенд;

7) интерактивті тақта;

8) проектор;

9) проекторға арналған төбелі бекіткіш;

10) стационарлы дыбысты күшейтуші жабдық.

**3-тарау. "Информатика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Информатика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

6) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

16. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдерінен тұрады. Бөлімдер бөлімшелерге бөлінген, сыныптар бойынша оқыту мақсаттарында күтілетін нәтижелер: дағды немесе білік, білім немесе түсінік түрінде көрініс табады.

17. Оқу пәнінің мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім "Компьютерлік жүйелер";

2) 2-бөлім "Ақпараттық процестер";



- 3) 3-бөлім "Компьютерлік ойлау";
- 4) 4-бөлім "Денсаулық және қауіпсіздік".

18. 1-бөлім "Компьютерлік жүйелер" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) компьютер құрылғысы;
- 2) бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 3) компьютерлік желі.

19. 2-бөлім "Ақпараттық процестер" келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты өлшеу және ұсыну;
- 2) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.

20. 3-бөлім "Компьютерлік ойлау" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) моделдеу;
- 2) алгоритмдер;
- 3) бағдарламалау.

21. 4-бөлім "Денсаулық және қауіпсіздік" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) эргономика;
- 2) ақпараттық және онлайн қауіпсіздік.

22. 5-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) кіріспе. Компьютер және қауіпсіздік. Қауіпсіздік техникасы және жұмыс орнын ұйымдастыру: компьютердің қауіпсіздігі, көзге арналған гимнастика;

2) информатика және ақпарат: ақпарат туралы түсінік, ақпаратты өңдеу, ақпаратты өлшеу бірлігі;

3) дербес компьютер. Компьютердің негізгі құрылғыларымен танысу: жүйелік блок, монитор, пернетақта, сканер, колонка, тінтуір;

4) компьютердің пернетақтасы: батырма топтары, әріптік-сандық пернетақта, курсорды басқару пернелері, кіші сандық пернетақта;

5) бағдарламалау. Стандартты компьютер бағдарламасы Блокнот, Калькулятор (блокнотта мәтінмен жұмыс, мәтінді сақтау, сандық ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламалар);

6) алгоритмдер: алгоритм; орындаушы, орындаушының командалар жүйесі.

23. 6-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздік ережесі (компьютер залында жұмыс істеу ережесі, компьютердегі авариялық жағдай);

2) есептеуіш техниканың даму тарихы (компьютердің даму тарихы, ЭВМ дәуірі);

3) информатиканың негізгі түсініктері, ақпараттың түрлері: әріптік-сандық ақпарат, сандық ақпарат, мәтіндік, графикалық ақпарат, белгілік-дыбыстық ақпарат;

4) Windows (виндоус) операциялық жүйені басқару және негізгі объектілер: жұмыс үстелінің құрылымы, жұмыс үстелін жеке баптау, тапсырмалар жолағы, терезе, файлдар, папкалар, жұмыс үстелінің объектілерімен жұмыс істеу, ақпаратты есептеу;

5) графикалық редактормен жұмыс: құру, суретті сақтау, сурет салу құралдары, суреттің үзінділерімен жұмыс, суретті тасымалдау;

6) компьютерлік ойындарды әзірлеу: этапы решения задач на компьютерде міндеттерді шешу кезеңдері; блок-схема түрінде алгоритм ұсыну; компьютерлік ойындар концепциясы.

24. 7-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздік ережесі;

2) компьютердің құрылғысы. Жүйелі блок құрылғысы: аналық тақша, процессор, жедел жад, қатқыл диск, видеокарта, дыбыстық карта, желі картасы;

3) ақпаратты өлшеу және компьютердің жады: ақпаратты өлшеу бірлігі; компьютер жадының түрлері (жедел есте сақтау құрылғысы, үнемі есте сақтау құрылғысы);

4) мәтіндік редакторда ақпаратты өңдеу: редактор құрылымы, негізгі құралдар тақтасының маңызы, құжаттармен жұмыс істеу және құру тәсілдері, кесте, сурет, автофигураларды қоюдың қарапайым тәсілдері;

5) моделдеу және модель: модель, объектілерді моделдеу, моделдеудің кезеңдері, Paint (пейнт) модельдеу бойынша практика, нәтижелерді талдау;

6) желі және қауіпсіздік: маңызы, компьютерлік желінің классификациясы (масштабы бойынша, қолданылуы бойынша); қауіпті бағдарламалардан ақпаратты қорғау;

7) компьютерлік ойындарды құрастыру: ойынды бағдарламалаудың барысын өңдеу және жүзеге асыру; компоненттері, Бағдарламадағы қателіктерді анықтау және түзету.

25. 8-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) алгоритмдер: бағдарламалау тілінде алгоритмдерді жазу;

2) денсаулық және қауіпсіздік: электрлік құрылғылардың адам денсаулығына әсері, желідегі қолданушының қауіпсіздігі, алаяқтық, ғаламтордағы агрессия;

3) Microsoft Word (майкрасофт ворд) жұмыс істеу. Мәтіндік құжаттарда сілтемелерді ұйымдастыру: сілтеме, гиперсілтеме, мазмұн, реферат құру;

4) компьютер жадының түрлерінің маңызын сипаттау (жедел);

5) тапсырмаларды бағдарламалау (оның бірі: C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас): бағдарламалау жүйесі; бағдарламалау тілі; дерек

түрлері; сызықтық алгоритмдерді бағдарламалау; тарамдалған алгоритмдерді бағдарламалау, кірістірілген және аралас шарттар;

б) объектілер мен оқиғаларды моделдеу: 3D-редакторлар; үш өлшемді объектілер моделі; үш өлшемді оқиғалар моделі; үш өлшемді объектілер мен оқиғаларды құрі және өзгерту.

26. 9-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік желі: желі ресурсын ашу, ресурсқа қол жетімділік, желілік принтермен жұмыс, электрондық пошта;

2) эргономика және ақпараттық қауіпсіздік;

3) ақпаратты электронды кестеде өңдеу, кестелі редактор Microsoft Excel (майкрасофт экзель): мәліметтерді түзету және ендіру, диаграммалар құру, ақпаратпен жұмыс;

4) жүйелі бағдарламалық қамтамасыз ету (операциялық жүйе, баптау, ОЖ классификациясы, керекті файлдарды іздеу, компьютерлік вирустар, файлдарды сығу, мұрағаттау);

5) кіріктірілген ортада бағдарламаларды (оның бірі: C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас) құрастыру: бағдарламалық қамтамасыз етудің классификациясы; қосымшаларды әзірлеу ортасының құрамдас бөліктері; операторды таңдау.

27. 10-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік телекоммуникациялар: жергілікті желі, ауқымды желілер, интернет және Дүниежүзілік тор;

2) ақпаратпен жұмыс: эргономика (компьютерде жұмыс істеу уақытын бағалау); ақпараттың қасиеті; бұлтты технологияны қолдану арқылы құжаттармен бірлескен жұмыс; желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормалары;

3) бағдарламалық қамтамасыз ету. Бағдарламалық қамтамасыз етудің классификациясы және жалпы сипаттамасы: бағдарлама, программист, жүйелі бағдарламалық қамтамасыз ету, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, бағдарламалау жүйелері, ОЖ түсінігі;

4) Microsoft PowerPoint (майкрасофт пауэр пойнт) презентациялар: слайдты безендіру, объектілерді қою, анимация, презентацияны көрсету;

5) деректер массивтері (оның бірі: C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас): біркелкі массив; массивтерді өңдеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін қою және өшіру, іріктеу, іздеу;

б) перифериялық құрылғыларды орнату және баптау: перифериялық құрылғыларды орнату. Мәтіндер мен суреттерді тану (мәтіндер мен бейнелерді сканерлеу).

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодындағы "6" - сыныбы, "2.1" - бөлімшесі, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

29. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Компьютерлік жүйе":

1-кесте

Оқыту мақсаттары						
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Компьютер құрылғысы	5.1.1.1 компьютер құрылғысын және процессор мен қатты дисктің маңызын білу	6.1.1.1 есептеуіш техниканың даму тарихы туралы айтып беру	7.1.1.1 компьютер құрылғысының негізгі құрылымын толық түсіндіре білу	8.1.1.1 компьютер жадының түрлерінің маңызын сипаттау (жедел)	9.1.1.1 жүйелік блокта не барын, процессор қалай құралғанын қарапайым деңгейде ауызша түсіндіру	10.1.1.1 компьютердің қызметіне қарай конфигурациясын таңдау 10.1.1.2 компьютерде ақпаратты өңдеуді түсіндіре білу 10.1.1.3 компьютердің архитектурасын білу
1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	5.1.2.1 "бағдарлама" түсінігін және ол не үшін керектігін білу	6.1.2.1 қолданбалы стандартты бағдарламалармен жұмыс істей білу (Блокнот, Калькулятор)	7.1.2.1 "Бағдарламалық қамтамасыз ету" түсінігін айта білу	8.1.2.1 "бағдарламалау жүйесі" және "бағдарламалау тілдері" түсініктерін ажырату; 8.1.2.2 түрлі форматтағы мұрағаттарды күрі және ашу; 8.1.2.3 бірдей ақпарат сақталған түрлі файлдардың өлшемін салыстыру	9.1.2.1 қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен бағдарламалау жүйесін ажырату	10.1.2.1 қолданушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау

1.3 Компьютерлік желі	5.1.3.1 жалпы қол жетімді файлдарды өзгерту, жүктеу, орналастыру	6.1.3.1 "желі", "компьютерлік желі" жалпы түсініктерін және ол не үшін қажеттігін білу	7.1.3.1 желісіз байланыстың артықшылығын түсіндіру	8.1.3.1 компьютерлік желілердің негізгі түрлерін білу, оларды айтып беру	9.1.3.1 жалпы ресурстарға қол жетімділікті ашу жабу 9.1.3.2 басқа компьютердің дискілері мен папкаларына қолжетімділікті ашу 9.1.3.3 желілік принтермен жұмыс істеу, желілік ресурсты ашу 9.1.3.4 электрондық поштаны, ғаламторды қолдана білу	10.1.3.1 "ауқымды желі" түсінігі туралы айта білу 10.1.3.2 электрондық поштамен жұмыс істеу 10.1.3.3 бұлтты технологияларды пайдалана отырып, құжаттармен жұмыс істей білу
--------------------------	--	--	--	--	---	--

## 2) 2-бөлім "Ақпараттық процестер":

### 2-кесте

Оқыту мақсаттары						
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	5.2.1.1 ақпарат дегеніміз не мысал келтіруді және талқылай білу	6.2.1.1 ақпарат мазмұны бойынша қандай болатынын түсіндіру 6.2.1.2 түрлері бойынша ақпаратты ажырату	7.2.1.1 "кіріс және шығыс ақпарат" ұғымдарын түсіндіру және ажырата білу 7.2.1.2 ақпаратты өңдеу құрылғысын білу 7.2.1.3 ақпарат тасымалдаушыларды білу, мысал келтіру	8.2.1.1 компьютерде ақпарат екі түрде көрсетілетінін түсіндіре білу 8.2.1.2 компьютерде "ақпаратты кодтау", қалай ақпаратты өңдейтінін түсіну	9.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірлігін нақты білу 9.2.1.2 ақпаратты бір өлшемнен басқа өлшемге аударуды жүзеге асыру	10.2.1.1 ақпараттың сипатын анықтау (қауіпсіздігі, нақтылық, дәйектілік, өзектілік) 10.2.1.2 ауқымды желіден керекті ақпаратты іздеуді жүзеге асыру
2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	5.2.2.1 ақпараттың түрлерін қабылдау бойынша ажырату, мысалдар келтіру (көру, дәм сезу, есту,	6.2.2.1 Word Pad (ворд пад) мәтіндік редакторында мәтінді үзінділерге бөлу, редакциялау, пішімдеу, құру.	7.2.2.1 көптеген қаріптерді пайдалана отырып мәтінді басу және құру, құжатты сақтау 7.2.2.2 мәтіндік редакторда кестелермен жұмыс, құру 7.2.2.3	8.2.2.1 мәтіндік редактордың көмегімен құжаттарды құру 8.2.2.2 суреттердің, рамалардың, құю, фон және объектілердің	9.2.2.1 электронды кесте терезесінің құрылымын білу 9.2.2.2 негізгі құралдар тактасының маңызын білу	10.2.2.1 редактор туралы түсініктің болуы 10.2.2.2 мақсатқа жету үшін презентацияны жоспарлау

ііс сезу, сипап сезу) 5.2.2.2 ақпараттың түрлерін ұсыну тәсілі бойынша мысал келтіру және ажырата білу (сан, мәтін, дыбыс, графика, видео).	6.2.2.2 құжатты басып шығаруды ұйымдастыру (беттің параметрлерін орнату, алдынала карау, басып шығаруға құжатты жіберу)	диаграммаларды, суреттерді өңдеу және қою	көмегімен құжаттарды әдемі безендіру 8.2.2.3 құжаттарда кестені құру және безендіру 8.2.2.4 дұрысжазуды тексеруді жүзеге асыру 8.2.2.5 құжатты пішімдеу тәсілдерін менгеру (колонтитулдар, тізімдер, бағандар, қаріптермен жұмыс) 8.2.2.6 мәтіндік құжаттарда гиперсілтемелер, сілтемелер ұйымдастыру	9.2.2.3 біртекті мәліметтермен электронды кестені толтыру 9.2.2.4 формуланың көмегімен қарапайым есептерді орындау 9.2.2.5 деректерді алфавит және өсу, кему бойынша сұрыптау 9.2.2.6 кесте негізінде диаграмма және графиктер құру	10.2.2.3 шаблондардың көмегімен презентация құрудың тиімді тәсілдерін білу 10.2.2.4 слайдтарды безендіруде шаблондар мен конструкторды қолдана білу 10.2.2.5 анимацияға баптау жасау 10.2.2.6 презентация көрсету
---	---	---	---	---	---

### 3) 3-бөлім "Компьютерлік ойлау":

#### 3-кесте

Оқыту мақсаттары						
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Модельдеу	5.3.1.1 графикалық редактордың маңызын білу 5.3.1.2 компьютерде сурет салу кезінде негізгі құралдар жиынтығын қолдану 5.3.1.3 қарапайым графикалық композиция құру	6.3.1.1 геометриялық фигуралар, мозаика дайындамалар жинағын құру 6.3.1.2 әр түрлі өрнектер құру	7.3.1.1 геометриялық пішіндерді модельдеу 7.3.1.2 өз композициясын құра білу	8.3.1.1 3D редакторында объектілер мен оқиғалардың модельдерін құру	9.3.1.1 бағдарламаларды өңдеуді кіріктіру ортасында моделдердің міндетін құру	10.3.1.1 электронды кестеде процестердің моделін зерттеу және өңдеу (физикалық, биологиялы, экономикалық)
3.2 Алгоритмдер	5.3.2.1 алгоритм анықтамасын құрастыру; 5.3.2.2	6.3.2.1 алгоритмдерді жазу түрін сипаттау 6.3.2.2	7.3.2.1 міндетті шешу жолын кезең бойынша	8.3.2.1 бағдарламалау тілінде алгоритмді жазу	9.3.2.1 алгоритмді қадағалауды жүзеге асыру;	10.3.2.1 түрлі амалдармен тапсырманы орындау, тиімдісін

	алгоритмге қарапайым мысалдар келтіру 5.3.2.3 алгоритм орындаушыларға және командалар жүйесіне мысал келтіру	алгоритмді сөздік формада ұсыну 6.3.2.3 графикалық түрде алгоритмді көрсету	талдау; 7.3.2.2 блок-схема түрінде алгоритмді ұсыну			таңдау және әр қайсысын жазу 10.3.2.2 қойылған міндетті шешуді бағалау
3.3 Бағдарламалау	5.3.3.1 компьютердің стандартты бағдарламаларын білу	6.3.3.1 ойынды бағдарламалауда цикл мен тармақталған командаларды қолдану (Лого, Scratch (спратч))	7.3.3.1 бағдарламадағы қателікті табу және түзету	8.3.3.1 мәліметтер түрін классификациялау 8.3.3.2 бағдарламаны (C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас) құрастыруда кіріктірілген ортада сызықтық және тарамдалған алгоритмдер жазу	9.3.3.1 интеграцияланған ортада (C/C++, Python, Delphi, Lazarus) бағдарламалар құрастыруда операторлармен циклдерді іріктеп қолдану 9.3.3.2 (C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас) қолдану арқылы интеграцияланған ортада бағдарламалар құрастыруда құрауыштарды білу және қолдану	10.3.3.1 бір өлшемді массивтерді (C/C++, Python, Delphi, Lazarus) қолдану арқылы интеграцияланған ортада бағдарламалар құрастыру

#### 4) 4-бөлім " Денсаулық және қауіпсіздік":

##### 4-кесте

Оқыту мақсаттары						
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Эргономика	5.4.1.1 қауіпсіздік техникасын білу және жұмыс орнын ұйымдастыру	6.4.1.1 техника қауіпсіздік ережесінің бұзылу салдарын талқылау	7.4.1.1 компьютерді эксплуатациялау ережесін білу 7.4.1.2 компьютерлік эргономика ережесін білу	8.4.1.1 жасалып жатқан жобаның интерфейсін құрастыру талаптарын орындау.	9.4.1.1 электрлік құрылғылардың адам денсаулығына әсері және сақтанудың тиімді әдістеріне мысал келтіру	10.4.1.1 компьютерлерді пайдалануды жалғастырумен байланысты тәуекелдерді сыни бағалау
4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	5.4.2.1 компьютерде ақпаратты	6.4.2.1 өзгенің жұмысын	7.4.2.1 "авторлық құқық",	8.4.2.1 компьютерді зиянды	9.4.2.1 желі қолданушыларыны	10.4.2.1 желідегі әдептілік және

қауіпсіз сақтау үшін ережені сақтау	көшіру заңсыз екендігін талқылау 6.4.2.2 құжатты қорғау үшін құпия сөз орнату	"плагиат" түсініктерін түсіндіру; 7.4.2.2 ақпараттың авторына сілтеме жасау	бағдарламаларды н қорғау.	н қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ғаламтордағы алаяқтық және агрессия)	құқықтық нормалардың бұзылу салдарын талқылау
-------------------------------------	---	---	---------------------------	--	---

30. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

31. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	5.4.1.1 қауіпсіздік техникасын білу және жұмыс орнын ұйымдастыру
	4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	5.4.2.1 компьютерде ақпаратты қауіпсіз сақтау үшін ережені сақтау
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	5.1.1.1 компьютер құрылғысын және процессор мен қатты дисктің маңызын білу
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	5.1.2.1 "бағдарлама" түсінігін және ол не үшін керектігін білу
	1.3 Компьютерлік желі	5.1.3.1 жалпы қол жетімді файлдарды өзгерту, жүктеу, орналастыру
2-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	5.2.1.1 ақпарат дегеніміз не мысал келтіруді және талқылай білу
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	5.2.2.1 ақпараттың түрлерін қабылдау бойынша ажырату, мысалдар келтіру (көру, дәм сезу, есту, иіс сезу, сипап сезу) 5.2.2.2 ақпараттың түрлерін ұсыну тәсілі бойынша мысал келтіру және ажырата білу (сан, мәтін, дыбыс, графика, видео).



1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	5.1.1.1 компьютер құрылғысын және процессор мен қатты дисктің маңызын білу.
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	5.1.2.1 "бағдарлама" түсінігін және ол не үшін керектігін білу
	1.3 Компьютерлік желі	5.1.3.1 жалпы қол жетімді файлдарды өзгерту, жүктеу, орналастыру
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	5.4.1.1 қауіпсіздік техникасын білу және жұмыс орнын ұйымдастыру
	4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	5.4.2.1 компьютерде ақпаратты қауіпсіз сақтау үшін ережені сақтау
3-тоқсан		
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	5.1.1.1 компьютер құрылғысын және процессор мен қатты дисктің маңызын білу.
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	5.1.2.1 "бағдарлама" түсінігін және ол не үшін керектігін білу
	1.3 Компьютерлік желі	5.1.3.1 жалпы қол жетімді файлдарды өзгерту, жүктеу, орналастыру
4-тоқсан		
3. Компьютерлік ойлау	3.1 Модельдеу	5.3.1.1 графикалық редактордың маңызын білу 5.3.1.2 компьютерде сурет салу кезінде негізгі құралдар жиынтығын қолдану 5.3.1.3 қарапайым графикалық композиция құру
	3.2 Алгоритмдер	5.3.2.1 алгоритм анықтамасын құрастыру; 5.3.2.2 алгоритмге қарапайым мысалдар келтіру 5.3.2.3 алгоритм орындаушыларға және командалар жүйесіне мысал келтіру

## 2) 6-СЫНЫП:

### 2-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	6.4.1.1 техника қауіпсіздік ережесінің бұзылу салдарын талқылау
	4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	6.4.2.1 ұжымдық жұмыс ережесін қатаң сақтау
2-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	6.2.1.1 ақпарат мазмұны бойынша қандай болатынын түсіндіру 6.2.1.2 түрлері бойынша ақпаратты ажырату
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	6.2.2.1 WordPad (ворд пад) мәтіндік редакторында мәтінді үзінділерге бөлу, редакциялау, пішімдеу, құру. 6.2.2.2 құжатты басып шығаруды ұйымдастыру (беттің параметрлерін орнату, алдын-ала қарау, басып шығаруға құжатты жіберу)
3-тоқсан		
3. Компьютерлік ойлау	3.1 Модельдеу	6.3.1.1 геометриялық фигуралар, мозаика дайындамалар жинағын құру 6.3.1.2 әр түрлі өрнектер құру
	3.2 Алгоритмдер	6.3.2.1 алгоритмдерді жазу түрін сипаттау 6.3.2.2 алгоритмді сөздік формада ұсыну 6.3.2.3 графикалық түрде алгоритмді көрсету
4-тоқсан		
2. Ақпараттық	2.1 Ақпаратты өлшеу	6.2.1.1 ақпарат мазмұны бойынша қандай болатынын түсіндіру

процестер	және ұсыну	6.2.1.2 түрлері бойынша ақпаратты ажырату
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	6.2.2.1 WordPad (ворд пад) мәтіндік редакторында мәтінді үзінділерге бөлу, редакциялау, пішімдеу, құру. 6.2.2.2 құжатты басып шығаруды ұйымдастыру (беттің параметрлерін орнату, алдын-ала қарау, басып шығаруға құжатты жіберу)
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	6.4.1.1 техника қауіпсіздік ережесінің бұзылу салдарын талқылау
	4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	6.4.2.1 өзгенің жұмысын көшіру заңсыз екендігін талқылау; 6.4.2.2 құжатты қорғау үшін құпия сөз орнату

### 3) 7-сынып:

#### 3-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	7.4.1.1 компьютерді эксплуатациялау ережесін білу 7.4.1.2 компьютерлік эргономика ережесін білу
4. Компьютер құрылғысы.	4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	7.4.2.1 "авторлық құқық", "плагиат" түсініктерін түсіндіру 7.4.2.2 ақпараттың авторына сілтеме жасау
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	7.1.1.1 компьютер құрылғысының негізгі құрылымын толық түсіндіре білу
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	7.1.2.1 "Бағдарламалық қамтамасыз ету" түсінігін айта білу
	1.3 Компьютерлік желі	7.1.3.1 желісіз байланыстың артықшылығын түсіндіру
2-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	7.2.1.1 "кіріс ақпарат" және "шығыс ақпарат" ұғымдарын түсіндіру және ажырата білу 7.2.1.2 ақпаратты өңдеу құрылғысын білу 7.2.1.3 ақпарат тасымалдаушыларды білу, мысал келтіру
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	7.2.2.1 көптеген қаріптерді пайдалана отырып мәтінді басу және құру, құжатты сақтау 7.2.2.2 мәтіндік редакторда кестелермен жұмыс, кесте құру 7.2.2.3 диаграммаларды, суреттерді өңдеу және қою
3-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	7.2.1.1 "кіріс ақпарат" және "шығыс ақпарат" ұғымдарын түсіндіру және ажырата білу 7.2.1.2 ақпаратты өңдеу құрылғысын білу 7.2.1.3 ақпарат тасымалдаушыларды білу, мысал келтіру
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	7.2.2.1 көптеген қаріптерді пайдалана отырып мәтінді басу және құру, құжатты сақтау 7.2.2.2 мәтіндік редакторда кестелермен жұмыс, кесте құру 7.2.2.3 диаграммаларды, суреттерді өңдеу және қою
4-тоқсан		
3. Компьютерлік ойлау	3.1 Модельдеу	7.3.1.1 геометриялық пішіндерді модельдеу 7.3.1.2 өз композициясын құра білу
	3.2 Алгоритмдер	7.3.2.1 міндетті шешу жолын кезең бойынша талдау; 7.3.2.2 блок-схема түрінде алгоритмді ұсыну

### 4) 8-сынып:

#### 4-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
3. Компьютерлік ойлау	3.1 Модельдеу	8.3.1.1 3D редакторында объектілер мен оқиғалардың модельдерін құру
	3.2 Алгоритмдер	8.3.2.1 бағдарламалау тілінде алгоритмді жазу
	3.3 Бағдарламалау	8.3.3.1 мәліметтер түрін классификациялау 8.3.3.2 –бағдарламаны (C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас) құрастыруда кіріктірілген ортада сызықтық және тарамдалған алгоритмдер жазу
2-тоқсан		
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	8.4.1.1 жасалып жатқан жобаның интерфейсін құрастыру талаптарын орындау
	4.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздік	8.4.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардың қорғау .
3-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	8.2.1.1 компьютерде ақпарат екі түрде көрсетілетінін түсіндіре білу 8.2.1.2 компьютерде "ақпаратты кодтау", қалай ақпаратты өңдейтінін түсіну
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	8.2.2.1 мәтіндік редактордың көмегімен құжаттарды құру 8.2.2.2 суреттердің, рамалардың, құю, фон және объектілердің көмегімен құжаттарды әдемі безендіру 8.2.2.3 құжаттарда кестені құру және безендіру 8.2.2.4 дұрысжазуды тексеруді жүзеге асыру 8.2.2.5 құжатты пішімдеу тәсілдерін меңгеру (колонтитулдар, тізімдер, бағандар, қаріптермен жұмыс) 8.2.2.6 мәтіндік құжаттарда гиперсілтемелер, сілтемелер ұйымдастыру
4-тоқсан		
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	8.1.1.1 компьютер жадының түрлерінің маңызын сипаттау (жедел)
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	8.1.2.1 "бағдарламалау жүйесі" және "бағдарламалау тілдері" түсініктерін ажырату; 8.1.2.2 түрлі форматтағы мұрағаттарды құрі және ашу; 8.1.2.3 бірдей ақпарат сақталған түрлі файлдардың өлшемін салыстыру
	1.3 Компьютерлік желі	8.1.3.1 компьютерлік желілердің негізгі түрлерін білу, оларды айтып беру

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	9.1.1.1 жүйелік блокта не барын, процессор қалай құралғанын қарапайым деңгейде ауызша түсіндіру
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	9.1.2.1 қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен бағдарламалау жүйесін ажырату

	1.3 Компьютерлік желі	9.1.3.1 жалпы ресурстарға қол жетімділікті ашу жабу 9.1.3.2 басқа компьютердің дискілері мен папкаларына қолжетімділікті ашу 9.1.3.3 желілік принтермен жұмыс істеу, желілік ресурсты ашу 9.1.3.4 электрондық поштаны, ғаламторды қолдана білу
2-тоқсан		
4. Денсаулық және қауіпсіздік	4.1 Эргономика	9.4.1.1 электрлік құрылғылардың адам денсаулығына әсері және сақтанудың тиімді әдістеріне мысал келтіру
	4.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздік	9.4.2.1 желі қолданушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ғаламтордағы алаяқтық және агрессия)
3-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	9.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірлігін нақты білу 9.2.1.2 ақпаратты бір өлшемнен басқа өлшемге аударуды жүзеге асыру
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	9.2.2.1 электронды кесте терезесінің құрылымын білу 9.2.2.2 негізгі құралдар тақтасының маңызын білу 9.2.2.3 біртекті мәліметтермен электронды кестені толтыру 9.2.2.4 формуланың көмегімен қарапайым есептерді орындау 9.2.2.5 деректерді алфавит және өсу, кему бойынша сұрыптау 9.2.2.6 кесте негізінде диаграмма және графиктер құру
4-тоқсан		
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	9.1.1.1 жүйелік блокта не барын, процессор қалай құралғанын қарапайым деңгейде ауызша түсіндіру
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	9.1.2.1 қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен бағдарламалау жүйесін ажырату
	1.3 Компьютерлік желі	9.1.3.1 жалпы ресурстарға қол жетімділікті ашу жабу 9.1.3.2 басқа компьютердің дискілері мен папкаларына қолжетімділікті ашу 9.1.3.3 желілік принтермен жұмыс істеу, желілік ресурсты ашу 9.1.3.4 электрондық поштаны, ғаламторды қолдана білу

## б) 10-сынып:

### б-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаты
1-тоқсан		
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	10.1.1.1 компьютердің қызметіне қарай конфигурациясын таңдау 10.1.1.2 компьютерде ақпаратты өңдеуді түсіндіре білу 10.1.1.3 компьютердің архитектурасын білу
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	10.1.2.1 қолданушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау
	1.3 Компьютерлік желі	10.1.3.1 "ауқымды желі" түсінігі туралы айта білу 10.1.3.2 электрондық поштамен жұмыс істеу 10.1.3.3 бұлтты технологияларды пайдалана отырып, құжаттармен жұмыс істей білу

2-тоқсан		
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	10.2.1.1 ақпараттың сипатын анықтау (қауіпсіздігі, нақтылық, дәйектілік, өзектілік) 10.2.1.2 ауқымды желіден керекті ақпаратты іздеуді жүзеге асыру
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	10.2.2.1 редактор туралы түсініктің болуы 10.2.2.2 мақсатқа жету үшін презентацияны жоспарлау 10.2.2.3 шаблондардың көмегімен презентация құрудың тиімді тәсілдерін білу 10.2.2.4 слайдтарды безендіруде шаблондар мен конструкторды қолдана білу 10.2.2.5 анимацияға баптау жасау 10.2.2.6 презентация көрсету
3-тоқсан		
3. Компьютерлік ойлау	3.1 Модельдеу	10.3.1.1 электронды кестеде процестердің моделін зерттеу және өңдеу (физикалық, биологиялы, экономикалық)
	3.2 Алгоритмдер	10.3.2.1 түрлі амалдармен тапсырманы орындау, тиімдісін таңдау және әр қайсысын жазу 10.3.2.2 қойылған міндетті шешуді бағалау
	3.3 Бағдарламалау	10.3.3.1 бір өлшемді массивтерді (C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас) қолдану арқылы интеграцияланған ортада бағдарламалар құрастыру
4-тоқсан		
3. Компьютерлік ойлау	3.1 Модельдеу	10.3.1.1 электронды кестеде процестердің моделін зерттеу және өңдеу (физикалық, биологиялы, экономикалық)
	3.2 Алгоритмдер	10.3.2.1 түрлі амалдармен тапсырманы орындау, тиімдісін таңдау және әр қайсысын жазу 10.3.2.2 қойылған міндетті шешуді бағалау
	3.3 Бағдарламалау	10.3.3.1 бір өлшемді массивтерді (C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарас) қолдану арқылы интеграцияланған ортада бағдарламалар құрастыру
2. Ақпараттық процестер	2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	10.2.1.1 ақпараттың сипатын анықтау (қауіпсіздігі, нақтылық, дәйектілік, өзектілік) 10.2.1.2 ауқымды желіден керекті ақпаратты іздеуді жүзеге асыру
	2.2 Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	10.2.2.1 редактор туралы түсініктің болуы 10.2.2.2 мақсатқа жету үшін презентацияны жоспарлау 10.2.2.3 шаблондардың көмегімен презентация құрудың тиімді тәсілдерін білу 10.2.2.4 слайдтарды безендіруде шаблондар мен конструкторды қолдана білу 10.2.2.5 анимацияға баптау жасау 10.2.2.6 презентация көрсету
1. Компьютерлік жүйе	1.1 Компьютер құрылғысы	10.1.1.1 компьютердің қызметіне қарай конфигурациясын таңдау 10.1.1.2 компьютерде ақпаратты өңдеуді түсіндіре білу 10.1.1.3 компьютердің архитектурасын білу
	1.2 Бағдарламалық қамтамасыз ету	10.1.2.1 қолданушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау
	1.3 Компьютерлік желі	10.1.3.1 "ауқымды желі" түсінігі туралы айта білу 10.1.3.2 электрондық поштамен жұмыс істеу 10.1.3.3 бұлтты технологияларды пайдалана отырып, құжаттармен жұмыс істей білу

Білім және ғылым министрінің  
2017 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 25-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 465-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты қозғалыс дағдылары мен икемдерін қалыптастыру, дене дамуы мен моторлық аясының кемшіліктерін түзету, негізгі дене қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін ұлғайту болып табылады.

3. Бағдарламаның мазмұны келесі міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді:

1) жігерлілікке, тәртіптілікке, ұқыптылыққа және дербестікке баулу, борыш және жауапкершілік сезімін, өзін-өзі ұстау мәдениетін тәрбиелеу, білім алушылардың өз денсаулығына, дене дамуына, шынығуына қамқорлық жасауының аса маңызды екендігі туралы түсінігін қалыптастыру;

2) білім алушыларды дене шынығуы, жеңіл атлетикалық және гимнастикалық жаттығулар, шаңғымен жүру және ойындар бойынша қойылатын талаптарды орындауға дайындау;

3) негізгі қозғалыс қимыл әрекеттеріне және оларды қиындығы әртүрлі жағдайда орындауға үйрету, ол үшін қажетті қозғалыс қасиеттерін дамыту: ептілік, жатықтық, төзімділік;

4) білім алушылардың дене жаттығуларымен өз бетімен шұғылдану дағдылары мен әдетін дамыту, дене шынықтыруға деген тұрақты қызығушылығын тәрбиелеу және оның күн тәртібіне енуіне жағдай жасау;

5) білім алушылардың жинақы, дұрыс дене сымбатын, ұқыптылығын және кинестетикалық бақылауын қалыптастыруға жәрдемдесу;

6) дене дамуы мен моторикасындағы, қимылдардың кеңістіктегі ұйымдастырылуындағы бұзылыстарды жеңу, қимылдардың, қозғалыс операциялары мен нұсқаулардың орындалу ретін есте сақтай алуын дамыту; өз қимылдарына және басқалардың қимыл әрекеттеріне назар аударуын дамыту;

7) қимылдарды ауызша нұсқау бойынша орындай алу қабілетін, қозғалудағы дербестігін, қимылдардың орындалу сапасын талдай алу қабілеттерін дамыту;

8) нашар еститін білім алушылар ағзасындағы мүшелер мен жүйелердің физиологиялық белсенділігін, сондай-ақ дене және ақыл-ой еңбегіне қабілеттілігін арттыру;

9) жүрек-қантамыр және тыныс жүйелерін, тірек-қимыл аппаратын дамыту және нығайту;

10) жүру кезіндегі қимыл-қозғалыстардың үйлесімділік дәлдігін қалыптастыру;

11) қол саусақтарының майда моторикасын, дененің жеке бөліктері қозғалысының уақыт пен кеңістіктегі үйлестілігін, қозғалыстардың ауыспалылығын, жетілуін және ырғақтылығын дамыту.

#### **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Жасы мен есту бұзылысының сипатын, медициналық құжаттарындағы мәліметтерді, педагогикалық бақылау мен тестілеу сынақтарының нәтижелерін ескере отырып, білім алушыларды топтарға бөлеміз:

1) бірінші – арнайы топ, оған аралас бұзылыстары бар, соматикалық тұрғыда әлжуаз, медициналық көрсетілім бойынша бірқатар шектеу қойылған білім алушылар кіреді;

2) екінші – негізгі топ, нашар еститін және кейін естімей қалған.

5. Нашар еститін білім алушыларға беруге болатын дене жүктемесі шеңберінде қозғалыстың күші, жылдамдығы, ептілігі, төзімділігі, иілгіштігі және вестибулярлық тұрақтылығы сияқты қасиеттерді дамытуға жүйелі түрде ықпал етеді.

6. Төзімділікті дамыту үшін жүру, арасында жүгірумен алмастырып отыру, баяу қарқынмен жүгіру, шаңғымен жүру жаттығуларын, үздіксіз қозғалыс әрекеті айқын байқалатын ойындарды қолданылады.

7. Бағдарламаның әр бөліміне оқу материалын меңгеруге көмектесіп, қимыл-қозғалыс және рухани қасиеттерінің дамуына септігін тигізіп, әртүрлі моторлық бұзылыстарды түзету құралы болатын ойындар енгізілген.

8. Нашар еститін, кейіннен естімей қалған білім алушылармен өткізілетін бейімделген дене шынықтыру сабақтары сөйлеу нұсқауларын бере отырып жүргізіледі, сонда сөздерді есте сақтау бойынша сөздік жұмыс жүргізілмейді, өйткені күнделікті айтылатын, жиі кездесетін және сабақтарда машықталған сөздік қоры қолданылады.

9. Білім алушылардың дамуына педагогикалық бақылау жасау мақсатымен жылына екі рет (қыркүйек-қазанда және сәуір-мамырда) дене дайындығы бойынша тексерулер өткізіледі; сонда экспресс-тесттер қолданылады:

1) биік сөреден 30 м қашықтыққа жүгіру, орнынан ұзындыққа секіру, аяқты екі жаққа жіберіп отырған бастапқы қалыптан нығыздалған допты (1 кг) екі қолмен бастан асыра лақтыру, білек күші;

2) келесі жаттығу түрлері: кіші допты алысқа лақтыру, кіші допты нысанаға лақтыру, жерге қону дәлдігіне секіру, ал 7-8 сыныптарда, сонымен қатар, екпінмен ұзындыққа, биіктікке секіру және қозғалыстың кеңістік пен уақытта орындалу дәлдігін талап ететін тепе-теңдік пен координацияны анықтауға арналған жаттығулар.

10. Әсіресе дене дамуы мен дене дайындығы жеткіліксіз деңгейдегі білім алушыларға ерекше назар аударылады: жеке тапсырмалар және сабақтан тыс уақытта орындау үшін сабақта өткен дене жаттығуларынан тұратын өзіндік жұмыс тапсырмалары қолданылады.

11. Дене шынықтыру мұғалімі балалардың жасына, жынысына, дене дайындығына және денсаулық жағдайына қарай жүктемені мұқият мөлшерлейді, сонымен қатар жарақаттардың алдын алу шараларын жүргізіледі.

12. Қысқы мерзімде ашық ауада өткізілетін сабақтар ауа температурасы  $-100\text{C}$ -ден төмен болмайтындай (орта климаттық зона үшін), желсіз ауа райында жүргізіледі. Өртүрлі климаттық зоналарда сабақтарды ашық ауада өткізу мүмкіндігіне қатысты сұрақты білім беру органдары денсаулық сақтау органдарымен келісе отырып шешеді. Сабақ өткізілетін бөлмедегі ауа температурасы  $+160\text{C}$ -ден төмен болмайды.

13. Күзгі және көктемгі мерзімде сабақтар арнайы жабдықталған спорт алаңдарында өткізіледі.

14. Сабақтарды дыбыс күшейткіш аппаратура мен спорт құрал-жабдықтарын пайдалануға мүмкіндік болатын, арнайы жабдықталған залда өткізген дұрыс.

15. Пәнді оқыту процесінде инвариантты компоненттің оқу пәндері мен түзету компонентінің және факультатив сабақтарымен пәнаралық байланыс жүзеге асады: "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дыбыс айтуын қалыптастыру мен есту арқылы қабылдауын дамыту", "Ауызекі сөйлеу тілі", "Ым-ишарат тілі".

16. Оқытудың техникалық құралдары:

1) жалпы дене дайындығы бойынша сабақтарға арналған жиынтық. Аралығы 0,8м гимнастикалық қабырға, гимнастикалық төсеніштер, гимнастикалық орындықтар, өрмелеуге арналған сырық 1-5,5 м, өрмелеуге арналған арқан 1-6 м, керме, құм салынған қапшықтар (200-250 г), гимнастикалық таяқша.



17. Дене іс-әрекетін бақылау мен бағалауға арналған жабдықтар. Ұзындық өлшеуіш (25 және 10 м), төреші ысқырықтары, секунд өлшеуіштер, жалауды көтеретін құрылғы.

18. Гимнастикаға арналған жиынтық. Мектепке арналған гимнастикалық қоссырық сырғауылдары: түрлі биіктіктегі, параллельді, мектепке арналған гимнастикалық ат, гимнастикалық ешкі, гимнастикалық бөрене (универсалды) корпустары, гимнастикалық көпірше, диаметрі 90-95 см гимнастикалық шығыршықтар, гимнастикалық секіртпелер, салмағы 16 кг гир тастары, 0,2, 0,5, 1 килограмм жай гантельдер.

19. Жеңіл атлетикамен айналысуға арналған жиынтық. 30, 60, 100, 200 (м) жүгіру жолдары, эстафеталық таяқшалар, ұзындыққа, биіктікке секіруге арналған мектеп жиынтығы, әртүрлі жалаушалар, допты қашықтыққа және нысанаға лақтыруға арналған секторлар, 150 г лақтыратын доптар.

20. Шаңғы дайындығы бойынша сабақтарға арналған жиынтық. Бекіткіштері бар шаңғы, шаңғы бәтеңкелері, шаңғы таяқтары (5-10 сыныптар).

21. Спорт элементтері бар қозғалмалы ойындарға арналған жиынтық. Футбол доптары, волейбол доптары, баскетбол доптары, қол добы ойынына арналған доптар, кіші теннистік доптар, нығыздалған доптар (салмағы 1 кг-нан 4 кг-ға дейін), инесі бар доп үрлегіштер, волейбол торы, волейбол бағаналары, баскетбол қалқандары, тартуға арналған арқан, қол добын (мини-футбол) ойнауға арналған қақпа.

22. Бейімделген дене шынықтыру сабақтары дыбыс күшейткіш құрылғылары бар, арнайы жабдықталған залда өткізіледі.

**3-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

23. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты құрайды.

24. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Дене шынықтыру туралы білім";
- 2) 2-бөлім "Гимнастика";
- 3) 3-бөлім "Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар";
- 4) 4-бөлім "Жеңіл атлетика";
- 5) 5-бөлім "Ұлттық және зияткерлік ойындар";
- 6) 6-бөлім "Шаңғы дайындығы";

7) 7-бөлім "Спорт ойындары".

25. "Бейімделген дене шынықтыру білімдерінің негіздері. Салауатты өмір салты жайлы білім жүйесін қалыптастыру" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы;

2) жеке бас тазалығы және күн тәртібі.

26. "Гимнастика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

2) кеңістікті бағдарлауды және қимылдардың дәлдігін дамытуға арналған жаттығулар;

3) тыныс жаттығулары;

4) өрмелеу және асып түсу;

5) құралдармен орындалатын жаттығулар.

27. "Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) тепе-теңдік пен қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған ойындар;

2) кедергілерден өтуге арналған ойындар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған ойындар.

28. "Жеңіл атлетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жүру;

2) жүгіру;

3) секіру;

4) лақтыру.

29. "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) "Тоғыз құмалақ";

2) "Асық";

2) дойбы;

3) шахмат.

30. "Шаңғы дайындығы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) шаңғымен жүру адымдарын бекітуге арналған жаттығулар;

2) жылдамдық пен шыдамдылықты дамытуға арналған жаттығулар.

31. "Спорт ойындары" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) волейбол;

2) баскетбол;

3) теннис;

4) футбол.

32. 5-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Ежелгі Олимпиадалық ойындар туралы тарихи білім. Шынығу ережелері;

2) гимнастика. Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сап пәрмендерін орындау. Бастың, қолдың, тұлғаның, аяқтың қалыптары және қимылдары (құралмен және құралсыз). Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар. Жүру және жүгіру кезіндегі тыныс алу гимнастикасы. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар. Қимыл дәлдігін түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар, күш пен ептіліктің дамуына ықпал ететін өрмелеу мен асып түсу жаттығулары. Акробатикалық жаттығуларды орындау. Гимнастикалық жабдықтарда орындалатын жаттығулардың техникасын үйрету. Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Таспамен қуаласпақ", "Допты шеңбермен қуалау", "Таяқшаны бастан жоғары көтеру";

4) жеңіл атлетика. Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын үйрету. Қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасын үйрену. Орташа және ұзын қашықтыққа жүгіру техникасын үйрену. Орнынан және екпінмен ұзындыққа секіру техникасын үйрену. Әртүрлі заттар мен құралдарды нысанаға және алысқа тастау мен лақтырудың техникасы. Эстафетадағы командалық жұмыс. Кеңістікті бағдарлауды және қимыл дәлдігін дамытуға арналған жаттығулар;

5) ұлттық және зияткерлік ойындар. Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрену;

6) шаңғы дайындығы. Үсудің алдын алу (әңгімелесу); бір-бірлеп лекке тұру және шаңғы аяқтың жанында болғанда бір сап құру; шаңғымен сырғаната кең кадам жасап жүру; 60 м дейінгі аралықты жылдамдыққа жүріп өту; ұзындығы 10-15 м ылдидан түсу; қозғалыста ішкі шаңғыға баса отырып адымдап бұрылу; "саты" жасап жайпақ беткейге көтерілу; шаңғымен баяу қарқынмен 500-600 м жүру; 40-50 м қашықтықты жылдамдыққа жүріп өту; шаңғы ойындары: "Жай қуаласпақ", "Кім алысырақ";

7) спорт ойындары. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдайларында допты игеру. Ойын кеңістігінде бағдарлану дағдыларына үйрету. Ойындағы жеке, командалық әрекеттер.

33. 6-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Қазақстандағы олимпиадалық қозғалыс. Дене шынықтыру сабақтарындағы жарақаттанудың алдын алу;

2) гимнастика. Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сап пәрмендерін орындау. Бастың, қолдың, тұлғаның, аяқтың қалыптары және қимылдары (құралмен және құралсыз). Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар. Жүру және жүгіру кезіндегі тыныс гимнастикасы. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар. Қимыл дәлдігін түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар, күш пен ептіліктің дамуына ықпал ететін өрмелеу мен асып түсу жаттығулары. Акробатикалық жаттығуларды орындау. Гимнастикалық жабдықтарда орындалатын жаттығулардың техникасын үйрету. Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Допты беру", "Жүгіретін сызықтық эстафета", "Номермен жүгіріп жарысу", "Допқа тигіз", "Аңшылар мен үйректер";

4) жеңіл атлетика. Ұзын қадаммен жүру; қадам ұзындығын жүру ырғағына қарай өзгерте отырып жүру (ырғағы неғұрлым сирек болса, қадамы соғұрлым ұзын); жай жүріс кезінде келесі командаларды орындау: "Адым бас!", "Жиі бас!"; қадам жиілігін өзгертіп жүру; белгілеу бойынша лекте бір-бірден жүру; 60 м дейін жарысып жүгіру; баяу қарқынмен 2 мин дейін жүгіру; жылдамдықты өзгертіп жүгіру, 40 м дейін үдете жүгіру. Жүгіріп келіп "аттап өту" тәсілімен биіктікке секіру; "аяқты бүгу" тәсілімен ұзындыққа секіру. Кіші допты арқадан иық арқылы лақтыру; допты 3 м биіктікке тік орнатылған нысанаға лақтыру: 10 м дейінгі (ұлдар) және 8 м дейінгі (қыздар) ара қашықтықтан; допты көлденең орнатылған нысанаға лақтыру; допты алысқа лақтыру;

5) ұлттық және зияткерлік ойындар. Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрену: "Тоғыз құмалақ", "Асық";

6) шаңғы дайындығы. Шаңғымен алма-кезек екі адымды жүріспен жүру;

80 метрге дейінгі аралықты жылдамдыққа жүріп өту; жайпақ ылдидан түсе отырып қарапайым кедергілерден өту (мысалы, шаңғы таяқшаларынан жасалған

"қақпаша"); қозғалыста сыртқы шаңғыға баса отырып адымдап бұрылу; "саты" жасап қысқа тік беткейге бір аяқтан бір аяққа шапшаң секіріп көтерілу; шаңғымен баяу қарқынмен 600-700 м жүру; шаңғымен әртүрлі жүрістің, жайпак беткейге шығып түсудің қарапайым тіркесі, 50-60 м қашықтықты жылдамдыққа жүріп өту; шаңғы ойындары ("Ең мерген", "Шаңғы эстафетасы");

7) спорт ойындары. Қауіпсіздік техникасы. Ойын техникасы дағдыларын дамыту. Спорт ойындарында тактикалық әрекеттерді қолдану. Командада жұмыс істеудегі көшбасшылық дағдыларды дамыту.

34. 7-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Қазіргі замандағы Қазақстандағы спорттық ойындардың дамуы, жаттығулар жасаудағы өзін-өзі бақылаудың, өзін-өзі сақтандырудың негізгі әдістері, тамақтану және оның өсу мен даму үшін маңызы, қауіпсіздік ережелері. 7 сынып білім алушыларының күн тәртібі;

2) гимнастика. Саптағы жаттығулар, қозғалыста бір лектен екі, үш, төрт лек құру, лектің диагональ бойынша, қарсы жүріспен, ирелендеп, қарсы лекпен қозғалуы; дұрыс дене сымбатын қалыптастыруға, тыныс гимнастикасына, дене салмағын реттеуге және дене дамуының жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып дене бітімінің пішінін түзетуге арналған жаттығулар кешендері, жалпы дене дайындығы жаттығулары. Акробатикалық жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Екі шеңбер", "Экипаждар";

4) жеңіл атлетика. Жылдам жүру. Ұмтылыспен жүру, қолдың шеңберлі қимылдарымен жүру. Қозғалыстағы жаттығулармен қатар жүру. Нық қадаммен, алақан соғып, берілген санақпен аяғын топылдатып жүру. Биік сөре. Үдемелі жүгіріс. Орнынан ұзындыққа секіру. "Аяқты бүгіп секіру" әдісімен қысқартылған екпінмен ұзындыққа секіру. Кіші допты бастан асыра иық арқылы қашықтыққа лақтыру. Көлденең (ені 90 см белдеу) және тігінен қойылған кедергілерден қадамдап өте отырып жүгіру. Жылдамдықты, күш қасиеттерін, шамалы жүктемеге төзімділікті, секіргіштікті және қимыл шапшаңдығын дамытуға арналған жаттығулар, "Секіре салып секіру", "Мерген" ойындары, кіші доптарды алысқа лақтыру және жүгіруді жүрумен кезектестіру (15 секунд жүгіру және 1 минут жүру);

5) қазақтың ұлттық ойындары: мәдени-этникалық бағытты ойындар мен жаттығулар, ұлттық спорт түрлерінің техника элементтері (техника элементтерін, ойындар мен жаттығуларды таңдауды мұғалім реттейді);

6) шаңғы дайындығы. Ауыспалы екі адымды жүріс (басты назар қимылдардың үйлесімділігіне). Түсу кезінде алдын ала қойылған түрлі-түсті жалаушалар бойынша тоқтайтын өрлерден өту. "Саты" жасап көтерілу. Жылдамдық пен төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар: шаңғымен шамалы ойлы-қырлы жермен 700-800 метр қашықтыққа жүру, 60-70 метр қашықтықтың арасында 2-3 минут демалып (тыныш сырғанау) қайталап (2-3 рет) жылдамдыққа жүріп өту; қашықтық арасы 100-200 м эстафеталар, "Шаңғышылар, орындарыңа барыңдар!", "Жалаушаны ауыстыр" ойындары; төбешікке шығып-түсу эстафеталары;

7) спорт ойындары. Қауіпсіздік техникасы. Ойын жағдайларында допты игерудің орындалу техникасы. Кеңістікті бағдарлау және допты беру дағдыларын дамыту.

35. 8 - сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Қазақстандағы қысқы спорттық ойындардың дамуы, жылдамдық-күш жаттығуларын өз бетімен орындау ережелері, жаттығуларды орындау кезінде серіктесін сақтандыру; қауіпсіздік ережелері, жарақат кезіндегі алғашқы көмек;

2) гимнастика. Сапта бір орында және қозғалыста өткізілетін тәсілдер. Акробатикалық жаттығуларды біріктіру: секіру және теңгеру. Гимнастикалық жабдықтардағы комбинациялар. Ырғақты гимнастика еркін жаттығуларының кешені. Сап құру және қайта құру. Кеңістікті бағдарлау мен қимыл дәлдігін дамытуға бағытталған жаттығулар. Ырғыту мен лақтырудағы күш пен бұлшық ет шыдамдылығын дамыту. Өртүрлі жылдамдықта тегіс жермен жүгіру. Жылдамдық-күш қасиеттерін, шамалы жүктемеге төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар;

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. Мәселелерді ойын арқылы шешу дағдылары. Ойын жағдайында тәсілдерді іске асыру. Ойын қызметі. Жарысу ойын әрекетін ұйымдастыру. "Оймен-қырмен", "Кім ең епті";

4) жеңіл атлетика. Өртүрлі жылдамдықта тегіс жермен жүгіру. Биік сөреден топпен (5-6 адамнан) жүгіру. "Аттап секіру" әдісімен еркін екпінмен биіктікке секіру. "Аяқты бүгіп секіру" әдісімен еркін екпінмен ұзындыққа секіру. Орнынан ұзындыққа секіру. Кіші допты алдыға бір адым жасап бастан асыра иық арқылы қашықтыққа лақтыру. Кедергілер жолағы: 30 м жүгіру, бөренемен жүру, биіктігі 40 см "жасыл желектен" секіріп өту, 10 м жүгіру. Жылдамдық-күш қасиеттерін, шамалы жүктемеге төзімділікті, секіргіштікті және қимыл

шапшаңдығын дамытуға арналған жаттығулар ("олжамен қашу", "қарсы жүгіру эстафетасы" ойындары пайдаланылады). Төменгі сөре және сөре екпіні. Орта қашықтыққа жүгіру дағдыларын дамыту. Секіргіштікті дамытуға бағытталған іс-әрекет;

5) қазақтың халық дәстүрлеріне сәйкес ойындар. Қозғалмалы ойындар. Қазақтың халық ойындары және мәдени-этникалық бағытты жаттығулар, "Тоғыз құмалақ", "Асық" ойындары;

6) шаңғы дайындығы. Бір мезгілдегі екі адымды жүріс. Ауыспалы екі адымды жүріс (бір аяқты тіреп сырғумен). Тегіс ылдиден түсу және түсудің соңында адымдап бұрылу. "Шырша" жасап көтерілу. Жылдамдық пен төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар: шаңғымен шамалы ойлы-қырлы жермен 800-900 м қашықтыққа жүру, 60-70 м қашықтықты қайталап (3-4 рет) жылдамдыққа жүріп өту; қашықтық арасы 150-250 м эстафеталар, "Күн мен түн", "Бас салып қуаласу" ойындары; төбешікке шығып-түсу эстафеталары;

7) спорт ойындары. Командалық ойындардағы негізгі дағдылар. Ойын техникасы. Ойын тактикасы. Ойындағы шығармашылық белсенділік.

36. 9-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Дене шынықтыру және спорт – тұлғаны жан-жақты дамыту құралы. Дене жаттығуларымен айналысудың дене бітіміне тигізетін әсері. Білім алушылардың өз бетімен жаттығуы және жаттығуларды сабақтан тыс кезде орындау гигиенасы;

2) гимнастика. Топпен орындалатын саптағы жаттығулар. Акробатикалық элементтердің комбинацияларын құрастыру. Гимнастикалық жабдықтардағы жаттығулардың ретін құрастыру. Басты бұлшық ет топтарының күшін, күш және статикалық төзімділігін, буындардың қозғалмалығын дамытуға және тепе-теңдік мүшелерін жаттықтыруға арналған жаттығулар (құралсыз жалпы дамытушы жаттығулар қолданылады);

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. ("Күштілер мен ептілер", тепе-теңдік элементтері бар эстафета);

4) жеңіл атлетика. Мәреге жету. Көлденең (ені 100 см дейінгі ор, арық немесе шұңқыр) және тігінен (биіктігі 50-60 см. "жасыл желек", тосқауыл немесе жұқа тақтайша) қойылған кедергілерден секіріп өту. Кіші допты 3 қадамнан екпінмен бастан асыра иық арқылы лақтыру. Кіші допты тік және көлденең орнатылған нысанаға лақтыру. 30 метр жүгіру, бөренемен жүру, биіктігі 50 см. "жасыл желектен" секіріп өту, кіші допты 8-10 метр қашықтықтан тізе қалпынан орға

лақтыру, 15 метр жүгіру. Қимыл шапшаңдығын, төзімділікті, секіргіштікті және жылдамдық-күш қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар;

5) қазақтың халық ойындары және мәдени-этникалық бағытты жаттығулар, "Тоғыз құмалақ" ойыны;

6) шаңғы дайындығы. Бір мезгілдегі екі адымды жүріс. Ауыспалы екі адымды жүріс. "Шырша" жасап көтерілу. Екі шаңғыны тіреп тоқтау ("Соқа" тәсілімен тежелу). Орташа тұрыста түсу. Жылдамдық пен шамалы қарқындағы циклдық жұмысқа төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар: 70-80 м қашықтықты қайталап (2-3 рет) жылдамдыққа жүріп өту, шаңғымен шамалы ойлы-қырлы жермен бірқалыпты және ауыспалы қарқынмен 900-1000 м қашықтыққа жүру, қашықтық арасы 300-400 м эстафеталар, ойындар;

7) мәселелерді спорт ойындарында шешу дағдыларын жетілдіру. Ойын Спорт ойындары комбинацияларын құрастыру. Альтернативті ойын құрастыру.

37. 10-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) дене шынықтыру туралы білім. Күн тәртібі және су ішу тәртібі. Білім алушылардың қозғалыс тәрібі. Өзін-өзі бақылау ережелері;

2) гимнастика. Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сап пәрмендерін орындау. Бастың, қолдың, тұлғаның, аяқтың қалыптары және қимылдары (құралмен және құралсыз). Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар. Жүру және жүгіру кезіндегі тыныс гимнастикасы. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын дамытуға бағытталған жаттығулар. Қимыл дәлдігін түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар, күш пен ептіліктің дамуына ықпал ететін өрмелеу мен асып түсу жаттығулары. Бейімделген дене шынықтыру шараларымен психикалық қызметті түзетуге бағытталған жаттығулар (үрей, биіктіктен қорқу, қиын қозғалыс жағдаяттарында өзін-өзі сәйкес емес ұстау);

3) кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар. "Қарсыласыңды басып оз", "Ұтымды жағдай үшін күрес";

4) жеңіл атлетика. Жүгіру, секіру және лақтыру техникасын шыңдау. Қауіпсіздік техникасы. Спринтерлік жүгіруді жетілдіру. Жүгіру төзімділігі дағдыларын жақсарту. Секіру мен лақтырудағы жеке дара екпіннің өлшемдері және оны дұрыс таңдау;

5) қазақтың халық ойындары. "Тоғыз құмалақ" ойыны;

6) шаңғы дайындығы. Бір мезгілдегі адымсыз және бір адымды жүріс және оның ойлы-қырлы жерде қолданылуы. Орнында сермей бұрылу. Төмен тұру



қалпында еңіске түсу. Сырғи итерілу тәсілімен көтерілу. Бір мезгілдегі жүрістен алма-кезек адымдап жүруге көшу. Жылдамдық пен төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар: 80-90 метр қашықтықты қайталап (3-4 рет) жылдамдыққа жүріп өту, шаңғымен орташа ойлы-қырлы жермен бірқалыпты және ауыспалы қарқынмен 1400-1500 метр қашықтыққа жүру; эстафеталар; ойындар;

7) спорт ойындары. Ойын жағдаяттарында допты игеру техникасы. Ойын кеңістігінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Жеке, топтық, командалық тактикалық әрекеттер.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші мен үшінші сандар – бағдарламаның бөлімі мен оның ішіндегі бөлімшесі, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодындағы "6" – сынып, "2.1" – бөлім мен бөлімше, "4" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

39. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Дене шынықтыру туралы білім. Салауатты өмір салты туралы білім жүйесі":

#### 1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы	5.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын білу және сақтау	6.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын жүйелі түрде сақтау	7.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт құрал-жабдықтарында жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын қолдану	8.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт құрал-жабдықтарында жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын үйреншікті сақтау	9.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету нұсқауын білу	10.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында соғылу мен жарақат кезінде алғашқы көмек көрсету
1.2 Жеке бас тазалығы және күн тәртібі	5.1.2.1 жеке бас тазалығының ережелерін білу және күн тәртібінде ұстану	6.1.2.1 шынығу және оның ағзаға тигізетін әсері туралы біліп, тәжірибеде қолдану	7.1.2.1 өз денсаулығына қатерлі жайттарды анықтай білу	8.1.2.1 ой және дене еңбегін алмастыру тәртібін сақтау	9.1.2.1 денсаулығын өз бетімен қадағалауды және бақылауды жүзеге асыра алу	10.1.2.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа тигізетін әсерін өз үлгісімен көрсету

2) 2-бөлім "Гимнастика":

#### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар	5.2.1.1 дененің дұрыс қалпын білу және еңкеюден кейін дұрыс дене қалпын ұстану	6.2.1.1 дененің дұрыс қалпын ұғыну мен сақтай алу және қолмен бірқатар қимылдарды орындау	7.2.1.1 гимнастикалық қабырғамен жанына, жоғары және төмен қимылдағанда дененің дұрыс қалпын сақтау	8.2.1.1 бір орында тұрып секіру кезінде дұрыс дене қалпын көрсету	9.2.1.1 өкшемен, табанның сыртқа және ішкі қырымен жүруді жетілдіру	10.2.1.1 екі табан арасына кіші допты қысып 2-3 рет секірудің үйренген дағдыларын пайдалану
2.2 Кеңістікті бағдарлауды және қимылдардың дәлдігін дамытуға арналған жаттығулар	5.2.2.1 гимнастикалық орындақта, бөренеде құралдармен жасалатын жаттығуларды орындауда тепе-теңдік сақтауды білу және сақтау	6.2.2.1 спорт құрал-жабдықтарында тепе-теңдік сақтауды түсіну және сақтау	7.2.2.1 көзбен бақылай отырып және бақыламай кез-келген бастапқы қалыптан дененің дұрыс қалпын ұстану	8.2.2.1 құралдармен жасалатын жаттығуларды бір орында және қозғалыста орындау кезінде дененің дұрыс қалпын ұстану	9.2.2.1 құралдармен жасалатын жаттығуларды бір орында және қозғалыста орындау кезінде дененің дұрыс қалпын көрсете білу	10.2.2.1 сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру кезінде берілген ара-қашықтықты анықтай білу және дұрыс орындау
2.3 Тыныс алу жаттығулары	5.2.3.1 тұрған және жатқан қалыпта аралас (көкіректі-кұрсақты немесе толық) тыныс алу түрін орындау	6.2.3.1 қолдың әртүрлі қимылдары кезінде тыныс алуды орындау: жанына, жоғары қарай; жүрелеп толық және жартылай отырып-тұру кезіндегі тыныс алу	7.2.3.1 қолын белге қойып, қолдарын артқа, жанына, жоғары қарай әртүрлі қимылдатып жүрген кезде тыныс алуды сақтау	8.2.3.1 қимыл сипатына сәйкес тыныстың тереңдігі мен қарқынын ерікті түрде өзгертуді орындау	9.2.3.1 ырғақты қимылдарды орындау кезінде ұзақтығы бойынша әртүрлі тыныс алу мен тыныс шығаруды орындау	10.2.3.1 тыныс алу жаттығулары арқылы өкпе вентиляциясын жақсарту
2.4 Өрмелеу және асып түсу	5.2.4.1 бір жабдықтан басқасына асып түсуді білу және асып түсу	6.2.4.1 кедергілерден асып түсе алу және кедергінің биіктігіне қарай әртүрлі тәсілдермен олардың астынан өту	7.2.4.1 көлденең сатымен өрмелеудің кезекпен қолмен аяқты алмастыру әдісін қолдану	8.2.4.1 көлбеу 40° бұрышпен қойылған гимнастикалық орындыққа қ орындыққа таянып отырып өрмелеу әдісін қолдану	9.2.4.1 кедергілер алаңында әртүрлі жабдықтардан әртүрлі тәсілдермен өрмелеу және асып түсу	10.2.4.1 арқанмен өрмелеудің әртүрлі әдістерін тәжірибе жүзінде қолдану
2.5 Құралдармен орындалатын жаттығулар	5.2.5.1 жұптасып үлкен допты бір-біріне қарай бірінен біріне асып түсу	6.2.5.1 үлкен допты бір-біріне екі қолмен оң иықтан, сол иықтан лақтыру	7.2.5.1 үлкен теннис добын бір қолмен жоғары, жерге	8.2.5.1 жүріп келе жатып нығыздалған допты жоғары	9.2.5.1 нығыздалған допты жоғары бастың үстімен бір	10.2.5.1 нығыздалған допты тізерлеп тұрып бастан асыра лақтыра

Өлеңді қабылдау және орындау	Музыка сүйемелдеуімен ұжымдық мәнерлеп оқу	7.4.1.1 динамикалық және темптік өзгерістерді сақтай отырып, музыка сүйемелдеуімен заманауи әндерді айту
	Ән айту	7.4.2.1 интервалдар арпеджиосын сақтап, дауыс ырғағын келтіре отырып, заманауи өлеңдерді айта алу
	Өз бетімен музыкалық шығармашылық іс-әрекет жасау	7.4.3.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдап, мінездеме беру
4-тоқсан		
Қимылдарды дамыту	Музыка ырғағымен гимнастикалық жаттығулар жасату	7.1.1.2 дене келбетін түзетіп, дамытуға арналған жаттығуларды орындау 7.1.1.3 ырғақты-гимнастикалық жаттығуларды заманауи музыка ырғағымен байланыстырып, орындау
	Қарапайым би қимылдарын үйрену	7.1.2.2 күрделі емес композицияларды орындай алу (қалыпты және тез ырғақта): "Ламбада", "Рок-н-ролл", "Макарена" 7.1.2.3 музыкалық шығарманың бөлімдеріне байланысты қимылдарды өзгерте алып, орындау (өлең шумағы, екі-үш бөлімді форма, қайырмасы)
Музыканы тыңдау	Музыкалық шығармаларды тыңдап, анықтау	7.2.2.1 "Театр мен киноның музыкасы" тақырыптық цикл бойынша музыкалық шығармаларды тыңдап, көңіл-күйін анықтау 7.2.2.2 оқыған кітаптар мен журналдар желісімен музыка мен орындаушы музыканттар туралы қысқаша мәлімет дайындау
	Қарапайым музыкалық аспаптарда ойнату арқылы ырғақты тыңдап, қабылдап,	7.2.3.1 қарапайым музыкалық шығармаларды вокалды-инструменталды түрде орындау

	қайталау	
Фонетикалық және сөйлеу тілдік ырғақ	Сөздік материалды түсініп, қабылдау	7.3.2.1 адамдардың сөйлеу тілін қабылдап, сөйлеу этикетті сақтай отырып, сөздік қарым-қатынасқа түсе білу
	Ырғақты-интонациялық сөйлеу қалпын қабылдап, қайталап айту	7.3.3.1 тыңдаған музыкадан алған әсерге байланысты мәнерлеп, белгілі көңіл-күймен өлең жолдарын оқи алу (жатқа немесе кітаптан оқу);
	Сөз тіркестерін синтагмге бөліп, айту	7.3.4.1 сөз тіркестердің мелодикалық құрылымын сақтай алу;
Өлеңді қабылдау және орындау	Өн айту	7.4.2.1 интервалдар арпеджиосын сақтап, дауыс ырғағын келтіре отырып, заманауи өлеңдерді айта алу
	Өз бетімен музыкалық шығармашылық іс-әрекет жасау	7.4.3.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдап, мінездеме беру

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 28-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 468-қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту мақсаты – тіл туралы білімдерді меңгеру, түрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормалары және оларды өнімді тілдік әрекет барысында белсендету, сонымен бірге сөздік қорын байыту, байланыстыра айту жолдарын, қатынас мәдениетін, тілді жетілдірудің саналы және шығармашылықтық механизмдерін меңгеру негізінде тілдік әрекеттің барлық түрлері бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы зиялы және белсенді тұлғаны дамыту.

3. Оқытудың міндеттері:

1) тіл туралы білімдерді, оның түрлі салада және қатынас жағдайларында, стилистикалық ресурстарда, әдеби тілдің негізгі нормаларында (орфоэпикалық, орфографиялық, және грамматикалық) және тілдік этикет ережелерінде қызмет істеуін қалыптастыру;

2) оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) нормативтік және қатынас жағдайындағы сәйкестік көзқарастары жағынан тілдік құралдарды бағалау және таңдау қабілетін қалыптастыру;

4) түрлі тілілік жанрларда ауызша және жазбаша монологиялық сөйлемдерді құру қабілетін дамыту және жетілдіру;

5) табысты әңгімелік қатынас жасау, түрлі сала мен коммуникативтік жағдайда пікірталас жүргізу қабілетін жетілдіру;

6) орфоэпикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылығын жетілдіру;

7) қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершіліктік құндылық ретінде, және де қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал жасайтын тілдік капитал ретінде, тілге саналы қарауға тәрбиелеу.

4. Бағдарламаның мазмұны, заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

**2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әртүрлі жұмыстарды, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларды қарастырады (оқытын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стилдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық "Мәңгілік Ел" идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу үдерісі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіреттілігін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық ірекеттерді қолдану түрінде берілетін, "кішкентай қадамдар" әдісі маңызды орын алады.

17. Оқудағы қиындықтарды жеңу мақсатында арнайы тәсілдер (көру бұзылымдары ескерілгендегі оқу ісінің алгоритмизациясы, сабақ құрылымының ерекшелігі, сақталған функцияларды дамыту бойынша арнайы гимнастика), оқу ақпаратын өңдеудің логикалық тәсілдері (нақтыландыру, үлгілер бойынша аналогиясын орнату, қорыту) қолданылады.

18. Білім алушылардың психикалық және дене ерекшеліктерін түзеу мақсатында тіл сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

1) шолу әдісі;

2) дидактикалық ойындар;

3) "Фонетика", "Лексика және фразеология" тақырыптарын оқу барысында кроссвордтарды табу, ребустарды, шарадаларды шешу;

4) тірек сызбалар;

5) мәтінді редакциялау;

6) анықтамалық материалдар үшін дәптер дайындау және қолдану;

7) "дыбыссыз" сұрақ;

8) дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру тәсілі және тақырыпты құру барысындағы есептеулер тәсілі;

9) болашақ тақырыптың микротақырыптарын ашу сызбасын құрастыру тәсілі және оны дайын мәтіннен есептеп шығару тәсілі;

10) тәсілдерді қолдана отырғандағы тіл шығармашылығы: "Еркін ассоциациялар тәсілі"(суреттердің деректері бойынша), "Не болар еді, егер ..."

(білім алушы өзіне осындай сұрақ қойып жауап беруге тырысады), "Әңгімені жалғастыр";

11) "мағыналық бірліктер" тәсілі мағыналық жады мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналады. Тәсілдер: мәтіннің сараптамасы немесе шағын-баяндау, мұнда білім алушы дәйекті түрде екі сұраққа жауап береді: "Бұл мәтінде кім (немесе не) туралы айтылады?" және "Бұл жөнінде не айтылады (хабарланады)?" Қолданылатын қысқаша-баяндаулар көлемі үлкен мәтінге қарасты қорқынышын жеңіп, эмоциялық-ерік аясының қалыптасуына көмектеседі. Жеке тәжірибесін қолдану: жанұядағы туыстық байланыстардың аналогиясы бойынша мәтін немесе сөйлем ішіндегі туыстық байланыстарды анықтау (мысалы, "Қарапайым сөйлем") тақырыбын зерделеу барысында.

19. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға барлық психикалық процестердің тез сарқылуы тән, сондықтан сабақ кезінде іс-әрекеттерді ауыстырудың, әдістер мен тәсілдерді алмастырудың, жіктемелік тәсілдің, маңызыды материалды ойда сақтап қалу үшін көп рет қайталаудың, көру қабілеті, айналаны бақылау, оқу, жұмысты тынығумен алмастыру үшін жайлы жағдайлар жасаудың мағынасы зор.

20. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін тіл және әдебиет кабинеттерін жабдықтаудың нормалары белгіленген:

1) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жинақталымы: проектор, интерактивтік тақта немесе экран;

2) электрондық басылымдар, DVD –гі видеофильмдер, электрондық плакаттар;

3) компьютер жинақталымы: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, веб-камера, желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы;

4) аудиторлық қабырға тақтасы.

21. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) түзетудің оптикалық құралдары: лупалар (қол, стационарлық және тірек); көзәйнектер (микроскопиялық, гиперокулярлық және телескопиялық); бинокулярлар және монокулярлар; проекциялық үлкейткіш аппараттар (эпипрокторлар және диапрокторлар);

2) көру аясының кемістіктері бар тұлғалар үшін (гемианопсия, түтікті көру қабілеті) арнайы оптикалық жүйелер, бұлар көру аясын қажетті шекте өзгертеді; егер көру қабілеті сапасының нашарлауы жоғары жарық жағдайларында болса,

онда түссіз немесе түрлі-түсті әйнектен жасалған жарықтан қорғайтын түзету линзалары қолданылады;

3) компьютерлік тифлоқешен: жеке компьютер, брайлдік дисплей, брайльдік indexEverest (индекс Эверист) – D принтер, сканерлеу және оқуға арналған "Книголюб" бағдарламасы, экранды үлкейту бағдарламасы;

4) "Книголюб-стандарт" оқу жүйесі;

5) "Кітап" "VideoLightVGA (ВидеоЛайтВиДжиЭй)" электрондық үлкейткіш құрылғысы;

б) нашар көретіндерге арналған портативті үлкейткіш құрылғы.

**3-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында– 102 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында– 102 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында– 102 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында– 68 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында– 68 сағатты;
- 6) 10-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

23. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Тыңдалым және айтылым";
- 2) 2-бөлім "Оқылым";
- 3) 3-бөлім "Жазылым";
- 4) 4-бөлім "Әдеби тіл нормаларын сақтау".

24. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 4) негізгі ойды анықтау;
- 5) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- 6) сөйлеу мәдениетін дамыту.

25. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау;
- 5) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;
- 6) оқылым стратегияларын қолдану;
- 7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

26. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жоспар құру;
- 2) әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 4) эссе жазу;
- 5) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

27. "Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі" келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма.

28. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; негізгі ойды анықтау; негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіру;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктері; ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер; оқылым стратегияларын қолдану; қажетті ақпаратты таба білу; Брайль жүйесінде басылған мәтінді оқуда қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын, танымдық белсенділігін арттыру, қалдық көру қабілетін сақтау;

3) жазылым: мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру; хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу; сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу; эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды); мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу; қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетін пайдалану;

4) әдеби тіл нормалары.

29. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: көтерілген мәселені болжау; әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау; мәтін мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты түсіну; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру; ресми сөздер мен тіркестерді,



терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу; есте сақтау қабілетін түзеу, танымдық белсенділігін арттыру, есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту;

2) оқылым: мәтіннен негізгі және детальді ақпаратты анықтау; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтін негізінде нақтылау сұрақтарын құрастыру; оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; сілтеме жасау; қалдық көру қабілетін сақтау, нашар көретін балалардың бинокулярлық екі көзімен көру қабілетін дамыту;

3) жазылым: әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру; мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу; графиктік мәтін құрастыру; эссе жазу барысында абзацты жүйелі құрастыру, "келісу, келіспеу" эссесін жазу; жинақы мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау; дұрыс байланыстыра сөйлей білуді дамыту, қолдың ұсақ қимыл қозғалысын дамыту;

4) әдеби тіл нормалары.

30. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; факті мен көзқарасты ажырату; дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; дәлелді жауап беру, салыстыру, талқылау; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу; қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, есту қабілетіне назар аудару, сақталған анализаторлар қызметін пайдалану;

2) оқылым: мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялау; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін тану; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтіннің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшеліктерін талдау; мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастыра білу; комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу; сілтеме жасау; қалдық көру қабілетін сақтау, танымдық

белсенділігін арттыру, нашар көретін балалардың екі көзімен көру қабілетін дамыту;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу; графиктік мәтін түрінде берілген процесті сипаттап жазу; дискуссивті эссе жазу; жинақы мәтін жазу; мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау; дұрыс байланыстыра сөйлей білуге тілін дағдыландыру, қолдың ұсақ қимыл қозғалысын дамыту;

4) әдеби тіл нормалары.

31. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау; элеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; астарлы ойды анықтау; тұрмыстық, элеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау; перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу; көз көру және нашар білім берушінің есту қабілетінің жақсы болуына сәйкес, сенсорлық қызметінің (түстерді айыра білу, көзбен шамалау) белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетін түзету;

2) оқылым: тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану; мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау; сілтеме жасау; қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, танымдық белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетін түзету;

3) жазылым: тезистік жоспар құру; мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; аргументативті эссе жазу; бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау; қолдың ұсақ қимыл - қозғалысын дамыту;

4) әдеби тіл нормалары.

32. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы

негізгі ойды анықтау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру; мәтінді тыңдауда сақталған анализаторларға сүйене отырып (есту қабілетін) жұмыс істеу, есте сақтау қабілетін түзету, зейінін тұрақтандыру;

2) оқылым: тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау; көзі нашар көретін білім алушыларға ұлғайтылған қаріппен кесте, диаграммалар ұсыну, қалдық көру қабілетін қорғау, көзі көрмейтін балалардың қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу; (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; мәтіндер құрастыруда байланыстыра сөйлей білу тілін дамыту, танымдық белсенділігін дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетіне сүйену;

4) әдеби тіл нормалары.

33. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру; өмірлік мәселелермен байланыстыра және оны пайдалана отырып көру қабілеті бұзылған білім алушылардың есте сақтау қабілетін түзету, зейінін тұрақтандыру, қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау;

2) оқылым: тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау; көзі нашар көретін білім алушыларға

ұлғайтылған шрифте (қаріппе) кесте, сурет, диаграммалар көрсету, сенсорлық қызметін дамыту;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрдамәтіндер құрастыру; жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу; (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; әр түрлі жанрда мәтіндер құрастыруда зейінін тұрақтандыру, бисенсорлық қабілетін пайдалану;

4) әдеби тіл нормалары.

34. Әдеби тіл нормалары келесіні қамтиды:

1) орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрдамәтіндер құрастыру; мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстарымен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу; эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрысжүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау; Брайль жүйесінде диаграмма, кесте сызу, абзацтар мен бөліктердің орфографияға сай дұрыс таңбалануы;

2) орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

3) лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану;

4) грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;

5) пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану; тыныс белгілердің Брайль жүйесінде ережеге сай қолдану.

**4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

35. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" сандардан тұратын кодтық белгімен белгіленді, кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екіншісі – бөлімді (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормалары), үшінші сан -бөлімшені, төртінші сандар -бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді, яғни 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1" –бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

36. Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Тыңдалым және айтылым":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Болжау	5.1.1.1 тірек сөздермен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау	6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау	7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау	8.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 8.1.1.2 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау	9.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 9.1.1.2 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру	10.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру
1.2 Өртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	5.1.2.1 элеуметтік-тұрмыстық, элеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіну	6.1.2.1 элеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген	7.1.2.1 элеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, егі (интервью, жаңалық, ән, пікірталас, көркем әдеби шығармалар нүзінді) автор көзқарасы мен мәселені	8.1.2.1 элеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарын а байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар нүзінді) автор көзқарасы мен мәселені	9.1.2.1 элеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас (үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 9.1.2.2	10.1.2.1 қоғамдық-саяси, элеуметтік-экономикалық, ғылым и тақырыптарға байланысты өртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, монография, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау

		мәселені талдау	автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	талдау; 8.1.2.2 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау	қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланыс-ты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, монография, мақала, жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау	
1.3 Мәтіннен ақпаратты анықтау	5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, және қосымша ақпаратты анықтау; 5.1.3.2 көзі көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың есту қабілетіне сүйене отырып ақпаратты талдау	6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау; 6.1.3.2 есте сақтау қабілетін түзеу, танымдық белсенділігі н арттыру, есту арқылы қабылдау қабілетін дамыта отырып ақпаратты талдау	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.1.3.2 қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, есту қабілетіне назар аудару, сақталған анализаторлар қызметін пайдалана отырып ақпаратты талдау	8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 8.1.3.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 8.1.3.3 көз көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың есту қабілетінің жақсы болуына сәйкес,	9.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 9.1.3.2 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелер-мен байланыстыра білу; 9.1.3.3 мәтінді тыңдауда сақталған анализаторларға сүйене отырып ақпаратты талдау	10.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелер-мен байланыстыра білу, талдау

				сенсорлық қызметінің (түстерді айыра білу, көзбен шамалау) белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетіне сүйене отырып ақпаратты талдау		
1.4 Негізгі ойды анықтау	5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігін назар аударатырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 8.1.4.2 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау	9.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 9.1.4.2 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау
1.5 Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру	6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	8.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 8.1.5.2 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы	9.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; 9.1.5.2 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту,	10.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту

				мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау	талдау	
1.6 Сөйлеумәде ниетін дамыту	5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру	6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу, ойын анық жеткізу	8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу, ойын анық жеткізу; 8.1.6.2 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу	9.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу; 9.1.6.2 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау, ойын анық жеткізу	10.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау, ойын анық жеткізу

## 2) 2-бөлім "Оқылым":

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
------------	------------------



	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ақпаратты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіну	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	8.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 8.2.1.2 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру	9.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сурет) ақпараттарды салыстыру; 9.2.1.2 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу	10.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу, талдау
2.2 Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану және талдау	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін олданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	7.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін олданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	8.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін олданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау; 8.2.2.2 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін олданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	9.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін олданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау; 9.2.2.2 қазақ тілі мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	10.2.2.1 қазақ тілі мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау
2.3 Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық	6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық	8.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық	9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 9.2.3.2	10.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымда малар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы

	ерекшелікте рін ажырату		ерекшеліктерін ажырату	ерекшеліктерін ажырату; 8.2.3.2 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамала р, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	жанрлық ерекшелікте рін ажырату
2.4 Мәтіндергесалы стырмалы анализ жасау	5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру	6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын,маз мұнын,тілдік ерекшелігінсалы стыру	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикал ық және көркемәдебиет стиліндегімәтін дердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігінсал ыстыра талдау	8.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикал ық және көркемәдебиет стиліндегімәтін дердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігінсал ыстыра талдау; 8.2.4.2 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикал ық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау	9.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикал ық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау; 9.2.4.2 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігінсал ыстыра талдау	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігінс алыстыра талдау
2.5 Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу	5.2.5.1 мәтінмазмұ нын түсінуге,на қты ақпараттард ы анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, талдау	6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру, талдау	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру, талдау	8.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру, талдау; 8.2.5.2 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып,мәтін бойынша	9.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып,мәтін бойынша сұрақтар құрастыру, талдау; 9.2.5.2 мәтінде көтерілген	10.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым- қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру,

				сұрақтар құрастыру, талдау	мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру, талдау	талдау
2.6 Оқылым стратегияларын қолдану	5.2.6.1 жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу, талдау; 5.2.6.2 Брайль жүйесінде басылған мәтінді оқуда қолдың ұсақ қимылын дамыту, танымдық белсенділігін арттыру, қалдық көру қабілетін сақтай отырып, талдау	6.2.6.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу, талдау; 6.2.6.2 қалдық көру қабілетін сақтау, нашар көретін балалардың бинокулярлық екі көзімен көру қабілетін дамыта отырып, талдау	7.2.6.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу, талдау; 7.2.6.2 қалдық көру қабілетін сақтау, танымдық белсенділігін арттыру, нашар көретін балалардың екі көзімен көру қабілетін дамыта отырып, талдау	8.2.6.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу, талдау; 8.2.6.2 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдау; 8.2.6.3 қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, танымдық белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетін түзете отырып талдау	9.2.6.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, талдау; 9.2.6.2 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу, талдау; 9.2.6.3 нашар көретін білі алушылардың ұлғайтылған қаріппен кесте, диаграммалар көруі, қалдық көру қабілетін қорғау, көзі көрмейтін балалардың қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыта отырып, талдау	10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін стратегияларын тиімді қолдана білу, талдау; 10.2.6.2 көзі нашар көретін білім алушылардың ұлғайтылған шрифтекесте, сурет, диаграммала көруі, сенсорлық қызметін дамыта отырып, талдау
2.7 Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	5.2.7.1 Энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу, талдау	6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау	8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау; 8.2.7.2 ғаламтор, энциклопедия,	9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау; 9.2.7.2 - қолдану,	10.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану,

				газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	авторына сілтеме жасау
--	--	--	--	--	---	------------------------

### 3) 3-бөлім "Жазылым":

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Жоспар құру	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру, қорғау; 5.3.1.2 қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетін пайдаланып жоспарды қорғау	6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру, қорғау; 6.3.1.2 байланыстыра сөйлей білуін дамыту, қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамытып жоспарды қорғау	7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру, қорғау; 7.3.1.2 дұрыс байланыстыра сөйлей білуге тілін дағдыландыру, қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамытып жоспарды қорғау	8.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру, қорғау; 8.3.1.2 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру, қорғау	9.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру, қорғау; 9.3.1.2 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін жоспар құру, қорғау	10.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру, қорғау
3.2 Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу, талдау	6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу, талдау	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орындықолдана отырып, шағын мақала,	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орындықолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық,	9.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис	10.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер

			нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу, талдау	әңгіме құрастырып жазу, талдау; 8.3.2.2 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, талдау	құрастырып жазу, талдау; 9.3.2.2 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтінде құрастыру, талдау	құрастыру, талдау
3.3 Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру, талдау	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру, талдау	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу, талдау	8.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу, талдау; 8.3.3.2 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, талдау	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, талдау; 9.3.3.2 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстарымен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу, талдау	10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстарымен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу, талдау
3.4 Эссе жазу	5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзiне таныс адамды,	6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып,	7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа	8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа	9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша	10.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап

	<p>белгілі бір мекен мен оқиғанысипаттап не суреттеп жазу, талдау; 5.3.4.2 қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетін пайдалана отырып талдау</p>	<p>көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, талдау; 6.3.4.2 байланыстыра сөйлей білуін дамыту, қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыта отырып талдау</p>	<p>байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу, талдау; 7.3.4.2 дұрыс байланыстыра а сөйлей білуге тілін дағдыландыру, қолдың ұсақ қимылын қозғалысы дамыта отырып талдау</p>	<p>байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу, талдау; 8.3.4.2 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу, талдау; 8.3.4.3 қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, зейінін тұрақтандыру, нашар көретін білім алушылардың бисенсорлы (екі көзімен көру) қабілетін дамыта отырып талдау</p>	<p>ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу, талдау; 9.3.4.2 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша екіжақты пікірді жағдаятты талқылау, біреуі не таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу, талдау; 9.3.4.3 мөтіндерда байланыстыра сөйлей білу тілін дамыту, танымдық белсенділігін дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетін пайдалана отырып талдау</p>	<p>п, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуі не таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу, талдау; 10.3.4.2 әр түрлі жанрда мөтіндер құрастыруда зейінін тұрақтандыру, бисенсорлық қабілетін пайдалана отырып талдау</p>
<p>3.5 Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мөтін (компрессия) жазу</p>	<p>5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мөтін жазу, талдау</p>	<p>6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп отырып, жинақы мөтін жазу, талдау</p>	<p>7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мөтін жазу, талдау</p>	<p>8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мөтін жазу, талдау; 8.3.5.2 оқылым және тыңдалым</p>	<p>9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мөтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мөтін (аннотация, тезис) жазу, талдау;</p>	<p>10. 3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы</p>

				материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, талдау	9.3.5.2 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, талдау	мәтін (аннотация, тезис) жазу, талдау
3.6 Мәтіндерді түзету және редакциялау	5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, және редакциялай отырып қорғау	6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялай отырып қорғау	7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялай отырып қорғау	8.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялай отырып қорғау 8.3.6.2 бұқаралық ақпарат құралдарының негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялай отырып қорғау	9.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялай отырып қорғау 9.3.6.2 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрысжүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялай отырып қорғау	10.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрысжүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялай отырып қорғау

#### 4) 4-бөлім "Әдеби тіл нормаларын сақтау":

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
------------	------------------

	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	Scratch бағдарламалаудың ойындық ортасы	- 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch (скратч)) 5.4.2.2алгоритмді сөздік формада ұсыну
	Графикалық интерфейспен жұмыс істеу және жасау	5.4.1.2 "ыстық клавишалар" көмегімен графикалық интерфейс жұмысын көрсету 5.2.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды тартып алу, өзгерту, орналастыру

	Scratch бағдарламалаудың ойындық ортасында нысандарды жасау	5.4.2.2алгоритмді сөздік формада ұсыну 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch (скратч) 5.4.1.2 "ыстық клавишалар" көмегімен графикалық интерфейс жұмысын көрсету
	Scratch бағдарламалаудың ойындық ортасында оқиғаларды жасау	5.4.2.2алгоритмді сөздік формада ұсыну 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch) 5.4.1.2 "ыстық клавишалар" көмегімен графикалық интерфейс жұмысын көрсету
4-тоқсан		
4.Компьютерлік ойлану	Бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану командалары (Лого, Scratch)	5.4.2.2алгоритмді сөздік формада ұсыну 5.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында нысандар мен оқиғалардың анимциясын жасау (Лого, Scratch (скратч) 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch (скратч)
	Бағдарламалаудың ойындық ортасында цикл командалары (Лого, Scratch)	5.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында нысандар мен оқиғалардың анимциясын жасау (Лого, Scratch (скратч) 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch (скратч) 5.4.1.2 "ыстық клавишалар" көмегімен графикалық интерфейс жұмысын көрсету
	Бағдарламалаудың ойындық ортасында нысандар мен оқиғалардың анимациясын жасау (Лого, Scratch)	5.4.2.2алгоритмді сөздік формада ұсыну 5.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында нысандар мен оқиғалардың анимциясын жасау (Лого, Scratch (скратч) 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch (скратч) 5.4.1.2 "ыстық клавишалар" көмегімен графикалық интерфейс жұмысын көрсету
	Жобаға дыбыс әсерлерін қосу	5.4.2.2алгоритмді сөздік формада ұсыну 5.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында нысандар мен оқиғалардың анимциясын жасау (Лого, Scratch (скратч) 5.4.3.1 бағдарламалаудың ойындық ортасында тармақтану мен цикл командаларын пайдалану(Лого, Scratch (скратч)
3.Ақпараттық процестер	Құжатты дайындау баспаға	5.3.2.1құжатты баспаға тиімді түрде дайындау (бет параметрін орнату, алдын-ала көруді орындау, және сонымен ар қарай кете береді) 5.1.2.1бөтен жұмысты заңсыз көшіріп алу туралы талқылау 5.1.2.2 құжаттарға пароль қою 5.1.2.3Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен мәтінді редакторлау және форматтау
	Жоба презентациясы	5.3.2.1құжатты баспаға тиімді түрде дайындау (бет параметрін орнату, алдын-ала көруді орындау, және сонымен ар қарай кете береді) 5.2.3.1жалпы қолжетімді файлдарды тартып алу, орналастыру, өзгерту 5.1.2.3Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен мәтінді редакторлау және форматтау

2) 6-сынып:

2-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар, мазмұндар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1.Денсаулық пен қауіпсіздік	Эргономика	6.1.1.1 эргономика тапсырмаларын қалыптастыру және шешу(барынша жайлылық пен тиімділік үшін) 6.1.1.2 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен эргономика тапсырмаларын шешу кезінде ақпараттарды салыстыру
	Ауқымды сілтемелер	6.3.2.1 сілтемелерді ұйымдастыру тақырып атауы, нұсқамалар) 6.1.2.1"авторлық құқық", "плагиат" түсініктерін түсіндіру 6.1.2.2 ақпаратты автор сілтемесімен қорғау 6.1.2.4Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен "ыстық клавиштер" навигациялар тәртібінде мәтін бойынша орналасу
	Мазмұны	6.1.2.3 сілтемелерді ұйымдастыру(ауқымды сілтемелер,ауқымды сілтемелер, мазмұны, атауы, нұсқама) 6.1.2.4 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен "ыстық клавиштер" навигациялар тәртібінде мәтін бойынша орналасу
	Құжатты ойынға рәсімдеу	6.1.2.3сілтемелерді ұйымдастыру(ауқымды сілтемелер,ауқымды сілтемелер, мазмұны, атауы, нұсқама) 6.1.2.1"авторлық құқық", "плагиат" түсініктерін түсіндіру 6.1.2.2 ақпаратты автор сілтемесімен қорғау 6.1.2.4Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен "ыстық клавиштер" навигациялар тәртібінде мәтін бойынша орналасу
2.Компьютерлік жүйелер	Есептеуіш техниканың даму тарихы	6.2.1.1 есептеуіш техниканың даму болашағы мен тарихы туралы айтып беру
	Негізгі компьютерлік құрылғылардың жұмыс принципі	6.2.1.2компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеті туралы түсіндіру 6.2.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметтерін атау 6.2.1.3ақпаратқа визуалды емес тұрғыдан қол жеткізу бағдарламасының қызметі мен жұмысы туралы түсіндіру
	Сымсыз желілер	6.2.3.1 сымсыз байланыстың басымдықтарын түсіндіру 6.2.2.2 Jaws(джовз) бағдарламасын орнату үшін Windows (виндоус) операциялық жүйесі күйінің параметрлерін түсіндіру
2-тоқсан		
3.Ақпараттық процестер	Ақпаратты беру	6.3.1.3 ақпаратты қабылдау және оның көздері, байланыс каналдарының мысалдарын келтіру
	Ақпаратты шифрлау	6.3.1.1 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау
	Ақпаратты қосарлы түрде ұсыну	6.3.1.2 компьютерге арналған барлық ақпарат қосарлы түрде ұсынылатынын түсіндіру 6.3.1.4 мәтіндік ақпаратты алтынүктелік брайль шрифтімен кодтау
	Векторлы суреттерді жасау	6.3.2.2 векторлық суреттерді жасау және редакциялау
	Растрлық және векторлық суреттерді салыстыру	6.3.2.3 растрлық және векторлық графиканың басымдықтары мен кемшіліктерін бағалау; 6.3.2.4 Windows (виндоус) графикалық ортасындағы визуалды емес жұмыстың негіздерін пайдалану
	Нұсқаулар	6.3.2.1сілтемелерді ұйымдастыру(ауқымды сілтемелер, тақырыптар, атаулар, нұсқаулар)

		6.4.3.2Jaws for Windows көмегімен мәтінді ендіру кезіндегі орфографиялық өателіктерді түзеу
4.Компьютерлік ойлау	Жобалық жұмыс	6.4.2.1тапсырманы деңгейлі түрде шешу 6.4.2.2блок-сызба түріндегі алгоритмді ұсыну 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
3-тоқсан		
4.Компьютерлік ойлау	Тапсырмаларды қою үшін алгоритмді кезең-кезеңмен таныстыру	6.4.2.1 тапсырманы деңгейлі түрде шешу 6.4.2.2блок-сызба түріндегі алгоритмді ұсыну 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
	Циклдік алгоритм арқылы тапсырманы орындау	6.4.2.1 тапсырманы деңгейлі түрде шешу 6.4.2.2блок-сызба түріндегі алгоритмді ұсыну 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
	Алгоритм арқылы тапсырмаларды орындау	6.4.2.1 тапсырманы деңгейлі түрде шешу 6.4.2.2блок-сызба түріндегі алгоритмді ұсыну 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
	Бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау	6.4.2.1 тапсырманы деңгейлі түрде шешу 6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау және асыру 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
	Бағдарламалаудың ойындық ортасында кейіпкерлерді әзірлеу	6.4.2.1 тапсырманы деңгейлі түрде шешу 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
	Бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жүзеге асыру	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау және асыру 6.4.1.2Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайлар үшін қарапайым алгоритмдерді құру 6.4.3.1 бағдарламадан қателіктерді тауып түзету
3. Ақпараттық процестер	Объектілерді құру және қайта құру	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау және асыру 6.4.3.2 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен мәтінді ендіру кезіндегі орфографиялық қателіктерді түзету
	Жобалық жұмыс	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау және асыру 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
4-тоқсан		
4.Компьютерлік ойлану	Дыбыстық сүйемелдеу жасау	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді асау және жүзеге асыру 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
	Заставка жасау	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді асау және жүзеге асыру



	асыру 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
Меншікті жобаны әзірлеу	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау және жүзеге асыру 6.4.3.1 бағдарламадан қателіктерді тауып түзету 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру
Жобалық жұмыс	6.4.1.1бағдарламалаудың ойындық ортасында сценарийді жасау және жүзеге асыру 6.4.3.1 бағдарламадан қателіктерді тауып түзету 6.4.2.3Jaws (джовз) көмегімен әртүрлі жағдайларға арналған қарапайым алгоритмді құру

### 3) 7-СЫНЫП:

#### 3-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар, мазмұндар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Антивирустік қауіпсіздік	7.1.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау
2. Компьютерлік жүйелер мен желілер	Компьютерлік жады	7.2.1.1 компьютер жадысы түрлерінің қызметтерін сипаттау (жедел есте сақтаушы құрылғы, ұдайы есте сақтаушы құрылғы, сырттай есте сақтаушы құрылғы, кеш-жады)
	Файл өлшемі	7.2.2.3 бірдей ақпаратты сақтаушы әртүрлі форматтағы файлдарды салыстыру 7.2.2.2 әртүрлі форматтағы мұрағаттарды құру және қаптау 7.2.2.4 Windows (виндоус) операциялық жүйесіндегі визуалды емес жұмыстың негіздері бойынша білімді жіктеу
	Бағдарламалаудың тілдері	7.2.2.1 "бағдарламалау тілі" және "бағдарламалау жүйелері" түсініктерін ажырату
	Бағдарламалау жүйелері	7.2.2.1 "бағдарламалау тілі" және "бағдарламалау жүйелері" түсініктерін ажырату
	Компьютерлік желілердің түрлері және қызметі	7.2.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу 7.2.3.2 брайль принтерлерінің қызметін сипаттау
	Компьютерлік желілердің жіктелуі	7.2.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу 7.2.3.2 брайль принтерлерінің қызметін сипаттау
2-тоқсан		
3. Ақпараттық процестер	Ақпаратты өлшеу бірліктері	7.3.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктерін атау 7.3.1.3 ақпаратты өлшеудің бірліктерінен өзге бірліктерге ауысуды асыру 7.3.1.4 мәтінді ендіру және оқу кезінде алтылық Брайль нүктелі шрифтін пайдалану
	Ақпараттың қасиеттері	7.3.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктерін атау 7.3.1.3 ақпаратты өлшеудің бірліктерінен өзге бірліктерге ауысуды асыру 7.3.1.4 мәтінді ендіру және оқу кезінде алтылық Брайль нүктелі шрифтін пайдалану
	Мәтіндік процессордағы	7.3.2.1 мәтіндік процессордағы кесте элементтерін форматтау

	кестелер	7.3.1.4 мәтінді ендіру және оқу кезінде алтылық Брайль нүктелі шрифтінің пайдалану
	Электронды кесте элементтерін форматтау	7.3.2.2 электронды кесте элементтерін форматтау 7.3.1.4 мәтінді ендіру және оқу кезінде алтылық Брайль нүктелі шрифтінің пайдалану
	Мәліметтер форматы	7.3.3.1 мәліметтер типтерін жіктеу
	Электрондық кестеде шартты форматтау	7.3.2.4 электронды кестедегі шартты форматтауды пайдалану 7.3.2.2 электрондық кесте элементтерін форматтау
	Кестелік мәліметтерді графикалық түрінде ұсыну	7.3.2.3 электронды кестеде диаграммалар құру 7.3.2.2 электронды кесте элементтерін форматтау
3-тоқсан		
3. Ақпараттық процестер	Электрондық кестелерде модельдеу	7.3.2.2 электронды кесте элементтерін форматтау 7.4.3.1 мәліметтер типтерін жіктеу 7.3.2.4 электронды кестедегі шартты форматтауды пайдалану 7.3.2.3 электронды кестеде диаграммалар құру
4. Компьютерлік ойлау	Электрондық кестенің мәліметтердің типтері	7.4.3.1 мәліметтер типтерін жіктеу 7.4.3.3 көру анализаторын сақтай тырып Jaws for Windows(джовз фо виндоус) арнайы мүмкіндіктерін пайдалану
	Жобалау интерфейсі	7.4.1.1 әзірленіп жатқан жобада қойылатын талаптар құру интерфейсін орындау 7.4.3.3 көру анализаторын сақтай тырып Jaws for Windows(джовз фо виндоус) арнайы мүмкіндіктерін пайдалану
	Тік алгоритмдерді бағдарламалау	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ртасындағы тармақталған және тік алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус), Pascal (паскаль) ABC)
	Тармақталған алгоритмдерді бағдарламалау	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тік және тармақты алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Шарттарды бағдарламалау	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тік және тармақты алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Құрамдас шарттарды бағдарламалау	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тік және тармақты алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Қарапайым бағдарламаны құру	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тік және тармақты алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Құрылған бағдарламаны іске асыру	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тік және тармақты алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Жобаны қорғау	7.4.2.1 бағдарламалау тіліндегі алгоритмді жазу 7.4.3.2 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тік және тармақты алгоритмдерді жазу (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))

		тармақты алгоритмдерді жазу(C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус)
4-тоқсан		
3. Ақпараттық процестер	Нысандарды құру және қайта құру	7.4.1.2 3Dредакторында оқиғалар мен нысандардың үлгілерін жасау 7.3.1.2 ақпаратты өлшеудің бірліктерінен өзге бірліктерге ауыруды асыру 7.4.3.3 Jaws for Windows(джовз фо виндоус) көмегімен мәтінді ендіру кезіндегі орфографиялық қателіктерді түзету
4. Компьютерлік ойлау	Мультфильмнің сценарийін құру	7.4.1.3 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандар мен оқиғаларың анимациясын жасау(Лого, Scratch (скратч)) 7.4.3.4 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы тармақтану мен цикл командасын пайдалану (Лого, Scratch (скратч))
	Бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандардың анимациясын құру	7.4.1.3 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандар мен оқиғаларың анимациясын жасау(Лого, Scratch (скратч)) 7.4.3.4 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы тармақтану мен цикл командасын пайдалану (Лого, Scratch (скратч)) 7.4.1.4 Jaws (джовз) көмегімен қозғалатын нысандарды жасау
	Бағдарламалаудың ойындық ортасындағы оқиғаларды құру	7.4.1.3 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандар мен оқиғаларың анимациясын жасау(Лого, Scratch (скратч)) 7.4.3.4 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы тармақтану мен цикл командасын пайдалану (Лого, Scratch (скратч)) 7.4.1.4 Jaws (джовз) көмегімен қозғалатын нысандарды жасау
	Мультфильм-жоба "Мен және менің достарым"	7.4.1.3 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандар мен оқиғаларың анимациясын жасау(Лого, Scratch) 7.4.3.4 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы тармақтану мен цикл командасын пайдалану (Лого, Scratch (скратч)) 7.4.1.4 Jaws (джовз) көмегімен қозғалатын нысандарды жасау
	Жобаны қорғау	7.4.1.3 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандар мен оқиғаларың анимациясын жасау(Лого, Scratch (скратч)) 7.4.3.4 бағдарламалаудың ойындық ортасындағы тармақтану мен цикл командасын пайдалану (Лого, Scratch (скратч)) 7.4.1.4 Jaws (джовз) көмегімен қозғалатын нысандарды жасау

#### 4) 8-сынып:

##### 4-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар, мазмұндар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Компьютеді қолданудың негативті әсері	8.1.1.1 қорғау әдістерін тиімді пайдалану және адам организміне әртүрлі электронды құрылғылардың ықпал ету мысалдарын келтіру
	Желідегі қауіпсіздік	8.1.2.1 желідегі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыздандыру ережелерін ұстану(желідегі алаяқтық пен агрессия)
2. Компьютерлік жүйелер мен желілер	Процессор және оның сипаттамасы	8.2.1.1 қарапайым тілде процессордың қызметтері мен оның негізгі сипаттамаларын түсіндіру 8.1.1.2Jaws for Windows(джовз фо виндоус) көмегімен операциялық жүйелердегі навигацияны пайдалана отырып мини жобаларды құру
	Компьютерлік желілер	8.2.3.1 желінің өткізушілік қабілетін анықтау
	Перифериялық құрылғылар	8.2.1.2 перифериялық құрылғылардың қызметтерін түсіндіру 8.2.1.3 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) бастапқы күйін сипаттау

3. Ақпараттық процестер	Санау жүйесі	8.3.1.1 ақпарат санын анықтау кезіндегі әліпби тәсілін қолдану 8.3.1.3 тактильді дисплеймен жұмыс жасау кезінде бақылау тәртібінің әр түрлі режимін қолдану
	Сандарды бір санау жүйесінен басқа жүйеге ауыстыру	8.3.1.1 ақпарат санын анықтау кезіндегі әліпби тәсілін қолдану 8.3.1.3 тактильді дисплеймен жұмыс жасау кезінде бақылау тәртібінің әр түрлі режимін қолдану
2-тоқсан		
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері	8.1.1.1 қорғау әдістерін тиімді пайдалану және адам организміне әртүрлі электронды құрылғылардың ықпал ету мысалдарын келтіру 8.1.2.3Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен "жедел клавиштер" навигациясы тәртібінде виртуалды курсор мен белгілерді пайдалану
	Электрондық құрылғылардың жағымсыз әсерінен қорғау тәсілдері	8.1.2.2 Электрондық құрылғылардың жағымсыз әсерінен қорғауды анықтау 8.1.2.3Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен "жедел клавиштер" навигациясы тәртібінде виртуалды курсор мен белгілерді пайдалану
3. Ақпараттық процестер	Үшөлшемді модельдер	8.3.2.1 Электронды кестелердегі тапсырмаларды шешуге арналған мәліметтердің әртүрлі форматтарын пайдалану
	Редакторға кірістірілген объектілер	8.3.1.23D редакторларында нысан мен оқиғалар модельдерін жасау
	Үшөлшемді модельдердің нысандары	8.3.1.23D редакторларында нысан мен оқиғалар модельдерін жасау
	Үшөлшемді модельдердің оқиғалары	8.3.1.23D редакторларында нысан мен оқиғалар модельдерін жасау
	Жобаны қорғау	8.3.1.23D редакторларында нысан мен оқиғалар модельдерін жасау
3-тоқсан		
3. Ақпараттық процестер	Электронды кестелердігі тапсырмаларды шешуге арналған мәліметтер	8.3.2.1 электронды кестелердігі тапсырмаларды шешуге арналған мәліметтердің әртүрлі форматтарын пайдалану
	Электронды кестелерде абсолютті және қатыстық сілтемелерді	8.3.2.1 электронды кестелердігі тапсырмаларды шешуге арналған мәліметтердің әртүрлі форматтарын пайдалану 8.3.2.2 абсолютті және қатыстық сілтемелерді пайдалану 8.3.2.3 электронды кестелердегі тапсырманы шешуге арналған құрылмалы қызметтерді пайдалану
	Электронды кестелерде математикалық мәліметтер	8.3.2.1 электронды кестелердігі тапсырмаларды шешуге арналған мәліметтердің әртүрлі форматтарын пайдалану
	Кірістірілген функциялар	8.3.2.3 электронды кестелердегі тапсырманы шешуге арналған құрылмалы қызметтерді пайдалану
	Функциялардың графиктерін құру	8.3.2.4 графикалық кестеде берілген қызметтерді құру 8.3.2.3 электронды кестелердегі тапсырманы шешуге арналған құрылмалы қызметтерді пайдалану
	Қолда бар ақпаратқа негізделген деректерді талдау	8.3.2.3 электронды кестелердегі тапсырманы шешуге арналған құрылмалы қызметтерді пайдалану
	Қолданбалы мәселелерді шешу	8.3.2.3 электронды кестелердегі тапсырманы шешуге арналған құрылмалы қызметтерді пайдалану

		8.3.2.1 электронды кестелердігі тапсырмаларды шешуге арналған мәліметтердің әртүрлі форматтарын пайдалану 8.3.2.4 графикалық кестеде берілген қызметтерді құру
4. Компьютерлік ойлау	Шағын жобаны жасау	8.4.1.1 әзірleme мен бағдарламалардың белсенді ортасында тапсырма үлгілерін құру 8.4.1.2 ақпаратқы визуалды емес жол таба тырып шағын презентациялар құру 8.4.2.3 сөз формасындағы және блок-сызба түріндегі жазбаны салыстыру 8.4.2.4 Брайль шрифтімен алгоритм жазу
4-тоқсан		
3. Ақпараттық процестер	Нысандарды құру және қайта құру	8.4.1.1 әзірleme мен бағдарламалардың белсенді ортасында тапсырма үлгілерін құру 8.4.1.2 ақпаратқы визуалды емес жол таба тырып шағын презентациялар құру 8.4.2.3 сөз формасындағы және блок-сызба түріндегі жазбаны салыстыру 8.4.2.4 Брайль шрифтімен алгоритм жазу
4. Компьютерлік ойлау	"Ниндзя тасбақасы" ойын жобасы	8.4.1.1 әзірleme мен бағдарламалардың белсенді ортасында тапсырма үлгілерін құру 8.4.1.2 ақпаратқы визуалды емес жол таба тырып шағын презентациялар құру 8.4.2.3 сөз формасындағы және блок-сызба түріндегі жазбаны салыстыру 8.4.2.4 Брайль шрифтімен алгоритм жазу
	Жобаны қорғау	8.4.1.1 әзірleme мен бағдарламалардың белсенді ортасында тапсырма үлгілерін құру 8.4.1.2 ақпаратқы визуалды емес жол таба тырып шағын презентациялар құру 8.4.2.4 Брайль шрифтімен алгоритм жазу

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар, мазмұндар	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Желіде қауіпсіздікті сақтау	9.1.1.1 компьютерді ұзақ қолданумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан пайдалану 9.1.2.1 желідегі этикалық және құқықтық нормалардың бұзылу салдары туралы талқылау
	Желі этикеті	9.1.2.1 желідегі этикалық және құқықтық нормалардың бұзылу салдары туралы талқылау
2. Компьютерлік жүйелер мен желілер	Компьютер конфигурациясы	9.2.1.1 тағайындалу қызметіне байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау 9.2.1.2 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) кеңейтілген мүмкіндіктерін сипаттау
	Бағдарламалық қамтамасыздандырудың жіктелуі	9.2.2.1 бағдарламалау жүйесі мен қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруды ажырату 9.2.1.2 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) кеңейтілген мүмкіндіктерін сипаттау

	Бағдарламалық қамтамасыздандыруға таңдау жасау	9.2.2.1 қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыздандыруды таңдау
	Компьютерқұнының есебі	9.2.1.1 тағайындалу қызметіне байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау 9.2.2.1 бағдарламалау жүйесі мен қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруды ажырату 9.2.2.2 Windows (виндоус) операциялық жүйесі параметрлеріне байланысты визуалды емес қолжетімділіктің (Jaws (джовз), NVDA) бағдарламаларын таңдау
	Құжаттармен бірігіп жұмыс жасау	9.2.3.1 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру
2-тоқсан		
3. Ақпараттық процестер	Ақпараттың ерекшелігі	9.3.1.1 ақпарат ерекшелігін анықтау (өзектілігі, нақтылығы, сенімділігі, құндылығы) 9.1.1.1 компьютерді ұзақ уақыт пайаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау
	Ақпаратты сығылыстыру	9.3.1.1 ақпарат ерекшелігін анықтау (өзектілігі, нақтылығы, сенімділігі, құндылығы) 9.1.1.1 компьютерді ұзақ уақыт пайаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау
	Мәтіндік құжаттарды пішімдеу	9.3.1.2 мәтіндік құжаттарды пішімдеу кезіндегі ақпараттың ерекшеліктерін пайдалану 9.3.1.4 Jaws (джовз) көмегімен мәтіндік құжаттарды өңдеу кезіндегі ақпараттың ерекшеліктерін пайдалану
	Мәтіндік құжаттарды өңдеу	9.3.1.3 мәтіндік құжаттарды өңдеу кезіндегі ақпараттың ерекшеліктерін пайдалану 9.3.1.4 Jaws (джовз) көмегімен мәтіндік құжаттарды өңдеу кезіндегі ақпараттың ерекшеліктерін пайдалану
4. Компьютерлік ойлау	Алгоритмді жасау	9.4.1.1 бағдарламаларды жасаудың белсенді ортасындағы тапсырмалардың үлгілерін жасау 9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.2.2 алгоритм трассировкасын жасау
	Бағдарлама жасаудың белсенді ортасының компоненттері	9.4.3.2 (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус)) бағдарламаларын жасаудың белсенді ортасының компоненттерін білу және пайдалану 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	Таңдау жасау операторы	9.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдаланумен әзірлемелер жасаудың белсенді ортасындағы бағдарламаларды құрайды (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
3-тоқсан		
4. Компьютерлік ойлау	Параметрлі цикл	9.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдаланумен әзірлемелер жасаудың белсенді ортасындағы бағдарламаларды құрайды (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Соңғы сөзді цикл	9.4.3.2 (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus

		(лазарус) бағдарламаларын жасаудың белсенді ортасының компоненттерін білу және пайдалану 9.4.3.3 Jaws for Windows көмегімен алгоритмнің логикалық құрылымын құру
	Алғысөзді цикл	9.4.3.2 (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус) бағдарламаларын жасаудың белсенді ортасының компоненттерін білу және пайдалану 9.4.3.3 Jaws for Windows (джовз фо виндоус) көмегімен алгоритмнің логикалық құрылымын құру
	Алгоритм трассировкасы	9.4.2.2 алгоритм трассировкасын жасау 9.4.3.3 Jaws for Windows (джовз фо виндоус)көмегімен алгоритмнің логикалық құрылымын құру
	Алгоритмді бағдарламалау	9.4.3.1(C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус) бағдарламасын жасаудың белсенді ортасындағы тапсырмалардың үлгілерін құру 9.4.3.2 (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус) бағдарламаларын жасаудың белсенді ортасының кмпоненттерін білу және пайдалану 9.4.3.3 Jaws for Windows (джовз фо виндоус)көмегімен алгоритмнің логикалық құрылымын құру
	Бағдарламаны тестілеу	9.4.1.1 электронды кестелерде процестер үлгілерін жасау және зерттеу(физикалық,, биологиялық, экономикалық және өзгелер) 9.4.2.2 алгоритм трассировкасын жүзеге асыру 9.4.3.3 Jaws for Windows (джовз фо виндоус)көмегімен алгоритмнің логикалық құрылымын құру
	Мәселені қою	9.4.1.1 электронды кестелерде процестер үлгілерін жасау және зерттеу(физикалық,, биологиялық, экономикалық және өзгелер) 9.4.3.3 Jaws for Windows (джовз фо виндоус)көмегімен алгоритмнің логикалық құрылымын құру
3. Ақпараттық процестер	Жобаны құру	9.4.1.1 электронды кестелерде процестер үлгілерін жасау және зерттеу(физикалық,, биологиялық, экономикалық және өзгелер) 9.3.2.3 мәліметтерді іздестіру, іріктеу және фильтрациялауды жүзеге асыру 9.3.2.4Jaws for Windows (джовз фо виндоус)көмегімен кестелермен жұмыс жасау кезінде мәтінді табу үшін тақырыбы мен нұсқауы, сандық көрсеткіштерін пайдалану
	Жобаны қорғау	9.4.1.1 электронды кестелерде процестер үлгілерін жасау және зерттеу(физикалық,, биологиялық, экономикалық және өзгелер) 9.3.2.3 мәліметтерді іздестіру, іріктеу және фильтрациялауды жүзеге асыру 9.3.2.4Jaws for Windows(джовз фо виндоус) көмегімен кестелермен жұмыс жасау кезінде мәтінді табу үшін тақырыбы мен нұсқауы, сандық көрсеткіштерін пайдалану
4 тоқсан		
4. Компьютерлік	Жоба Коллаж "Альбом жаса"	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау

ойлау	сценарийін жасау	9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	Жобаның анимациясын құру	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	Жобаға эффектiлердi кiрiктiру	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	Жобаның дыбыс эффектiлерi	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	Жобаның дизайнын құру	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	"Альбом жаса" коллаж жобасы	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану
	Жобаны қорғау	9.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, лардың әрқайсысын сипаттау және тиімді жолын таңдау 9.4.1.2 виртуалды үлгілерді құрумен ұмыс жасау кезіндегі "ыстық клавиштерді" пайдалану

## б) 10-сынып:

### 6-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар, мазмұндар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Желілік ресурстармен жұмыс жасау кезіндегі негативті аспектілер	10.1.1.1 әртүрлі электронды құрылғылардың адам организмiне тигiзер әсерi және қорғаныс әдiстерiн тиiмдi пайдалану
	Желілік ресурстармен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік	10.1.2.1 желідегі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыздандыру ережелерін ұстану (желідегі алаяқтық пен агрессия)
2. Компьютерлік жүйелер мен желілер	Компьютердің қосымша құрылғылары	10.1.1.1 қосымша құрылғылар қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру
	Windows нысандарымен жұмыс	10.2.2.1 құжаттармен жұмыс жасау кезінде нысандардың қызметтерін түсіндіру
	Сыныптың компьютерлік	10.2.3.1 желілік ресурстардың компоненттерін білу және пайдалану



	желісі	
	Шағын жоба	10.2.2.1 құжаттармен жұмыс жасау кезінде нысандардың қызметтерін түсіндіру 10.2.2.2 ақпаратқа визуалды емес тұрғыдан қол жеткізу бағдарламаларын қолдану бойынша шағын жобаларды жасау
2-тоқсан		
3. Ақпараттық процесстер	Белгілік мәліметтерді ендіру	10.3.1.1 "символдық мәліметтер" терминін түсіндіру
	Мәліметтер базасы	10.3.2.1 "мәліметтер базасы", "жазба" "алаң" терминдерін түсіндіру
	Электронды кестелерде мәліметтер базасын жасау	10.3.2.2 электронды кестеде мәліметтер базасын құру 10.3.2.5 Jaws (джовз) көмегімен кестедегі формулалармен жұмыс кезінде мәліметтерді түзету
	Ақпаратты іздеу әдістері	10.3.2.3 мәліметтерді іздестіру, іріктеу және фильтрациялауды жүзеге асыру
	Мәліметтерді іріктеу және филтрлеу	10.3.2.3 мәліметтерді іздестіру, іріктеу және фильтрациялауды жүзеге асыру
	Мәліметтер базасымен жұмыс	10.3.2.2 электронды кестеде мәліметтер базасын құру 10.3.2.3 мәліметтерді іздестіру, іріктеу және фильтрациялауды жүзеге асыру 10.3.2.5 Jaws (джовз) көмегімен кестедегі формулалармен жұмыс кезінде мәліметтерді түзету
4. Компьютерлік ойлау	Бірөлшемді массив	10.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдалан отырып белсенді ортада бағдарламалар құру (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	Ерекшеліктері бар элементтерді іздеу	10.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдалан отырып белсенді ортада бағдарламалар құру (C/C++, Python, Delphi, Lazarus)
3-тоқсан		
4. Компьютерлік ойлау	Элементтерді қайта орналастыру	10.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдалан отырып белсенді ортада бағдарламалар құру (C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус))
	элементтерді ауыстыру	10.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдалан отырып белсенді ортада бағдарламалар құру C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус)
	Іріктеу	10.4.3.1 бірөлшемді массивтерді пайдалан отырып белсенді ортада бағдарламалар құру C/C++, Python (пайзан), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус)
	Мәселелерді анықтау және талдау	10.4.1.1 электронды кестелердегі процесстердің (физикалық, биологиялық, экономикалық) үлгілерін жасау және зерттеу
	Шешімдерді жасау	10.4.1.1 электронды кестелердегі процесстердің (физикалық, биологиялық, экономикалық) үлгілерін жасау және зерттеу 10.3.2.2 электронды кестелерде мәліметтер базасын құру 10.3.2.3 мәліметтерді іздестіру, іріктеу және филтрлеу 10.4.2.1 тапсырмаларды әртүрлі тәсілдермен шешу, олардың әрқайсысын сипаттау, анағұрлым тиімдісін таңдау 10.4.2.2 алға қойылған тапсырмалардың шешімін бағалау

		10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру
	Жобаны қорғау	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Бұлттық технологиялар	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалана отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау
	Интернеттегі қорғау және қауіпсіздік	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау
	Плагиат	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау
4-тоқсан		
1. Денсаулық және қауіпсіздік	Денсаулық және компьютер	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау 10.1.1.2 желідегі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернеттегі алаяқтық және агрессия)
	Желілік плагиат	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау 10.1.1.2 желідегі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернеттегі алаяқтық және агрессия)
4. Компьютерлік ойлау	"Плагиат", "Желілік плагиат", "Компьютер адам денсаулығына әсер ете ма" жобалары	10.3.2.4 бұлттық технологияны пайдалан отырып құжаттармен бірігіп жұмыс жасауды жүзеге асыру 10.1.2.2 компьютерді ұзақ уақыт пайдаланумен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалау 10.1.1.2 желідегі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернеттегі алаяқтық және агрессия)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 38-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 478-қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Музыка пәніне оқытудың негізгі мақсаты –қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлемнің ұлттық шығармалары, әлемдік классика мен заманауи музыканың үздік үлгілерін жалпылау негізінде көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту; ұжымдық және жеке ән айту мен музыкалық шығармаларды тыңдау процесіне көру қабілетінде ауытқушылығы бар білім алушылардың белсенді қатысуы музыкалық мәдениетінің қалыптасуына, эмоция мен адамгершілік қасиеттерінің дамуына, саналы түрде музыканы қабылдауына ықпал етеді.

3. Оқытудың міндеті:

1) музыканы оқу пәндері мен өнердің басқа түрлерін біріктіре отырып әлемнің тұтас бейнесі туралы түсініктерін қалыптастыру;

2) музыканы адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығын, жалпыадами болмысына қажеттілігі ретіндетүсініктерін қалыптастыру;

3) музыкаға, музыкалық қызметке позитивті қатынас пен сыни ойлау дағдысын дамыту;

4) пәндік-тақырыптық білімін, жалпылау арқылы музыкалық шығармаларды талдау біліктілігі мен дағдыны, әнді орындау, еліктеу мен қайталауын,шығармашылық тапсырмалар мен презентацияны орындауын дамыту;

5) музыкалық қабілетілігін, шығармашылық белсенділігін, әнді орындау мен зерттеу жүргізу дағдысын дамыту;

6) музыка арқылы коммуникацияның формасы туралы білімдерін қалыптастыру;

7) музыкалық-шығармашылық жұмыстарда (импровизациялау және аранжировкалаудың сәйкес келуі) идеясын көрсете отырып өзін-өзі дамыту мен тану, позитивті өзіндік бағалауындамыту;

8) ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану процесінде техникалық білім мен біліктілікті, музыкалық және әнді орындауын қалыптастыру және дамыту.

4. Оқыту процесінде көрсетілген мақсаты жүзеге асыру үшін келесі түзету міндеттері шешімін табады:

1) танымдық қызметтерін түзету (бейнелік ойлауын, есту қабілетін, қиял, зейін, есте сақтауын);

2) кеңістікте бағдарлануына үйрету (кіші кеңістікте музыкалық аспапта ойнау барысында);

3) тембрлі және гармониялық (үйлесімді) естуін дамыту;

4) ырғақ сезімін, музыкалық есте сақтауын, дербес есту қабілетін басқара алуын, музыкалық түсініктерін, дыбыстау сапасын дамыту;

5) қалдық көруін дамыту;

6) мимикалық қасиеттерін дамыту;

7) тыныс алу дағдыларын өңдеу;

8) қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

9) психологиялық кризспен, жүріс-тұрыстағы адекватты емес формаларын жеңе білу;

10) көрермен алдында (сайыстар, концерттер) ән орындау барысындағы қобалжу мен қорқынышты жеңе білу.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Көрмейтін және нашар көретін білім алушылармен жұмыс жасайтын педагог көру қабілетінің алуан түрлі ерекшеліктерін, сонымен қатар қосалқы ауытқушылықтарын (неврологиялық, қимыл-қозғалыс) есепке ала отырып, оқыту процесіне түзетулер енгізе біледі, сондықтан да көрмейтіндерді оқыту дифференциалды, әрекеттік, тұлғалықбағдарлы, құндылықты бағдарлы тәсіл, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.

6. "Музыка" пәніне оқытудағы құндылықты бағдарлы тәсіл көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың өзі үшін дүниені тану құндылықтар приоритеттерін таңдауға, құнды сана мен ойлауды қалыптастыруға мүмкіндік бере отырып, "Мәңгілік ел" ұлттық идеяның орта білім беру құндылықтар негізінде қазақ патриоттық және азаматтық тәрбиелеуге үлкен мән береді.

7. Музыкалық болмыстағы құндылықты бағдарлы тәсілдің мәні көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың эстетикалық, адамгершілік идеясы мен құндылықтары айқын көрсетілетін музыкалық өнер шығармалар құндылығының маңыздылығын саналы түрде түсінуін қамтамасыз етеді.

8. Музыкаға оқытудағы тұлғаға бағдарланған тәсіл көрмейтін және нашар көретін білім алушыны дамытуға, оның жеке ерекшеліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын есепке ала отырып тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған, мақсаты оқу процесін дараландыру, білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және музыка сабағында тұлғаның әлеуметтік-маңызды қасиеттерін тәрбиелеу болып табылады.

9. Музыкаға оқытудағы әрекеттік тәсіл білім алушының жас ерекшелігіне, психикалық, дене дамуының ерекшеліктерін ескереді және білім алушылардың өзіндік дамуымен белсенді әрекеті арқылы қойылған міндетті шешуде жобалар әдістерін қолдануды болжайды: музыка сабағында келесідей тақырыптар: "Шығыс Музыкасы", "Түрік елінің Музыкасы" "Әлемдік музыка мәдениетінің шығармалары" "Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары" "Нұрқиса Тлендиеваның музыкалары" қамтылады.

10. Дифференциалды тәсіл көру қабілеті зақымдалған психикалық және дене дамуының ерекшелігін, музыкалық қабілеттілігін есепке ала отырып, үш топқа бөлуге мүмкіндік береді:

1) білім алушылардың музыкалық мәліметі зор; көру қабілеті зақымдалған балалар категориясы музыканың көңіл күйіне белсенді әсер етеді, білім алушылар эмоционалды, ойлауы жүйелі, кешенді есте сақтауы жақсы дамыған, әнді тез оқып жатап алады, музыкалық шығармаларды айқын орындайды, ән айту барысындағы тыныс алу дағдылары өңделген, білім алушылар еңбекқор, тәртіпті болады;

2) білім алушылардың музыкалық мәліметі орта деңгейде; музыкаға төмен деңгейде қызығушылық білдіреді; ырғақты толыққанды сезінбейді, жоғары дыбысты естуін қайта ұйымдастырылады; дауысы ақырын шығады, интонациясы тұрақсыз; музыка сабағында енжарлық танытады;

3) білім алушылардың музыкалық мәліметі төмен деңгейде; музыкалық ойлау туралы түсініктері жоқ, музыкаға қызығушылығы төмен; музыкалық есте сақтауы және ырғағы әлсіз, зейіні төмен.

11. Көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың музыка сабағында коммуникативті тәсіл:

1) басқа адамның позициясына тұра білу (белгілі бір шығарманың кейіпкері) қабілеттілігін қалыптастыру;

2) диалог жүргізе білу;

3) адам өміріндегі маңызды проблеманы талқылауға қатысу, құрдастары және ересек адамдармен іскерлік қарым-қатынаста болу;

4) коммуникацияны шарты мен міндеттеріне сәйкес өз ой-пікірін білдіре алу.

12. Музыка сабағында әртүрлі ақпараттық –коммуникациялық технологияларды пайдалану музыканы сақтауға, өңдеуге, тыңдауға, ойдан шығаруға, білім алушының әлеуметтенуі мен шығармашылық потенциалын дамытуға мүмкіндік береді:

1) бірнеше үлкейту арқылы мультимедиялық проектордың көмегімен алуан түрлі объектілерді көрсету;

2) біртұтас презентацияға аудио-видео, анимациялық ақпараттарды біріктіру; бұл көрмейтін және нашар көретін білім алушыларының оқу әдебиеттерінен алған ақпарат көлемін жинақтауға мүмкіндік береді;

3) Брайль жүйесі бойынша үлейтілген ноталық жинақ, ноталық материалдар, баспа тифлокешендер;

4) компьютерлік презентациялық слайд-бейнефильмдер.

13. Музыка сабағында шығармашылық ойлау мен қиялын дамыту, танымдық қызметтерін белсендіру пәнаралық байланыстарды қолдануға мүмкіндік береді:

1) тіл мен әдебиетін сабағына әртүрлі көркемдік ойлауының түрлерін қосу;

2) түрлі қабылдау процесінде дифференциалды көруін дамуына және қалдық көруін дамыту мен сақтауына визуалды бақылау;

3) өз туған жерінің мәдениетін, әлемдік шығармашылық мұраларын меңгеру, Қазақстан тарихына патриоттық сезімдері мен шығармашылық еңбекке тәрбиелеу;

4) есту, эмоциялық, қимыл үйлесімділік жүйесін, коррекциялық ырғақты белсендіру;

5) мимика және патомимиканы кел бетінде эмоцияны саналы түрде және анық таныту;

6) сахналық қойылым кезіндегі қорқыныш, уайымдау, өз-өзіне сезнімсіздігін, кеңістікте бағдарланудағы қобалжуды жеңе білу.

14. Музыка сабағы жиһаздары бар арнайы жабдықталған кабинетте жүргізіледі: жұмысқа арналған (балаларға арналған құралдар, музыкалық орталық, фортепиано); арнайы оқуға арналған (рельефті картиналар, Л.Брайл жүйесі бойынша ноталық кесте, анықтамалық музыкалық әдебиеттер, рельефті нүктелі және ірі шрифті оқулық, экрандыдыбыс шығатын әдістеме(диафильм, шараны безендірудің дыбысталуы үшін интерактивті тақта, бейнені, презентацияны көрсету) жұмыс үстелімен; экспозиялық материалдар (оқу жұмыстарының амалдарын меңгеруде көру қабілеті зақымдалған білім алушылар өмірінің ішкі және сыртқы оқиғаларын бейнелейді).

15. Музыка кабинеті санитарлық-гигиеналық жағдайлары мен эстетикалық және техникалық талаптарға жауап береді:

1) өрт қауіпсіздік, электр қауіпсіздік ережелерін;

2) жарықтанудың санитарлық нормаға сай келуі;

3) температура ылғалдылығының тәртібін сақтау;

4) жабдықтарға қарасты өмір қауіпсіздігінің талаптары;

5) жұмыс орнын жабдықтары;

6) ауыр затты ауыстыру нормаларын сақтау.

**3-тарау. "Музыка" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "Музыка" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 1сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

17. Бағдарламаның мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша ұйымдастырылған, әрбір бөлім сынып бойынша күтілетін нәтиже түрі ретінде оқытудың мақсаты мен мазмұны көрсетілген бөлімшелерден құралған.

18. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Музыканы орындау, тыңдау және талдау";
- 2) 2-бөлім "Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру";
- 3) 3-бөлім "Жобаны құру мен даярлау".

19. "Музыканы орындау, тыңдау және талдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) музыканы тыңдау және талдау;
- 2) музыкалық грамота (Брайль жүйесінің нотасы);
- 3) музыкалық-шығармашылық әрекеті (ән айту).

20. "Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) материалдар жинақтау мен идеялар;
- 2) импровизация және мазмұндама.

21. "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарын бағалау мен презентациялау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) музыкалық-шығармашылық жұмыстарын бағалау мен презентациялау (бағалау барысында көру қабілеті зақымдалған әрбір білім алушылардың жеке интеллектуалдық, психологиялық, музыка жағынан дамуын, музыканы есту арқылы қабылдау түсініктерінің қалыптасуы, музыка туралы алғашқы білімі мен тәжірибелік дағдысы ) есепке алынады.

22. 5-сыныпқа арналған "Музыка" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қазақ халқының музыкалық мұрасы. Қазақ халық әндерінің әуесқойлығы. Айтыс өнері. Күйдің құдіреттілігі. Жобаны құру және даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету;

2) қазақтың салт-дәстүр мен тұрмыстық әндер мен заманауи музыка. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің асыл қазынасының әндері. Дәстүр мен тұрмыстық және заманауи әндер. Халық музыкасын интерпретациялау. Халық музыканы өңдеу. Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету;

3) әлем халқының музыкалық дәстүрі. Тюркес халық дәстүрінің музыкасы. Шығыс халқының музыкалық дәстүрі. Еуропа халқының музыкалық дәстүрі. Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету;

4) тіл – музыка мен достықтың бірлігі. Қазақ халқының музыкасы. Бір отбасымыз. Менің Отаным! Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету.

23. 6-сыныпқа арналған "Музыка" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) классикалық музыканың шебері. Органдық музыка. Симфониялық музыка. Опералық өнер. Балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы. Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету;

2) заманауи музыка мәдениеті. Эстрадалық музыка. Заманауимузыкалық жанры. Джаздық музыка. Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету;

3) музыка және өнер түрлері. Музыка және поэзия. Музыка және көркем өнер. Музыка және театр. Музыка және кино. Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету;

4) музыка және технология. Музыкалық компьютерлік бағдарлама. Музыка анимацияда. Музыкалық безендіру мен дыбыстандыру. Жобаны құру мен даярлау. Жобаның нәтижесін көрсету.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

24. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодпен жасырылған. Кодтық белгідегі екінші және үшінші сан бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 – "6" сынып, "2.1" - бөлімше; "4" - оқу мақсатының реттік саны.

25. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Музыканы орындау, тыңдау және талдау":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
1.1 Музыканы тыңдау және талдау	<p>5.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, музыканың мәнерлеп шығу құралын, жанр мен түрін, стилін анықтау</p> <p>5.1.1.2 әлем халқының музыкалық аспаптарын топ бойынша топтастыру және әртүрлі шарттарға қарай салыстыру</p> <p>5.1.1.3 сақталған анализаторлар арқылы музыканы қабылдау (есту, эмоционалды, моторикалық қимыл-қозғалыс жүйесі)</p> <p>5.1.1.4 сипап сезу негізінде аспаптың ерекшелігі мен тембірін, қасиетін ажырату</p>	<p>6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау, музыканың мәнерлеп шығу құралын, жанр мен түрін, стилін, сонымен қатар басқа өнерлермен өзарабайланысынанықтау</p> <p>6.1.1.2 оркестр түрлерінің музыкалық аспаптарының дыбысталуын ажырату, топ бойынша топтастыру</p> <p>6.1.1.3 музыканы тыңдау барысында эмоционалды сезімдерін білдіру арқылы зейінін белсенді назар аударту</p> <p>6.1.1.4 сипап сезу негізінде аспаптың ерекшелігі мен тембірін, қасиетін ажырату және аспаптың құрылымы мен оны бағдарлана алу</p>
1.2 Музыкалық грамота	<p>5.1.2.1 дәстүрлі әндерді, айтыс түрлерін, жанры мен аспаптың стилін анықтау</p> <p>5.1.2.2 дәстүрлі ән айту мектептері мен</p>	<p>6.1.2.1 классикалық музыканың түрі мен жанрын анықтау</p> <p>6.1.2.2 эстрадалық музыканың бағыты мен</p>



	<p>ауызша дәстүрлі композиторлардың шығармаларын салыстыру</p> <p>5.1.2.3 қазақтың және басқа әлем халқының музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау</p> <p>5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау барысында музыкалық терминдерді қолдану</p> <p>5.1.2.5 музыкалық дыбыстарды дұрыс дауыс ырғағын келтіру барысында оның жоғарлығын, тембрін, күшін және ұзақтығын ажырату</p> <p>5.1.2.6 ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау барысында Брайль жүйесі бойынша үлкейтілген және рельефті нүктелі шрифтегі музыкалық терминологияларды қолдану</p> <p>5.1.2.7 Брайль жүйесі бойынша ноталық жазбада бағдарлана алу</p>	<p>жанрын анықтау</p> <p>6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және басқа өнер түрлерін айқындап көрсететін құралдарды салыстыру</p> <p>6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау барысында музыкалық терминдерді қолдану</p> <p>6.1.2.5 музыкалық шығармаларға сәйкес теориялық мәліметтерді қолдану</p> <p>6.1.2.6 Брайль жүйесі бойынша ауызша және жазбаша жұмыстарды орындау барысында музыкалық терминологияларды таңдауда еркін бағдарлана алу</p> <p>6.1.2.7 әуенді меңгеру барысында Брайль жүйесі бойынша ноталық жазбаны пайдалану</p>
1.3 Музыканы орындау әрекеті	<p>5.1.3.1 әртүрлі әндерді орындау барысында музыка сипаты мен көркем бейнені жеткізе білу</p> <p>5.1.3.2 қазақтың салт-дәстүрлі-тұрмыстық әндерді заманауи тұрғыда интерпретациялау арқылы орындалуын салыстыру</p> <p>5.1.3.3 музыкалық шығармалар үзіндісін күрделі емес аспаптарда бірлесе орындау</p> <p>5.1.3.4 кіші кеңістікте музыкалық аспаптарда ойнау арқылы бағдарлана алу</p> <p>5.1.3.5 қазақ халық әндерін орындау кезінде еркін және икемді қозғалыстарын басқара алу</p> <p>5.1.3.6 әртүрлі әндерді орындау кезінде дұрыс тыныс алуды пайдалану</p>	<p>6.1.3.1 әуен сипаты мен көркем бейнені канон элементтері мен екі дауысты қолдана отырып әртүрлі стилдегі мен жанрдағы әндерді айту</p> <p>6.1.3.2 ән жанры мен стилі бойынша әртүрлі ән айту түрлерімен салыстыру</p> <p>6.1.3.3 ансамбльде жұп бойынша күрделі емес музыкалық шығармалардың үзіндісін және оның сипатын аспаптарда орындау арқылы жеткізу</p> <p>6.1.3.4 еркін және саналы түрде кіші кеңістікте (музыкалық аспап) бағдарлана алу</p> <p>6.1.3.5 ансамбльді ойын кезінде моторлық, эмоционалды ерік-жігер қызметі мен орындау әрекеттерін басқара алу</p> <p>6.1.3.6 мимика, жест арқылы эмоционалды күйді жеткізе білу</p>

## 2) 2-бөлім "Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру":

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Материалдар жинақтау мен идеялар	<p>5.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру үшін материалдарды жинақтау және жоспарлау, идеялар ұсыну</p> <p>5.2.1.2 тақырып бойынша музыкалық материалдарды өздігімен үлестіру</p>	<p>6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру үшін музыкалық материалдарды түсіндіру, жоспарлау, идеялар ұсыну</p> <p>6.2.1.2 көркем өнер әрекеттерге қатысу</p>
2.2 Импровизация және мазмұндама	<p>5.2.2.1 музыкалық аспап, дауыс, музыканың айқындылығын танытатын құралдарды қолдану арқылы күрделі емес композицияларды импровизациялау және ойлап табу</p> <p>5.2.2.2 компьютерлік бағдарламаны қолдану</p>	<p>6.2.2.1 музыкалық аспап, дауыс, музыканың айқындылығын танытатын құралдарды қолдану арқылы күрделі емес композицияларды импровизациялау және ойлап табу</p> <p>6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы (Audacity (аудасити), Soundation, Windows</p>

арқылы (Audacity (аудасити), Soundation, Windows MovieMaker (саундейшн виндоус мувимейкер), Киностудия) музыкалық композицияларды түсіндіру және қайта түзету	MovieMaker (саундейшн виндоус мувимейкер), Киностудия) музыкалық композицияларды түсіндіру және қайта түзету
5.2.2.3 көшіру тәсілін білу	6.2.2.3 көшіру тәсілін еркін менгеру
қимыл ойындар, жалпыдамытушы жаттығулар құрылады. Оқытудың әдісі ретінде ойын формасын қолдану таным қызығушылығы мен қимыл белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Міндеттер шешім табады: бір қызметтен екінші қызметке ауысу барысында бұлшықетке қысым түсіру және қимыл қозғалысына артық күш түсіру төмендетіледі. Үлкен күш-қуатты талап етпейтін қарапайым ойын түрлері таңдалады.

12. Дифференциалды тәсіл. Қимыл қабілеттерін қалыптастыруда жетістікке жету мақсатында мүлдем көрмейтін және ішінара көру қабілеті бар, нашар көретін білім алушылардың мүмкіндіктерін есепке ала отырып, әр білім алушыға жеке дифференциалды тәсіл қолданылады.

13. ЕДШ сабағына қатысу үшін оқу жылының басында медициналық комиссиядан өткеннен кейін білім алушылар екі топқа бөлінеді:

1) 1-топ: жоғары деңгейдегі және үдемелі алыстан көрмеушілік (миопия), көз жанарының таюы, глаукома, афаксиясы бар білім алушылар жатады. Бұл топқа дене дамуының төмен деңгейіндегі белгілі бір созылмалы ауруы себебінен әлсізденген, тірек қимыл аппараты бұзылған білім алушылар тіркеледі. Жалпы қарсы көрсеткіштер: жоғары және алысқа секіру, ауыр заттар көтеріп жылдам және ұзақ уақыт бойы басты төмен еңкейтіп, дем ұстап тұру арқылы жасалатын жаттығулар, эстафеталық және жарыс ойындары кезінде конфликтілі жағдайлар;

2) 2-топ: көру қабілеті жағдайынан, дене даму және дайындық мүмкіндіктері негізінде арнайы мектептерге арналған негізгі бағдарламалардың талаптарына сәйкес емдік дене жаттығуларымен айналыса алатын білім алушылар жатады.

14. Мектептің медицина қызметкерлерінің бақылауымен жеке топқа енгізіледі. Нашар көретін балалармен ЕДШ сабақтарын жүргізудің негізі көру қабілетін сақтауын дене қабілеттілігін жоғарлатумен сәйкестендіру болып табылады.

15. Оқытудың коммуникативтік тәсілі - бұл екі немесе бірнеше адамның тілдік қарым-қатынас процесінде білім, білік, дағдыларымен алмасу, ақпарат беру және хабарлау. Белсенді танымдық қызмет көру қабілеті бұзылған білім алушыларды психологиялық-педагогикалық түзете сүйемелдеуге қатысушылардың бірлескен шығармашылық әрекеті, ұолдау және өзара әрекеті жағдайындағы тұрақты сипатқа ие.

16. ЕДШ арнайы жабдықталған кабинетте жүргізіледі. Кабинетте спорттық инвентарлерді (гимнастикалық таяқша, гимнастикалық, кілем, кіші резеңкелі доп, футбол доп, обручтер, әртүрлі тренажерлар, ойындар және стандартты емес құралдар) психолого-педагогикалық тұрғыда дұрыс қолдану жоғары оптимистік фактор болып табылады.

17. ЕДШ сабақтарында ағзаға жан-жақты әсер ету мақсатында әдістер қолданылады: қарапайым және күрделенген жүріс (тоқтаумен, бағыт өзгертумен); алмасу үрдісіні жоғарлатуға септігін тигізетін жаттығулар (темпті өзгертумен жүгіру); затпен, затсыз жалпы дамытушы жаттығу; би жаттығу; тепе теңдікті сақтауға арналған қарапайым жаттығу; тыныс алу мен босаңсыуына жаттығу; дене қалпын дұрыс ұстау, кеңістік түсініктерін қалыптастыруға арналған жаттығулар; сақталған анализаторларын дамытуға арналған жаттығулар.

18. Бағдарламаны іске асыра қолданылатын құралдар: дене жаттығулар, қозғалыс түзету ойындар, тыныс алу жаттығулар, көру тренингін жүргізу жаттығулары, спорттық тренажерлар, бағдар беретін құралдар және оқытудың көрнекі құралдары.

19. ЕДШ мәні курстарға бөлінген:

1) кіріспе: бұлшықеттерінің денеге түсірілген күшке төзімділігін анықтау білім алушылардың функционалды жағдайы зерттеледі; жаттығу орындау техникасын үйрету, баланың денсаулығына, жынысына, дене дамуына, қимыл қозғалыс дағдысына, психикалық қасиеттер мен дағдыларына байланысты жеке жаттығу мөлшерін тағайындап, оны бірте-бірте жоғарлатып отыру; денсаулығын жақсартуға белсенділігін арттыру үшін қолайлы психологиялық жағдай ұйымдастыру;

2) негізгі: дефектінің патологиялық процесінің тұрақталуына жәрдемдесу; өзін өзі бақылау дағдыларын өңдеу; ерік жігер дағдыларын тәрбиелеу; білім алушының өзін-өзі жетілдіру мен көрсеткіштерді жоғарылатуға, алға қарай ұмтылуға ынталандыру;

3) қорытынды: сауықтыру жетістігіндегі нәтижелерін бекіту; денеге күш түсіретін жаттығулар санын ұлғайту; игерілген тәсіл арқылы (білім білікті қолдану) дене шынықтыру-сауықтыру әрекеттерін білім алушылардың өздігімен орындауға итермелеу; білім алушылардың сауығу тиімділік қарқынын бақылау.

20. Білім алушылардың дене даму деңгейін және ЕДШ динамикасының тиімділігі үшін мониторингті зерттеулер қолданылады: педагогикалық бақылау әдісі, тестілеу, медициналық бақылау. Педагогикалық бақылау курстың соңына дейін жүзеге асырылады. Бақылау барысында оқыту кезеңіндегі білім алушылардың меңгерген жеке қасиеттері, негізгі білім, білік және дағдылары ескеріледі. Бұл бақылау журналында тіркеліп, аурудың себептері айқындалады. Материалды қайталау және бекітуде бақылау түрлері қолданылады: ауызша жауап беру, жаттығу көрсету, үй тапсырмасын тексеру, ата-аналармен әңгімелесу, өзін бақылау және өзара бақылау жүзеге асырылады. Дене бітімін

дұрыс қалыпта ұстауына ықпал ететін бұлшықет корсетінің негізі болатын бұлшықет, иық бөлігі, іш, арқаның бұлшықеттерінің күші мен бел омыртқаның қозғалтқыштығын анықтау үшін жылына 3-4 рет жүргізілетін бақылау тесті дене дамуының динамикалық сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Медициналық бақылау білім алушылардың денсаулық деңгейі мен жақсару тиімділігін анықтайды. Медицина қызметкері жылына 2 рет бақылау жасап, ЕДШ мұғаліміне, ата-анаға, білім алушыларға кеңес береді.

21. Білім алушылар ағзасының функционалды күйіне бақылау және бағалау тестік жаттығуларды қолдану арқылы жүргізіледі:

1) жүрек қантамырлар жүйесінің функционалды күйі Мартинэ пробасы арқылы анықталады (20 рет отырып-тұру);

2) сыртқы тыныс алуын функционалды күйі спирометр арқылы анықталады;

3) бұлшықет жүйке жүйесінің күйін бағалау "көзін жұмып, қолын екі жаққа созып, бір аяқта тұру" кез келген қимыл тепе-теңдікті сақтамаудың белгісі. Тепе-теңдікті қанша уақытқа дейін сақтайтыны белгінеді;

4) бұлшықет күшін бағалау - кеудені бұғу арқа қалпында жатып 10 секунд ішінде аяғын жоғары көтеру санымен анықтайды. Тік көтерген аяқ 45 градустан еденге жеткізу;

5) бұлшықетті бағалау – кеудені бұғу "қолды алдыға қарай созып, ішпен жату" қалпындағы уақытымен анықталады. Қолы мен кеуде бөлігі кілемге тимейді ("Кеме" жаттығуы);

6) жоғары иық бөлігінің бұлшықет күші 10 секунд ішінде қолды бұғу арқылы анықталады;

7) жамбас буындары мен бел омыртқаларының қозғалмалылығын бағалау "еденде отырып, иық жалпақтығында аяқты қою" қалпында еңкейіп сантиметрмен анықтайды.

### **3-тарау. "Емдік дене шынықтыру" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Емдік дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

23. "Емдік дене шынықтыру" пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім "Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін пәннің маңызы";

2) 2-бөлім "Тыныс алу жаттығулары";

3) 3-бөлім "Қимыл-қозғалыс қызметінің бұзылыстарын түзету";

4) 4-бөлім "Тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар";

5) 5-бөлім "Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар";

6) 6-бөлім "Көру анализаторын машықтандыруға арналған жаттығулар";

7) 7-бөлім "Қимыл – қозғалыс ойындары".

24. "Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін пәннің маңызы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сабақтардағы техникалық қауіпсіздік ережелері;
- 2) гигиеналық күн тәртібі;
- 3) көрсеткіштері және қарсы көрсеткіштері;
- 4) жаттығуларды таңдау және іріктеудің негізгі принциптері.

25. "Тыныс алу жаттығулары" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) өкпенің сыйымдылығын жоғарлату жаттығулары;
- 2) тыныс алуын қайта қалпына келтіру жаттығулары.

26. "Қимыл-қозғалыс қызметінің бұзылыстарын түзету" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) майтабандылықты түзету және алдын алу;
- 2) жүру бұзылыстарын түзету;
- 3) дене бітіміндегі ауытқушылықты түзету.

27. "Тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) вестибулярлық аппаратты машықтандыру;
- 2) заттармен орындалатын жаттығулар;
- 3) гимнастикалық снарядтар арқылы жасалатын жаттығулар;
- 4) жұппен жаттығулар.

28. "Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бағдарлауды ерекшелеу біліктілігі мен дағдыларын бекіту;
- 2) әр түрлі спорттық ерекше қимыл-әрекеттерді орындау барысындағы дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту;
- 3) қозғалыс жаттығуларын орындауды жақсарту үшін, өзіндік және өзгелердің іскерліктерін бағалау.

29. "Көру анализаторын машықтандыруға арналған жаттығулар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) арақатынас сезімін машықтандыру;
- 2) зейінді дамытуға арналған жаттығулармен машықтандыру;
- 3) тепе-теңдікке арналған жаттығулармен машықтандыру;
- 4) үйлесімділікке арналған жаттығулармен машықтандыру;
- 5) босаңсытуға арналған жаттығулармен машықтандыру.

30. "Қимыл – қозғалыс ойындары" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тактильдік сезімталдықты дамыту;

- 2) дыбысқа бағдарлау қабілетін дамыту;
- 3) есту арқылы есте сақтауы мен зейінің дамыту және дәлділігі;
- 4) допты лақтыру қабілеттілігін дамыту.

31. 5-сыныпқа арналған "Емдік дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін пәннің маңызы: қауіпсіздік ережелері мен нормалары; дәрігерлік көмегіне дейінгі алғашқы көмек корсетудің нұсқаулығы; салауатты өмір салтының компоненттері; денені шынықтыру;

2) тыныс алу жаттығулары: тыныс-алудың кешіктірілуі: дем ұстап тұра алу; құрсақтық тыныс алу; кеуделік тыныс алу; толық тыныс алу;

3) қимыл-қозғалыс қызметінің бұзылыстарын түзету: тұру қалпында кешенді жаттығулар; отыру қалпынан жаттығулар; жату қалпынан жаттығулар; жүруп жаттығулар жасау;

4) тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар: жастықпен жаттығу; доппен жаттығу; таяқпен жаттығу; "Қарлығаш" жаттығуы; "Аяқтың ұшымен" жаттығуы; "Бордюр" жаттығуы;

5) кеністікті бағдарлау жаттығулары: өз денесіне қатысты алғанда кеңістікте бағдарлау; қозғалыстағы ептілік; іздену мақсатын орындауда бағдарларға сүйену; пункттен басқа пунктіге бірізділікпен бағдарлау; бір затты тұтастай бағдарлау; қимыл-қозғалысты өз бетімен дұрыс орындау;

6) көру анализаторын машықтандыруға арналған жаттығулар: "дистанция сақтау" жаттығулары; зейінді дамытуға арналған жаттығулар; тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар; қозғалыс үйлесімдігін арналған жаттығулар; сергіту жаттығуларды жасау;

7) қимыл – қозғалыс ойындары: тактильді сезімталдығын дамытатын жаттығулар; дыбысқа қарай бағдарлау; зейінді дамытуға арналған жаттығулар, есту зейінің және есте сақтауын дамытатын жаттығулар; допты лақтыру жаттығулары.

32. 6-сыныпқа арналған "Емдік дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін пәннің маңызы: қалыпты және қауіпсіздік ережесі жаттығу кезіндегі: травма кезіндегі алғашқы көмек; гигиеналық режим күні; диагноз және физикалық күш;

2) тыныс алу жаттығулары: құрсақтық тыныс алу; кеуделік тыныс алу; толықтай тынысалу; аралас тыныс алу;

3) қимыл-қозғалыс қызметінің бұзылыстарын түзету: табан мен тізе бұлшық еттері; тірек-қимыл аппараты; омыртқаның қозғалысы; дененің тік ұстау;



4) тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар: қозғалыс кезіндегі тепе-теңдікті сақтау; гимнастика жаттығуындағы тепе-теңдікті сақтау; сүйенудішектеу;

5) кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар: заттан қарай алғанда бағдарлау; бағдарларды іріктеп алуды үйрену; нақтылық, ептілік және бақылау;

6) көру анализаторын машықтандыруға арналған жаттығулар: жаттығу "сезім дистанциясы"; зейінді дамытуға арналған жаттығулар; тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар; координацияға арналған жаттығулар; сергітетін жаттығулар;

7) қимыл – қозғалыс ойындары: тактильді сезінуді дамытуға арналған жаттығулар; дыбысты бағдарлауға арналған жаттығулар; есту зейінің және есте сақтауын дамытатын жаттығулар; допты лақтыру, допты қағып алу жаттығулары.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

33. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодпен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 – "5" сынып, "2.1" - бөлім; "4" - оқу мақсатының реттік саны.

34. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін пәннің маңызы":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
1.1 Сабақтардағы техникалық қауіпсіздігі	5.1.1.1 қауіпсіздік ережелері мен нормаларын білу 5.1.1.2 алғашқы медициналық көмек көрсету инструкцияларын қолдану	6.1.1.1 тренажҰрмен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану 6.1.1.2 жарақат алған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсете алу
1.2 Гигиеналық күн тәртібі	5.1.2.1 салауатты өмір салтының компоненттерін білу 5.1.2.2 шынығуды және оның ағзаға маңызын білу	6.1.2.1 күн сайынғы гигиеналық шараларды ұстану 6.1.2.2 дене жаттығуларының гигиеналық, емдік маңызын түсіну
1.3 Көрсеткіштері және қарсы көрсеткіштері	5.1.3.1 дене шынықтыру жаттығуларын жасауға болмайтын сырқат түрлерін білу	6.1.3.1 емдік-шынықтыру сабақтарында өзінің диагнозымен жаттығу ауыртпалығының сәйкестігін түсіну
1.4 Жаттығуларды таңдау және іріктеудің негізгі принциптері	5.1.4.1 жаттығулардың орындау кезектілігін және оларды таңдаудағы жүйелігін білу 5.1.4.2 жаттығулардың денеге ауыртпалығын баяу жоғарлату	6.1.4.1 демалыс пен дене шынықтыру жаттығуларын кезектестіру 6.1.4.2 жаттығулардың физикалық ауыртпалығын баяу жоғарылата білу

2) 2-бөлім "Тыныс алу жаттығулары":

2 -кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Өкпенің сыйымдылығын жоғарлату жаттығулары	5.2.1.1 тыныс алу жаттығулары арқылы өкпе желденуін жақсарту 5.2.1.2 ауа шарын үрлеу 5.2.1.3 10-ға дейін санағанда демін ұстап тұра алу	6.2.1.1 тыныс алу жаттығуларын жүйелі түрде орындау 6.2.1.2 баяу және толық дем ала білу 6.2.1.3 ауыз және мұрын арқылы демалу және дем шығаруын жасай білу
2.2 Тыныс алуды қайта қалпына келтіру жаттығулары	5.2.2.1 құрсақтық тыныс алуды орындау 5.2.2.2 кеуделік тыныс алуды орындау 5.2.2.3 толық тыныс алуды орындау	6.2.2.1 ішкі органдар шынығатындай, диафрагманың белсенді қозғалысы арқылы терең дем ала білу

### 3) 3-бөлім "Қимыл-қозғалыс қызметі бұзылыстарын түзету":

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
3.1 Майтабандылықты түзету және алдын алу	5.3.1.1 табан мен тізені дұрыс уқалаудың дамуының маңызын түсіну 5.3.1.2 брусокта жүруін жаттықтыру	6.3.1.1 табан мен тізе бұлшықеттерінің қатаюына жаттығулар жасау 6.3.1.2 жеке және жұппен әртүрлі жерлерде жүру дағдыларын өз бетімен орындау
3.2 Жүру бұзылыстарын түзету	5.3.2.1 бұлшық еттердің орналасуын білу (омыртқа жотасының бұлшықет ерекшелігі) 5.3.2.2 тепе-теңдікті сақтауын дамыту 5.3.2.3 денсаулықты нығайту және физикалық дамуына әсер ету 5.3.2.4 қозғалыс сапасын жетілдіру	6.3.2.1 тірек қозғалыс аппаратын жаттығулармен және сақтаулы анализаторлар арқылы нығайту 6.3.2.2 омыртқа қозғалысын жақсартуға жаттығулар жасау 6.3.2.3 табиғи локомоцияларды жетілдіру (жүру, жүгіру)
3.3 Дене бітіміндегі ауытқушылықты түзету	5.3.3.1 кеуденің дұрыс емес қалпын түзету 5.3.3.2 кеуденің бұзылысын алдын ала ескерту 5.3.3.3 байланысқан-сіңірлік аппаратты және бұлшықеттік корсетті нығайту 5.3.3.4 қимыл – қозғалыс жағдайында кеуденің дұрыс қалпын сақтау	6.3.3.1 дене бітімін дұрыс ұстау қалпын қалыптастыру және бекіту 6.3.3.2 кеуде бұлшықеттеріндегі зат алмасу процестерін белсендіру 6.3.3.3 тірек-қозғалыс аппаратын нығайту

### 4) 4-бөлім "Тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар":

#### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
4.1 Вестибулярлық аппаратты машықтандыру	5.4.1.1 бағытты тез ауыстыра алу 5.4.1.2 жеңіл акробатикалық жаттығуларды орындау	6.4.1.1 кеңістікте бағдарлай алу 6.4.1.2 тыныштық жағдайда және қозғалыс кезінде үйлесімділікті сақтай білу
4.2 Заттармен орындалатын жаттығулар	5.4.2.1 басына зат қойып қозғалған кезде тепе-теңдікті сақтау 5.4.2.2 затты лақтырып және қағып ала білу	6.4.2.1 гимнастикалық жаттығулар кезінде координация мен тепе-теңдікті жетілдіру және түзету 6.4.2.2 әртүрлі қалыпта басына зат қойып тепе-теңдікті сақтау

4.3 Гимнастикалық снарядтар арқылы жасалатын жаттығулар	5.4.3.1 қозғалыс тепе-теңдігіне жаттығулар білу 5.4.3.2 гимнастикалық снарядарда тепе-теңдікті сақтай білу	6.4.3.1 белгілі бір сүйеніштерді қолдау жағдайында қалыпты сақтау 6.4.3.2 дұрыс жүріс пен дене бітімін дұрыс ұстауын таңдау
4.4 Жүппен жаттығулар	5.4.4.1 өзкімылынды күшіне, амплитудаға, уақытқа қарай жолдасынмен ақылдаса отырып өлшеп білу 5.4.4.2 күшке, төзімділікке, ептілікке жаттығулар білу	6.4.4.1 жүрек-қантамыр жүйесін нығайтуға арналған жаттығуларды орындау 6.4.4.2 физикалық күштің пайдасы туралы білу және жалпы нығайту жаттығуларын жұпта орындау 6.4.4.3 емдік-физикалық жаттығуларды жұпта жетілдіру

### 5) 5-бөлім "Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар":

#### 5- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
5.1 Бағдарлауды ерекшелеу біліктілігі мен дағдыларын бекіту	5.5.1.1 өз денесіне қарай кеңістікте бағдарлауды білу	6.5.1.1 айналадағы заттарға қарай өз денесін бағдарлай білу
5.2 Әр түрлі спорттық ерекше қимыл-әрекеттерді орындау барысындағы дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту	5.5.2.1 ЕМД және дене шынықтыру кабинеттің функционалдық аймағын білу 5.5.2.2 спорттық құрал-жабдықтар орналасуын білу 5.5.2.3 қозғалтқыш әрекеттерді епті орындау барысында, дәлдік пен жылдамдықтың ауысуды нығайтатынын түсіну	6.5.2.1 көру қабілеті қалыпты білім алушы немесе мұғалімнің көмегімен диагональ бойынша залда және залдың ішінде орын ауыстыру 6.5.2.2 емдік-сауықтыру жаттығуларын орындау барысында, құрал саймандарды қолдана білуі. 6.5.2.3 ептілікке арналған қозғалыстарды жұппен орындау (көзі көрмейтін, нашар көретін)
5.3 Қозғалыс жаттығуларын орындауды жақсарту үшін, өзінің және өзгелердің іскерліктерін бағалау	5.5.3.1 негізгі емдік-дене шынықтыру жаттығуларының негізгі түрлерін білу 5.5.3.2 топтағы кешенді жаттығулардың маңызын түсіну	6.5.3.1 сақталған анализаторлардың көмегімен өз бетімен жаттығуларды орындау 6.5.3.2 жаттығуларды орындау барысында қалыпты қадағалау

### б) 6-бөлім "Көру анализаторын машықтандыруға арналған жаттығулар":

#### 6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
6.1 Арақатынас сезімін машықтандыру	5.6.1.1 затқа дейінгі арақашықтықты анықтау 5.6.1.2 бастапқы орынға қайтып келу	6.6.1.1 затқа дейінгі арақашықтықты дыбыс арқылы анықтау 6.6.1.2 допты қарама-қарсы тұрған адамға және жоғарыға лақтыра алу
6.2 Зейінді дамытуға арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.2.1 бірнеше заттың ішінен артық/жетпеген затты анықтау 5.6.2.2 заттардың орналасуын есте сақтау	6.6.2.1 түстердің үйлесу кезектілігін анықтау 6.6.2.2 заттың көлемін анықтау
6.3 Тепе-теңдікке арналған	5.6.3.1 сызық бойымен аяқтың ұшымен және өкшесімен жүру барысында тепе-	6.6.3.1 допты гимнастикалық орындық бойымен жоғары лақтыра қозғалу

жаттығулармен машықтандыру	теңдікті ұстай алуы 5.6.3.2 әр түрлі бағытта шеңбер бойымен көзін жұмып жүру(нашар көретіндермен)	6.6.3.2 гимнастикалық орындық бойымен аяқтың ұшымен және өкшесімен жүру барысында тепе-теңдікті ұстай алуы
6.4 Үйлесімділікке арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.4.1 отыру қалпында сызылған сызық бойымен орын ауыстыру 5.6.4.2 басты айналдыру арқылы заттарға көзқарасын үйлестіру	6.6.4.1 сақталған анализатор арқылы басты бұру барысында көзқарасты тоқтата білу 6.6.4.2 бағытты жылдам ауыстыру барысында көзқарасты таяқтың бір ұшынан екінші ұшына ауыстыра алуы
6.5 Босаңсытуға арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.5.1 сақталған анализаторлардың көмегімен әр түрлі қашықтықта орналасқан заттарға көзқарасын үйлестіру 5.6.5.2 көз жұмуын орындау	6.6.5.1 максималды амплитуда мүмкіндігіне қарай көзді жоғары –төмен, оң-солға ауыстыруын орындау 6.6.5.2 алдымен көзбен бір жаққа, кейін басқа жаққа ақырын және баяу қозғалту

## 7) 7-бөлім "Қимыл -қозғалыс ойындары":

### 7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
7.1 Тактильдік сезімталдықты дамыту	5.7.1.1 қажетті затты таба білу 5.7.1.2 заттың көлемін анықтай білу 5.7.1.3 бірдей көлемдегі заттарды таба білу	6.7.1.1 фигураны тани алу 6.7.1.2 пластилиннен геометриялық фигураларды жапсыра алу 6.7.1.3 ұстап көргенде берілген затты анықтай алу
7.2 Дыбысқа бағдарлау қабілетін дамыту	5.7.2.1 дыбысына қарай бағдарлана білу 5.7.2.2 дыбыстың бағытын анықтау	6.7.2.1 дыбыстық сигналдар бойынша жүру 6.7.2.2 дыбыс бойынша жылдам бағыттарын өзгерте білу
7.3 Есту арқылы есте сақтауы мен зейінін дамыту және дәлділігі	5.7.3.1 дыбыс бойынша заттарды табуы анықтау 5.7.3.2 дыбыстық белгіге дейінгі ара қашықтықты есептей білу	6.7.3.1 берілген сөздердің орналасу реттілігін есте сақтау 6.7.3.2 артық сөзді таба алу
7.4 Допты лақтыру қабілеттілігін дамыту	5.7.4.1 допты лақтыру техникасын меңгеру 5.7.4.2 допты жоғарыға лақтыру техникасын жетілдіру 5.7.4.3 допты қағып алуын жетілдіру	6.7.4.1 допты щитке лақтыруды жетілдіру 6.7.4.2 дыбыс бойынша допты лақтыруды жетілдіру 6.7.4.3 допты берілген бағыт бойынша лақтыруды жетілдіру

35. Осы Бағдарлама көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Емдік дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

36. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-6 сыныптары үшін

"Емдік дене шынықтыру"  
пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Емдік дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырубойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Салауатты өмір салты үшін пәннің маңызы	1.1 Сабақтардағы техникалық қауіпсіздік ережелері	5.1.1.1 қауіпсіздік ережелері мен нормаларын білу 5.1.1.2 алғашқы медициналық көмек көрсету инструкцияларын қолдану
	1.2 Гигиеналық күн тәртібі	5.1.2.1 салауатты өмір салтының компоненттерін білу 5.1.2.2 шынығуды және оның ағзаға маңызын білу
	1.3 Көрсеткіштер және қарсы көрсеткіштер	5.1.3.1 дене шынықтыру жаттығуларын жасауға болмайтын сырқат түрлерін білу
	1.4 Жаттығуларды таңдау және іріктеудің негізгі принциптері	5.1.4.1 жаттығулардың орындау кезектілігін және оларды таңдаудағы жүйелігін білу 5.1.4.2 жаттығулардың денеге ауыртпалығын баяу жоғарлату
2. Тыныс алу жаттығулары	2.1 Өкпенің сыйымдылығын жоғарлату жаттығулары	5.2.1.1 тыныс алу жаттығулары арқылы өкпе желденуін жақсарту 5.2.1.2 ауа шарын үрлеу 5.2.1.3 10-ға дейін санағанда демін ұстап тұра алу
	2.2 Тыныс алуды қайта қалпына келтіру жаттығулары	5.2.2.1 құрсақтық тыныс алуды орындау 5.2.2.2 кеуделік тыныс алуды орындау 5.2.2.3 толық тыныс алуды орындау
2-тоқсан		
3. Қимыл-қозғалыс қызметі бұзылыстарын түзету	3.1 Майтабандылықты түзету және алдын алу	5.3.1.1 табан мен тізені дұрыс уқалаудың дамуының маңызын түсіну 5.3.1.2 брусокта жүруін жаттықтыру
	3.2 Жүру бұзылыстарын түзету	5.3.2.1 бұлшық еттердің орналасуын білу (омыртқа жотасының бұлшықет ерекшелігі) 5.3.2.2 тепе-теңдікті сақтауын дамыту 5.3.2.3 денсаулықты нығайту және физикалық дамуына әсер ету 5.3.2.4 қозғалыс сапасын жетілдіру
	3.3 Дене бітіміндегі ауытқушылықты түзету	5.3.3.1 кеуденің дұрыс емес қалпын түзету 5.3.3.2 кеуденің бұзылысын алдын ала ескерту 5.3.3.3 байланысқан-сіңірлік аппаратты және бұлшықеттік корсетті нығайту

		5.3.3.4 кимыл – қозғалыс жағдайында кеуденің дұрыс қалпын сақтау
4. Тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар	4.1 Вестибулярлық аппаратты жаттықтыру	5.4.1.1 бағытты тез ауыстыра алу 5.4.1.2 жеңіл акробатикалық жаттығуларды орындау
	4.2 Заттармен орындалатын жаттығулар	5.4.2.1 басына зат қойып қозғалған кезде тепе-теңдікті сақтау 5.4.2.2 затты лақтырып және қағып ала білу
	4.3 Гимнастикалық снарядтар арқылы жасалатын жаттығулар	5.4.3.1 қозғалыс тепе-теңдігіне жаттығулар білу 5.4.3.2 гимнастикалық снарядарда тепе-теңдікті сақтай білу
	4.4 Жүппен жаттығулар	5.4.3.1 қозғалыс тепе-теңдігіне жаттығулар білу 5.4.3.2 гимнастикалық снарядарда тепе-теңдікті сақтай білу
3-тоқсан		
5. Бағдарлауға арналған жаттығулар	5.1 Бағдарлауды ерекшелеу біліктілігі мен дағдыларын бекіту	5.5.1.1 өз денесіне қарай кеңістікте бағдарлауды білу
	5.2 Әр түрлі спорттық ерекше қимыл-әрекеттерді орындау барысындағы дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту	5.5.2.1 ЕМД және дене шынықтыру кабинеттің функционалдық аймағын білу 5.5.2.2 спорттық құрал-жабдықтар орналасуын білу 5.5.2.3 қозғалтқыш әрекеттерді епті орындау барысында, дәлдік пен жылдамдықтың ауысуды нығайтатынын түсіну
	5.3 Қозғалыс жаттығуларын орындауды жақсарту үшін, өзінің және өзгелердің іскерліктерін бағалау	5.5.3.1 негізгі емдік-дене шынықтыру жаттығуларының негізгі түрлерін білу 5.5.3.2 топтағы кешенді жаттығулардың маңызын түсіну
6. Көру анализаторын жаттықтыруға арналған жаттығулар	6.1 Арақатынас сезімін машықтандыру	5.6.1.1 затқа дейінгі арақашықтықты анықтау 5.6.1.2 бастапқы орынға қайтып келу
	6.2 Зейінді дамытуға арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.2.1 бірнеше заттың ішінен артық/жетпеген затты анықтау 5.6.2.2 заттардың орналасуын есте сақтау
	6.3 Тепе-теңдікке арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.3.1 сызық бойымен аяқтың ұшымен және өкшесімен жүру барысында тепе-теңдікті ұстай алуы 5.6.3.2 әр түрлі бағытта шеңбер бойымен көзін жұмып жүру (нашар көретіндермен)
	6.4 Үйлесімділікке арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.4.1 отыру қалпында сызылған сызық бойымен орын ауыстыру 5.6.4.2 басты айналдыру арқылы заттарға көзқарасын үйлестіру
	6.5 Босаңсытуға арналған жаттығулармен машықтандыру	5.6.5.1 сақталған анализаторлардың көмегімен әр түрлі қашықтықта орналасқан заттарға көзқарасын үйлестіру 5.6.5.2 көз жұмуын орындау
4-тоқсан		

7.Қимыл ойындары	-қозғалыс	7.1 Тактильдік сезімталдықты дамыту	5.7.1.1 қажетті затты таба білу 5.7.1.2 заттың көлемін анықтай білу 5.7.1.3 бірдей көлемдегі заттарды таба білу
		7.2 Дыбысқа бағдарлау қабілетін дамыту	5.7.2.1 дыбысына қарай бағдарлана білу 5.7.2.2 дыбыстың бағытын анықтау
		7.3 Есту арқылы есте сақтауы мен зейінін дамыту және дәлділігі	5.7.3.1 дыбыс бойынша заттарды табуды анықтау 5.7.3.2 дыбыстық белгіге дейінгі ара қашықтықты есептей білу
		7.4 Допты лақтыру қабілеттілігін дамыту	5.7.4.1 допты лақтыру техникасын меңгеру 5.7.4.2 допты жоғарыға лақтыру техникасын жетілдіру 5.7.4.3 допты қағып алуын жетілдіру

## 2) 6-сынып:

### 2- кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Салауатты өмір салты үшін пәннің маңызы	1.1 Сабақтардағы техникалық қауіпсіздік ережелері	6.1.1.1 тренажҰрмен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану 6.1.1.2 жарақат алған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету
	1.2 Гигиеналық күн тәртібі	6.1.2.1 күн сайынғы гигиеналық шараларды ұстану 6.1.2.2 дене жаттығуларының гигиеналық, емдік маңызын түсіну
	1.3 Көрсеткіштер және қарсы көрсеткіштер	6.1.3.1 емдік-шынықтыру сабақтарында өзінің диагнозымен жаттығу ауыртпалығының сәйкестігін түсіну
	1.4 Жаттығуларды таңдау және іріктеудің негізгі принциптері	6.1.4.1 демалыс пен дене шынықтыру жаттығуларын кезектестіру 6.1.4.2 жаттығулардың физикалық ауыртпалығын баяу жоғарылата білу
2. Тыныс алу жаттығулары	2.1 Өкпенің сыйымдылығын жоғарлату жаттығулары	6.2.1.1 тыныс алу жаттығуларын жүйелі түрде орындау 6.2.1.2 баяу және толық дем ала білу 6.2.1.3 ауыз және мұрын арқылы демалу және дем шығаруын жасай білу
	2.2 Тыныс алуды қайта қалпына келтіру жаттығулары	6.2.2.1 ішкі органдар шынығатындай, диафрагманың белсенді қозғалысы арқылы терең дем ала білу
2-тоқсан		
3. Қимыл-қозғалыс қызметі бұзылыстарын түзету	3.1 Майтабандылықты түзету және алдын алу	6.3.1.1 табан мен тізе бұлшықеттерінің қатаюына жаттығулар жасау 6.3.1.2 жеке және жұппен әртүрлі жерлерде жүру дағдыларын өз бетімен орындау
	3.2 Жүру бұзылыстарын түзету	6.3.2.1 тірек қозғалыс аппаратын жаттығулармен және сақтаулы анализаторлар

		арқылы нығайту 6.3.2.2 омыртқа қозғалысын жақсартуға жаттығулар жасау 6.3.2.3 табиғи локомоцияларды жетілдіру (жүру, жүгіру)
	3.3 Дене бітіміндегі ауытқушылықты түзету	6.3.3.1 дене бітімін дұрыс ұстау қалпын қалыптастыру және бекіту 6.3.3.2 кеуде бұлшықеттеріндегі зат алмасу процестерін белсендіру 6.3.3.3 тірек-қозғалыс аппаратын нығайту
4. Тепе-теңдік пен үйлесімділік сезімін дамытуға арналған жаттығулар	4.1 Вестибулярлық аппаратты машықтандыру	6.4.1.1 кеңістікте бағдарлай алу 6.4.1.2 тыныштық жағдайда және қозғалыс кезінде үйлесімділікті сақтай білу
	4.2 Заттармен орындалатын жаттығулар	6.4.2.1 гимнастикалық жаттығулар кезінде координация мен тепе-теңдікті жетілдіру және түзету 6.4.2.2 әртүрлі қалыпта басына зат қойып тепе-теңдікті сақтау
	4.3 Гимнастикалық снарядтар арқылы жасалатын жаттығулар	6.4.3.1 белгілі бір сүйеніштерді қолдау жағдайында қалыпты сақтау 6.4.3.2 дұрыс жүріс пен дене бітімін дұрыс ұстауын таңдау
	4.4 Жұппен жаттығулар	6.4.4.1 жүрек-қантамыр жүйесін нығайтуға арналған жаттығуларды орындау 6.4.4.2 физикалық күштің пайдасы туралы білу және жалпы нығайту жаттығуларын жұпта орындау 6.4.4.3 емдік-физикалық жаттығуларды жұпта жетілдіру
3-тоқсан		
5. Кеңістікте бағдарлауға арналған жаттығулар	5.1 Бағдарлауды ерекшелеу біліктілігі мен дағдыларын бекіту	6.5.1.1 айналадағы заттарға қарай өз денесін бағдарлай білу 6.5.2.1 көру қабілеті қалыпты білім алушы немесе мұғалімнің көмегімен диагональ бойынша залда және залдың ішінде орын ауыстыру 6.5.2.2 емдік-сауықтыру жаттығуларын орындау барысында, құрал саймандарды қолдана білуі. 6.5.2.3 ептілікке арналған қозғалыстарды жұппен орындау(көзі көрмейтін, нашар көретін)
	5.2 Әр түрлі спорттық ерекше қимыл-әрекеттерді орындау барысындағы дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту	6.5.3.1 сақталған анализаторлардың көмегімен өз бетімен жаттығуларды орындау 6.5.3.2 жаттығуларды орындау барысында қалыпты қадағалау
	5.3 Қозғалыс жаттығуларын орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің іскерліктерін бағалау	
6. Көру анализаторын машықтандыруға арналған жаттығулар	6.1 Арақатынас сезімін машықтандыру	6.6.1.1 затқа дейінгі арақашықтықты дыбыс арқылы анықтау 6.6.1.2 допты қарама-қарсы тұрған адамға және жоғарыға лақтыра алу



	6.2 Зейінді дамытуға арналған жаттығулармен машықтандыру	6.6.2.1 түстердің үйлесу кезектілігін анықтау 6.6.2.2 заттың көлемін анықтау
	6.3 Тепе-теңдікке арналған жаттығулармен машықтандыру	6.6.3.1 допты гимнастикалық орындық бойымен жоғары лақтыра қозғалу 6.6.3.2 гимнастикалық орындық бойымен аяқтың ұшымен және өкшесімен жүру барысында тепе-теңдікті ұстай алуы
	6.4 Үйлесімділікке арналған жаттығулармен машықтандыру	6.6.4.1 сақталған анализатор арқылы басты бұру барысында көзқарасты тоқтата білу 6.6.4.2 бағытты жылдам ауыстыру барысында көзқарасты таяқтың бір ұшынан екінші ұшына ауыстыра алуы
	6.5 Босаңсытуға арналған жаттығулармен машықтандыру	6.6.5.1 максималды амплитуда мүмкіндігіне қарай көзді жоғары –төмен, оң-солға ауыстыруын орындау 6.6.5.2 алдымен көзбен бір жаққа, кейін басқа жаққа ақырын және баяу қозғалту
4-тоқсан		
7. Қимыл -қозғалыс ойындары	7.1 Тактильдік сезімталдықты дамыту	6.7.1.1 фигураны тани алу 6.7.1.2 пластилиннен геометриялық фигураларды жапсыра алу 6.7.1.3 ұстап көргенде берілген затты анықтай алу
	7.2 Дыбысқа бағдарлау қабілетін дамыту	6.7.2.1 дыбыстық сигналдар бойынша жүру 6.7.2.2 дыбыс бойынша жылдам бағыттарын өзгерте білу
	7.3 Есту арқылы есте сақтауы мен зейінін дамыту және дәлділігі	6.7.3.1 берілген сөздердің орналасу реттілігін есте сақтау 6.7.3.2 артық сөзді таба алу
	7.4 Допты лақтыру қабілеттілігін дамыту	6.7.4.1 допты щитке лақтыруды жетілдіру 6.7.4.2 дыбыс бойынша допты лақтыруды жетілдіру 6.7.4.3 допты берілген бағыт бойынша лақтыруды жетілдіру

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 40-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 480-қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білімалушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер**

**1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білімалушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу**

бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - көзбен қабылданатын түсініктер қорын әрі қарай қалыптастыру және байыту, таным процестерін дамыта отырып, сенсорлы және көру арқылы қабылдау бұзылыстарының орнын толықтыру, түзету амалдарын қолдану арқылы қалыпты сақталған талдағыштардың көмегімен көру арқылы зерттеу дағдыларын жетілдіру.

3. Бағдарлама келесі түзету міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған:

1) заманауи технологияларды қолдана отырып көру қабілеті зақымдалған білім алушылардың көру біліктілігі мен дағдысын дамытуға ынтасын қалыптастыру;

2) көру қабілетін дамыту және сақтау мүмкіндігі туралы білімдерін кеңейту;

3) жалпы оқыту құзыреттілігін дамыту және әлеуметтік бейімделуінеат салыстыру.

4) көру қабілеті мен көрнекі-бейнелі ойлауды дамыту;

5) көру, есту, тактильді және басқа функцияларға сүйеніп қозғалыстарды қабылдаудың әдістрі мен тәсілдерін қалыптастыру;

6) көру талдағышты дамытудың және сақтаудың гигиеналық дағдаларын меңгерту;

7) өз денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту, кеңістік бағдарлауды жетілдіру;

8) өз білімін жетілдіруге мотивациясын қалыптастыру, кемістігін компенсациялау жолдарын табу;

9) көру түсініктер қорын қалыптастыру мен кеңейту және оларды айқындау.

4. Бағдарлама концентрлік тәсілмен құрылған, яғни бір оқу материалы келесі сыныптарда қайталанады, онда білім беру мазмұны кеңейтіліп, күрделеніп, оның жеке элементтері тереңдетіледі және нақтыландырылады.

**2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Көру қабілеті бұзылған тұлғаларды оқыту құндылықты-бағдарлы, тұлғалық-бағдарлы, әрекеттік, дифференциалды және коммуникативтік ықпал негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың құндылықты-бағдарлы тәсілі - нақты құндылықтар негізінде оқу қызметтерін ұйымдастыру және орындау, алған білімдерінің нәтижесін қолдану: өзінің өмір қауіпсіздігіне жауаптылығын, денсаулығына, отбасына, өміріне, табиғатқа, жалпы адаммен қарым-қатынас құндылығын, мейірімділік және шынайылықты түсіну. Бұл құндылықтар жеке тұлға мотивациясының негізгі факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекетін жетілдіреді. Орта білім берудегі құндылықтардың идеялық негізі – "Мәңгілік ел" ұлттық идея болып табылады.

Орта білім беру құндылықтары: "қазақстандық патриотизм" мен "азаматтық жауапкершілік", "құрметтеу", "ынтымақтастық", "еңбек және шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" болып айқындалған.

7. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл. Тұлғалық-бағдарлаудың мақсаты оқыту процесінің дараландыру, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, "Қалдық көру мүшесі мен көзбен қабылдауды қорғау және дамыту" сабақтарында психикалық және денедамуының, жеке ерекшеліктерін, мінез-құлық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын есепке ала отырып, тұлғаның шығармашылық қабілетінің толықтай ашылуы және әлеуметтік-маңызды тұлғалық сапасын тәрбиелеу (белсенділік, мақсатқа жетудегі табандылық, ұқыптылық, батылдық, мәмлегершілдік, сыпайылық), эмоциялық-ерік аясын түзеу болып табылады.

8. Әрекеттік тәсіл келесі біліктіліктерді қамтиды:

1) өз оқуының мақсаттарын өз-бетінші белгілеу және оларға жету жолдарын жоспарлау;

2) өз алдына жаңа мақсаттарды қою және оларды шешуде тиімді жолдарды табу;

3) мотив пен қызығуларды дамыту;

4) өз әрекеттерін жоспарлаған нәтижелермен сәйкестендіру;

5) нәтижеге қол жеткізу барысында өз іс-әрекетін бақылау, жағдаяттың бағдарлау мен ұтқырлыққа байланысты өзгеруіне қарай өз әрекеттерін коррекциялау, оқу міндеттерін дұрыс орындалуын бағалау, өз мүмкіндіктерін бағалау.

6) ұғымды анықтауға, жалпылауды және нұсқаулықтарды құруға, топтастыруға, топтастыру үшін өзбетінше критерилер мен негіздемелер таңдау, себеп-салдар байланыстарын құру, логикалық ой-пікір жасап, қортындылау (нұсқаулықтар бойынша индуктивті, дедуктивті), сұрақтар қою және нәтиже шығару; сұрақ қойып, қорытынды жасау; әртүрлі қиын маршрутты құрастыруда және оқу және танымдық міндеттерді шешу үшін, модельдер мен схемаларды түрлендіру, жасап шығару, қолдану.

9. Дифференциалды тәсіл білім алушының жас ерекшелігіне, психикалық, дене дамуына, офтальмологиялық аспектісіне, көру қабілетінің мүмкіндігіне, ауытқушылықтардың сәйкестігіне қарай әртүрлі топ білім алушылары үшін мамандандырылған оқу процесі болып табылады. Көру қабілетін есепке ала отырып және қосымша дефектілеріне қарай мынандай топтарға бөлінеді:

1) мүлдем көрмейтін және жақсы көретін көзінде көзілдірік түзеуімен көру өткірлігі 0-ден 0,04 дейін жартылай көретін білім алушылар, бұл білім алушылар болар-болмас қалдық көру қабілеті бар немесе мүлдем еш нәрсе көре алмайды

2) жақсы көретін көзінде көзілдірік түзеуімен көру өткірлігі 0,05-ден 0,09 дейін жартылай көретін білім алушылар. Әдетте, бұл білім алушыларда көру функцияларының күрделі бұзылыстар байқалады: көру өткірлігінің төмендеуімен қатар кейбіреулерінде көру аймағының тарылуы, стереоскоптік көруінің бұзылуы жиі кездеседі.

10. Дифференциалды тәсіл қоршаған ортада көру мүмкіндігіне және бағдарлану деңгейіне қарай білім алушылармен жұмыс жасаудың арнайы формалары мен жұмыс әдістерін, түпнұсқа оқулығын, көрнекі оқу құралдарын, тифлотехниканы қолдануды талап етеді, сонымен қатар, сыныптық білім алушылармен толымдылығын азайтуды және жеке-топтық оқыту әдістемелерін қамтиды.

11. Дифференциалды оқыту жұмысын ұйымдастыруда қойылатын талап бұл мұғалімнің көмегімен, танымдық қызықшылық пен күрделілігіне қарай деңгейленіп берілген тапсырмалар қолдану болып табылады.

12. Оқытудың коммуникативтік тәсілі - бұл екі немесе бірнеше адамның тілдік қарым-қатынас процесінде білім, білік, дағдыларымен алмасу, ақпарат беру және хабарлау. Мұғалім мен білім алушы арасында оқу іскерлік пен бірлескен әрекетті ұйымдастыру біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар оқу процесіне енгізіледі: топта және жеке жұмыс жасау: позициялардың келісуімен және өзара қызығушылықтарын есепке ала отырып ортақ бір шешім табуға және шиленіскен жағдайда жеткізбеу; тұжырымдап, дәлелдеп және өз пікірін айту; өз қажеттіліктері мен ой-пікірлерін, сезімдерін білдіру үшін саналы түрде ауызекі сөйлеу тәсілдерін пайдалану; өз әрекеттерін жоспарлау және басшылық жасау.

13. Ақпараттық –коммуникациялық технологияларды пайдалану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі базалық ақпараттық-коммуникациялық дағдыларда құрылады және білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынаста технологияларды сенімді және шығармашылықпен қолдануды қамтиды;

2) ақпаратты-коммуникациялық технологияларды және GPS навигациясын, мультимедиялық ресурстарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, интерактивті тақтаны, тифлокешенді қолдану оқу процесін, жаңғыртуға және жандандыруға, сонымен бірге білім алушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа ықпал етеді;

3) мұғалім және басқа білім алушылармен қарым-қатынас жасауға, ақпаратпен бөлісуге, өңдеуге, ізденіске және міндетті түрде Интернет-ресурстарды, ұялы байланысты, онлайн форумды пайдаланады.

14. Қалдық көруін сақтау және көру арқылы қабылдауын дамыту кабинетінде келесі құрал-жабдықтар:

1) бір топшаға кіретін білім алушылардың санына сәйкес үстелдер;

2) көрнекі құралдар, оқу материалдар және әдістемелік әдебиеттерге арналған шкафтар;

3) машықтандыруға арналған аппарат;

4) офтальмологиялық вакуумды массаж аппарат (бұдан әрі - ОВМА);

5) макулостимулятор КЭМ-ЦТ (түрлі-түсті үстемелер);

6) көру қабілетін ынталандыру арналған бағдарламалар енгізілген дербес компьютер;

7) түзету жұмыстары үшін медициналық жабдықтар;

8) жарық беретін приборлар, люксметр;

9) синоптофор;

10) иллюстрациялық және үлестірмелі (шынайы заттардың мүсіндері, мозайка, ойындар, тақырыптық иллюстрациялық материалдар, мультимедия курсы, құрастырғыштар, түсті фломастерлер, қарындаштар, маркерлер, перфокарталар, танграммы) бөлшектелген суреттербар.

15. Білім алушылардың жетістігін бағалау дамудың табысты мониторингі негізінде, сапалы-сипатты, эмоционалды тұрғыда жүргізіледі.

16. Бағдарламаны оқытудың нәтижесі үш деңгейде қадағаланады және сипаттау тәсіліне ие:

1) меңгеруге ұмтылу;

2) көмекпен меңгереді (ересектің, құрдасының);

3) жетекші құзіреттіліктер бойынша өз бетінше меңгереді.

**3-тарау. "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

17. "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

18. "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім "Диагностика";

2) 2-бөлім "Көру қабілетін сақтау";

3) 3-бөлім "Сенсорлық эталондарды қалыптастыру";

4) 4-бөлім "Көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту";

- 5) 5-бөлім "Көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту";
- 6) 6-бөлім "Қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту";
- 7) 7-бөлім "Сюжеттік бейнені қабылдау";
- 8) 8-бөлім "Кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау";
- 9) 9-бөлім "Көркемдік қабылдауын дамыту";
- 10) 10-бөлім "Салауатты өмірдің негізі мен алғашқы медициналық көмек көрсету мен медициналық білімнің негізі".

19. "Диагностика" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) көру қабілетін сақтау туралы білім алушылардың білімдерін айқындау.

20. "Көру қабілетін сақтау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) көру анализаторларының мәні;

2) көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалту қауіп-қатерінің факторлары;

3) түзету оптикалық құралдарды күту (көз әйнек, лупа, линза);

4) көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы);

5) көру қабілетін сақтау үшін күш түсіру тәртібін сақтау.

21. "Сенсорлық эталонды қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қосымша және негізгі түстерді сараптау және сәйкестендіру;

2) түстерді араластыру;

3) түсті бояу тақтайшасы (қарама-қарсы түстер. Түстердің сәйкестенуі (ашық түс), ахроматтық кесінге салу кезіндегі негізгі түстердің белгісі);

4) көлемді заттар мен негізгі жалпақ фигураларды тану және ата;

5) әртүрлі амалдармен көлемі бойынша сәйкестендіру.

22. "Көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) үлкен кеңістіктегі қашықтықты бағалау;

2) кеңістікте заттардың өзара орналасуын бағалау;

3) кеңістік қатынасты анықтау.

23. "Көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) көздің бақылау қызметін дамыту;

2) қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

24. "Қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) бақылау арқылы талдауын дамыту;

2) нұсқалы және толтырылған бейне.

25. "Сюжеттік бейнені қабылдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) заттық картинаны қабылдау.

26. "Кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ауқымды кеңістіктің бинокулярды емес белгілері;

2) жабық және ашық кеңістіктегі объектілердің өзара орналасуы мен ара қашықтығын анықтау;

3) кеңістік жағдайларды құрастыру, жазықтықта бейнесін моделдеу, осы жағдайды бейнелеуші құралдармен күрделендіре отырып салу.

27. "Көркемдік қабылдауын дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) өнердің негізгі түрлері;

2) декоративті қолданбалы өнер.

28. "Салауатты өмірдің негізі. Алғашқы медициналық көмек көрсету мен медициналық білімнің негізі" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) салауатты өмір салты туралы;

2) алғашқы медициналық көмек және оны көрсетудің ережесі;

3) алғашқы медициналық көмек көрсетудің құралы;

4) адам ағзасының жарақат алу түрлеріне сипаттама.

29. 5-сыныпқа арналған "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) диагностика: көру қабілетін сақтаудың мәні; білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау;

2) көру қабілетін сақтау: көру анализаторлары, көру қабілетінің нашарлаудың және жоғалтудың қаупі факторлары; көз гимнастикасы; оптикалық түзеу құралдарын күту (көзілдірік, лупалар, линзалар); көздің шаршағанын басу амалдары; аккомодацияға жаттығулар, әйнектегі белгімен жаттығулар; көру аймағы ұғымы (жанынан көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы), көру өрісін анықтайтын құрал – периметр; келбетті пішіннің көруді сақтауға әсері; дене шынықтыру режимі;

3) сенсорлық эталонды қалыптастыру: негізгі түстерді, спектр түстерін ажырату және үйлестіру; жақын түстер қатарынан қажетті түсті айырып алу; түстер реңкілерін қабылдау және ажырату, оларды басқалар қатарынан және күрделі түстер гаммасынан ажыратып алу; түстің қанықтығы бойынша түстер қатарын белгілеу; түсті төмен контраст түстер арасында қабылдау; дистантты қабылдау; түстердің араласып кетуі; түстердің палитрасы (қарама-қарсы түстер, түстердің үйлесуі, суық және жылы рендер) және негізгі түстердің ахроматикалық түріне салудағы белгілері; негізгі жазық фигуралар мен көлемді денелерді тану және атау; геометриялық формаларын полисенсорлық қабылдау;

ұқсас фигуларды ажырату; түрлі конфигурациялық формаларда және кеңістікте әр түрлі орналасқан сенсорных эталондарды қабылдау; геометриялық формалармен праксис (көлемді геометриялық денелерді, үлгі, сызба, сыртқы контуры, қиялбойынша заттардықұрастыру;заттарды шамасына қарай әр түрлі амалдармен салыстыру; шамаларды қашықтан ажырату; шамадағы айырмашылықтардың біртіндеп азаюы бойынша шамаларды реттеу; кеңістікте әр түрлі орналасқан күрделі формаларды шамалары бойынша салыстыру; шамалардың контрастысы; шамалардың үйлесімдігіне жаттығулар;

4) көру арқылы кеңістікті қабылдау мен есте сақтауын дамыту: ауқымды кеңістікте қашықтықты бағалау; кеңістіктегі заттардың өзара орналасуын бағалау; кеңістіктік қатынастарды белгілеу;

5) көру мен моториканың үйлесімділігін дамыту: нақты үйлесімді сыртқы практикалық әрекеттердің дамыту; көздің бақылау қозғалыс функциясын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

6) қабылдаудың толық және тұтастығын дамыту:көлемді моделді қабылдау; ішкі суреті бар объектінің контурын қабылдау; силуэты берілген бейнені қабылдау; толықтай салынбаған бейнені қабылдау; дұрыс салынбаған суретті қабылдау; суретті дұрыс қалыпқа келтіру; бейнені анықсыз перцептивті аясынан ажыратып алу; сызба түрінде берілген суретті қабылдау;

7) сюжеттік бейнені қабылдау: сюжеттік суретті құрастырудың кезеңдері; заттық суретті қабылдау; субъектті суретті қабылдау; сюжетті суреттер сериясын қабылдау;суреттерді қабылдауда айырмашылықтарды іздеу;

8) кең (ауқымды) кеңістікті қабылдау: ауқымды кеңістіктің бинокулярды емес белгілерін талдау: жабық және ашық кеңістіктегі объектілердің өзара орналасуы мен ара қашықтығын анықтау жаттығулары; кеңістік жағдайларды құрастыру; жазықтықта бейнесін моделдеу; бейнелеуші құралдарды біртіндеп күрделендіре отырып кеңістіктік жағдаятты салу; кеңістік ауқымын стереоскоптық қабылдау; ауа және линиялық перспектива түсініктері; қабылдау қашықтықты ұзара отырып, объектілердің өзара орналасу қашықтықты анықтау практикумы;

9) көркемдік қабылдауын дамыту: өнердің негіздерімен танысу;өнердің негізгі түрлері туралы түсінік;көркем шығармаларды талдау; декоративті қолданбалы өнер;

10) салауатты өмірдің негізі. Алғашқы медициналық көмек көрсету мен медициналық білімнің негізі: салауатты өмір салты туралы; зиян келтіретін жағымсыз қылықтарды алдын алу; алғашқы медициналық көмек және оны көрсетудің ережесі жалпы адам денсаулығына ықпалын білу; алғашқы



медициналық көмек көрсетудің құралы; адам ағзасының жарақат алу түрлерінің сипаттамасы.

30. 6-сыныпқа арналған "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) диагностика: көру қабілетін сақтаудың мәні; білім алушылардың көру түйсігінің даму деңгейін бағалау;

2) көру қабілетін сақтау: көру талдағышы; көру талдағыштың бұзылыстарын компенсациялаудың жолдары; көру талдағыштың жұмыс төзімділігін сақтауға; көрудің шаршап қалуды алдын алуға бағытталған жаттығулар; көру қабілетінің төмендеуі мен жоғалтудың қауіпті факторлары; өзіне және өз деңсаулығына жауапкершілік деңгейі; түзету оптикалық құралдарды (көз әйнек, лупа, линза) күту ережелері; көру аймағы (шеттен көру, орталық көру, көру аймағының тарылуы) туралы түсініктер; көру қабілетін сақтау үшін күш түсіру тәртібін сақтау; бұлшық етті нығайту үшін сергіту сәттері;

3) сенсорлық эталонды қалыптастыру: негізі түстер және спектр түстері; түстер гаммасы; негізгі үш спектрдің ауданында (қызыл, көк, жасыл) дифференциалдық сезімталдығын дамыту; түстерді араластыру арқылы түстің жаңа реңін алу; оюларды құрастыру және бояу; көру эталондармен еркін операцияларды жасау жаттығулар; "Жануарлар", "Құстар", "Балықтар", "Жәндіктер" тақырыптар бойынша көру түсініктер; жайлы көріністерін нақтылау және қалыптастыру; түстердің үйлесуі; түстердің палитрасы (қарама-қарсы түстер, түстердің үйлесуі, суық және жылы реңдер); түстердің ахроматикалық түріне салудағы белгілері; негізгі жалпақ фигуралар мен көлемді денелер; объектінің жалпақ мен көлемді бейнелерін сәйкестендіру, салыстыру; елістеу арқылы заттарды биіктігі бойынша салыстыру; графикалық диктанттар; көптеген заттардың арасынан берілген мөлшері бойынша қажетті затты ажырату (қабылданатын заттардың санын біртіндеп арттыру; қабылдау заттарға қашықтықты ұзарту арқылы); биіктігі/ауқымы мөлшерлері бойынша заттарды олар жайлы түсініктерімен сәйкестендіру) стереоскоптық көру қабілетін жаттықтыру); қоршаған ортадағы объектілерді олар туралы қалыптасқан түсініктермен сәйкестендіру;

--	---	--	---	--	--

## 12) 12-бөлім "Медициналық көмек":

### 12- кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
12.1 Алғашқы медициналық көмек	5.12.1.1 аптеканың, емхананың, диспансердің, аурухананың мән-мағынасын түсіну; дәрігердің медбикенің, регистратордың, фармацевтің, кіші мед қызметкерлердің қызметтері жайлы білу 5.12.1.2 үйде сақтайтын дәрі қорабының негізгі құрамын білу:	6.12.1.1 дәрігерді үйге шақыру, жедел жәрдемді шақырту жағдайында әрекет жасаудың алгоритмін білу 6.12.1.2 суық тиюді, алдын алу және болдырмау және алдын алу дағдыларын меңгеру (маска кию, жылы киіну, қолды жуып жүру) 6.12.1.3 үйдегі дәрі қорабына кіретін медициналық құралдарын пайдалану ережелерін	7.12.1.1 вирустік, инфекциялық және көз ауруларының профилактикасын жасау дағдыларын меңгеру; оларды алдын алу іс-шараларын білу 7.12.1.2 дәрі-дәрмек, дәрумендер түрлерін тану (сыртқы дәрілер, ішке қабылданатын дәрілер), оларды үде сақтау шарттарын білу; дәрілердің сақталу мерзімдерін	8.12.1.1 сәтсіз оқиға жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын игеру: жараны емдеу, жараға таңғыш тарту, көзді шаю; жүрек ұстап қалу және гипертониялық күрт асқыну жағдайында "Жедел жәрдем" келгенше көмек көрсету ережелерін білу; алғашқы медициналық	9.12.1.1 ішек аурулары мен ауа-тамшы инфекциялық жұқпа аурулардың көзі туралы білу, жеке тазалықты сақтап жүруді дағдыландыру	10.12.1.1 ауруға шалдығып қалу жағдайында жұмыстан уақытша босатылу шарттарын және еңбекке уақытша жарамсыз қағазыналу тәртібін білу (аурып қалу жағдайында немесе ауру адамды күтуге байланысты) 10.12.1.1 ауру адамға күтім жасай алу: оған тамақ беру, киіндіру, қызуын өлшеу,

дезинфекциялық құралдар, таңу материалдар, термометер, қыша қағаздар, тамызғыш, қысқыш	іс-жүзінде қолдана білу (жараны емдеу, сөйлейтін термометрді қолдану)	анықтап алуды білу; 7.12.1.3 үйдегі дәрі қорабын құрайтын дәрілерді пайдалану нұсқауларын қолдана білу	көмек көрсету кезінде жинақы болу, байқағыштық және қырағылық таныту 8.12.1.2 дәрігерді үйге шақырту, дәрігермен сөйлесе білу	шөптер тұнбасын демдеу, қыша қағаздарын салу
--	---	--	---	--

44. Осы Бағдарлама көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

45. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-10 сыныптары үшін  
"Әлеуметтік-тұрмыстық  
бағдарлау" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-СЫНЫП:

1- кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Жеке тазалық	1.1 Жеткіншектердің жеке гигиенасы	5.1.1.1 таңғы және кешкі дәрет алудың дағдыларын меңгеру (жуыну, сүрту, шаш тарау, тіс жуу), 5.1.1.2 жеке гигиеналық заттарын қолдана білу (тіс жуу щеткасын, сабынды, тарақты, кол орамалын, бет орамалын) 5.1.1.3 кол-аяқты жуған кезде әрекеттерді дұрыс ретімен орындай білу, тырнақ алу (қолға сипап сезудің негізгі құралы ретінде қарап, ұқыпты күту) 5.1.1.4 көзілдірікті дұрыс пайдалана білу, оны тағудың қажеттілігін

		түсіну, көзге арналған қарапайым гимнастикасын жасап жүру
	1.2 Гендерлік тәрбие	5.1.2.1 қыздардың және ұлдардың анатомиялық, физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін түсіну; тазалық процедураларын дұрыс орындау
	1.3 Салауатты болуға үйрен	5.1.3.1 ағзаға пайдалы жағымды нәрселер туралы білу, деңсаулықтың достарын тану (күн шуағы, таза су, рационалды тамақтану, дене шынықтыру жаттығулары, терең ұйқы) 5.1.3.2 темекі тартудың зияны жайында білу; бірінші рет ұсынылатын темекіден, ішімдіктен ерікті бас тартып, қатаң қарсылық айту
2. Киім және аяқ киім	2.1 Сән және стиль	5.2.1.1 қазақ ұлттық киімнің тарихын білу 5.2.1.2 киімді және аяқ киімді олардың мән-мағынасына қарай ажырату; киімді аяқ киімді және бас киімді маусымға лайық таңдау 5.2.1.3 өз бетінше киіну және шешіну, киімнің оң және теріс жағын ажырату, киім-кешекті ұқымты бүктеп, шкафқа қаттап жинау
	2.2 Киімнің және аяқ киімнің күнделікті күтімі	5.2.2.1 сипап сезу мен иіс сезу арқылы киімнің, аяқ киімнің тазалығын анықтау 5.2.2.2 ұсақ-түйек киімдерді өз бетінше қолмен жуу; үтікті пайдалану, киімді құрғату, кептіру, бүктеу 5.2.2.3 киімді тазалау және жууға және аяқ киімді тазалауға арналған құралдары туралы білу (иіс сезу қабілетін қолдану) 5.2.2.4 киімнің ұсақ жөндеу түрлері жайлы түсініктерді игеру (түймелер, ілгектер мен ілмектерді тігудің түрлі амалдарын білу) 5.2.2.5 кескіш және шанышқылы аспап-саймандарын, электр қыздырғыш және тұрмыстық химиялық құралдарын қолдануда санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын білу
2-тоқсан		
3. Тұрғын үй	3.1 Тұрғын үйдің түрлері және олардың интерьері	5.3.1.1 тұрғын үй түрлерін білу, ажырату және ауызша сипаттау 5.3.1.2 мектептің негізгі бөлімдері мен бөлмелері жайлы ақпаратты жалпылау, мектеп бөлмелердің біреуіне презентация жасау 5.3.1.3 "интерьер" ұғымын білу
	3.2 Үйдің тазалығын сақтау	5.3.2.1 мектеп бөлмелерін, пәтерді жинап, тазалаудың қарапайым дағдыларын игеру, қол асты материалдарын пайдалану (сыпырғыш, швабра, шүберектер) 5.3.2.2 тазартқыш пен жұғыш құралдарын қолдануда санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын білу 5.3.2.3 шаңсорғыштың ішкі құрылысы мен қолдану ережелерін білу, қауіпсіздік техникасын сақтау 5.3.2.4 бөлме гүлдері жайлы хабардар болу, олардың маңызын түсіну және үйге қоюға болатын орны мен санын білу
4. Қазақстандық отбасы	4.1 Отбасылық қарым-қатынастар	5.4.1.1 отбасының құрамын, ата-анасының аты-жөнін, олардың жұмыс орнын білу, туыстық қатынастар жайлы білу (ана, әке, аға, бауыр, әпке, сіңлі, қарындас), жақын туысқандар жайлы білу (тате, аға, нағашы, жиен); отбасындағы қарым-қатынастар туралы білу
	4.2 Бос уақытты ұйымдастыру амалдары, отбасылық дәстүрлер	5.4.2.1 ұлттық салтарын және мерекелерді атап өтудің дәстүрлерін және олардың мағынасын білу (Құрбан байрам, Ораза-Айт, Пасха, Масленица)
	4.3 Отбасы бюджеті	5.4.3.1 Қазақстан Республикасындағы ақша белгілерін, ақша қағаздары мен тиындарды таныту 5.4.3.2 сипап сезіп және көріп қабылдау арқылы ақша банкноттарының



		және тиындарының құнын анықтау
5.Сауда	5.1 Сауда мекемелері, олардың мәні мен мағынасы	5.5.1.1 дүкендердің негізгі түрлерін тану (азық-түлік дүкені, шаруашылық, кітап дүкені) және олардың мән-мағынасын түсіну 5.5.1.2 сауда қызметкерлердің мамандықтарын білу: сатушы-консультант, кассир, бақылаушы 5.5.1.3 азық-түлік дүкендердің мағынасын, олардың бөлімдері және сататын өнімдерін білу 5.5.1.3 тауар түрлерін тану: өлшеніп оралған, өлшенетін, құйылып өлшенетін; 5.5.1.4 өнемнің сапасын оның сыртқы көрінісінен, иісінен анықтай алу, сипап біліп алу 5.5.1.5 сауда аясында көп қолданатын сөздердің мағынасын білу (касса, чек, сатып алу, сату, тауар қаптамасы ) 5.5.1.6 қарапайым заттарды сатып алу, төлем жасау, чекті және қайтарылған ақшаны
3-тоқсан		
6.Байланыс құралдары	6.1 Байланыс түрлері, олардың мағынасы	5.6.1.1 телефон түрлерін тану (үй, ұялы, қосымша дыбыстық қызметімен жабдықталған, анықтаушы қызметі бар, автожауап қызметімен жабдықталған, факс) 5.6.1.2 үй телефондары мен ұялы телефон нөмірлерін, ата-анасының және жедел қызметтердің телефон нөмірлерін білу 5.6.1.3 үй, ұялы телефондарын пайдалана алу, телефон әңгімесін тындау, телефонмен ақырын микрофонға бағытталып –сөйлеу 5.6.1.4 телефонмен әңгімелесу кезде сөйлеудің мәдениетін сақтау
7. Тұрмыстық мекемелер	7.1 Тұрмыстық мекемелер және олардың міндеттері	5.7.1.1 тұрмыстық мекемелер түрлерін тану, олардың мән-мағынасын түсіну, көрсететін міндеттерін білу 5.7.1.2 тұрмыстық мекемелердегі қызметкерлердің мамандықтарын, орналасу жерлерін ажырата білу
8. Көлік	8.1 Көлік түрлері, олардың маңызы мен міндеттері	5.8.1.1 қалалық көліктің негізгі түрлерін тану (автобус, маршруттық такси, троллейбус, трамвай, метро) 5.8.1.2 қалалық көліктердің нақты түрін сипаттау, билеттерді алу тәртібін білу 5.8.1.3 қалалық көлікпен жүргенде тиімді, ұтымды маршруттарды тандай білу 5.8.1.4 жол ережелерін сақтау, жол белгілерін ажырата білу
9.Ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың құқықтары мен міндеттері	9.1 Нормативті құжаттар	5.9.1.1 "Қазақстан Республикасының Конституциясы" заңының бала құқығы мен міндеттері туралы баптарын білу
	9.2 Әлеуметтік мекемелер	5.9.2.1 Қазақстандық зағип жандар қоғамының құрылу тарихын білу
4-тоқсан		
10. Мінез-құлық мәдениеті	10.1 Жалпы мәдени күзиреттіліктер	5.10.1.1 құрдас-құрбылармен, ересектермен (таныс және бейтаныс) әр түрлі жағдайда кездесуде және қоштасуда өзін-өзі дұрыс ұстау 5.10.1.2 этикет ережелерін білу: қонақта болған кезде, қонақ күту кезінде
	10.2 Мүсіннің дұрыс қалпысы	5.10.2.1 отыру және түрегеп тұру кезде мүсіннің дұрыс қалпысын сақтау және соны қадағалау
11. Тамақтану	11.1 Азық-түлік өнімдердің түр-	5.11.1.1 азық-түліктің негізгі түрлерін тану 5.11.1.2 азық-түлікті топтастыру (көкөністер, жемістер, ет, сүт, ұн

	түрлігі және олардың маңызы	өнімдері), дәміне, иісіне, сырт бейнесіне, консистенциясына қарай анықтау; 5.11.1.3 азық-түлікті сақтаудың санитарлық-гигиеналық талаптарын білу (нан салғышта, шкафта, тоңазытқышта)
	11.2 Асүйлік жабдықтары, ыдыс аяқ және ас ішу аспаптары	5.11.2.1 тамақ дайындау жабдықтарын, асүйлік аспаптарын және тамақ әзірлеу орындарын білу 5.11.2.2 таңғы ас дастарханын дайындауға қажетті құрал-жабдықтарды пайдалану 5.11.2.3 тамақ ішу кезінде ыдыстарды және асүйлік аспаптарын пайдалану, ыдыс-аяқ жуу және ас үйді жинау тәртібі мен ережелерін қолдану
	11.3 Тамақ дайындау	5.11.3.1 жай және күрделі бутербродтардың ингредиенттерін және дайындау тәртібі мен амалдарын білу 5.11.3.2 жаңа піскен және қайнатылған көкөністерден жасалынған салаттардың ингредиенттерін және дайындау тәртібі мен амалдарын білу 5.11.3.3 тамақ әзірлеуде гигиеналық талаптарды орындау 5.11.3.4 пышақты дұрыс қолдану, онымен нан, ірімшікті кесу, шикі және піскен көкөністерді тұрау (текше пішінді, ұзынша таяқшалар секілді), кескіш аспаптарын қолдануда қауіпсіз техникасын қатан түрде сақтау
12. Медициналық көмек	12.1 Алғашқы медициналық көмек	5.12.1.1 аптеканың, емхананың, диспансердің, аурухананың мән-мағынасын түсіну; дәрігердің, медбикенің, регистратордың, фармацевтің, кіші мед қызметкерлердің қызметтері жайлы білу 5.12.1.2 үйде сақтайтын дәрі қорабының негізгі құрамын білу: дезинфекциялық құралдар, таңу материалдар, термометер, қыша қағаздар, тамызғыш, қысқыш

## 2) 6-сынып:

### 2- кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Жеке тазалық	1.1 Жеткіншектердің жеке гигиенасы	6.1.1.1 жеке тазалық сақтаудың маңыздылығын түсіну, денесіне күтім жасай білу, ағзаны шынықтыру, қолдары мен аяқтарын сумен ысқылаудың әдістерін білу 6.1.1.2 таңертен және кешке тазалық процедурасын жасай білу 6.1.1.3 бас жууда қауіпсіздік ережелерін сақтай білу; шаштың типіне қарай жуу құралдарын дұрыс таңдай білу 6.1.1.4 шаштың сәнді, жинақы калпын сақтау 6.1.1.5 жұмыс орнына жарық түсуді дұрыстау; кітап қойғышты қолдану; қара пастамен жазу; көзге салынатын күштің режимін сақтау
	1.2 Гендерлік тәрбие	6.1.2.1 ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтау, дұрыс танысу, өзара қатынас жасау дағдыларын меңгеру (ұнату, көңіл білдіру, достасу, сүйу)
	1.3 Салауатты болуға үйрен	6.1.3.1 адам өмірі мен тіршілігі үшін деңсаулықтың маңыздылығын сезіну 6.1.3.2 темекі тартудың темекі тартышының өзіне және айналадағыларға тигізетін зиянын түсіну;

		6.1.3.3 ішімдіктің ағзаға келтіретін зияны жайлы білу, әр алкогольдік рөмкенің адам ағзасы үшін ұлы зат екенін түсіну, маскүнемдіктің әлеуметтік салдарын түсіну
2. Киім және аяқ киім	2.1 Сән және стиль	6.2.1.1 киімді топқа, түрлерге бөліп ажырату, киімді оның сипатына тану және атау 6.2.1.2 жағдайға байланысты киім комплектісін құрастыру
	2.2 Киімнің және аяқ киімнің күнделікті күтімі	6.2.2.1 өз киімі мен аяқ киімін таза және ұқыпты қалпында сақтау 6.2.2.2 мақта-матадан және жасанды маталардан тігілген киімді жуудың ережелерін білу, кірді қолмен жуу, көретін көмекшінің жәрдемін пайдалана кір жуғыш машинамен жуу, кірді үтіктеу, кір жуатын машинаның режимдерін білу 6.2.2.3 кір киімді кір жуатын қызмет орнына дайындау мен тапсырудың ережелерін білу; кір жуу қызметін пайдалана білу 6.2.2.4 түйме тігу үшін инені, жіпті және инеге жипті сабақтағышты қолдана алу, киімнің сөгілген тігісін тігу; көйлек, белдемшенің етегін қайырып тігу 6.2.2.5 сырт киім мен аяқ киімді дұрыс күтіп қарау 6.2.2.6 кескіш және шанышқылы аспап-саймандарын, электр қыздырғыш және тұрмыстық химиялық құралдарын қолданудың санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын білу
2-тоқсан		
3. Тұрғын үй	3.1 Тұрғын үйдің түрлері және олардың интерьері	6.3.1.1 өз пәтеріндегі және мектеп ішіндегі бөлмелердің атауын, мағынасын, орналасқан жерін білу; арнайы бағдарлау аспабында өзінің тұрғын үйін моделін жасау 6.3.1.2 пәтерде, мектепте жиһаздарды орналастыру ережелерін білу (бөлменің мөлшеріне, ауқымына мағынасына қарау, басқа жиһаздың болуын ескерту)
	3.2 Үйдің тазалығын сақтау	6.3.2.1 сақталынған анализаторлар арқылы үйдің шашылып жатқанын білу 6.3.2.2 шаңсорғышты пайдаланып, бөлмені, үйді күнделікті жинаудың және жуып тазалаудың алгоритмін орындай білу 6.3.2.3 тұрғын бөлмелерге қойылатын гигиеналық талаптарды іс жүзінде орындау (ауасын желдету режимі, қажетті температурасын сақтау, жарық түсу ережелерін, шаңды сүртіп жүру) 6.3.2.4 бөлме гүлдерін күтіп қарау
4. Қазақстандық отбасы	4.1 Отбасылық қарым-қатынастар	6.4.1.1 ата-анасының, жақын туыстарының жұмыс істейтін орны мен лауазымы, жұмыстарының мән-мағынасы жайлы айтып, түсіндіре алу 6.4.1.2 отбасындағы өз міндеттері мен құқықтарын білу
	4.2 Бос уақытты ұйымдастыру амалдары, отбасылық дәстүрлер	6.4.2.1 Наурыз, Жаңа жыл, мейрамдарын тойлау дәстүрлерін, отбасылық мерекелерін, туған күн, мерей тойларын, үйленудің салт-дәстүрлерін білу 6.4.2.2 мерекелерді ұйымдастыруда қазақтың ұлттық салттарын, дәстүрлерін қолдану
	4.3 Отбасы бюджеті	6.4.3.1 сақталынған анализаторларды пайдаланып, халықаралық валютаны ажырата білу және валютаның теңгеге қатысты бағамын анықтау, түсіну
5. Сауда	5.1 Сауда мекемелері,	6.5.1.1 дүкендердің негізгі түрлерін білу (супермаркет,

	олардың мәні мен мағынасы	гипермаркет, шағынмаркет) олардың мән-мағынасын түсіну 6.5.1.2 негізгі сауда секциялары мен бөлімдерін білу (киім, аяқ киім, парфюмерия) 6.5.1.3 өнімнің сақтау мерзімдерін білу, өзіне-өзі қызмет жасауды ұсынатын дүкеннің ішіндегі стелаждардың арналу мағынасын ажырата алу, қажетті тауарды сипап сезу арқылы таба білу, супермаркетте консультанттың көмегімен, алгоритмдар бойынша түрлі тауарларды сатып алу; сауда қызметкерлермен өзін мәдениетті ұстау
3-тоқсан		
6. Байланыс құралдары	6.1 Байланыс түрлері, олардың мағынасы	6.6.1.1 байланыстың негізгі түрлерін білу (пошта, телефон, калааралық, ұялы, компьютерлік, спутниктік байланыс) 6.6.1.2 төтенше жағдайда жедел қызметке телефон арқылы хабарласу (өрт сөндіру, құтқару, полиция, жедел жәрдем және газ қызметі) 6.6.1.3 жедел қызметке хабарласқан себебін айтып түсіндіру 6.6.1.4 әлеуметтік желілерін, электронды поштаны қолдана білу; әлеуметтік желілері мен электронды поштаны дұрыс және қауіпсіз пайдаланудың ережелерін білу, компьютерлік алаяқтардан сақтану; "Виртуалды алаяқты қалай тануға болады" тренингі
7. Тұрмыстық мекемелер	7.1 Тұрмыстық мекемелер және олардың міндеттері	6.7.1.1 химиялық тазарту мекемесінің жұмыс жүйесін білу 6.7.1.2 кірленіп қалған заттарды химиялық тазарту қызметіне тапсыруға дайындау және тазартуға тапсырыс беру 6.7.1.3 тапсырысты жасауға және қабылдауға жауапты менеджермен дұрыс сөйлесудің дағдыларын игеру
8. Көлік	8.1. Көлік түрлері, олардың маңызы мен міндеттері	6.8.1.1 адамның тіршілік әрекетінде көліктің маңыздылығын түсіну; көліктерді топтастыру (өзен көлігі, теңіз, темір жол көлігі, жер үсті, жер асты, әуе, жолаушы, жүк көлігі) 6.8.1.2 жол жүру ережелерін түсіну және оларды ұстану, макет жасап, көше құрылыстардың үлгілерін құрастыру және одан қауіпсіз жүру тактикасын таңдап, көрсету
9. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың құқықтары мен міндеттері	9.1. Нормативті құжаттар 9.2. Әлеуметтік мекемелер	6.9.1.1 адам тұлғасын құндылық деп қарастыратын бала құқығы туралы "БҰҰ Конвенциясында" жеткіншектерге берілген құқықтарын ұғыну 6.9.2.1 Қазақстандық зағип жандар қоғамының мақсат-міндеттерін, маңызын түсіну, оған мүше болып кірудің ережелерін білу
4-тоқсан		
10. Мінез-құлық мәдениеті	10.1 Жалпы мәдени құзіреттіліктер 10.2 Мүсіннің дұрыс қалпысы	6.10.1.1 кездесу мен қоштасу кезінде мәдени мінез-құлықты көрсете білу, оның негізгі нормаларын меңгеру 6.10.1.2 ересек адамдармен, құрдастармен әдепті сөйлесу; қазақи атауларды қолдану 6.10.1.3 ересектермен сөйлесе білу, қажет болған жағдайда егде жастағы адамдарға, қозғалыс қиындықтары бар мүгедектерге, зағиптарға көлікте, көшеде көмек көрсету 6.10.2.1 мүсіннің дұрыс қалпысын үнемі бақылап жүру, таянатын таяқты дұрыс ұстау және дұрыс ұстап жүру
11. Тамақтану	11.1 Азық-түлік өнімдердің түр-	6.11.1.1 тамақтың құрамы туралы хабардар болу (ақуыз, көмірсулар, майлар, дәрумендер) және оның адам өмірі үшін

	түрлігіжәне олардың маңызы	маңыздылығын түсіну 6.11.1.2 күнделікті таңғы, түскі, кешкіасқа берілетіннегізгі тағамтүрлерін, олардың атауларын тану; 6.11.1.3 тоңазытқышта және тоңазытқышсыз азық-түлікті сақтау ережелерін және сақтау мерзімдерінбілу
	11.2 Асүйлік жабдықтары, ыдыс аяқ және ас ішу аспаптары	6.11.2.1 асүйде қолданылатын электр құралдарын (қысқа толқынды пеш, жылдам қайнататын кәстрөл, мульти пысырғыш, электрлік плита) , газ плитасын тану; олардың қолдану ережелерін білу және сол құралдардың ішінде тамақты қалай дайындауға болатынын түсіну 6.11.2.2 дастархан басында отырудың, тамақ ішудің ережелерін сақтау және өзіне-өзі қызмет жасау дағдыларын меңгеру (дастархан жайып, дайындау, оны жинау, ыдыстарды жуу) 6.11.2.3 ас үйдің ыдыс-аяғын және асүйлік жабдықтарын жууға арналған тазалағыш және жуғыш құралдарын таңдай білу 6.11.2.4 кешкі ас дастарханын дайындау
	11.3 Тамақ дайындау	6.11.3.1 картоптан, жұмыртқадан, жармадан жасалған тағамдардың қалай дайындалатынын білу (картоп езбесі, омлет, ботқа), ыстық ішімдіктердің маңызын түсіну (шай, кофе, какао) 6.11.3.2 қызатын аспатарды пайдалана білу; қауіпсіз ережелерін сақтап, ботқаны суға, сүтке пісіру, мульти пісіргіштің ішінде дайындау; картоп қайнатып, пісіру, одан езбе жасау; жұмыртқаны пісіру, қуыру, омлет жасау; шай демдеу 6.11.3.3 сүттен жасалған өнімдер түрлерін тану, олардың тағамдылық құндылығы жайлы білу 6.11.3.4 қазақ тағамдарын-ашымал сүт өнімдерін (қымыс, шубат, айран)- қонақтарға ұсынып, беруді білу
12. Медициналық көмек	12.1 Алғашқы медициналық көмек	6.12.1.1 дәрігерді үйге шақыру, жедел жәрдемді шақырту жағдайында әрекет жасаудың алгоритмін білу 6.12.1.2 суық тиюді, тұмаумен ауруды болдырмау және алдын алу дағдыларын меңгеру (маска кию, жылы киіну, қолды жуып жүру) 6.12.1.3 үйдегі дәрі қорабына кіретін медициналық құралдарынапайдалану ережелерін іс-жүзінде қолдана білу (жараны емдеу, сөйлейтін термометрді қолдану)

### 3) 7-сынып:

#### 3- кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Жеке тазалық	1.1 Жеткіншектердің жеке гигиенасы	7.1.1.1 қыздың, ұлдың жеке гигиена ережелерін, косметикалық салфеткалар түрлерін білу, шашқа, бетке күтім жасай білу 7.1.1.2 шаштың, терінің типін анықтау, денеге, шашқа жағатын косметикалық сұйықтар мен қоспаларды, сабынды таңдай білу, шашқа және бетке күтім жасау 7.1.1.3 денешынықтыру сабақтарынд және түрлі сапарға шыққан кезінде жеке тазалықты сақтау 7.1.1.4 қайызғаққа , шаштың түсуіне қарсы құралдарды білу, оларды дұрыс таңдай және пайдалана білу; 7.1.1.5 жеке тазалық заттар арқылы көшетін ауруларды білу, үстел

		шамын орнату және жұмыс орнына жарық түсу, көзге арналған жаттығуларды жасай білу
	1.2 Гендерлік тәрбие	7.1.2.1 ағзаның жыныстық жетілу кезінде болатын өзгерістер туралы білу (тершендік, безеу бөртпесі, жеккіштер терінің аурулары, қыздардың етеккір күндері мен ұлдардағы поллюция кезеңдері) 7.1.2.2 етеккір және поллюция кезінде гигиеналық талаптарын білу; етеккір циклінде тазалықты ұстау, етеккір циклінің күнтізбесін жүргізу; іш киімді, шұлықтарды күнделікті жуу
	1.3 Салауатты болуға үйрен	7.1.3.1 рационалды тамақтанудың, дене шынықтыру жаттығулардың, күн тәртібін сақтаудың ағзаға беретін пайдасын айтып түсіндіре алу, 7.1.3.2 есіртке мен ұландырғыш заттардың зияны жайлы білу, есірткені татып көру ұсынысынан қатаң түрде бас тартып, ерік күшін таныту
2. Киім және аяқ киім	2.1 Сән және стиль	7.2.1.1 өз стилін табу, достардың стильдерін анықтау 7.2.1.2 сәнді киім шығаратын мамандарын білу (модельерлер, киім дизайнерлері, стильшілер, кутюрье және олардың брендтері)
	2.2 Киімнің және аяқ киімнің күнделікті күтімі	7.2.2.1 киім мен аяқ киімнің таза және ұқыпты қалпын сақтаудың маңыздылығын түсіну 7.2.2.2 тоқыма және синтетикалық материалдан тігілген киімді жуу, кептіру және үтіктеу; кір жууға арналған құралдарын таңдай білу (қолмен және кір жуғыш машинамен) 7.2.2.3 өзіне-өзі қызмет жасау арқылы кір жууға арналған бөлмені пайдалану; кір жуғыш машинасын практикада қолдана алу; кір жуғыш машинаның режим қосу батырмаларын тактильді ажырата
2-тоқсан		
3. Тұрғын үй	3.1 Тұрғын үйдің түрлері және олардың интерьері	7.3.1.1 жиһаздарды орын-орынға орналастыра білу, интерьер компоненттерін таңдай білу (макетте көрсету) 7.3.1.2 ұлттық тұрғын үй түрлерін білу, қазақтың киіз үйі туралы хабардар болу (киіз үйдің ішкі жасалуын, бұйымдарын білу)
	3.2 Үйдің тазалығын сақтау	7.3.2.1 еденнің және жиһаздың жасалыңған материалын сезіп, ажырату және анықтау (еденге қатысты - линолеум, ламинат, паркет; жиһаз – жұмсақ, жылтыратылған) 7.3.2.2 еденді және жиһазды олардың жасалыңған материалына қарай тазалаудың, күтім жасаудың ережелерін білу және оларды практикада қолдану 7.3.2.3 еден мен жиһазға күтім көрсетіп, тазалауға арналған тұрмыстық химиялық құралдарын, құрал-саймандарын қолдану 7.3.2.4 тапсырмаларды белгілі ретімен орындай білу, өзі орындаған жұмыстың нәтижелерін объективті бағалай алу; жуу, тазалау кезінде офтальмологиялық-гигиеналық талаптарды орындау
4. Қазақстандық отбасы	4.1 Отбасылық қарым-қатынастар	7.4.1.1 отбасындағы қарым-қатынастың моральдық-этикалық нормаларын ұстау (ата-аналарға, аталарымен апаларына құрмет көрсету); отбасының мұқтаж мүшесіне көңіл бөлу, қолдау көрсету, көмектесу 7.4.1.2 отбасының әр мүшесінің құқықтарын сақтау және отбасы мүшелер арасында үй шаруасын жүргізу міндеттерін рационалды түрде бөлу
	4.2 Бос уақытты	7.4.2.1 отбасылық дәстүрлердің маңызын, олардың отбасылық

	ұйымдастыру амалдары, отбасылық дәстүрлер	қарым-қатынастардың күшеюіне қатысты және түрлі жастағы буындардың өзара түсінушілігін артуға жағдай жасау үшін аса маңызды болуын түсіну
	4.3 Отбасы бюджеті	7.4.3.1 "Отбасы бюджеті" түсінігін ұғыну 7.4.3.2 табыстың түрлі қаражат көздері туралы түсіну (жалақы, зейнетақы, балаларға берілетін жәрдемақы) 7.4.3.3 отбасы бөджетін есепке алып, бір күнде (бір аптада, екі аптада) кететін шығымдарды жоспарлау
5. Сауда	5.1 Сауда мекемелері, олардың мәні мен мағынасы	7.5.1.1 керек дүкенді таба білу, дүкеннің ішінде дұрыс бағдар ұстап, қажет бөлімін тауып алу, керекті затты сатып алу 7.5.1.2 жиірек қажет болатын тауарлардың бағаларын білу (киім, аяқ киім, ыдыс және басқа көп қолданылатын тауарлар) 7.5.1.3 ақша банкноттарын айыра білу және зат сатып алу 7.5.1.4 дүкеннің ішінде өзін-өзі дұрыс ұстаудың тактикасын таңдай білу (кезекте тұрған кезде, төлеу кезде)
3-тоқсан		
6. Байланыс құралдары	6.1 Байланыс түрлері, олардың мағынасы	7.6.1.1 пошта қызметін түсіну; пошта корреспонденцияның түрлерін тану (хат, ашық хат, тапсырыс хат, бағалы хат, ескерту хат, хабарландыру) 7.6.1.2 поштаға экскурсия; пошта бөлімінің орналасу жерін білу; поштаның қажетті қызмет түрін таңдау, өтіні білдіре алу 7.6.1.3 белгілі мерекеге арналған ашық хатты таңдау және сатып алу 7.6.1.4 телефонмен сөйлесуде, "жанды қарым-қатынас" кезде, әлеуметтік желілер арқылы байланысуда өзін дұрыс ұстау
7. Тұрмыстық мекемелер	7.1 Тұрмыстық мекемелер және олардың міндеттері	7.7.1.1 киімді және аяқ киімді жөндеу қызметінің жұмыс жүйесін білу 7.7.1.2 сақталған анализаторлар арқылы киімнің, аяқ киімнің бүлінген жерін тауып, сипатын анықтау 7.7.1.3 тапсырысты дұрыс беру, орындалған жұмыстың сапасын бағалау, әдепті түрде наразылық білдіру
8. Көлік	8.1 Көлік түрлері, олардың маңызы мен міндеттері	7.8.1.1 есту және көру анализаторларды пайдалану арқылы көліктің түрлерін анықтау және сипаттау 7.8.1.2 қоғамдық көлікпен жүрудің ережелерін сақтау (көлікке отыру, салонда жүру, көліктен көшеге шығу); мүгедектерге арналған орындардың орналасуын білу, жол ақысын төлеу және салон ішіндегі жүріс-тұрыс нормаларын сақтау және таяқты қоюдың орнын табу, көлік ішінде, көшеде тазалық сақтау
9. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың құқықтары мен міндеттері	9.1 Нормативті құжаттар	7.9.1.1 Қазақстан Республикасы "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңның құзіреттіліктерін меңгеру
	9.2 Әлеуметтік мекемелер	7.9.2.1 Қазақстандық зағип жандар қоғамына кіретін мүшелердің құқықтары мен міндеттерін білу
4-тоқсан		
10. Мінез-құлық мәдениеті	10.1. Жалпы мәдени құзіреттіліктер	7.10.1.1 құрдастары мен ересек адамдармен сөйлесу кезінде әдептілік пен сыпайылық сақтау; этикетті сөлеудің және жалпы жүріп тұрудың міндетті ережесі ретінде қабылдау және оны білу 7.10.1.2 қоғамдық орындарда жүрудің, өзін-өзі ұстаудың, ережелерін білу (театрда, мұражайда, клубта, сеанс кезінде, антракт кезде) 7.10.1.3 жағдаятқа байланысты қарым-қатынастың түрлі тәсілдерін

		қолдана білу 7.10.1.4 сыйлық таңдай білу; қарапайым сувенир- сыйлықтарды жасау, сыйлақ беру және қабылдау
	10.2. Мүсіннің дұрыс қалпысы	7.10.2.1 мүсінді тік ұстаудың маңыздылығын түсіну (үстелдің басында дұрыс отыру, салфетканы қолдана білу, әдепті де әдемі тамақ ішу)
11.Тамақтану	11.1 Азық-түлік өнімдердің түр-түрлігі және олардың маңызы	7.11.1.1 азық-түлік әртүрлілігі туралы білу және олардың адам өмірі үшін маңыздылығын түсіну 7.11.1.2 азық-түлікті оның құрамына кіретін ақуыз, көмірсулар, майлар, дәрумендер, минералды заттектер бойынша ажырату 7.11.1.3 азық-түліктің адамның деңсаулығы үшін маңыздылығын айтып түсіндіру 7.11.1.4 көшпелі тұрмыс жағдайында қазақтар азық-түлігін қалай сақтағанын түсіну презентация: "Атамның ауылына қонаққа бару" презентациясы
	11.2 Асүйлік жабдықтары, ыдыс аяқ және ас ішу аспаптары	7.11.2.1 асүйлік заттарын, ыдыстарын, асүйлік аспаптарын олардың сипаттамалары бойынша танып, көрсету және атау, сипап сезу және көру арқылы танып айту 7.11.2.2 ас үйде қолданылатын механикалық және электр құралдарын (ет тұрағыш, көкөніс тұрағыш, миксер) 7.11.2.3 өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетік меңгеру (дастарханды дайындау және жинау, ыдыстарды жуу, тазалағыш заттарды қолдану) 7.11.2.3 түскі ас дастарханын дайындауға қажетті құрал-жабдықтарды қолдана білу
	11.3Тамақ дайындау	7.11.3.1 бірінші берілетін, екінші берілетін тағамдарды білу және олардың маңыздылығын түсіну; элект және кескіш аспаптармен жұмыс жасаудың қауіпсіз техникасын білу және қолдану 7.11.3.2 бірінші түрлі тағамды (көже, сорпа түрлерін) және екінші түрлі тағамдарды(гарнир, рагу) қол жетімді бағамен сатылатын азық-түліктен дайын рецепт бойынша дайындау (баспа әріптермен жазылған нұсқауларды қолдану) 7.11.3.3 түрлі меню бойынша дастархан әзірлеу
12. Медициналық көмек	12.1 Алғашқы медициналық көмек	7.12.1.1 вирустік, инфекциялық және көз ауруларының профилактикасын жасау дағдыларын меңгеру; оларды алдын алу іс-шараларын білу 7.12.1.2 дәрі-дәремек, дәрумендер түрлерін тану (сыртқы дәрілер, ішке қабылданатын дәрілер), оларды үде сақтау шарттарын білу; дәрілердің сақталу мерзімдерін анықтап алуды білу; 7.12.1.3 үйдегі дәрі қорабын құрайтын дәрілерді пайдалану нұсқауларынқолдана білу

#### 4) 8-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Жеке тазалық	1.1 Жеткіншектердің жеке гигиенасы	8.1.1.1 аяқ-қолдың беттің, мойынның терісіне дұрыс күтімжасау, косметиканы шамалап қолдану 8.1.1.2 косметикалық құралдардың түр-түрін тану, олардыңқолдану



		<p>ерекшеліктерін білу, безеуге қарсы құралдарды, қабынуды басатын косметикалық маскаларын таңдай білу</p> <p>8.1.1.3 тырнақтың тазалығын, сәнін сақтау, маникюр және педикюр жасау, шаштаразға, маникюр және педикюр шеберінебару</p> <p>8.1.1.4 депиляция жасау әдістері мен ережелерін білу</p> <p>8.1.1.5 теледидарларды қарау кезінде дұрыс отыру және оларды көруге бөлінген уақытыттан ауытқымау; бинокльді, монокльді пайдалана білу, оптикалық түзету құралдарын (көзілдірікті, лупаларды, линзаларды) сақтап, күту, көз бұлшық еттерін нығайту гимнастикасын жасау</p>
	1.2 Гендерлік тәрбие	8.1.2.1 сөз аурулар және олардың ағзаға зиянды ықпалы, қауіпті салдары туралы білу
	1.3 Салауатты болуға үйрен	<p>8.1.3.1 қоғамда әлеуметтену үшін салауатты өмір салтын ұстанудың тиімділігін түсіну</p> <p>8.1.3.2 есірткенің ағзаға келтіретін зиянын жайлы, есірткелік инъекция арқылы таралатын аурулар мен болатын әлеуметтік салдары жайында; қайсарлық пен жігерлілік танытып, азғырынды тілге ермей есіртке мен ұландырғыш заттарды татып көруден бас тарту</p>
2. Киім және аяқ киім	2.1 Сән және стиль	<p>8.2.1.1 киім сәнінің даму бағыттары мен стильдерін білу</p> <p>8.2.1.2 киімнің және аяқ киімнің мөлшерлерін анықтау жолдарын білу</p> <p>8.2.1.3 киім мен аяқ киімін рационалды таңдау</p>
	2.2 Киімнің және аяқ киімнің күнделікті күтімі	<p>8.2.2.1 түрлі дақтарды жою амалдарын білу</p> <p>8.2.2.2 дақтың түрін анықтай білу (иісі бойынша); тұрмыстық химиямен жұмыс жасау техникалық ережелерін сақтау</p> <p>8.2.2.3 жақын аймақта орналасқан химиялық тазалау қызметің адресін білу; химиялық тазалау қызметке киімді тапсыруға дайындау және тапсыру ережелерін білу; және тапсыру</p> <p>8.2.2.4 киімнің ұсақ-түйек жөндеуін сапалы жасау (тігістерін тігу, етегін қайырып тігу жамау салу), сақталынған анализаторларын пайдалану және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
2-тоқсан		
3. Тұрғын үй	3.1 Тұрғын үйдің түрлері және олардың интерьері	<p>8.3.1.1 перде, шам және интерьердің басқа да бөлшектерін таңдау, оларды бір-бірімен үйлестіру талаптарын білу</p> <p>8.3.1.2 өз тұрғын үйін көркейту дағдыларын игеру</p>
	3.2 Үйдің тазалығын сақтау	<p>8.3.2.1 асүй мен дәретхана, ванна бөлемелерін жуып тазалаудың жиілігі мен ережелерін білу(кафель жуу, сантехниканы тазалау)</p> <p>8.3.2.2 тұрмыстық химиялық құралдарын және түрлі тазартқыш құрал-саймандарын кірленудің түріне қарай қолдана білу; тазартқыш пен жұғыш құралдарын қолдануда санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын сақтау</p> <p>8.3.2.3 жұғыш құралдарға берілген баспа нұсқауды пайдалана білу;</p> <p>8.3.2.4 бөлмені, тұрғын үйді тазалықта ұстаудың адам үшін қаншалықты маңызды екенін түсіну</p>
4.Қазақстандық отбасы	4.1 Отбасылық қарым-қатынастар	<p>8.4.1.1 дау мен жанжалдың пайда болу себептерін түсіну және жанжалды шешу жолдары мен тактикасын таба білу</p> <p>8.4.1.2 отбасындағы түрлі жағдайларында өзін-өзі дұрыс ұстау, ата-анасын, туыс-тумаларын, достарын құрметтеу, дау мен жанжалдан аулақ болу; өмірлік жағдаяттын моделин құрастыра алу</p>

		8.4.1.3 балаларға қамқор болумен байланысты міндеттерін атқару
	4.2 Бос уақытты ұйымдастыру амалдары, отбасылық дәстүрлер	8.4.2.1 отбасының бос уақытын және демалыстарын ұйымдастыруға белсенді қатысу, отбасылық дәстүрлерді қолдау және нығайту 8.4.2.2 өзінің бос уақытын дұрыс ұйымдастыра білу; рельефті-нүкте әріптермен жазылған құтықтау хатын өз бетінше дайындау, безендіру
	4.3Отбасы бюджеті	8.4.3.1 тұрғын қорындағы үй түрлерін тану, коммуналдық қызметтер туралы және оларды төлеудің формалары мен амалдары жайлы білу; электр санауыш және басқада есептегіштердің көрсетулері бойынша коммуналдық қызметтерін төлеу квитанцияларын толтыру, электр қуатын, газды, суды үнемді қолдана білу 8.4.3.2отбасылық бюджетін тиімді жұмсай білу және үнемдей алу, үй шаруасын жүргізу; қарыз алмай өмір сүреу және ақшаны қажетінше жинақтай білу
5. Сауда	5.1 Сауда мекемелері, олардың мәні мен мағынасы	8.5.1.1 иіс сезу арқылы сауда бөлімдерін тауыпалу 8.5.1.2 сауданың негізгі ережелерін меңгеру;қажетті тауарлардың орналасу жерін білу, керекті тоаурды сатып алу, оған берілген кепілдік мерзімін анықтап алу, чектітауардың кепілдік мерзімінің аяқталуынша дейін сақтау; тұтынушының талабына сай келмейтін тауарды дүкенге қайтып тапсыру 8.5.1.3 жеңілдікпен жаппай сату туралы біліп жүру
3-тоқсан		
6. Байланыс құралдары	6.1 Байланыс түрлері, олардың мағынасы	8.6.1.1 пошта индексін анықтамадан табу, конвертке адрес жазу, хаттың түр-түрінжіберу және оның бағасын есептеу 8.6.1.3 белгілі адрес бойыншақалааралық сөйлесуге тапсырыс берудің тәртібін білу, телефонмен сөйлесудің түрлі тарифтерін білу (тәулік уақытын, мерекелі күндерді, арақашықты есепке алу), байланыстың әр түрі бойынша қызметтің бағасын білу, телефон қызметтерін төлеудің квитанцияларын толтыру
7. Тұрмыстық мекемелер	7.1 Тұрмыстық мекемелер, олардың міндеттері	8.7.1.1 тұрмыс техникасын жөндейтін сервис орталықтардың жұмыс жүйесін білу 8.7.1.2 сақталған анализаторлар арқылы бұзылудың түрін анықтау және сервис қызметіне тапсырыс беру 8.7.1.3 тапсырысты дұрыс беру, орындалған жұмыстың сапасын бағалау, әдепті түрде наразылық білдіру 8.7.1.4 тапсырысты жасауға және қабылдауға жауапты менеджермен дұрыс сөйлесудің дағдыларын игеру
8. Көлік	8.1 Көлік түрлері, олардың маңызы мен міндеттері	8.8.1.1 метроның негізгі құрылыс-құрама элементтерін білу және түсіну (тактильді жолақшалар, эскалаторы) 8.8.1.2 билеткеалдын ала тапсырыс қабылдау қызметі жайлы, билеттерді қайтару жағдайындағышарттарды білу, әр түрлі көліктің бағалары туралы хабардар болу, заттарды жинақтау, бүктеу және чемоданға ұқыпты салу
9. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың құқықтары мен міндеттері	9.1 Нормативті құжаттар	8.9.1.1 көру қабілеті зақымдалған тұлғаларға әлеуметтік қызметтерді көрсету бағдарламаларды және берілетін тифло құралдарды практикалық іс-әрекетте пайдалану
	9.2Әлеуметтік мекемелер	8.9.2.1 қалалық әлеуметтік мекемелердің маңызы мен мақсат-міндеттерін білу және түсіну:халыққа қызмет көрсету орталықтары (ЦОН), жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы, жәрдемақы төлеу орталығы

4-тоқсан		
10. Мінез-құлық мәдениеті	10.1 Жалпы мәдени құзіреттіліктер	8.10.1.1 түрлі мамандықтар өкілдерімен сөйлесудің этикасын игеру (сатушымен, дәрігермен, шаш алушымен) 8.10.1.2 жанжалды болдырмау стратегияларын таңдау 8.10.1.3 ересек адамдармен, құрдастармен сөйлесуде жағымсыз эмоцияға бой алдырмау, өзін-өзі қадағалау; 8.10.1.4 көпшілік бар жерде жүрідің, өзін-өзі ұстаудың ережелері мен сақтық шараларын білу; көпшілік қатысатын іс-шарасында өзін-өзі дұрыс ұстап, дұрыс және қауіпсіз жүре білу
	10.2 Мүсіннің дұрыс қалпысы	8.10.2.1 әдемі жүруді үйрену және ымдаудың ұстамды болуын қадағалау
11. Тамақтану	11.1 Азық-түлік өнімдердің түр-түрлігі және олардың маңызы	8.11.1.1 тиімді тамақтанудың ережелерін және жеткіншектердің тамақтану ерекшеліктерін білу; тамақтанудың бет терісіне әсер етуін түсіну 8.11.1.2 деңсаулықты сақтау үшін тамақтану ережелерін орындаудың және тамақ ішудің режимін ұстанудың маңызы түсіну
	11.2 Асүйлік жабдықтары, ыдыс аяқ және ас ішу аспаптары	8.11.2.1 ыдыстарды топтастыру (асүйлік, асханалық, шай) 8.11.2.2 таңғы, түскі, кешкі дастархандарын дайындай алу 8.11.2.3 механикалық және электрлік тұрмыстық құрал-жабдықтарын қолдана білу, дастархан басында отырудың, ас ішудің және сөйлеу этикетін сақтаудың ережелерін жетік түрде меңгеру және іс жүзінде қолдану
	11.3 Тамақ дайындау	8.11.3.1 қамыр түрлерін тану, олардың маңызын білу (ашытқан, тұщы, құмшекер қосылған үгілмелі қайнатылған қамыр, бисквит) 8.11.3.2 қамыр түрлеріне қарай оның негізгі ингредиенттерін анықтап, оларды іріктеп алу 8.11.3.3 ашытқан және ашымаған тұщы қамыр түрлерін жасау, рецепт пайдаланып олардан тағам дайындау 8.11.3.4 қамырдан жасалған қазақ ұлттық тағамдарды дайындау: бауырсақ, шелпек; шай дастарханын әзірлеу 8.11.3.5 консервілеу амалдарын білу 8.11.3.6 жеміс, жидек, көкөністерді консервілеу, қыстық дайындықтарды жасау мақсатымен консервілеу, тосап қайнату, көкөністерді тұздау рецептерін жазып алу
12. Медициналық көмек	12.1 Алғашқы медициналық көмек	8.12.1.1 сәтсіз оқиға жағдайында алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын игеру: жараны емдеу, жараға таңғыш тарту, көзді шаю; жүрек ұстап қалу және гипертониялық күрт асқыну жағдайында "Жедел жәрдем" келгенше көмек көрсету ережелерін білу; алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жинақы болу, байқағыштық және қырағылық таныту 8.12.1.2 дәрігерді үйге шақырту, дәрігермен сөйлесе білу

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Жеке	1.1 Жеткіншектердің	9.1.1.1 өз ағзасын шынықтыру, өз заттарын күнделікті тазалау, жуу, тазалықта ұстау; үйде, мектепте жеке тазалық гигиенасын сақтау

тазалық	жеке гигиенасы	9.1.1.2 компьютермен жұмыс жасауда көру қабілетін қорғау ережелерін сақтау, көзілдірікті қолдана білу, білім алушы режимін сақтау; көзге бөтен зат түсіп кетсе, оны сумен жуып-жаю
	1.2 Гендерлік тәрбие	9.1.2.1 ерте жүкті болудан сақтану, оны алдын алу және болдырмау жолдарын білу
	1.3 Салауатты болуға үйрен	9.1.3.1 әркім өз деңсаулыққа басты жауапты екенін түсіну 9.1.3.2 зиянды әдеттердің (темекі тарту, ішімдік ішу, есіртке қабылдау) деңсаулыққа келтіретін жағымсыз ықпалына баға беру 9.1.3.3 "Біз есірткеге қарсымыз" тақырыбындағы диспуттарға, дебаттарға белсенді қатысу
2. Киім және аяқ киім	2.1 Сән және стиль	9.2.1.1 сән журналдарын пайдалана алу; ұсақ-түйек бөлшектер арқылы киімді жаңарту, аксессуарларды дұрыс қолдану (нашар көретіндер үшін) 9.2.1.2 өз киімінде ұлттық элементтерін қолдана білу
	2.2 Киімнің және аяқ киімнің күнделікті күтімі	9.2.2.1 теріден жасалынған өнімдерді ылғалды тазалау 9.2.2.2 киімді реставрациялау және өзгерту (шалбардан шалақ шалбар жасау, көйлектің жеңдерін кесіп тастау, қалта жасап, тігу); шалбарды дәкемен жауып үтіктеу 9.2.2.3 киім жөндеу ательенің, аяқ киім жөндеу шеберханардың жайында ақпаратты таба білу; киімді және аяқ киімді жөндеуге апарып тапсыру
2-тоқсан		
3. Тұрғын үй	3.1 Тұрғын үйдің түрлері және олардың интерьері	9.3.1.1 қазіргі замандағы тұрғын үйлердің интерьерлері жайлы хабардар болу 9.3.1.2 интерьердің құрама бөлшектерін іріктеп таңдай алу; тұрғын үйдің әдемі жабдықталған, тұрмысқа жайлы болудың қажеттілігін түсіну
	3.2 Үйдің тазалығын сақтау	9.3.2.1 терезелер мен айналарды жуып тазалаудың ережелері мен амалдарын білу, терезелерді жылыту 9.3.2.2 тозаңдатқыш, тазартқыш пен жуғыш құралдарын қолдануда санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын білу 9.3.2.3 мектепте, тұрғын үйде күнделікті тазалауды, маусымдық және жаппай тазалап жинауды толық көлемінде орындау: пәтерді жинауда тұрмыстық электр аспаптарын және тазартқыш, жуғыш заттарды қолдану (отбасы мүшелердің арасында үй жинау міндеттерін бөлу бойынша жағдаяттың моделін құрастыру)
4. Қазақстандық отбасы	4.1 Отбасылық қарым-қатынастар	9.4.1.1 некеге тұру және некені бұзу тәртібі туралы хабардар болу 9.4.1.2 некені бұзудың себептері мен зардаптары туралы білу, бір-бірін қадірлеп, толераттықты ұстану, шыдамдылық таныту, адал болу 9.4.1.3 отбасында пайда болатын жағдаяттарды талдау және бағалау
	4.2 Бос уақытты ұйымдастыру амалдары, отбасылық дәстүрлер	9.4.2.1 отбасының бос уақытын және демалыстарын ұйымдастыру; қазақтың ұлттық салттарын, дәстүрлерін сақтау (Бесік той, Тұсау кесер, Сүндет той)
	4.3 Отбасы бюджеті	9.4.3.1 отбасы бюджетінің негізгі тараулары мен, кіріс-шығыс баптарын білу; 9.4.3.2 жалақыны немесе зейнетақыны алуға берілетін сенімхатын құрастырып жазу; 9.4.3.3 шығынты жоспардау (бір күндік шығысын, бір айлық шығысын); кіріс-шығыс журналын жүргізу
5. Сауда	5.1 Сауда мекемелері,	9.5.1.1 базардың түр-түрлерін тану (көтерме сауда базары, ұсақ-түйек сататын көтерме базары), жиі қолданылатын негізгі тауарлардың (көкөніс, жеміс-

	олардың мәні мен мағынасы	жидек және өндіріс тауарлар) бағаларын біліп жүру, 9.5.1.2 базарда жүрудің, зат сатып алудың егжей-тегжейлерін тану, саудаержелерін және тұтынушы құқықтарын білу 9.5.1.3 сатып алынатын затқақарай қажетті бөлімді табу 9.5.1.4 базар мен дүкеннің негізгі айырмашылықтарын білу, қажетті тауарларды сатып алу жерін тауардың сапасына (тауардың сырт бейнесі, дәмі), санына және бағасына лайық дұрыс таңдай алу
3-тоқсан		
6. Байланыс құралдары	6.1 Байланыс түрлері, олардың мағынасы	9.6.1.1 бандероль түрлерін тану (қарапайым, тапсырыс, бағалы, алдынала хабарламасы бар бандероль), поштамен зат жіберудің ережелерін, жіберуге болатын заттар тізімін білу 9.6.1.2 интернет сайттардан тапсырыс жасау; бандероль және заттарды жіберуге, қапталуға тапсырыс беру бланктерін толтыру
7. Тұрмыстық мекемелер	7.1 Тұрмыстық мекемелер, олардың міндеттері	9.7.1.1 сән салондардың көрсететін қызмет түрлерін тану (маникюр, педикюр, шаш кесу), бағаларын білу 9.7.1.2 сән салонда жұмыс істейтін мамандармен тіл табыса сөйлеуге дағдылану
8. Көлік	8.1 Көлік түрлері, олардың маңызы мен міндеттері	9.8.1.1 темір жол вокзалының мән-мағынасын түсіну, оның функционалды зоналарын білу: анықтама бюросы, касса, күту залы; 9.8.1.2 перронда жүрудің және вагонға кірудің қауіпсіздік ережелерін менгеру және қолдану, поездің келуін хабарлайтын диктордың ақпараттарын н мұқият тыңдау, баратын жерін дұрыс атау, поезд түрін таңдау (жолаушы, жүрек), вагонның түрін таңдау (жалпы, плацкарт, купе, жұмсақ);поездің бағасын поезд және вагон түріне қарай ажырата білу, вокзалдағы анықтама бюросының көмегіне жүгініп, анықтама алу; поезд жүру кестесін түсіну; теміржол билеттерін кассадан, интернет арқылысатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру; жүк сақтайтын камераларын пайдалана білу
9.Ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың құқықтары мен міндеттері	9.1 Нормативті құжаттар	9.9.1.1 Қазақстан Республикасы "Мүгедектерді деңсаулық сақтау аясында әлеуметтік қорғау туралы"Заңның құзіреттіліктерін ұғыну (8,14 баптары)
	9.2Әлеуметтік мекемелер	9.9.2.1 іскерлік қарым-қатынас дағдыларын игеру жәнеқұжаттарды дұрыс толтыруға дағдыландыру; 9.9.2.2 есту және көру зейінін пайдаланып, құжаттарды берілген талаптарға сәйкес толтыру
	9.3Қалалық оқу мекемелері	9.9.3.1 колледж мамандықтарын білу, көру қабілеті бұзылған тұлғалаға қолжетімді мамандықтардың ішінен өз мамандығын таңдау 9.9.3.2 көру қабілеті зақымдалған тұлғалардың колледжге және жоғары оқу орнына қабылдауының тәртібін білу
	9.4Жұмысқа орналасу	9.9.4.1 көру қабілеті зақымдалған адамдар жұмыс істейтін мекемелер мен өндіріс кәсіпорындарын білу 9.9.4.2 зағип адамдардың жұмысқа тұрудың тәртібі мен құрылысын білу 9.9.4.3 жұмысқа тұру үшін қажет болатын құжаттар тізімін, олардың түрлерін және толтыру талаптарын білу 9.9.4.4 Қазақстан РеспубликасындағыЕңбек кодексiнiң баптарын білу 9.9.4.5 зағиптар арасында тараған мамандақтардың шектеулі таңдауына позитивті қарау
4-тоқсан		
10. Мінез-құлық мәдениеті	10.1 Жалпы мәдени құзіреттіліктер	9.10.1.1 мәдени мінез-құлық стратегияларын талдау және таңдау 9.10.1.2 қоғамдық орындарды дұрыс жүріп-тұрудың ережелері жайлы білімдерін қолдану 9.10.1.3 қоғамдық орында танысу жағдайындаөзін-өзі мәдени ұстап, әдептілік

		мен сырайылық таныту, косметикалық құралдарын, киім мен әшекейлерді жасына сай және баратын жеріне сәйкес таңдай білу 9.10.1.4 қазақи мінез-құлық мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтау
	10.2 Мүсіннің дұрыс қалпысы	9.10.2.1 айналадағылардың адамды эстетикалық тұрғыдан жағымды қабылдауы үшін оның мүсіннің дұрыс және денесінің әдемі қалыпта болудың маңыздылығын түсіну
11. Тамақтану	11.1 Азық-түлік өнімдердің түр-түрлігі және олардың маңызы	9.11.1.1 "Диеталық тағам" түсінігін ұғыну, және оның адам денсаулығы үшін пайдалы әсерін түсіну
	11.2 Асүйлік жабдықтары, ыдыс аяқ және ас ішу аспаптары	9.11.2.1 асүйлік жабдықтарын (тоңазытқыш, газ плитасы, пеш, сенсор плитасы) тазалаудың және күтім көрсетудің ережелерін пайдалану; 9.11.2.2 тұрмыстық химиялық құралдарын және түрлі аспаптарды қолдану, тазартқыш пен жуғыш құралдарын қолдануда санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын сақтау
	11.3 Тамақ дайындау	9.11.3.1 диеталық мәзірін құрастыра білу (бір күнге, аптаға) 9.11.3.2 вегетарианшылық, вегетариандық тағамдар түсініктерін түсіне білу 9.11.3.3 сызбанұсқа арқылы вегетариандық борщ жасау
12. Медициналық көмек	12.1 Алғашқы медициналық көмек	9.12.1.1 ішек аурулары мен ауа-тамшы инфекциялық жұқпа аурулардың көшіп-таралу жолдары туралы білу, оларды болдырмау шараларын білу, жеке тазалықты сақтап жүруді дағдыландыру

## б) 10-сынып:

### 6- кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Жеке тазалық	1.1 Жеткіншектердің жеке гигиенасы	10.1.1.1 денсаулықты сақтау және шынықтыру үшін жеке тазалық сақтаудың маңыздылығын түсіну 10.1.1.2 көру қабілетін аялап күтудің қажеттілігін түсіну
	1.2 Гендерлік тәрбие	10.1.2.1 ер мен әйел арасындағы қарым қатынастың адамгершілік негіздерін және этикалық нормаларын білу және түсіну; кәмелетке толмағандармен сексуалды қарым-қатынасқа түсідің құқықтық жауаптылықты сезіне білу
	1.3 Салауатты болуға үйрен	10.1.3.1 салауатты өмір салтын насихаттау; зиянды әрекеттер қарсы тұру, белсенді өмір сүру ұстанымын таныту, "Салауатты болуға үйрен" тақырыбында презентациялар жасау
2. Киім және аяқ киім	2.1 Сән және стиль	10.2.1.1 киімді мөлшерге, жасына, өзіндік ерекшелігіне және болатын іс-шараның (жиналыс, театрға бару, дискотека, экскурсия) сипатына қарай таңдай білу 10.2.1.2 жаңа киімнің, аяқ киімнің кепілдік мерзімдерін білу; тұтынушының құқықтарын пайдалана алу
	2.2 Киімнің және аяқ киімнің күнделікті күтімі	10.2.2.1 аң терісінен жасалған бұйымдарын тазалау, тарау ережелерін білу және қолдану: ұзақ сақтауға дайындау, күйеге қарсы құралдарды пайдалану 10.2.2.2 жұмсақ теріден жасалынған бұйымдарын тазалау, майланып жылтырап кеткен жерлерін сипап анықтай білу, тұрмыстық химиялық құралдарын қолдануда санитарлық-гигиеналық талаптары мен қауіпсіз техникасын сақтау

2-тоқсан		
3. Тұрғын үй	3.1 Тұрғын үйдің түрлері және олардың интерьері	10.3.1.1 әлемдегі түрлі ұлттардың тұрғын үй мен интерьердің ерекшеліктерін білу 10.3.1.2 үй салу, қоныс той жасау, үйді безендіру сапт-дәстүрлерін білу 10.3.1.3 практикалық сабақ: этнографиялық мұражайға экскурсия
	3.2 Үйдің тазалығын сақтау	10.3.2.1 үйде жөндеу жүргізу амалдары мен жөндеудің түрлері туралы хабардар болу 10.3.2.2 жөндеуге қажетті құрылыс материалдарын түр-түрлерін ажырата білу
4. Қазақстандық отбасы	4.1 Отбасылық қарым-қатынастар	10.4.1.1 берік отбасының маңыздылығын түсіну; "тату отбасы" презентациясы: өзінің шығармашылық жұмысын ұсыну 10.4.1.2 отбасындағы қарым-қатынастың моральдық-этикалық нормаларын сақтау
	4.2 Бос уақытты ұйымдастыру амалдары, отбасылық дәстүрлер	10.4.2.1 отбасылық құндылықтардың маңыздылығын ұғыну; отбасылық сапт-дәстүрді қазақстандық қоғамының және мемлекеттің негізі ретінді сақтау, оларды қолдау және дамыту
	4.3 Отбасы бюджеті	10.4.3.1 тұтынушыларға ұсынылған кредит түрлерін туралы хабардар болу, ақша жинаудың мағнасы мен мақсатын түсіну; 10.4.3.2 ақшаны жинақ банкіне салудың тәртібі мен ережелерін білу 10.4.3.3 банкте шот ашудың ұтымды мүмкіндіктерін таңдап, пайдалана білу, отбасының бюджетін жүргізу 10.4.3.4 күнделікті қажеттілікке, мәдени іс-шараларға, ірі зат сатып алуға қатысты шығыстың түр-түрін жоспарлай білу және дұрыс есептеп алу
5. Сауда	5.1 Сауда мекемелері, олардың мәні мен мағынасы	10.5.1.1 жәрмеңке түрлерін білу (шеттен әкелінген жәрмеңке, жәрмеңке-көрме); жәрмеңкенің базардан, дүкеннен айырмашылықтарын тану, 10.5.1.2 жәрмеңкедегі тауарлардың бағаларын және олардың базардағы және дүкендегі бағалардан айырмасын біліп жүру 10.5.1.3 тауарды дүкеннен, базардан сатып алудың меңгерілген дағдыларын жаңа жағдайда- жәрмеңкеден сатып алуда- өз бетінше қолдана білу
3-тоқсан		
6. Байланыс құралдары	6.1 Байланыс түрлері, олардың мағынасы	10.6.1.1 телефон анықтамалығын қолдана білу, телефон арқылы анықтама алу, ақылы қызметтерге түрлі жолдармен төлем жасау, соның ішінде терминал арқылы және онлайн 10.6.1.2 әрбір байланыс түрінің ерекшеліктерін білу және олардың қазіргі өмірдегі ролі мен маңыздылығын түсіну
7. Тұрмыстық мекемелер	7.1 Тұрмыстық мекемелер, олардың міндеттері	10.7.1.1 банкте көрсетілетін қызметтер түрлерін тану (валюта ауыстыру, шот төлеу, кредит беру) 10.7.1.2 қаржы операциялар бойынша қызмет көрсететін қызметкерлермен дұрыс сөйлесіп, тіл таба білу дағдыларын игеру
8. Көлік	8.1 Көлік түрлері, олардың маңызы мен міндеттері	10.8.1.1 әуежайдың мән-мағынасын түсіну, оның функционалды зоналарын білу: регистрацияны өту орны, анықтама бюросы, ұшаққа отырғызу орнына шығу, терминал, дьюти-фри) 10.8.1.2 диктордың беретін ақпараттарын мұқият тыңдау; кедендік бақылаудан өту ережелерін білу

		10.8.1.3 ұшаққа отырғызуда мүгедектерге көрсетілетін қызметтерді пайдалану (әлеуметтік қызметкерлердің мүгедек адамды алып жүру, ертіп кіргізу, отырғызу) 10.8.1.4 рейстердің кестесін түсіну; билет бағасын, билетті сатып алу тәртібін білу 10.8.1.5 ұшаққа отырудың және шығудың ережелерін меңгеру, ұшу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін және әуежайда жүрудің ережелерін орындау
9. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар азаматтардың құқықтары мен міндеттері	9.1 Нормативті құжаттар	10.9.1.1 өзінің құқықтары мен міндеттер жағдайын білу және оларды БҰҰ Жарғысында жарияланған қағидаларға сәйкестіріп талдау; Жер әлемдегі бостандық пен әділдікті қолдаудың, бейбітшілік сақтаудың негізі ретінде қоғамдағы барлық мүшелердің тән қадір-қасиетін, тең және ажырамас құқықтарын тану
	9.2 Әлеуметтік мекемелер	10.9.2.1 құқықтық мәдениетін ұғыну, зағип жандарға берілген құқықтарды және міндеттерін білу (төленетін қосымша еңбек демалысы, қысқартылған жұмыс күн, инвотакси алу, жеке көмекшіні алдырту, әлеуметтік жәрдем ақы алу)
	9.3 Қалалық мекемелері	10.9.3.1 абитуриенттің оқу орнына түсудің ережелері білу, егжей-тегжейін түсіну, колледждерге, ЖОО түсуде мүгедектерге көрсетілген жеңілдіктерін және құқықтарын пайдалана білу 10.9.3.2 колледждерге, ЖОО түсу үшін тапсырлатын құжаттардың тізімін білу 10.9.3.3 абитуриент, студент, бакалавр, магистрант, аспирант, докторант ұғымдарды меңгеру
	9.4 Жұмысқа орналасу	10.9.4.1 қазіргі кезде өзекті, сұранысы көп мамандықтар тізімін білу 10.9.4.2 Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау жағынан заңдарын меңгеру 10.9.4.3 жұмысқа тұру мақсатымен кадр бөліміне хабарласа білу; жұмысқа тұруға қажетті құжаттарды толтыру (өтініш, резюме, анкета, қолхат), Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексін пайдалана алу 10.9.4.4 кісіпорынның басшысына жұмысқа қабылдау туралы өтініш білдіру 10.9.4.5 мамандық таңдауда көру қабілетінің шектелген мүмкіндіктеріне түсінушілікпен қарау
4-тоқсан		
10. Мінез-құлық мәдениеті	10.1 Жалпы мәдени құзіреттіліктер	10.10.1.1 мінез-құлықтың меңгерген ережелерін сақтау арқылы өзін-өзі және басқаларды бақылау 10.10.1.2 рухани-адамгершілік мәдениеті, адамзат құндылықтары, дәстүрлер туралы, үлкендерді және жалпы айналадағыларды құрметтеу, сыйлау жайлы білімдердің маңыздылығын түсіну
	10.2 Мүсіннің дұрыс қалпысы	10.10.2.1 өзінің сырт бейнесін бақылау (әдемі және әдепті отыру, тұру, жүру, бет әлпеті, киімі)
11. Тамақтану	11.1 Азық-түлік өнімдердің түр-түрлігі және олардың маңызы	10.11.1.1 тамақтанудың адам өміріндегі ролін және тамақтың қайсысы денсаулыққа пайдалы, қайсысы зиян екенін түсіндіру
	11.2 Асүйлік	10.11.2.1 ыдыс жуғыш машинасын пайдалана алу, оны



	жабдықтары, ыдыс аяқ және ас ішүаспаптары	қолданудың ережелері мен тәртібін білу, қауіпсіз техниканы сақтау 10.11.2.2 мерекелі дастархан дайындау 10.11.2.3 мерекелі дастархан әзірлеу үшін қажетті ыдыстарды таңдай білу, сипап сезу және көріп қабылдау арқылы дастарханның дайындығын бағалау
	11.3 Тамақ дайындау	10.11.3.1 мерекелі дастарханның мәзірін құрастыру және оны дайындай алу 10.11.3.2 қазақ ұлттық тамағын, ұлттық тағамдарын тану, қазақ халықтың қонақжайлылық дәстүрлерін білу
12. Медициналық көмек	12.1 Алғашқы медициналық көмек	10.12.1.1 ауруға шалдығып қалу жағдайында жұмыстан уақытша босатылу шарттарын және еңбекке уақытша жарамсыз қағазыналу тәртібін білу (ауырып қалу жағдайында немесе ауру адамды күтуге байланысты) 10.12.1.1 ауру адамға күтім жасай алу: оған тамақ беру, киіндіру, қызуын өлшеу, шөптер тұнбасын демдеу, қыша қағаздарын салу

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 42-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 482-қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Кеңістікте бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 1- тарау. Жалпы ережелер**

1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Кеңістікте бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің мақсаты – көрмейтін және нашар көретін балалардың қоршаған орта туралы біртұтас түсініктерін қалыптастыру, жеке тұлғаның одан әрі жалпы дамуына септігін тигізетін қоғамнан оңашалануды жеңу, кеңістікте бағдарланудың жиынтық амалдарын меңгеру болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алуға жағымды түрткіні қалыптастыру;

2) қоршаған кеңістіктегі нысандар мен заттардың сапасы мен құрамын елестету арқылы қоршаған орта жайлы түсініктерін кеңейту және жүйеге келтіру;

3) кеңістіктік терминдерді түсінуді және оларды өздігінен қолдана алуын қалыптастыру;

4) макро және микрокеңістік түсініктерін, ондағы заттар мен нысандардың бір біріне қатысты орналасуы туралы елестетулерін қалыптастыру;

5) күнделікті бағдарлауда кеңістік туралы полисенсорлық ақпаратты пайдалануға үйрету;

6) елді мекендер мен шағын аудандардың, жекелеген бағыттардың, үй-жайлардың макеттерімен және схемалармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту; қалыптасқан топографиялық ұсыныстарын жоспарға түсіру: таныс кеңістікті, бағыттарды, үй-жайлардың сызбасын құрастыруға үйрету;

7) көрмейтін білім алушылардың көру қабілеті қалыпты жағдайдағы құрдастарымен және ересектермен кеңістікте бірлесе бағдарлауға үйрету; жалпымәдени, коммуникативті құзіреттіліктерді қалыптастыру;

8) тифлотехникалық құралдар көмегінің тәсілдерімен ( ақ трость, локатор, дыбыстық белгілер мен бағыт беру жүйесі) кеңістікте бағдарлауды меңгерту;

9) қоғамдық орындарда, көлікте, қала көшелерінде еркін бағдарлай білуін дамыту;

10) тұлға болып қалыптасу процесінде саяси-құқықтық және құндылықтылық бағдарларды жүзеге асыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. "Кеңістікте бағдарлау" пәні концентрикалық әдіспен, бір материалды келесі сыныптарда ауқымды көлемде қайталап мазмұнын күрделендіріп, тереңдетіп және жеке элементтерін нақтылауға құрылған.

5. Бағдарламада оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің арнайы процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

6. Көру қабілеті бұзылған тұлғаларды оқыту құндылықты-бағдарлы, тұлғалық-бағдарлы, әрекеттік, дифференциалды және коммуникативті тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.

7. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "құрмет", "ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу" сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

8. "Кеңістікте бағдарлау" пәнін оқытудың құндылықты-бағдарлы тәсілі – бұл белгілі құндылықтар тұрғысында оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және орындау,

оның нәтижелерін алу және қолдану тәсілі: өмір, адам, табиғат, шындық, мейірімділік, отбасы. Құндылықтар тұлғаның мотивациясының маңызды факторы ретінде, оның мінез-құлқы мен әрекетін ынталандырады. Орта білім берудің құндылықтары "Мәңгілік ел" ұлттық идеясына негізделген: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

9. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл тұлғаның мінез-құлқындағы жана модельдің қалыптасуына мүмкіндік жасап, күнделікті өмірде қалыпты көретін адамдармен қатынасқа даярлайды. Тұлғалық-бағдарлаудың мақсаты оқыту процесінің даралығы, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, кеңістікте бағдарлау сабақтарында шығармашылық қабілетінің толықтай ашылуы және әлеуметтік-маңызды тұлғалық сапасын тәрбиелеу (белсенділік, мақсатқа жетудегі табандылық, ұқыптылық, батылдық, мәмлегершілдік, сыпайылық), эмоциялық-ерік аясын түзеу (өзіне сенімді болу, көпшіл болу, қоршаған кеңістікте өз қорқынышын жеңу, өзін бағалаудағы жалған басымдылықты жою, психикалық процестерді (кеңістіктік ес, креативті және жедел ойлау, зейін, қоршаған ортаны қабылдау).

10. Әрекеттік тәсіл кеңістікте бағдарлау сабақтарында практикалық білік пен дағдыларды түзету мен дамыту арқылы жүзеге асырылады. Ең тиімді әдістері ақпараттық-қабылдау, іздеу, зерттеу, талдау және синтез әдісі, болжау, репродуктивті әдіс игерілген материалды бекітіп оны меңгерудің автоматтандырылған деңгейіне жеткізеді.

11. Әрекеттік тәсіл мұғалім, тәрбиеші мен ата-ананың өзара іс-қимылын көздейді, онда мұғалім білім алушының іс-қимылын үйлестіреді, ал білім алушы өз іс-әрекетін анықтайды, даму дағдыларының жақын аймағын анықтайды және неғұрлым тиімді тактиканы тандайды.

12. Сабақтағы қызметтің басым түрі қаладағы қозғалыстың маршруты бойынша мұғалімнің көмегімен немесе өз бетінше, ақ трості және навигацияны пайдаланып орындайтын практикалық жаттығу болып табылады. Қалада топпен жүру кезінде тьютор қарастырылады, ол рөлді ата-ана атқара алады.

13. Әрекеттік тәсіл білім алушыларға өз бетімен:

1) сұрақ қойып, қорытынды жасау; әртүрлі қиын маршрутты құрастыруда және оқу және танымдық міндеттерді шешу үшін, модельдер мен схемаларды түрлендіру, жасап шығару, қолдану;

2) нәтижеге қол жеткізу барысында өзінің іс-әрекетін бақылау, бағдарлауға және мобилдікке байланысты жағдайдың өзгеруіне қарай іс-әрекетін түзету; оқу

міндеттерінің орындалуын, оны шешудегі өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалауды қарастырады.

14. Кеңістікте бағдарлаудағы дифференциалды тәсіл әр түрлі топтағы білім алушыларға білім беруде, оқу процесін мамандандыруын білдіреді, жастарына, дене болмысына, психологиялық жағдайына, офтальмологиялық аспектісіне қарай, яғни көру қабілетін есепке ала отырып және қосымша дефектілеріне қарай мынандай топтарға бөлінеді: мүлдем көрмейтін және ішінара көру қабілеті бар, нашар көретін білім алушылар.

15. Қоршаған ортада бағдарлау дағдыларын меңгеруіне қарай топшаларға бөліп оқыту қарастырылады, үш топшаға бөлінеді:

1) бірінші топтағы білім алушылар оқу материалын өз беттерінше толығымен меңгере алады;

2) екінші топтағы білім алушылар оқу материалын меңгереді, бірақ оны орындаған кезде аздаған қателіктер жібереді;

3) үшінші топ білім алушылары оқу материалын жартылай меңгереді және өз беттерінше орындай алмайды. Олар үшін жеке қолдау картасы жасалынады, онда жеке түзетудің әдістері мен тәсілдері көрсетіледі.

16. Коммуникативті тәсіл сезім тактісіне, мейірімділікке, сыпайылыққа, мәмілегершілдікке негізделген тұлғааралық өзара қатынасты қарастырады. Ауызекі сөйлесу процесінде білім алушылар іскерлік пен оқу ынтымақтастығын орнатады, ортақ бір шешім табуға және шиленіскен жағдайда позициялардың келісуімен және өзара қызығушылықтарын есепке ала отырып, шешеді, құрдастарының ой-пікірлерін сыйлау, тұжырымдау, дәлелдеу және өз пікірін қорғау, саналы түрде ауызекі сөйлеу тәсілдерін пайдаланады, дерекі және балағат лексикасы қолданылмайды.

17. Ақпаратты-коммуникативті технологияларды және GPS навигациясын, мультимедиялық ресурстарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, интерактивті тақтаны, тифлокешенді қолдану оқу процесін, жаңғыртуға және жандандыруға, сонымен бірге білім алушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа ықпал етеді.

18. "Кеңістіктік бағытталу" пәнін оқытудың ең тиімді әдістер мен технологиялар: күнделікті өмірлік жағдаяттарды моделдерін жасау; сөжеттік-рөлдік ойындар, сауда, тұрмыстық және мәдени мекемелерге экскурсия жасау, тренинг жүргізу; презентациялар, Skype-, виртуалды оқытудың технологияларын қолдануымен онлайн-конференциялар.

19. Кеңістіктік бейнелерді қалыптастыруда алдына нақты міндеттерді қоятын шартты түрде үш кезеңге бөлінеді, көрнекі құралдарды қолдану, оларды қолданудың түрлері мен әдістері:

1) бірінші кезеңде алғашқы бағдардың кеңістіктік үлгісі қалыптасады: нақты жерде бағдардың орналасуы туралы жалпы көрінісі (бейнесі) құрылады; есептеу нүктесі анықталады, бағыт конфигурациясы, кеңістіктік бейнесі туралы маршрут құрайтын салыстырмалы ұзындық кесінділері;

2) екінші кезеңде қалыптасқан жалпылама кеңістік бейнесі бөлшектерге бөлінеді және әрбір бағыттың учаскелерін толық зерделейді;

3) үшінші кезеңде зерттелген маршрут бөлігінің тұтас барабар кеңістік бейнесі жинақталады. Осы жүйе бойынша оқыған кезде кеңістікті қабилдаудың дәлдігі, тұрақтылық, толықтығы мен дәлме-дәлдігі артады. Оқу процесін ұйымдастыруда жетекші әдіс саяхат болып табылады. Бөлімде салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортқа және туристік қызметке баулуға (турсаяхаттар, табиғатта демалу) ерекше орын бөлінеді.

20. "Кеңістікте бағдарлау" пәні бірнеше пәндердің білімдерінен құралатын интеграциялық курс; "Қоғамтану" қоғамдық өмірдегі басты принциптерді саналы қабылдауына және өмірде өз орнын табуға көмектеседі; "География" - топографиялық дағдыларын дамыту; "Математика" - кеңістікті анықтайтын математикалық терминдерді қолдану; "Қазақ тілі", "Тіл кемшіліктерін түзету", "Мимика және пантомимика"- вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамыту, "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" өз-өзіне қызмет ету дағдыларын пайдалану; "Беймделген дене шынықтыру" - қимыл координациясының дамуына көмектеседі.

21. "Кеңістікте бағдарлау" пәні бойынша сабағы бедерлі-графикалық басылымдағы нұсқаулармен, түрлі деңгейлі демонстрациялық материалдармен (үйлердің, ағаштардың және көліктердің, жол белгілерінің, бағдаршам макетін сипап-сезу); оптикалық, тифлотехникалық құралдармен: тактильді құралдар (жолдар, кілемшелер, "Ориентир" құралы, әртүрлі топырақпен жәшіктер), түрлі өлшемдегі тросттармен (пластикалық, темір, жиналмалы, телескопиялық, лазерлі, жарықты, локаторлы), электрондық компаспен, локаторлармен (лазерлі, жарықты), оқуға арналған құрылғылармен, тифлокешенмен жабдықталған арнайы кабинетте өткізіледі. Кабинетті жабдықтау барысында санитарлы-гигиеналық нормалар мен техника қауіпсіздікережелері ескеріледі.

22. Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың балдық емес, сапалық-сипаттаушы, эмоционалды сипаты болады, ол дамудың табыстылығына мониторинг жасауға негізделген.

23. Оқытудың нәтижелілігі үш деңгей бойынша қадағаланады, оның сипаттаушы сипаты бар:

- 1) меңгеруге ұмтылады;
- 2) біреудің көмегі арқылы меңгереді (ересектер, қатарластар);
- 3) жетекші құзыреттіліктер бойынша өз бетімен меңгереді.

**3-тарау. "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

24. "Кеңістікте бағдарлау" пәнінен оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты құрайды.

25. "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Кеңістікте бағдарлау пәніне кіріспе";
- 2) 2-бөлім "Кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдану";
- 3) 3-бөлім "Дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру";
- 4) 4-бөлім "Шағын кеңістікте бағдарлау";
- 5) 5-бөлім "Сүйемелдеушімен жүру";
- 6) 6-бөлім "Жабық кеңістікте бағдарлау";
- 7) 7-бөлім "Кең кеңістікте бағдарлау";
- 8) 8-бөлім "Қарым-қатынас мәдениеті".

26. "Кеңістікте бағдарлау пәніне кіріспе" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

- 1) кеңістікке бағытталуға оқытудағы жағымды түрткіні қалыптастыру.

27. "Кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдану" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көру арқылы қабылдау;
- 2) тактильді қабылдау;
- 3) есту арқылы қабылдау;
- 4) сипап сезу арқылы қабылдау;
- 5) иіс сезу.

28. "Дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әртүрлі әрекет барысында денені түзу ұстауды қалыптастыру;
- 2) жүрудің түрлері;
- 3) жінішке таяқ көмегімен жүру.

29. "Шағын кеңістікте бағдарлау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мектеп ғимаратында жінішке таяқтың көмегімен бағдарлау;

2) мектеп территориясы туралы түсінік;

3) топографиялық дағдылардың дамуы;

4) бағдарларды қолдана отырып берілген маршрут бойынша мектеп территориясында бағдарлау.

30. "Сүйемелдеушімен жүру" бөлімікелесі бөлімшені қамтиды:

1) ересектермен және құрдастарымен жүру.

31. "Жабық кеңістікте бағдарлау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) мәдени мақсаттағы нысандар;

2) тұрмыстық мекемелер;

3) әлеуметтік мекемелер;

4) оқу орындары және кітапхана;

5) сауда мекемелері;

6) қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары және азық-түлік дүкендері;

7) денсаулық сақтау.

32. "Кең кеңістікте бағдарлау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) кең кеңістіктің нысандары;

2) топографиялық дағдылардың дамуы, рельефті және дәстүрлі карталармен жұмыс жасау;

3) жол жүру ережесі;

4) көлік;

5) мен тұратын қала;

6) спорт және туризм.

33. "Қарым-қатынас мәдениеті" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) қарым-қатынаста ұлттық және мәдени құндылықтарды енгізу.

34. 5-сыныпқа арналған "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңістікте бағдарлау курстық пәніне кіріспе: кеңістікте бағдарлаудың мағынасы;

2) кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдану: көше атаулары мен үйдің нөмірлерінің үлгісі; мекемеде көрсетілген таблицалар; жіңішке таяқпен кеңістікте зерттеу жүргізу тәсілері; әртүрлі дыбыстарға бағдар ұстап жүруді үйрену; тері сезімталдығы және вибрация; кеңістікті бағдарлауда иіс сезіну қабілетін қолдану;

3) дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру: дене қалпын қалыптастыру; дұрыс жүрудің ерекшеліктері және үйрену амалдары; жіңішке ақ таяқтың түрлері және оларды қолданудың ерекшелігі; таяқпен жүру тәсілдері;

4) шағын кеңістікте бағдарлау: мектеп ғимараты және оның орналасуы; мекеменің орналасуын зерттеу; мектеп жанында шеберхананың орналасуы; өз еркімен шеберхананы ауыстыру; таяқтың көмегімен мектеп ғимаратынан шығу; көздің дағдылануы ғимаратқа кірген және шыққан кезде; топографиялық, рельефтік және жіңішке шрифтті символдар; мектеп жанындағы бағдарлаудың жүйесі; мектеп жанындағы кедергілердің түрлері;

5) сүйемелдеушімен жүру: көрмейтіндерге көмектің мағынасы күнделікті өмірде; ғимарат ішінде бірігіп сүйемелдеп жүру;

6) жабық кеңістікте бағдарлау: мәдени–ойын-сауық орталықтары; тұрмыстық қызмет ету мекемелері; қазақ зағиптар қоғамының құрылу тарихы; оқыту мекемелерінің түрлері; дүкеннің түрлері және оның мақсаты; базар және оның түрлері туралы түсініктер; қарапайым сатып алуды жасау; базарда сатушымен сөйлесудің ерекшелігі; салауатты өмір салтының мағынасы;

7) кең кеңістікте бағдарлау: табағи объектілер және олардың орналасуы; табиғи объектілерді бағдарлау ретінде қолдану; карта туралы түсінік; жол-көлік оқиғасы; бағдаршамның пайда болу тарихы және оның түрлері; көліктің пайда болу тарихы; метрополитен және оның функционалдық зонасы; туған қала туралы түсініктер; мектептен үйге дейінгі маршрут; қоғамдық көліктің түрлері; дене шынықтырудың адам денсаулығы үшін маңызы; турпоход;

8) қарым-қатынас мәдениеті: ересектерден көмек сурау; "Егер сіз жоғалып кетсеңіз";

35. 6-сыныпқа арналған "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңестікті бағдарлау пәндік курсына кіріспе: көрмейтін музыканттардың, мүсіншілердің, саяхатшылардың тыныс-тіршілігі;

2) кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдану: қозғалалып жүрген объектіні бақылау; еденнің жабықтану түрлері; жіңішке таяқтың көмегімен топырақтың құрылымын анықтау; дыбысты ажырату және дыбысқа қарай жүру; ауа-райы өзгерістерін бақылау және соған сай киім таңдау; табиғаттың иістері; ботаникалық баққа экскурсия, жас натуралистер станциясына, орман паркіне саяхат жасау;

3) дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру: ойын кезінде денені дұрыс ұстауды сақтау; жолдың шетімен, тротуардың бойымен топпен және жеке түрде дұрыс жүру; жіңішке таяқтың қызметі; жіңішке таяқты қа қауіпсіз қолдану;

4) шағын кеңістікте бағдарлау: мектептегі кабинеттердің орналасуы; мектеп ғимаратын шолу картасы мен ішінде жүру картасын жасау; мектеп алаңында бағдарлау; мектеп алаңының рельефтік және графикалық жоспарларын жасау;



жіңішке таяқтың көмегімен кедергілерді зерттеу; мектеп алаңында жүріс-тұрыстың мәдениетін сақтау;

5) сүйемелдеушімен жүру: айналадағы адамдардан көмек сурау; Жуынатын бөлмеге сүйемелдеушімен бару;

6) жабық кеңістікте бағдарлау: жерлгілікті парктерінің орналасуы; химиялық тазалау және кір жуатын мекемелер; қазақ көрмейтіндердің қоғамы, оның қызметтері және мағынасы; көрмейтіндердің кітапханасының орналасуы; кітапханаға бару маршруты; сауда мекемесіндегі жұмыс қызметкерлердің қызметтері және олармен сөйлесуді үйрену; супермаркетте иіс сезінуді қолдану; супермаркетте сауда жасау; жақын жерде дәріхананың орналасуы;

7) кең кеңістікте бағдарлау: қаланың құрылымы; картадағы түстің мағынасы; жол белгілерінің тарихы; жолдың таңбасы; аялдаманың анықтамасы; аялдамада қауіпсіздік тәртіп ережесін сақтау; метроны дұрыс пайдаланудың ережесі; туған қаланың тарихы; мектеп жанындағы аялдама; қоғамдық көлік тасымалындағы маршруттың нөмірлері; спорттың түрлері және спорттық секциялар; турпоходтың маршрутын таңдау;

8) қарым-қатынас мәдениеті: қатарластармен әңгімелесу; қазақтың қонақжайлылығы;

36. 7-сыныпқа арналған "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңестікті бағдарлау пәндік курсына кіріспе: көрмейтін әдеби кейіпкерлер;

2) кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдануы: стереоскоптық емес ортаны қабылдау; мекемедегі және көшедегі рельефтік жазуларды оқу; тактильді жол бойымен жүру; дыбыстық сигналға бұрылыс жасап жүру; ауруды сезудің сезімталдығы; жүрген кездегі соғысудан сақтану амалдары; иістерді ажырату; супермаркетте иісті сезіді пайдалану;

3) дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру: сүйемелдеушімен жүрген кезде дене қалпын дұрыс ұстап жүру; жүру түрлерінің тәсілдері; жіңішке таяқты таңдау; жіңішке таяқтың көмегімен мектепте бағдарлау;

4) шағын кеңістікте бағдарлау: мектептегі қауіпсіз қозғалысының ережелері; мектеп ғимаратына қатысты алғанда объектінің орналасуы; мектептің ауласының жоспары; кедергілер түрлері; мектеп аланында жүру;

5) сүйемелдеушімен жүру: көлік арқылы бірлескен сапарларды жасау;

6) жабық кеңістікте бағдарлау: театрлар және кинотеатрлар; жақын жердегі почтаға барып-келу маршруты; қазақ көрмейтіндердің қоғамының мекемелеріне барып келу маршруттары; көрмейтіндерге арналған қолжетімді жоо; кітапхананың функционалдық зоналары; дүкеннің және саудының бөлімдерінің

түрлері; асхананы бағдарлауды үйрену; тағамды қабылдау; жақын жердегі аурухананың орналасуы; ауруханада бағдарлау;

7) кең кеңістікте бағдарлау: жағалау мен бульвардың, демалыс зоналарының орналасуы; қаладағы әкімшілік аудандары және олардың картада орналасуы; жол белгілерінің классификациясы; қозғалыс кезінде жол белгілерін қолдану; көліктерге тән дыбыстық сипаттары; метрода бағдарлау; қаладағы көрікті жерлер; мектеп жанын бағдарлау; спорттық құрылыстың орналасуы; су жанындағы демалыстың қауіпсіздік ережесі;

8) қарым-қатынас мәдениеті: отбасылық құндылықтар; қазақ халқының салттары мен дәстүрі; өз бетінше жүру кезінде айналадағылардан көмек сурай білу;

37. 8-сыныпқа арналған "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңестікті бағдарлау пәндік курсына кіріспе: мектеп түлектерімен кездесу;

2) кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдануы: түнгі мезгілде бағдарлау; кірген және шыққан кезде жіңішке таяқты қолдану; жіңішке таяқтың көмегімен тактильді жаяу жолдың және жылдамдық бәсендеткіштің орналасуын анықтау; адамды дауысынан және жүрген жүрісінен тану; қоршаған ортадағы қауіпсіздік іс-әрекеттің негізгі әдістері; өндірістік және көліктік иістер;

3) дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру: жіңішке таяқпен жүрген кезде денені тік ұстау; ауыл арасындағы жолмен жүру; жіңішке таяқпен жүрудің амалдары;

4) шағын кеңістікте бағдарлау: шағын ортадағы бағытты вербалды анықтама; мектеп бөлмелері; объект арасындағы қашықтықты анықтау; мектептің ішкі және сыртқы аланында жүру маршруттардың сызбалары; қосымша бағдарларды іздеу; мектеп аумағындағы кедергілерді өту;

5) сүйемелдеушімен жүру: сүйемелдеушімен жүрген кезінде пайда болатын дауларды алдын алу; сүйемелдеушімен әртүрлі мекемелерге бару ;

6) жабық кеңістікте бағдарлау: кинотеатрда бағдарлау; кинотеатрдың жоспарын құру; киім, аяқ-киім жөндеу ательесі мен сервистік-орталықтары; әлеуметтік мекемелер; ЖОО-да бағдарлау; кітапхананы қолдану білімі; тауарды сатып алу ережесі; қоғамдық тамақтану мекемелері; қоғамдық тамақтану мекемесіндегі әдептілік сақтау; арнай қызметкерлермен телефон арқылы сөйлесу дағдысы; экстремалды жағдайдағы жүрістің-тұрыстың ережелері;

7) кең кеңістікте бағдарлау: тұрақты бағдарлар; қаланың шағын аудандары; жолдан өту кездегі қауіпсіздікті сақтау жолдары; теміржол жолынан өту; қоғамдық көлікті пайдалану дағдалары; теміржол вокзалы; теміржол вокзалында және перронда бағдарлау; архитектуралық ансамблдер; қаладағы маңызды

объектілеріне барып келу маршруттары; спорт кешеніне бару маршруты; табиғатқа демалуға дайындалу;

8) қарым-қатынас мәдениеті: әртүрлі мамандықтармен сөйлесу тәртібі мен этикасы.

38. 9-сыныпқа арналған "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңестікті бағдарлау пәндік курсына кіріспе: көрмейтіндерге қолжетімді мамандықтар;

2) кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдануы: жарық пен көленке; ғимаратқа келу және кіру жолдары; жиектерден өту; дыбыстық сигналдарға және бағдарламға бағдарлау; вибрациялық қабылдау арқылы кедергілерді анықтау; иісті топтастыру;

3) дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру: әртүрлі іс-әрекетте дененің дұрыс қалпын ұстау; компаспен немесе навигациямен жүру; таяқтың көмегімен баспалдақпен көтерілу және түсу, таяқтың көмегі арқылы бөлмеге кіру және шығу;

4) шағын кеңістікте бағдарлау: мектептің бөлмелерінің жоспарлары; көкжиек бағыттарына қатысты алғанда объектелер; негізгі маршрутты талдау және сипаттау; мектеп алаңындағы бағдарларды қолдану;

5) сүйемелдеушімен жүру: сүйемелдеушімен сөйлесу; кең ортада сүйемелдеушімен жүру;

6) жабық кеңістікте бағдарлау: театрда бағдарлау; театрдағы тәртіп мәдениеті; театрдың жоспары; сұлулық салоны; іскерлік сөйлесудің дағдылары; ЖОО-да бағдарлау; ақша купюралары және сатып алу операциялар; қазақ ас тағамдары; ауруды, жарақат алуды алдын алу;

7) кең кеңістікте бағдарлау: көперлер түрлері және оларды қолдану; көшелердің орналасуы; қиылыстың түрлері; жол қозғалысының ережелері; трамвайды пайдалану дағдылары; вагонда бағдарлау; ескерткіштің түрлері; даңғыл, алаңдар және орталықтағы негізгі көшелер; спорттық жарыстар; далада от жағу және шатыр құру дағдылары;

8) қарым-қатынас мәдениеті: сөйлеу этикеті;

39. 10-сыныпқа арналған "Кеңістікте бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) кеңестікті бағдарлау пәндік курсына кіріспе: өзін-өзі таныту жолдары;

2) кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдануы: кеңістікте қауіпсіз қозғалу; орманпаркіндегі жолдар мен соқпақ жолдар; арықтардан өту; бұталар мен ағаштарды айналып өту; қаланың дыбыстық бейнесі; бұлшықет қабылдауы; практикалық бағдарлаудағы иіс сезу;

3) дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру: дене қалпын әдемі ұстау; вестибулярлық аппараттың қызметі; таяқтағы көмегімен кедергілерен өту;

4) шағын кеңістікте бағдарлау: мектеп ғимаратында бағдарлау; мектеп аумағын шолу картасы; оптималды маршрутты таңдау;

5) сүйемелдеушімен жүру: сүйемелдеушімен жүрген кездегі біріккен әрекет координациясы;

6) жабық кеңістікте бағдарлау: бос уақыттағы ұйымдастыру; банктің қызметі және орналасуы; көрмейтіндердің міндеті мен құқықтары; ЖОО таңдау және оған барып-келудің маршрутын игеру; ғаламтор-кітапхана; дүкенде бағдарлау; ұлттық мейрамдар және тойлар; алғашқы медициналық көмек көрсету;

7) кеңкеңістікте бағдарлау: кең ортадағы объектілер; бір қаланың ауданына презентация жасау; жол ережесін бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікке тарту; жол-көлік оқиға жағдайында өзін-өзі ұстау тактикасы; көліктен шыққан кезде аялдаманың анықтау; аэропортта бағдарлау; ескерткішке экскурсия; қоғамдық көліктің маршруттары; көрмейтіндердің өміріндегі спортың орны; көкке шығу;

8) қарым-қатынас мәдениеті: әлеуметтік ортада мәдени тәртіпті сақтау.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

40. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодпен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 – "5" - сынып, "2.1" - бөлім; "4" - оқу мақсатының реттік саны.

41. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Кеңістіктік бағытталу пәніне кіріспе":

1- кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Кеңістікке бағытталуға оқытудағы жағымды түрткіні қалыптастыру	5.1.1.1 қоғамға бейімделу үшін кеңістікте бағдарлаудың маңыздылығын түсіну	6.1.1.1 көрмейтін музыканттар, мүсіншілер, саяхатшылардың өмірін талдау	7.1.1.1 көрмейтін әдеби кейіпкерлер туралы кітап презентацияларын дайындау	8.1.1.1 мектеп бітірген табысты түлектермен кездесулерге белсене қатысу	9.1.1.1 зағиптерге қол жетімді кәсіптер туралы презентация дайындау	10.1.1.1 көрмейтін табысты адамдар туралы мәліметтерді талдау және жинақтау өзін-өзі дамытудың тиімді жолдарын таңдау

2) 2-бөлім "Кеңістікте бағдарлауда анализаторларды үйлесімді қолдану":

## 2-кесте

Бөлімш е	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Көру арқылы қабылдау	5.2.1.1 трафаретте үй нөмерлері және көше атауларының орнын білу; оптикалық құралдардың көмегімен оларды оқу 5.2.1.2 бөлмеде кестелер мен нұсқаулықтарды оқи білу	6.2.1.1 қозғалушы объектілерді қадағалап, олардың жылдамдығын, бағыты мен арасындағы қашықтығын бағалау	7.2.1.1 кеңістікте неоскопикалық қабылдау дағдысын білу, үйлердің арасындағы арақашықтықты, олардың көлемін, нысанын, қабаттар саны мен олардың бір-бірінен қашықтығын анықтай алу	8.2.1.1 практикалық бағдарлауда сайнборд, билбордтар және түнгі уақытта жарықдиодты жазуларды пайдалану	9.2.1.1 ағаштар, үйлер, жиектемелер, бағандар арқылы түскен көлеңкені бақылау; баспалдақпен көтерілген кезде және түскенде, бұрылыста жарық пен көлеңкені пайдалану	10.2.1.1 жарық көлеңкесін пайдаланып, кеңістікте қауіпсіз жүру дағдыларын меңгеру
2.2 Тактильді қабылдау	5.2.2.1 әр түрлі жолдармен жінішке таяқ көмегімен кеңістікті зерттеу: перифериялық, біртүзаттан екінші затқа, біртүзаттан екінші нүктеге (есік, терезе)	6.2.2.1 еден үстінің сипатын анықтау (линолеум, паркет, кафель, кілем, ағаш еден) 6.2.2.2 жінішке таяқтың көмегімен топырақтың сипатын анықтау (саз, қиыршық тас, құм, асфальт)	7.2.2.1 лифтте, бөлмеде және көшеде, бедерлі жазуды оқу; 7.2.2.2 тактильді жолдарда жінішке таяқпен жаяу жүру дағдыларын меңгеру	8.2.2.1 жінішке таяқтың көмегімен үйге кіру және одан шығуды анықтай білу 8.2.2.2 жінішке таяқтың көмегімен тактильді зебра мен жатқан полицейскийді анықтау	9.2.2.1 жінішке таяқтың көмегімен ғимараттарға кірудің тәсілдері мен жолдарын түсіну, 9.2.2.2 бордюрларды анықтау, олардан өту	10.2.2.1 жінішке таяқтың көмегімен тоғай, орман, таудағы жолдарды анықтау 10.2.2.2 жінішке таяқтың көмегімен ағаштарды, бұталарды, арықтарды анықтау және оларды еңсере білу
2.3 Есту арқылы қабылдау	5.2.3.1 статикалық, қозғалатын, үзік дыбыстық сигнал арқылы жүру дағдыларын меңгеру	6.2.3.1 дыбыстарды ажырата алу және дыбыс көздерінің біріне қарай жүру	7.2.3.1 дыбыстық сигналға 90 және 180 градусқа қозғала бұрылу	8.2.3.1 таныс адамдады дауыс және жүрісі бойынша тану, олардың эмоционалдық жай-күйін анықтау	9.2.3.1 дыбыстық маякқа және дыбыстық бағдарламаларға бағдарлану	10.2.3.1 тән дыбыстарға сәйкес кеңістікті талдау, оларды практикалық бағдарлауда пайдалану
2.4 Сипап сезу және діріл арқылы қабылдау	5.2.4.1 "Сипап – сезу" және ұғымдарын түсіну және білу	6.2.4.1 ауаның температуралық өзгеруін бақылап, серуен үшін маусымдық	7.2.4.1 ауырсыну сезімталдығы туралы түсініктің болуы; жінішке	8.2.4.1 кеңістікте қауіпсіз әрекет жасаудың оңтайлы жолдарын таңдау; құлап қалған	9.2.4.1 діріл бойынша қабылдау арқылы кедергілерді анықтау (ғимараттар,	10.2.4.1 бұлшықет, сүйек буындық қабылдау арқылы ақпараттарды талдау және

ау		киім мен аяқ киімді таңдау	таяқнемесе қолды созу арқылы соқтығысуды алдын алу	заттарды іздеу кезінде қауіпті жағдаяттарды алдын алу (отырған қалыпта немесе енкею кезінде қолды беттің алдында ұстау)	шарбақтар, машиналар)	жинақтау
2.5 Иіс сезу	5.2.5.1 иіске назар аудару, оларды ажырату, есте сақтау және тану (асхана, медициналық кабинет)	6.2.5.1 табиғаттың иісін ажырата білу, ботаникалық баққа, орманпаркіне, жас натуралистер станциясына экскурсия жасау	7.2.5.1 әтірлердің иістерін косметика және тұрмыстық химияны, супермаркетте әртүрлі бөлімдерді иісі арқылы ажырата алу	8.2.5.1 өнеркәсіп және көлік иістерін анықтау, оларды бағдар ретінде ұстау	9.2.5.1 иістерді жағымды және жағымсызға жіктеу; санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау	10.2.5.1 иістерді талдау және иіс сезуді практикалық бағдарлауда пайдалану

### 3) 3-бөлім "Дұрыс жүру әдісі мен дене қалпын қалыптастыру":

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Өртүрлі әрекет барысында денені түзу ұстауды қалыптастыру	5.3.1.1 дене сымбатын қалыптастыру үшін дене мүшелерін дұрыс қалыпта ұстау	6.3.1.1 қозғалмалы ойындарды пайдаланып, ойын әрекетінде дене сымбатын сақтау	7.3.1.1 сүйемелдеушімен жүрген кезде дұрыс дене сымбатын сақтау	8.3.1.1 жінішке таяқпен жүрген кезде дұрыс дене сымбатын сақтау	9.3.1.1 өртүрлі әрекет барысында денені түзу ұстауды бақылау	10.3.1.1 айналадағылар адамды эстетикалық тұрғыдан қабылдау үшін дұрыс дене келбеті мен дене қалпының мәнін түсіну
3.2 Жүрудің түрлері	5.3.2.1 дұрыс жүру, табан қимылын, тобық қимылын жүрісті қалыптастыру кезіндегі тізенің ерекшеліктерін білу және түсіну	6.3.2.1 жеке және топта жол жиектерімен және тротуарлармен жүру тәсілдерін меңгеру	7.3.2.1 жүрудің алуан түрлі әдістері мен түрлерін меңгеру (көшбасшының артынан жүру, көлбеу жазықтық бойынша және жүкпен)	8.3.2.1 ауыларалық жолмен дұрыс жүру дағдысын меңгеру	9.3.2.1 ойлы-қырлы жерлерде компаспен немесе навигациямен жүру дағдысын меңгеру	10.3.2.1 баспалдақпен түсу, көтерілу кезінде, арықтардан, бордюрлардан өту кезінде вестибулярлық аппараттың функцияларын үйлестіру
3.3 Тростпен жүру дағдылары	5.3.3.1 "Ақ трость" ұғымын ұғыну; жінішке	6.3.3.1 жінішке таяқтың функцияларын	7.3.3.1 қажетті трості таңдау және қозғалыс	8.3.3.1 тростпен жүру тәсілдерін	9.3.3.1 баспалдақпен көтерілу	10.3.3.1 кедергілердің түрлерін анықтау

таяктүрлерін білу; ұстап, тауып және керекті трості тауып оны сақтайтын орынды анықтау; жінішке таяқпен жүрудің негізгі тәсілдерін меңгеру	(буфер, шуп, дыбыс генераторы) білу және оларды практикалық түрде пайдалану; трості қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтау	кезінде пайдалану (ұзын серуендеу үшін; тірек – егде жастағы; жиналмалы үй – жайында; лазерлі кедергілерден өту кезінде); трості ашу мен жинақтауды меңгеру	жетілдіру: маятникті, диагональды, сырғу, жанау тәсілі	және түсу, жінішке таяқтың көмегімен үй-жайына кіру және одан шығу тәсілдерін меңгеру	(тұрақты, уақытша, кездейсоқ, төменгі және бүйір) және оларды жінішке таяқтың көмегімен еңсеру
--	---	---	--	---	--

#### 4) 4-бөлім "Шағын кеңістікте бағдарлау":

##### 4- кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Мектеп ғимаратында жінішке таяқтың көмегімен бағдарлау	5.4.1.1 мектеп ғимараты мен бөлмелерін елестету және сипаттау 5.4.1.2 бөлмелерді тексерудің негізгі тәсілдерін меңгеру (перифериялық, бір заттан екінші затқа, есептеу нүктесі) 5.4.1.3 бөлмелерді, шеберханаларды тексеру, мектеп кеңістігі жайлы карта-жол құрастыру, кеңістікте шеберхананың орналасуын анықтау	6.4.1.1 мектеп кеңістігінде кабинеттердің орналасуын бірібіріне қатыстылығын өзінің орнын сипаттау, білу 6.4.1.2 мектеп ғимаратында өзі бағдарлай алу үшін жол картасы мен шолу картасын құрастыру	7.4.1.1 мектепте кабинеттердің орналасуын бірібіріне қатыстылығын отырып, жінішке таяқтың көмегімен бағдарлау 7.4.1.2 мектеп бойынша қозғалыстың қауіпсіздік ережелерін меңгеру	8.4.1.1 шағын кеңістікте бағыттарды ауызша белгілеу (оң жағы, сол жағы, ортасы, бұрышы, бұрылу) 8.4.1.2 мектептегі негізгі бөлмелер туралы ақпарат жинақтау және оны кеңістікте бағдарлау да пайдалану	9.4.1.1 мектептің бөлмелерін графикалық түрде бейнелеу	10.4.4.1 мектеп ғимаратында қозғалмалы маршрут бойынша сақталған анализатор мен жінішке таяқарқылы өздігімен жүру

	5.4.1. 4шеберханада өзбетінше жүріп-тұру					
4.2 Мектеп территориясы туралы түсінік	5.4.2.1 жінішке таяқтың көмегімен мектеп ғимаратынан шығу жолдарын табу, ғимаратқа кіру және одан шығу кезінде аккомодация тәсілін қолдану	6.4.2.1 жінішке таяқтың көмегімен мектеп ғимаратының негізгі объектілерін(стационар, балабақша, ойын алаңы, қоқыс контейнерлері) орталық және қосалқы қақпаларды білу	7.4.2.1 жінішке таяқтың көмегімен мектеп ғимаратына қатысты объектілердің орналасуы мен өз орнын анықтау	8.4.2.1 көз өлшемі мен қадам арқылы объектілер арасындағы арақашықтықты анықтау	9.4.2.1 объектілердің қай тарапта орналасқанын анықтау	10.4.2.1 мектеп территориясы жайлы ақпаратты жинақтау және карта құру
4.3 Топографиялық дағдылардың дамуы	5.4.3.1 рельефті және дәстүрлі топографиялық белгілерді білу және түсіну	6.4.3.1 мектептің территориясының бедерлі графикалық жоспарын құрастыру	7.4.3.1 "Ориентир" құралында мектеп территориясының жоспарын құрастыру	8.4.3.1 "Графика" құралында мектеп маршруты бойынша қозғалыс схемасын модельдеу (құру)	9.4.3.1 негізгі бағыттарды сипаттау және талдау	10.4.3.1 оңтайлы және қауіпсіз маршруттар таңдау
4.4 Бағдарларды қолдана отырып берілген маршрут бойынша мектеп территориясында бағдарлау	5.4.4.1 мектеп аумағында: тірі қоршаулар, тігінен құлаған тастар тізбегі, асфальтталған жолдар, бұрылыстар, бордюрлардан бағдарлау жүйесін білу 5.4.4.2 мектеп аумағындағы	6.4.4.1 жінішке таяқарқылы мектеп аумағындағы тұрақты, уақытша, кездейсоқ, кедергілерді тексеріп сипаттау 6.4.4.2 мектеп аумағында мәдениет нормаларын меңгеру	7.4.4.1 жоғарғы, төменгі және бүйір кедергілерді анықтау 7.4.4.2 мектеп аумағында жінішке таяқарқылы белгіленген негізгі маршрут бойынша жүру	8.4.4.1 берілген маршрут бойынша жүру дағдыларын меңгеру, қосымша бағдарларды табу 8.4.4.2 кедергілерді еңсеру тәсілдерін білу оны мектеп	9.4.4.1 мектеп аумағында бағдарларды, тротуар, тактильді навигацияны және сақталған анализаторларды пайдалана отырып жүріп-тұру дағдыларын меңгеру	10.4.4.1 мектеп аумағында қозғалыстың бағыттары мен өз бетінше таңдау 10.4.4.2 өз бетінше қауіпсіз қозғалыс жолдарын таңдау және кеңістікті талдау



	кедергілерді тіркеу			аумағында бағдарлауда қолдану		
--	---------------------	--	--	-------------------------------	--	--

### 5) 5-бөлім "Сүйемелдеушімен жүру":

#### 5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1 Ересектермен және құрдастарымен жүру	5.5.1.1 зағип жандарға күнделікті өмірде қажеттіліктерін е көмек көрсету керектігін түсіну 5.5.1.2 баспалдақпен жүк бар кезде көтерілу және түсіу кезінде бірлесіп жүру әдісін, бөлмеден шығу, бұрылу тәсілдерін меңгеру	6.5.1.1 әр түрлі жағдайларда өтініш білдіру арқылы қоршаған ортадан көмек алу түсіну 6.5.1.2 сүйемелдеушінің көмегімен санитарлық жүйені пайдаланудың практикалық дағдыларын меңгеру	7.5.1.1 сүйемелдеушімен бірлескен жүрісте тәуелдік қарым-қатынас туралы түсініктен алшақ болу (иыққа сүйене отырып жүру) 7.5.1.2 көлікте бірлескен сапарларда қажетті дағдыларды меңгеру	8.5.1.1 бірлесіп жүрген кезде даулы жағдайларды ескеру және сүйемелдеушімен жақсы қарым-қатынаста болу 8.5.1.2 сүйемелдеушімен жабық кеңістікте (тұрмыстық, сауда, медициналық, мәдени мекемелерде) бағдарлаудағы дағдыларын меңгеру	9.5.1.1 сүйемелдеушіге белгіленген пунктке дейінгі негізгі бағдарды нақты сипаттау және ауызша белгілей білу 9.5.1.2 сүйемелдеушімен Кең кеңістікте жүрудің негізгі әдістерін меңгеру	10.5.1.1 сүйемелдеушімен бірлескен әрекетті үйлестіру және алдын ала жүретін маршрутты талдау

### б) 6-бөлім "Жабық кеңістікте бағдарлау":

#### 6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
6.1 Мәдени мақсаттағы нысандар	5.6.1.1 мәдени ойын-сауық орталықтарының негізгі түрлерін білу: кинотеатр, театр, парк, аквапарк, хайуанаттар бағы, цирк және олардың	6.6.1.1 саябақ және паркінің анықтау, бетімен жүруді қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын меңгеру	7.6.1.1 театрлардың атауын, орналасуы мен жіктелуін есте сақтау (драма, ТЮЗ, комедия театры, куыршақ театры) және кинотеатр (премьералық, ойын-сауық, студиялық, балалар, үздіксіз	8.6.1.1 кинотеатрда бағдарлау, кассаны, көрермендер залын, буфет, дәретхана, фойе және билетке сәйкес орынды табу дағдыларын меңгеру және жінішке қоятын жерді	9.6.1.1 театрдағы негізгі ұғымдарды білу және түсіндіру (көрермен залы, сахна, портер, амфитеатр, балкон, жоғарғы ярус, софиттер,	10.6.1.1 бос уақытты тиімді ұйымдастыру – мәдени-ойын сауық нысандарына бару

	маңызы мен қызметін сипаттау		кинокөрсетілімдермен, кинокафе, 3D, 4D)	белгілеу 8.6.1.2 кинотеатрда әдептілік нормаларын сақтау 8.6.1.3 "Ориентир" құралында кинотеатрдың жоспарын құру	рампа, антракт) 9.6.1.2 театрда бағдарлау дағдыларын меңгеру (буфетке, санузлға, фойеге, гардеробқа бару); театрда билетке сәйкес орынды таба білу, тростқа арналған орынды анықтау 9.6.1.3 театрда өзін ұстауда әдеп нормаларын сақтау 9.6.1.4 театрдың керемет атмосферасын сезіну 9.6.1.5 "Ориентир" құралында театрдың жоспарын құрастыру	
6.2 Тұрмыстық мекемелер	5.6.2.1 адам өмірінде қызмет көрсетуші мекемелердің маңыздылығын түсіну	6.6.2.1 ең жақын тазалау және кір жуу мекемесінің орналасқан жерін, олардың ішкі сәнін және оларға баратын маршрутты анықтау 6.6.2.2 тапсырыстарды рәсімдейтін және қабылдайтын менеджермен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру	7.6.2.1 жақын жерде орналасқан почтаға дейінгі маршрутты білу 7.6.2.2 тапсырыстарды рәсімдейтін және қабылдайтын менеджермен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру (сәлемдеме, тапсырыстық хат жіберу)	8.6.2.1 жақын орналасқан тұрмыстық техниканы жөндеу және киім мен аяқ киім жөндеуінің сервис орталықтарына дейінгі маршрутты меңгеру 8.6.2.2 тапсырыстарды рәсімдейтін	9.6.2.1 ең жақын сұлулық салондарының мекен жайын, функционалдық бағыттары мен қызметтердің ауқымын, оған дейінгі маршрутты есте сақтау 9.6.2.2	10.6.2.1 ең жақын банктің орналасқан жерін, оған бару маршруттын және көрсетілетін қызметтер түрін (валюта, вексельдерді төлеу, қарыздарды тіркеу) анықтау

				және қабылдайтын менеджермен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру	сұлулық салондарының қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру	10.6.2.2 қаржылық операциялар бойынша қызмет көрсететін банк қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру
6.3 Әлеуметтік мекемелер	5.6.3.1 зағип жандардың Қазақстандық қоғамының қалыптасу тарихын, құрылымы мен орнын білу	6.6.3.1 зағип жандардың Қазақстандық қоғамының функциясын маңыздылығын түсіну; жандардың Қазақстандық қоғамының мүшелерінің құқықтары міндеттерін, құрамына ережелерін білу	7.6.3.1 зағип жандардың Қазақстандық қоғамының орталығына дейінгі маршрутты зерделе, онда бағдарлауды үйрену	8.6.3.1 негізгі әлеуметтік мекемелердің орналасқан жерін (халыққа қызмет көрсету орталығы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы, жәрдемақы беру туралы орталық), олардың қызметтері мен оларға бару маршрутын есте сақтау	9.6.3.1 әлеуметтік мекемелерде өз-өзін бағдарлай білу, іскерлік қарым-қатынас және қажетті құжаттарды тіркеуде білікті болу	10.6.3.1 құқықтық мәдениеттен хабардар болу; зағиптардың құқықтары мен міндеттерін білу (жеке көмекшісі және әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар; жұмыс уақытының ұзақтығы қысқартылған; қосымша ақылы демалыс)
6.4 Оқу орындары және кітапхана	5.6.4.1 оқу орындарының түрлерін білу (мектеп, колледж, университет); 5.6.4.2 есте сақтау қабілеті мен танымдық қабілеттерін қалыптастыру үшін көркем әдебиет оқу	6.6.4.1 абитуриент, студент, бакалавр, магистрант, оқу топтары түсініктерін меңгеру; 6.6.4.2 зағип жандардың Қазақстандық қоғамының кітапханасының орнын және оған маршрутты білу 6.6.4.3 кітапханаға дейінгі және кері ең тиімді маршрутты меңгеру	7.6.4.1 көрмейтіндерге арналған қол жетімді базалық оқу орындары мен мамандықтарды білу 7.6.4.2 кітапханадағы негізгі функционалдық бағыттар: каталог, абонемент, оқу залы, кеңсені білу	8.6.4.1 ауызша университеттегі (факультет, университет әкімшілігі, деканат, аудитория бөлімшесі) бөлімдерді белгілеу 8.6.4.2 каталог бойынша кітап (аудио кітапты, Брайль кітабын және борттық кітапты) таңдай алу, тіркеу және	9.6.4.1 іс жүзінде мектептерде бағдарлау дағдыларын үйрену 9.6.4.2 оқу залында мерзімдік басылымдар, көркем және әдебиеттерін меңгеру жұмыс істеу кезінде оқырман қызметтерін	10.6.4.1 ұсынылған мамандық бойынша, жоғары оқу орнының ауқымын болжау 10.6.4.2 таңдалған оқу орнына дейінгі маршрутты зерттеу 10.6.4.3 интернет кітапханалард

	қажеттігін түсіну			тапсырыс беруді меңгеру	пайдалану	ы пайдалану және әлеуметтік желілерде электрондық кітаптармен алмасуда білікті болу
6.5 Сауда мекемелері	5.6.5.1 негізгі дүкендер түрлерін анықтап (азық-түлік, дүкендер, кітаптар) және олардың жұмыс істеу мақсаттарын ажырата алу	6.6.5.1 сауда мекемелеріндегі қызметкерлердің мамандықтарын (кеңесші, кассир, контролер) және олардың функцияларын білу; олармен қарым-қатынаста білікті болу	7.6.5.1 дүкендердің негізгі түрлерін білу және ажырату (супермаркет, гипермаркет, минимаркет); негізгі сауда бөлімдер мен секцияларын (киім-кешек, аяқ киім, парфюмерия) анықтау	8.6.5.1 сауданың негізгі ережелерін меңгеру; қажетті тауарды таңдау, нақтылау, оның құнын анықтау, кепілдік мерзімі мен тауардың кепілдік мерзімі аралығында чекті сақтау; талапқа сай тауарды сатушыға қайтару	9.6.5.1 банкноттарды анықтау және қарапайым сатып алулар жасау	10.6.5.1 сақталған анализаторлардың көмегімен дүкенде және сауда орталықтарында өздігімен бағдарлай алу
6.6 Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары және азық-түлік дүкендері	5.6.6.1 нарық және оның түрлерін түсіну (киім, көкөніс, азық-түлік) және базарда қарапайым сатып алулар жасау	6.6.6.1 супермаркеттегі азық-түлік бөлімдерін арқылы анықтау	7.6.6.1 асханда өз бетінше және сүйемелдеушімен жүруді меңгеру және ұқыпты тамақтану	8.6.6.1 қоғамдық тамақтандыру орындарының түрлерін (мейрамханалар, асханалар, кафелер) білу	9.6.6.1 қазақ тағамдарының бұйымдарын ерекшеліктерін білу	10.6.6.1 қазақ ұлттық дәстүрі мен салттарын сақтай отырып той-мейрамдарды ұйымдастыру
	5.6.6.2 нарықтағы сатушымен ерекше байланыста болу	6.6.6.2 супермаркетте сатып алулар жасауды білу (арба алу, өнімді таңдап, оның бағасын білу, төлеу және орау)	7.6.6.2 жақсы және тамақтану	8.6.6.2 даяшымен байланыс нормаларын сақтау, ас мәзірінде көрсетілген тағамды таңдап, тапсырыс беру, есептесу	9.6.6.2 ұлттық тағамдар бойынша презентация дайындау	10.6.6.2 дұрыс тамақтану мен салауатты өнімдер бойынша ақпаратты жинақтау
6.7 Денсаулық сақтау	5.6.7.1 салауатты өмір салтынның абысты өмір әлеуметі үшін	6.6.7.1 ең жақын орналасқан дәріхананың мекен-жайын білу, дәрігер белгілеген дәріні сатып алу кезінде сатушы-фармацевтпен	7.6.7.1 жақын орналасқан емханалардың мекен-жайын анықтау	8.6.7.1 жедел жәрдем, инвотаксия, өртке қарсы қызмет және полицияға телефон арқылы	9.6.7.1 вирустық, инфекциялық аурулар, көз аурулары мен жаракаттард	10.6.7.1 қолайсыз жағдайларда алғашқы көмек көрсете алу (естен тану, үсу,

маңыздылығын түсіну 5.6.7. 2күнделікті таңертеңгілік жаттығуларды, тактильді жаттығуларды, көз жаттығуларын орындау	қарым-қатынас жасаудағыларын меңгеру 6.6.7.2.Әрі-дәрмек және дәрумендер туралы түсініктің болуы 6.6.7.3.рецептсіз жасөспірімдерге дәрілік препараттарды сатуға тыйым салынатынын білу	дәрігерлердің кабинеттері, зертханалар туралы мәліметтерді білу 7.6.7.3.зағип жандарды алып жүруші жөнінде емханадағы әлеуметтік қызметкерге айту	қоңырау шалған кезде ауызша қарым-қатынаста білікті болуы 8.6.7.2.төтенше жағдайлар кезінде мінез-құлық ережелерін сақтау (өрт кезінде, жер сілкінісі, жағдайында)	ың алдын алуы білу 9.6.7.2.жұмыс орының тиісті жарықтандырылуын қадағалау	ыстығы көтерілген жағдайда, сынықтар, күйік шалғанда) 10.6.7. Залғашқы көмек көрсету барысында қырағы және икемді болу
---	---	--	---	--	--

## 7) 7-бөлім "Кең кеңістікте бағдарлау":

### 7-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
7.1 Кең кеңістіктің нысандары	5.7.1.1 табиғи объектілер мен олардың орналасқан жері (тау, өзен, көл, канал, орман) туралы білу; оларды негізгі бағдар ретінде пайдалану	6.7.1.1 тұйық көшелердің, даңғылдардың, алаңдардың орнын білу және қалалық жүйедегі олардың маңыздылығын түсіну	7.7.1.1 бульварлар, алаңдар, жағалаулардың маңыздылығын түсіну	8.7.1.1 тұрғын үйлер мен оларға өту жолдарын тұрақты бағдар ретінде пайдалану	9.7.1.1 темір жол, автомобиль және жаяу жүруге арналған көпір туралы түсік қалыптастыру және оларды тұрақты бағдар ретінде пайдалану	10.7.1.1 негізгі бос объектілер туралы ақпаратты жинақтау, презентациялар жасау
7.2 Топографиялық дағдылардың дамуы, рельефті және дәстүрлі карталармен жұмыс жасау	5.7.2.1 карта және оның ауқымын, бедерлі және жалпақ белгілері туралы түсінік қалыптастыру	6.7.2.1 түсті белгілері бойынша картадан табиғи объектілердің орналасқан жерін (таулар, ормандар, су объектілері) анықтау	7.7.2.1 қаланың әкімшілік аудандарға бөлуін білу және картадан салыстырмалы түрде бір-бірінен өздерінің орналасқан жерін анықтау	8.7.2.1 картада қала маңында орналасқан аудандарды тауып, олардың атауларын есте сақтау	9.7.2.1 оңтүстіктен солтүстікке және батыстан шығысқа қарай картада көшелерінің ұйымдастыру ретін анықтап, есте сақтау; "Квартал" ұғымын түсіну	10.7.2.1 топографиялық кескінді кеңістіктік бағдарға аудару; қаланың аудандарының біріне презентация дайындау
7.3 Жол жүру ережесі	5.7.3.1 жол-көлік оқиғаларын түсіну, олардың себептері мен мүмкін болатын	6.7.3.1 жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысын бақылау	7.7.3.1 жол белгілерінің классификациясын және олардың түсі,	8.7.3.1 қала ішінде ең тиімді және қауіпсіз жолдан өту	9.7.3.1 қиылыстардың түрлерін (Т-тәрізді, Х-тәрізді) білу	10.7.3.1 жол-көлік оқиғаларының себептерін талдау және

16. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және GPS навигацияларын бағдарлау мен ұтқырлық аумағында қолдану құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту; мультимедиялық ресурстарды және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану; Интернет пен мәліметтер базасында ақпараттарды іздеу; ақпараттық-коммуникациялық ақпаратты құру және өңдеу үшін пайдалану; оқытудың белсенді түрлерін техникалық тұрғыдан қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану; білім алушылармен, мұғалімдермен жұмыс істеу үшін байланыс арналары бойынша ынтымақтастық, қарым-қатынас және ақпаратпен алмасу үшін электронды байланыстарды қолдану, онлайн форумдарына, оқытудың виртуалді ортасына қатысу.

17. Оқу іс-әрекетінің негізгі түрлері:

- 1) оқу, әңгімелесу, талқылау, мазмұндау, тақпақтау (декламирование), талдау;
- 2) импровизация ойындары, ережелері бар ойындар, сюжетті ойындар, дидактикалық және театрланған ойындар, драматизация ойындары;
- 3) жоғарғы психикалық функцияларды дамытуға арналған ойындар;

4) тифлографика, сурет салу: еркін, тақырыптық, фантазиялық;

5) қойылым үзінділерін (эюдтарды), жаттығуларды, видеофильмдерді көру және талдау;

6) иллюстрацияларды, сурет нысаналарын және сюжетті картиналарды (көру қалдығы кезінде) қарастыру және талдау;

7) психогимнастикалық жаттығулар мен ойындар;

8) ертегітерапия, арттерапия элементтері бар ойындар;

9) тыныстау, көру, саусақ гимнастикалары.

18. Мимика және пантомимиканы дамыту бойынша сабақтар аптасына 1 рет, білім алушының даму деңгейін ескере отырып құрылған топпен (3-5 адам), ерекше қиын жағдайда жеке өткізіледі. Жеке жұмыс жүргізілетін білім алушылардың жетіспеушілігінің түзетілуіне қарай оларды топтық сабақтарға енгізеді.

19. Сабақтың құрылымдық компоненттері:

1) 1 кезең – бұлшық ет тырысуын жою немесе олардың тонусын көтеру;

2) 2 кезең мимикамен, жестпен және дене қалпымен танысу;

3) 3 кезең – бет пен дененің мәнерлі қимылдарына үйрету, іс-әрекетті вербализациялау (сөйлеу тілімен қостау);

4) 4 кезең – қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын қойылым үзіндісіне (эюдқа), ойынға, сахналауға енгізу;

5) 5 кезең – мимика және пантомимика арқылы эмоциональді жай-күйді, көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзетуге үйрету.

20. Арнайы білім берудегі білім алушылардың коррекциялық цикл пәндері бойынша жетістіктерін бағалау сапалық-сипаттамалық, эмоционалды түрде болады (өзінің мүмкіндіктеріне дұрыс қатынас қалыптастыру) және білім алушылардың коммуникативті дағдыларының дамуы мен қалыптасуының табысты мониторингіне негізделді.

21. Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелігі үш деңгейде қарастырылады және сипаттау түрінде беріледі:

1) меңгеруге тырысады;

2) көмекпен (ересектің, құрбысының) меңгереді;

3) өздігінен меңгереді; жетекші құзыреттілігі бойынша.

3-тарау. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

22. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

- 4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

23. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру";
- 2) 2-бөлім "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау";
- 3) 3-бөлім "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану";
- 4) 4-бөлім "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту";
- 5) 5-бөлім "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру";
- 6) 6-бөлім "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету".

24. Курстың барлық бөлімдері өзара байланысты, бөлімдер өзара қиыстырылуы, бір-бірін өзара толықтырыла алады. Бір сабақта бөлімдер мен оқу әрекетінің түрлері үйлестіріле алады. Мысалы, "Практикада қарым-қатынастың тілдік емес құралдарын пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жасай алу біліктілігін қалыптастыру" тарауының мазмұнын "Сөйлеу тілінің мәнерлігін дамыту" тарауының элементтерімен үйлестіруге болады.

25. "Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бұлшық ет аппаратын жаттықтыру.

26. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сезімдермен танысу;
- 2) сезімдерді тану, атау, сипаттау;
- 3) мимика мен пантомимиканы жаңғырту бөлімшелерін қамтиды.

27. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану" бөлімі төмендегі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу бөлімшесін қамтиды;
- 2) қылықты модельдеу.

28. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) интонациямен айтуды үйрету бөлімшесін қамтиды.

29. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері бөлімшесін қамтиді.

30. "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету" бөлімікелесібөлімшені қамтиды:

1) көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету бөлімшесін қамтиды.

31. 5-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) бұлшықет аппаратын жаттықтыру. Бұлшықеттің жеке топтарын ықтиярлы түрде кернеу және босаңсыту: қолдың, аяқтың, дененің және беттің;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету: жабырқау, жиіркену, қызығушылық, абырой сезімдеріне байланысты мимиканы, ым-ишараттарды, дене қалпын, мәнерлі қимылдырды бекіту; мақтаньш, тәкаппарлық, табалау, құмарлану, ашулану сезімдерімен танысу; абырой/менмендік/тәкаппарлық; наразылық/қаһар; қызығушылық/құштарлық/әуестік; ашу/табалау ұғымдарын саралау; кейіпкерлердің эмоционалды жай-күйін анықтай отырып, сюжетті әңгімелер оқу (мақтаньш, тәкаппарлық, табалау, құмарлану, ашулану); алғыс білдіру, қаһарлану, құштарлану сияқты эмоционалды жай-күйді мимикамен, ым-ишаратпен және мәнерлі қимылдармен қостай отырып көрсету; шаршау, елжіреу, ренжу ым-ишараттарын және мәнерлі қимылдарын моделдеу; алғыс білдіру, ренжу, құштарлану эмоцияларын әлеуметтік қолайлы тәсілдермен ашық көрсетуге септігін тигізу; қызығушылық, әуесқойлық, табалау сияқты эмоционалды жай-күйге сәйкес келетін мәнерлі қимылдарды, ым-ишараттарды, дене қалыптарын жаңғырту;

3) қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру: күнделікті өмірдегі ым-ишараттар мен мәнерлі қимылдарын практикада жаңғырту: тісім аурады, итпен серуендеймін, ас әзірлеймін, от сөндіремін; тілдік емес құралдамен шаршау, қызығу, ызалану, әуестік, тәкаппарлық сияқты жай-күйлерді жаңғыртуға жаттықтыру; жол жүрісін реттеушінің, бағбанның, жер қазушының, программисттің, сатушының, оқытушының, ұшқыштың кәсіби іс-әрекетіне байланысты қимылдарды еліктеп көрсету; аяғын жыбырлатып басу, сүрініп, тырпылдатып жүруді еліктеп көрсету; айқын жағдаятта өзінің жүріс-тұрысын моделдеу (мен оған ризамын, қандай сүйкімді марғау! ұрысып жатқанда, сынағанда өзін адекватты ұстай білу, тәкаппар адамның қылығын еліктеп көрсету, мен ашулымын!);

4) сөйлеу тілінің интонациясын дамыту: жабырқау, жиіркену, мақтаныш, қуаныш сияқты эмоционалды жай-күйіне сәйкес сөйлеу тілінің интонацияларын бекіту; мәнерлі тақпақтау (декломирование), көркем туындыларды оқу; сезім реңктерін жеткізудегі мәнерлі интонацияны дағдыландыру: елжіреу/ұнату; қызығушылық/әуесқойлық; мақтаныш/тәкаппарлық;

5) мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру: түрлі жағдаяттағы қылықтарды ойнап көрсету, жаттығу жүйесін (тренингтер) орындату: өздігінен танысу, алғыс білдіру, қонақжай иесінің рөлін орындау, қонақтағы қылықты моделдеу, басқа адамға көмек көрсету, бейтаныс адамның сұрақтарына жауап беру, театрдағы, кинотеатрдағы, зообақтағы тәртіп, автоматты есік пен эскалатор жанындағы адекватты тәртіп, қалыпты дамудағы құрбыларымен, ересектермен, бөтен адамдармен адекватты қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;

6) мимика және пантомимика құралдары арқылы көңіл-күй мен мінездің жеке қасиеттерін түзету: әдеби шағарма кейіпкерінің мінез қасиеттерін көрсететін (тәкаппарлық, қызғаныш, табалау) жағымсыз істеріне моралді баға беру; табалау, ашулану, шаршап-шалдығу, әуесқойлық сезімдерін жою; табалау, ашулану, әуесқойлық сезімдерін бейнелеп көрсету кезінде мимика мен ым-ишараттерді қолдануға жаттығу, оларды сөзбен айту; жағымсыз қозғалыс автоматизмін жоюға бағытталған жаттығу.

32. 6-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) мимикалық бұлшықет аппаратын жаттықтыру. Тыныстауға назар аудара отырып, мимикалық бұлшықет аппаратын жаттықтыруға бағытталған ойындарды және нұсқауларды орындау;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету: менмендік, тәкаппарлық, табалау, әуестік, ашулану, қызғану, елжіреу сияқты эмоционалді жай-күйге сәйкес келетін мимикалық, пантомимикалық қимылдарды және сөйлеу тілі интонациясын бекіту; сезімдермен танысу: шарасыздық-дербестік; ұялшақтық-емін-еркіндік; қамқорлық, аяушылық-немқұрайлық; рақымшылық – қатыгездік; қамқорлық сезіміне байланысты эмоционалды жай-күймен танысу; эмоционалды жай-күйлерді саралау біліктілігін дамыту: ұялшақтық/ қымсыну/ыңғайсыздық/жасқаншақтық; аяушылық/рақымшылық/ қаморшылық; танқалу/қайранқалу/аңырау; жиіркену/жеркену; кейіпкерлердің эмоционалды жай-күйлерін бөліп және саралай отырып, сюжетті әңгімелерді оқуға және мазмұнын қайта айтуға жаттығу (ұялу, қымсыну, аяушылық, рақымшылық, қамқорлық, таңқалу,

таңырқау, абыржыту); аяушылық, қамқорлық, сергектік, абыржыту, қымсыну, жеркену, таңырқау эмоционалды жай-күйлерді мимикамен, ым-ишаратпен, мәнерлі қимылдармен адекватты білдіру; таңырқау, жиіркену, шарасыздық, ыңғайсыздық сияқты эмоционалды жай-күйлерге сәйкес келетін ым-ишараттерді, дене қалыптарын, мәнерлі қимылдарды моделдеу; рақымшылдық, қамқорлық, ұялшақтық, ыңғайсыздық, таңқалу эмоцияларын әлеуметтік қолайлы тәсілдермен ашық көрсетуге болысу;

3) қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру: таңырқау, рақымшылдық, қамқорлық, сергектік, таңқалу сезімдерін мимикамен және мәнерлі қимылдармен, дене қалпымен, ым-ишараттермен көрсетуге үйрету; мәнерлі қимылдармен, ым-ишараттермен көрсетілетін шарасыздық, қымсыну, таңқалу, абыржу, жеркенгіштік, жиіркену, таңырқау, аяушылық сияқты эмоционалды жай-күйді фразалармен қостау; машинисттің, шаштаразшының, сырнайшының, әйнек жуушының, аспазшының, дирижердің кәсіби іс-әрекетіне байланысты әрекеттерді еліктеп көрсету; мас адамның, балеринаның, подиумда келе жатқан моделдің жүрісін еліктеп көрсету; белгілі жағдаятта өзінің қылығын дұрыс реттеуге үйрету: аяушылық, жанашырлық білдіру, (көңіл айту); бейтаныс жағдаяттағы тәртіп; өзінің жиіркенуін жасыру (таныс емес, ұнатпайтын тағамға); бір жерге барғысы келмегенде.

4) сөйлеу тілінің интонациясын дамыту: алғыс білдіру, елжіреу, тәкаппарлық, жақтырмау, шаршау, ашуланудың сөйлеу интонацияларын бекіту; таңқалу/қайранқалу/аңырау; аяушылық/қамқоршылық; тыныштық/сергектік; ұялшақтық/ыңғайсыздық; жиіркену/жеркену сезімдерін интонациямен білдіруге үйрету;

5) мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру: өмірлік жағдаяттарды моделдеу: кітапханадағы, мұражайдағы дұрыс тәртіп; ресми рәсімдегі, қонақтарды мектепте күту кезіндегі дұрыс тәртіп; телефон қоңырауларына жауап бергенде; үй иесінің рөлін орындағанда; ескерту мен сынға адекватты кері жауап қайтару; құрбыларымен, ата-аналарымен, бейтаныс, көретін адамдармен қарым-қатынастың адекватты тәсілдерін қалыптастыру.

6) мимика және пантомимика құралдары арқылы көңіл-күй мен мінездің жеке қасиеттерін түзету: қозғалыс автоматизімін жоюды жаттықтыру; эмпатия, бауырмалдық сезімдерін дамытуға септігін тигізетін жағдаяттарды моделдеу; ескерту мен сынға адекватты жауап қайтару; ұялшақтық, жиіркену, жасқаншақтық сезімдерін жоюға бағытталған жаттығулар; сюжетті суреттер мен

әңгімелер кейіпкерлерінің көңіл-күйлері мен эмоционалды жай-күйлерін вербалдандыру (сөзбен жеткізу).

33. 7-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) мимикалық бұлшықет аппаратын жаттықтыру: аутогенді жаттықтыру арқылы ағзадағы кейбір автоматты процестерді саналы түрде түзету; тыныстауға назар аудара отырып, мимикалық және пантомимикалық бұлшық аппаратын жаттықтыруға бағытталған ойындарды және нұсқауларды орындау;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету: шарасыздық, аяушылық, жанашырлық, елжіреу, ұялшақтық, қамқорлық, сергектік, жеркену, ыңғайсыздық, қымсыну сияқты сезімдер мен эмоцияларды мимикалық, пантомимикалық қимылдарымен бекіту; немқұрайлық/сабырлылық; безушілік/шеттеу/мелшиіп қалу; үрей/қорқу/зәренің ұшуы; өтініш/жалыну; қуаныш/шаттық; жауапкершілік/жинақылық сезімдері мен жай-күйлерімен танысу; жоғарыда айтылған сезімдер мен эмоционалды жай-күйлерді саралауға жаттығу; басқа адамның эмоционалды жай күйін түсіну және саралау қабілетін дамыту; берілген эмоцияға байланысты әңгіме құрастыру; үрей/қорқу/зәренің ұшуы; қуаныш/шаттық; өтініш/жалыну сезімдерін мимикамен, ым-ишаратпен, дене қалпымен, мәнерлі қимылдармен көрсетуге жаттығу; әлеуметтік қолайлы тәсілдерімен қуаныш эмоциясын ашық білдіруге себептесу;

3) қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру: сюжетті әңгіме кейіпкерлерінің эмоционалды жай-күйін драматизациялау тәсілін қолдана отырып жаңғырту; етікшінің, ағаш ұстасының, дәрігер-массажисттің, скрипкашының кәсіби іс-әрекетіне байланысты әрекеттерді еліктеп көрсету; роботтың, "билеушінің" жүрісін, белі ауырған адамның жүрісін еліктеп көрсету; белгілі жағдаяттағы тәртіпті моделдеу: мен қатты үрейлендім, мен одан шошыдым, мен сасып қалдым; қорыққанынан мелшиіп қалды, табысқа жету шаттығы;

4) сөйлеу тілінің интонациясын дамыту: алдыңғы оқу жылындағы сөйлеу тілі интонацияларын бекіту; қорқу/зәренің ұшуы; өтініш/жалыну; қуаныш/шаттық; немқұрайлық/сабырлылық – эмоциональді жай-күйлерді интонациямен жеткізу; интонация бойынша басқа адамның көңіл-күйі мен сезімін табу (әңгімелер, фильмдер материалында);

5) мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру: меншік құқығын сыйлау; танысу кезінде, қонақ шақырғанда ықылас білдіру; көмек ұсынғанда; қоғамдық



жерлерде әдептілік көрсету; басқа адамға тиесілі нәрсені сұрай білу; бас тартуға адекватты жауап қайтару жағдаяттарында мәдени тәртіп дағдыларын жетілдіру; айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасаудың адекватты тәсілдерін қалыптастыру;

б) мимика және пантомимика құралдары арқылы көңіл-күй мен мінездің жеке қасиеттерін түзету: қозғалыс автоматизімін жоюға бағытталған жаттығулар; немқұрайлық, селқостық сияқты мінездің жағымсыз қасиеттеріне моралді баға беру; жинақылық, жауапкершілік сияқты мінездің қасиеттеріне оңды моралді баға беру; сурет салу, жағдаятты ойнап көрсету арқылы қорқыныш, шошыну сезімдерін жеңе білуін дамыту.

34. 8-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) мимикалық бұлшықет аппаратын жаттықтыру: аутогенді мимикалық бұлшық аппаратын жаттықтыру арқылы ағзадағы кейбір автоматты процестерді саналы түрде түзету; тыныстауға назар аудара отырып, мимикалық және пантомимикалық бұлшық аппаратын жаттықтыруға бағытталған ойындарды және нұсқауларды орындау;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету: шарасыздық, аяушылық, жанашырлық, елжіреу, ұялшақтық, қамқорлық, сергектік, жеркену, ыңғайсыздық, қымсыну сияқты эмоционалды жай-күйді мимикалық, пантомимикалық қимылдарды және сөйлеу интонациясын бекіту; қарама-қарсы сезімдер мен эмоционалды жай-күйлермен танысу: шаршағандық - жігерлілік; бейжайлық-құмарлық; түңірену - күлімдеу; байсалдылық-шыдамсыздық; немқұрайлық/бейжайлық; түңіренкі/жабырқаңқы; азаптану/ұайымдау; сергектік/жігерлік; алаңдау/наразылық/ашудың кернеуі сезімдері мен эмоционалды жай-күйлерді саралау; кейіпкерлердің эмоционалды жай-күйін саралай отырып, сюжетті әңгімелерді оқу және мазмұнын қайта айту; берілген эмоцияға сюжетті әңгімелерді құрсатыру; ақ пейілді, жабырқаңқы, құмарлық, бейжайлық, наразылық сезімдерін білдіруге байланысты мимикалық және пантомимикалық дағдыларды дамыту; дыбысталған және дыбыссыз фильмдерді көру негізінде (көру қалдығы бар балалар үшін) басқа адамның көңіл-күйі мен сезімін тану; эмоционалды жай-күйді жеткізуге байланысты өмірлік жағдаяттарды моделдеу;

3) қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру: сюжетті әңгіме кейіпкерлерінің көңіл-күйі мен эмоционалды жай-күйін

драматизациялау тәсілін қолдана отырып жаңғырту; белгілі жағдаяттағы қылықты моделдеу: спорт жанкүйерінің құмарлығы, алғашқы танысу кезіндегі игілікті қатынас, қарама-қарсы жыныстағы адамға сый көрсету; жағымсыз іске наразы болу;

4) сөйлеу тілінің интонациясын дамыту: қорқыныштың, жалынудың, өтініштің, шектетудің, қуаныштың сөйлеу интонацияларын бекіту; жабырқаңқы, құмарлық, алаңдау, азаптану, шаршау, жігерлену көңіл-күйлері мен сезімдерінің интонациялық реңктерін білдіру; сөйлеу интонациясы бойынша басқа адамның эмоционалды жай-күйін аңғару;

5) түрлі жағдаяттарында мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру: әңгімелесуді үзбей жалғастыру; өзіне қарай назарды өнегелі түрде аударта білу, көмек немесе кеңес сұрау, көру қабілеті қалыпты құрбыларымен адекватты қарым-қатынас жасау;

6) мимика және пантомимика құралдары арқылы көңіл-күй мен мінездің жеке қасиеттерін түзету: өзінің түйсінуін суреттеу және оларды талдау, мінез қасиеттерін моралді бағалау (түңірену - күлімсіреу; шыдамсыздық - шыдамдылық; бейжайлық - жігерлілік); зығырдан қайнау, наразылық сезімдерін тежеу және оларды адекватты формада білдіру.

35. 9-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) мимикалық бұлшықет аппаратын жаттықтыру. Аутогенді психобұлшықтық жаттықтыру арқылы ағзадағы кейбір процестерді саналы түрде түзету;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету: наразылық, алаңдау, түңілу, шыдамсыздық, зығырданы қайнау, шаршау, азаптану, күлімсіреу сияқты эмоцияларын білдіруге байланысты мимикалық, пантомимикалық қимылдарды және сөйлеу интонациясын бекіту; беймаралдық - қырағылық/әурешілік; шашыраңқылық - жинақылық; долылық - салмақтылық; қауіптену - байсалдық эмоционалды жай-күйлерді білдіретін көңіл-күй мен сезімдермен танысу; мазасыздық/дегбірсіздену, долылық/қаһар, тентектік/еркелік, шашыраңқылық/сасқалақтау, салмақтылық/беймаралдық сияқты мінез қасиеттері мен эмоциялардың реңктерін саралау; көркем шығарма немесе фильм үзіндісі бойынша берілген эмоцияға көріністерді қою; мазасыздану, қырағылық, тентектік, дегбірсіздену, шашыраңқылық, сасқалақтық, долдану сезімдерін, мінез қасиеттерін бейнелеу үшін мимиканы

және ым-ишараттерді пайдалану; өзінің сезімдерін айта білу және аяушылық білдіру;

3) қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру: белгілі бір жағдаяттағы тәртіпті моделдеу: дербірсізденуді, мазасыздықты адекватты жеткізу, ұнатуын білдіру; сюжетті әңгіме, сурет, фильм бойынша кейіпкерлердің көңіл-күйі мен эмоционалды жай-күйін театрландыру және драматизациялау тәсілін қолдана отырып жаңғырту; дене қалпы, мәнерлі қимылдар және мимика арқылы "қатып қалған" көріністерді жаңғырту (мысалы, Ф.П. Решетниковтың "Тағы да екілік" суретін бейнелеп көрсету);

4) сөйлеу тілінің интонациясын дамыту: қырағылықтың, тентектіктің, үрейленудің, долданудың, сасқалақтықтың сөйлеу интонацияларын бекіту; басқа адамның эмоционалды жай күйін сөйлеу интонациясы, көру қалдығы кезінде мимика мен ым-ишаратер бойынша тану;

5) мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру: педагогты тыңдау, бір-бірін тыңдау, басқа адамды тыңдау арқылы қарым-қатынасқа түсуге жаттығу; көру қабілеті қалыпты құрбыларымен адекватты қарым-қатынас жасау;

6) мимика және пантомимика құралдары арқылы көңіл-күй мен мінездің жеке қасиеттерін түзету:өзінің сезімдерін сипаттау және талдау; долдану, қаһарлану, сасқалақтау сезімдеріне баға беру; пайда болған түйсіну мен сезімдерін сөзбен айта отырып, музыкалық шығарманың көңіл-күйін анықтау;долдану, сасқалақтау сезімдерін жоюға жаттығу;ықтиярлы босаңсыту дағдыларын пайдалана отырып, қозғалыс автоматизімін жоюға жаттығу; өзінің эмоцияларын басқара білу.

36. 10-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

1) мимикалық бұлшықет аппаратын жаттықтыру. Аутогенді жаттықтыру арқылы ағзадағы кейбір процестерді саналы түрде түзету;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету: беймаралдық, сақтық, мазасыздану, шашыраңқылық, жинақылық, долдану, уайымдау, байсалдылық сияқты эмоцияларын білдіруге байланысты мимикалық, пантомимикалық қимылдарды және сөйлеу интонациясын бекіту; жағыну - менсінбеу/паңдану; қапалану/мұң – қуаныш/шаттық; басылу -рухтану; жақтырмау – құрмет білдіру сияқты көңіл-күй мен эмоционалды жай-күйлерімен, сезімдерімен танысу; эмоцияларды саралау: менсінбеу/паңдану/тәкаппарлық/патшадай болу; мұң/қапалану/басылу; суқаны

сүймеу/жақтырмау; құрмет білдіру/жағымпаздану; кейіпкерлердің эмоционалды жай-күйін саралай отырып, көркем шығармалардың үзінділерін оқу және мазмұндау; жағыну, паңдық, қапалану, шаттық, басылу, рухтану, жақтырмау сезімдерін мәнерлі қимылдармен, ым-ишараттармен, дене қалпымен, мимикамен жеткізе отырып, берілген эмоцияны ойнап жаттығу; сыртқы белгілер бойынша эмоцияларды танып машықтану;

3) қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру: эмоционалды жай-күйлерді жеткізуге байланысты өмірлік жағдаяттарды моделдеу; мұң, қуаныш, рухтану, құрметтеу сезімдерін адекватты түрде білдіру; жансыз нәрселерді бейнелейтін үзінділерді жаңғырту (шар, маятникібар сағат, қуыршақ);

4) сөйлеу тілінің интонациясын дамыту: алдыңғы оқу жылындағы сөйлеу интонацияларын бекіту; паңдылық, патшадай болу, мұң, қапалану, қуаныш, шаттық, жақтырмау, құрметтеу, суқаны сүймеу, жағыну сезімдерінің және эмоционалды жай-күйлерінің реңктерін жеткізуге жаттығу; бір фразаны түрлі интонациямен айтуға машықтану (қатты, сенімді, жағымпаздана отырып, рухтана отырып, шаттықпен, жақтырмай);

5) мимика және пантомимика құралдары арқылы көңіл-күй мен мінездің жеке қасиеттерін түзету: өзінің түйсінуін, көңіл-күйін талдау және оларды сипаттау; мен өзіме қалай қараймын, мен кімді құрметтеймін деген эмоцияларға өзінің сезімдерін білдіру және сипаттау; жағымсыз эмоцияларға моральді баға беру және оларды ойнап көрсету.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

37. Оқу мақсаттарын ыңғайлы қолдану үшін және мониторинг жүргізу үшін Бағдарламаға код енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімі мен бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалға, 5.2.1.1 кодында: "5" - сынып, "2.1" - бөлімше, "1" - оқу мақсатының нумерациясы. Ескерту: барлық оқу мақсаттары белгілі контекстке байланыстырылмаған және түрлі тақырыптарды оқыту аумағында жүзеге асырылады.

38. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру":

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Бұлшық ет	5.1.1.1 қолдың, аяқтың,	6.1.1.1 тыныстауға	7.1.1.1 тыныстауға	8.1.1.1 тәртібі мен сезімін,	9.1.1.1 тәртібі мен сезімін,	10.1.1.1 тәртібі мен сезімін,

аппаратын жаттықтыру	дененің және беттің жеке бұлшық еттерін ырықты түрде тырыстыруды және босандуды білу (бұлшық еттердің жаңа тобын жаттықтыруды алдыңғысы икемделгеннен кейін басталады)	зейін қойып, бұлшық етті жаттықтыруға бағытталған ойындар мен этюдтарды білу.	зейін қойып, бұлшық етті жаттықтыруға бағытталған ойындар мен этюдтарды орындау; 7.1.1.2 аутогенді жаттығудың мәнін, аутогенді жаттығу арқылы тәртіппен сезімді саналы түрде түзетудің мүмкіндіктерін білу	эмоцияларын саналы түрде түзету үшін аутогенді жаттығудың элементтерін білу және орындау.	эмоцияларын саналы түрде түзету үшін аутогенді жаттығудың элементтерін білу және орындау.	эмоцияларын саналы түрде түзету үшін аутогенді жаттығудың элементтерінің мәнін түсіну және оны орындау.
----------------------	--	---	--	---	---	---

## 2) 2-бөлім "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау":

### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Сезімдер мен танысу	5.2.1.1 кызығушылық, мақтаньш сезімдеріне байланысты және кұралдарын білу 5.2.1.2 мақтаньш/астамшылдық/тәкәппарлық; наразылық/ашулы/ыз а; кызығушылық/кұштарлық/әуестік ұғымдарын ажырату.	6.2.1.1 дәрменсіз – дербестік; ұялу – ашық; аяушылық – немқұрайлық; жан ашу – селқостық қарама-қарсы сезімдерді ажырату және адекватты бағалау; 6.2.1.2 ұялшақтық / жасқаншақтық / ыңғайсыздық/ қысылу; аяушылық/ жан ашу / қамқорлық; таңғалу / қайран қалу/ аңырау; кірпияздық/жиір кеншектік эмоциональді жай-күйдің реңктерін ажырату	7.2.1. Немқұрайлық/сабырлық; безгендік/шектетілген/мелшейіп қалу; / қорқу/үрей/шошыну; / өтініш/жалыну; қуану/шаттану сезімдер мен эмоциональді жай-күйлерді ажырату және адекватты баға беру.	8.2.1.1 шаршау – жігерлілік; апатия – құмарлық; байсалдылы қ – шыдамсыздық; түңеріңкі – ақжарқын қарама-қарсы сезімдерді ажырату және оларға адекватты баға беру; 8.2.1.2 немқұрайлық/апатия; түңеріңкілік/жабырқау; уайым/зығардае қайнау/ашу кернеу; азап шегу/алаңдау;	9.2.1.1 алаңсыздық – мазасыздық; ыза – сабырлық; қобалжу – тыныштық қарама-қарсы сезімдерді ажырату және адекватты баға беру; 9.2.1.2 мазасыздану /қобалжу; сотқарлық/тентектік; алаңғасар/сақсалақтау; сабырлық/алаңсыздық мінездің, эмоциялардың жеке реңктерін	10.2.1.1 жағыну – менсінбеушілік; мұң – қуаныш; сары уайым – шаттық; көңіл-күйдің басылуы – рухтанушылық; суканы сүймеу – сыйластық көңіл-күйге, эмоциональді жай-күйге және сезімдерді ажырату, адекватты баға беру.

				сергектік/жігерлік эмоциональді жай-күйлердің ренктерін ажырату	ажырату.	
2.2 Сезімдерді тану, атау, сипаттау	5.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің мінез-кұлқы мен эмоциональді жай-күйін анықтау (астамшылдық, тәкіппарлық, әуестік, ашулы)	6.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің мінез-кұлқы мен эмоциональді жай-күйін бөліп көрсету (жасқаншақтық, қысылу, аяушылық, жан ашу, қамқорлық, таңғалу, қайран қалу, анырау)	7.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің эмоциональді жай-күйін бөліп көрсету (шекетілгендік/мел шейіп қалу; қорқу/үрей/шошыну; өтініш/жалыну; қуаныш/шаттану);	8.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің эмоциональді жай-күйін ажырату 8.2.2.2 дыбысталған және дыбыссыз (көру қалдығы бар балалар үшін) фильмдерді көру негізінде басқа адамның көңіл-күйі мен эмоциональді жай-күйін табу (немқұрайлық/апатия; түнеріңкі/жабырқау; уаымдау/зығьрдан қайнау/ашу кернеу; азап шегу/аландану; сергектік/жігерлік)	9.2.2.1 мінез қасиеттеріне сипаттама және адекватты баға беру: алаңғасарлық жинақылық, ұқыптылық – салақтық, жауапкершілік – бейқамдық, қамқар болуға қабілетті немқұрайлық	10.2.2.1 көркем әдебиеттерді оқу, кинофильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің эмоциональді жай-күйін бағалау; 10.2.2.2 дыбысталған және дыбыссыз (көру қалдығы бар балалар үшін) фильмдерді көру негізінде басқа адамның көңіл-күйі мен сезімдерін табу; 10.2.2.3 берілген эмоцияға сюжетті әңгімелерді құрастыру.
2.3 Мимика мен	5.2.3.1 алғыс, қызығушылық сияқты эмоциональді	6.2.3.1 әлеуметтік қолайлы	7.2.3.1 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен	8.2.3.1 уайымдау, зығырдан	9.2.3.1 мимика және	10.2.3.1 жағымпаздану,

пантомим иканы жаңғырту	жай-күйлерді мимика мен мәнгерлі қимылдармен жеткізуді білу; 5.2.3.2 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен қызығушылық, ашулы, шаршау эмоциональді жай-күйлерге сәйкес келетін қалыптарды мимикамен және жестпен жаңғырту	тәсілдермен аяушылық, қамқарлық, қысылу, ыңғайсыздық, кірпияздық, қайран қалу, таңғалу, эмоциональді жай-күйлерді мимикамен жестпен адекватты жаңғырта білу	ошыну/мелшейіп қалу; қуаныш/шаттану; өтініш/жалыну эмоциональді жай-күйлері мен сезімдерді мимикамен, мәнгерлі қимылдармен модельдеу; 7.2.3.2 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен қуану, мақтаньш эмоцияларын жеткізу	қайнау, алаңдау эмоциональді жай-күйлерді жеткізуге байланысты өмірлік жағдаяттарды моделдеу	жестпен мазасыздық, сақтық, сотқарлық, қобалжу, алаңғасарлық, сасқалақтау, ыза сезімдерін моделдеу; 9.2.3.2 көркем шығарма немесе фильм үзіндісі бойынша берілген эмоцияға этюдтарды сахналауға қатысу	асқақтық, сары уайым, шаттану, көңіл-күйдің басылуы, рухтанушылық, жақтырмау сезімдерін жеткізу үшін берілген эмоцияларға этюдтарды ойнау; 10.2.3.2 сыртқы белгілері бойынша эмоцияларды тауып, оларға адекватты жауап беру. 10.2.3.3 қанағаттану, ләззат алу, шаттану, масаттану, көңіл толмау, нараздылық сияқты мінездің жеке қасиеттерін, эмоцияларды, сезімдерді жеткізу
-------------------------------	--	---	--	--	--	---

3) 3-бөлім "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану":

### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1	5.3.1.1	6.3.1.1 мимика,	7.3.1.1 сюжетті	8.3.1.1 сюжетті	9.3.1.1 сюжетті	10.3.1.1

Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	күнделіктегі өмірдегі қимылдарды жаңғырту: тіс ауырды, итті серуендетіп жүрмін, түскі ас әзірлеу, өрт сөндіру; 5.3.1.2 тілдік емес құралдармен шаршау, қызығушылық, ашулы, әуестік қалыптарын жаңғырту	жест, қимылдымен сезімдерді көрсетуқайран қалу, жан ашу, қамқорлық, сергектік, таңғалу; 6.3.1.2 дәрменсіз, қысылу, таңғалу, аңырап қалу, кірпияздық, қайран қалу, аяушылық, эмоциональді жай-күйлерді білдіретін фразаларды мәнерлі қимылдармен, жестпен сүйемелдеу	әңгіме кейіпкерлерінің эмоциональді жай-күйін жаңғырту да драматизацияла у тәсілін қоладану.	әңгіме кейіпкерлерінің эмоциональді жай-күйін, сезімдерін, көңіл-күйін театрландыру және драматизацияла у арқылы жаңғырту.	әңгіме, сурет, фильм кейіпкерлерінің эмоциональді жай-күйін, көңіл-күйін жаңғыртуда театрландыру және драматизацияла у тәсілдерін қолдану; 9.3.1.2 дене қалпы, мәнерлі қимылдар және мимика арқылы "қатып қалған" этюдтарды жаңғырту, (мысалға, "тағы да екілік" картинасын салып көрсету)	елестеткенжансы з заттарды жаңғырту (шар, маятникі бар сағат, қуыршақ); 10.3.1.2 ұнату, мұң, қуаныш, рухтану, құрметтеусезімдерін адекватты жеткізе білу
3.2 Қылықты модельдеу.	5.3.2.1 белгілі жағдаяттарда өзін ұстау, тәкәппар, ашулы адамның қылығын еліктеп жасау; 5.3.2.2 көше реттеушісі, бағбан, жер қазушы, программист, сатушы, мұғалім, ұшқыш кәсіби іс-әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау; кібіртіктеп, тырпылдатып, сүрініп жүрістерін	6.3.2.1 машинистің, шаштаразшының, сырнайшының, әйнек жуушының, аспаздың, дирижердың кәсіби іс-әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау; 6.3.2.2 балеринаның, модельдің жүрісін еліктеп көрсету; 6.3.2.3 аяушылық білдіру, жан ашу (көңіл білдіру) жағдаяттарындағы қылықты; таныс емес жағдаятындағы	7.3.2.1 етікшінің, ағаш ұстасының, дәрігер-массажисттің, скрипкашының кәсіби іс-әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау; роботтың, бишінің жүрістерін еліктеп салу,белі ауырған адамның жүрісін еліктеп көрсету; 7.3.2.2 белгілі жағдаяттарындағы қылықты модельдеу: мен қатты қорықтым; менің зәрем ұшты ...; менің	8.3.2.1 белгілі жағдаяттарындағы қылықты модельдеу: спорт жанкүйерінің құмары; алғашқы танысу кезіндегі тілектестік қатынас; жігітке/бойжеткенге көңіл білдіру белгілері; келеңсіз жағдайға наразы болу	9.3.2.1 белгілі жағдаяттарындағы қылықты модельдеу: қобалжуды, мазасыздануды адекватты жеткізу; ұнатуды, жақтырмауды көрсету	10.3.2.1 эмоциональді жай-күйді білдіруге қатысты өмірлік жағдаяттарды модельдеу; 10.3.2.2 мінездің жағымды және жағымсыз жақтарына өзіндік баға беру



еліктеп көрсету.	кылық; өзінің жиіркенуін жасыру, (ұнатпайтын тағамға); келіспеу, бір жерге барғысы келмеген кезді еліктеп көрсету	есім шықты; қорқыныштан мелшейіп қалдым; жетістіктен шаттану.			
------------------	---	---	--	--	--

#### 4) 4-бөлім "Сөйлеу тілі интонациясын дамыту":

##### 4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Интонация мен айтуды үйрету	5.4.1.1 өлеңдерді, көркем шығармаларды мәнерлеп оқу; 5.4.1.2 сезім реңктерін көрсету: елжіреу/ұнату; қызығушылық/әуестік; мақтаньш/тәкәппарлық.	6.4.1.1 интонациямен сезім реңктерін жеткізе білу: таңғалу/қайран қалу/аңырау; аяушылық/қамқорлық; жасқаншақ/қысылу; жиіркену.	7.4.1.1 сезім реңктері мен эмоциональді жай-күйлерлерді жеткізуге жаттығуларды орындау: үрей/шошу; өтініш/жалыныш; қуаныш/шаттану; немқұрайлық/сабырлық; 7.4.1.2 интонация бойынша басқа адамның көңіл-күйі мен сезімін анықтау (әңгімелерді оқу, фильм көру, сюжетті ойнау кезінде)	8.4.1.1 көңіл-күйдің интонациялық реңктерін, жабырқаңғылық, құмарлық, толқу, азапшегу, шаршау, қайраттылық сезімдерін көрсету; 8.4.1.2 сөйлеу интонациясы бойынша болғанда басқа адамның эмоциональді жай-күйін аңғару.	9.4.1.1 сақтық, сотқарлық, қобалжу, ыза болу, сасқалақтау сезімдерін сөйлеу интонациясымен жеткізу; 9.4.1.2 басқа адамның эмоциональді жай-күйін оның сөйлеу интонациясы бойынша, көру қалдығы болғанда мимика мен жест бойынша аңғару қабілеттілігі	10.4.1.1 патшалық, мұң, қуаныш, шаттану, жақтырмау, сыйлау, сұқаны сүймеу, жағымпаздану сезім реңктерін, эмоциональді жай-күйді жеткізе білу; 10.4.1.2 бір фразаны түрлі интонациямен айта білу (қатты, табанды, жағымпаздана, рухтана, шаттана, сұқаны сүймей)

#### 5) 5-бөлім "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру":

##### 5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1 Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	5.5.1.1 өздігінен танысу, алғыс білдіру, қонақжай үй егесінің рөлін орындау, қонақтағы қылықты модельдеу, басқа адамға көмектесу, бейтаныс адамның сұрақтарына жауап беру;	6.5.1.1 өмірлік жағдаяттарға қатысты тренингтерге қатысу: кітапханадағы, мұражайдағы дұрыс тәртіп;	7.5.1.1 практикада мәдени тәртіп дағдыларын қолдана білу: жеке меншік құқығын сыйлау; танысу	8.5.1.1 әңгімені қолдай білу, өзіне әдепті түрде назар	9.5.1.1 әлеуметтік желілерде таныс және бейтаныс адамдармен әңгімелесу кезінде	10.5.1.1 қарым-қатынас тәсілдері мен тіл мәдениетін меңгеру; Басқа адамға

театрдағы, кинотеатрдағы, зообақтағы тәртіп, автоматты есік, эскалатор алдында өзін адекватты ұстау жағдаяттарында өзін ұстай білу; қалыпты көретін құрбыларымен, ересектермен, бөтен адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	ресми іс-шараларда, қонақтарды мектепте күту кезінде; телефон қоңырауына жауап беру; үй егесінің рөлін орындау; 6.5.1.2сын мен ескертуді адекватты қабылдап үйрену	кезінде инициатива білдіру, қонаққа шақыру, көмек ұсыну, қоғамдық жерлерде сыпайлық көрсету, басқа адамға тиесілі нәрсені сұрай білу, өтінішті қабылдамаған жағдайда адекватты жауап қайтару	аударта білу, көмек немесе кеңес сұрау	белсенді тыңдау, қолдау дағдыларының болуы	эмоциональді қатынасын адекватты түрде білдіре білуі 10.5.1.2 тамаша әнгімелесуші болуға үйрену 10.5.1.3 көпшілік алдына шығып сөйлеу
--	--	--	--	--	---

б) 6-бөлім "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету":

6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
6.1 Көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету	5.6.1.1 менмендік, қызғаншақ, табалаушылық сияқты мінездің жағымсыз қасиеттерін білдіретін көркем шығарма кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалау; 5.6.1.2 қимыл-қозғалыс автоматизімін жоюға арналған жаттығуларды білу	6.6.1.1 эмпатия, ілтипат сезімдерін дамытуға ықпал ететін фильмдерді көру, тыңдау; 6.6.1.2 сынмен ескертуге адекватты жауап қайтарып үйрену; 6.6.1.3 жасқану, ұялу, қорқу сезімдерін жою үшін бұлшық ет аппаратына арналған жаттығулар кешенін орындау; өзінің	7.6.1.1 мінездің жағымды және жағымсыз қасиеттеріне моральді баға беру; 7.6.1.2 қимыл-қозғалыс автоматизімін жоюға арналған жаттығуларды орындау; 7.6.1.3 қорқыныш, қобалжу сезімдерін сурет салу, мүсіндеу, жағдаятты ойнау арқылы жеңуге болатынын білу	8.6.1.1 түнеріңкі-ақжарқын, шыдамсыз -сабырлы, селқос-сергек сияқты мінездің қасиеттерін талдау және моральді баға беру; 8.6.1.2 өзінің сезімдерін сипаттау, наразылық, зығырдан қайнау сезімдерін тежеуге жаттығу, оларды адекватты түрде үйрену	9.6.1.1 өзінің сезімдерін және ыза, сасқалақтау сезімдерін сипаттай және бағалай білу 9.6.1.2 туындаған сезімі мен түйсінуін сөзбен жеткізе отырып, музыкалық шығармалардың көңіл-күйін анықтау; 9.6.1.3 жеке өзінің сезімін сипаттау 9.6.1.4 босансу дағдысын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс автоматизімін жоюға арналған жаттығуларды	10.6.1.1 зеке өзінің көңіл-күйін талдау; 10.6.1.2 берілген эмоцияға өзі сезімін сипаттау: мен өзіме қандай көзқарастамын; мен кімді сыйлаймын; 10.6.1.3 мінездің жағымсыз қасиеттері мен эмоцияларды клтіре отырып, оларға моральді баға беру; 10.6.1.3 басқа адамға деген антипатия (жақтырмау) сезімін баса білуі және оны

		эмоциональді жай-күйін сипаттай білуі			орындау	адекватты түрде білдіруі
--	--	---------------------------------------	--	--	---------	--------------------------

39. Осы Бағдарлама көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

40. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1."Бұлшық аппаратын жаттықтыру"	1.1 Бұлшық аппаратын жаттықтыру	5.1.1.1 қолдың, аяқтың, дененің және беттің жеке бұлшық еттерін ырықты түрде тырыстыруды және босаңтуды білу (бұлшықеттердің жаңа тобын жаттықтыруды алдыңғысы икемделгеннен кейін басталады)
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.1 Сезімдермен танысу	5.2.1.1 мұң, қызығушылық, мақтаныш сезімдеріне байланысты мимика және пантомимика құралдарын білу; 5.2.1.2 мақтаныш/ астамшылдық/ тәкәппарлық; наразылық/ашулы/ыза; қызығушылық/құштарлық/әуестік ұғымдарын ажырату
	2.2 Сезімдерді таны, атау, сипаттау	5.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің мінез-құлқы мен эмоциональді жай-күйін анықтау (астамшылдық, тәкіппарлық, әуестік, ашулы)
	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	5.2.3.1 алғыс, қызығушылық сияқты эмоциональді жай-күйлерді мимика мен мәнерлі қимылдармен жеткізуді білу; 5.2.3.2 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен қызығушылық, ашулы, шаршау эмоциональді жай-күйлерге сәйкес келетін қалыпттарды мимикамен және жестпен жаңғырту

3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	5.3.1.1 күнделіктегі өмірдегі қимылдарды жаңғырту: тіс ауырды, итті серуендетіп жүрмін, түскі ас әзірлеу, өрт сөндіру; 5.3.1.2 тілдік емес құралдармен шаршау, қызығушылық, ашулы, әуестік қалыптарын жаңғырту
2-тоқсан		
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.2 Сезімдерді тану, атау, сипаттау	5.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің мінез-құлқы мен эмоциональді жай-күйін анықтау (астамшылдық, тәкіппарлық, әуестік, ашулы)
	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	5.2.3.1 алғыс, қызығушылық сияқты эмоциональді жай-күйлерді мимика мен мәнерлі қимылдармен жеткізуді білу; 5.2.3.2 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен қызығушылық, ашулы, шаршау эмоциональді жай-күйлерге сәйкес келетін қалыпттарды мимикамен және жестпен жаңғырту
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	5.3.1.2 тілдік емес құралдармен шаршау, қызығушылық, ашулы, әуестік қалыптарын жаңғырту
	3.2 Қылықты модельдеу	5.3.2.1 белгілі жағдаяттарда өзін ұстау, тәкәппар, ашулы адамның қылығын еліктеп жасау; 5.3.2.2 көше реттеушісі, бағбан, жер қазушы, программист, сатушы, мұғалім, ұшқыш кәсіби іс-әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау; кібіртіктеп, тырпылдатып, сүрініп жүрістерін еліктеп көрсету.
4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1 Интонациямен айтуды үйрету	5.4.1.1 өлеңдерді, көркем шығармаларды мәнерлеп оқу; 5.4.1.2 сезім реңктерін көрсету: елжіреу/ұнату; қызығушылық/ әуестік; мақтаныш/тәкәппарлық
3-тоқсан		
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	5.3.1.2 тілдік емес құралдармен шаршау, қызығушылық, ашулы, әуестік қалыптарын жаңғырту
	3.2 Қылықты модельдеу	5.3.2.1 белгілі жағдаяттарда өзін ұстау, тәкәппар, ашулы адамның қылығын еліктеп жасау; 5.3.2.2 көше реттеушісі, бағбан, жер қазушы, программист, сатушы, мұғалім, ұшқыш кәсіби іс-әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау;кібіртіктеп, тырпылдатып, сүрініп жүрістерін еліктеп көрсету
4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1 Интонациямен айтуды үйрету	5.4.1.1 өлеңдерді, көркем шығармаларды мәнерлеп оқу; 5.4.1.2 сезім реңктерін көрсету: елжіреу/ұнату; қызығушылық/ әуестік; мақтаныш/тәкәппарлық
5. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1 Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	5.5.1.1 өздігінен танысу, алғыс білдіру, қонақжай үй егесі,ің рөлін орындау, қонақтағы қылықты модельдеу, басқа адамға көмектесу,бейтаныс адамның сұрақтарына жауап беру, театрдағы,кинотеатрдағы, зообақтағы тәртіп, автоматты есік, эскалатор алдында өзін адекватты ұстау жағдаяттарында өзін ұстай білу; қалыпты көретін құрбыларымен, ересектермен, бөтен адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру

4 -тоқсан		
1. "Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1 Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру	5.1.1.1 қолдың, аяқтың, дененің және беттің жеке бұлшық еттерін ырықты түрде тырыстыруды және босаңтуды білу (бұлшық еттердің жаңа тобын жаттықтыруды алдыңғысы іскемделгеннен кейін басталады)
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	5.2.3.2 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен қызығушылық, ашулы, шаршау эмоциональді жай-күйлерге сәйкес келетін қалыпттарды мимикамен және жестпен жаңғырту
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тіліжәне тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	5.3.1.2 тілдік емес құралдармен шаршау, қызығушылық, ашулы, әуестік қалыптарын жаңғырту
	3.2 Қылықты моделдеу	5.3.2.1 белгілі жағдаяттарда өзін ұстау, тәкәппар, ашулы адамның қылығын еліктеп жасау; 5.3.2.2 көше реттеушісі, бағбан, жер қазушы, программист, сатушы, мұғалім, ұшқыш кәсіби іс-әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау;кібірткітеп, тырпылдатып, сүрініп жүрістерін еліктеп көрсету
6. "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету"	6.1 Көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету	5.6.1.1 менмендік, қызғаншақ, табалаушылық сияқты мінездің жағымсыз қасиеттерін білдіретін көркем шығарма кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалау; 5.6.1.2 қимыл-қозғалыс автоматизімін жоюға арналған жаттығуларды білу

## 2) 6 -сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. "Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру	6.1.1.1 тыныстауға зейін қойып, бұлшық етті жаттықтыруға бағытталған ойындар мен этюдттарды білу
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.1 Сезімдермен танысу	6.2.1.1 дәрменсіз – дербестік; ұялу – ашық; аяушылық – немқұрайлық; жан ашу –селкостық карама-қарсы сезімдерді ажырату және адекватты бағалау
	2.2 Сезімдерді тану, атау, сипаттау	6.2.1.1 дәрменсіз – дербестік; ұялу – ашық; аяушылық – немқұрайлық; жан ашу –селкостық карама-қарсы сезімдерді ажырату және адекватты бағалау
	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	6.2.3.1 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен аяушылық, қамқарлық, қысылу, ыңғайсыздық, кірпияздық, қайран қалу, таңғалу, эмоциональді жай-күйлерді мимика мен жестпен адекватты жаңғырта білу
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тіліжәне тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	6.3.1.1 мимика, жест, қимылдырмен сезімдерді көрсетуқайран қалу, жан ашу, қамқорлық, сергектік, таңғалу 6.3.1.2 дәрменсіз, қысылу, таңғалу, аңырап қалу, кірпияздық, қайран қалу, аяушылық эмоциональді жай-күйлерді білдіретін фразаларды мәнерлі қимылдармен, жестпен

		сүйемелдеу
2-тоқсан		
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.2 Сезімдерді тану, атау, сипаттау	6.2.1.1 дәрменсіз – дербестік; ұялу – ашық; аяушылық – немқұрайлық; жан ашу –селқостық қарама-қарсы сезімдерді ажырату және адекватты бағалау
	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	6.2.3.1 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен аяушылық, қамқорлық, қысылу, ыңғайсыздық, кірпияздық, қайран қалу, таңғалу, эмоциональді жай-күйлерді мимика мен жестпен адекватты жаңғырта білу
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тіліжәне тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	6.3.1.1 мимика, жест, қимылдырмен сезімдерді көрсетуқайран қалу, жан ашу, қамқорлық, сергектік, таңғалу; 6.3.1.2 дәрменсіз, қысылу, таңғалу, аңырап қалу, кірпияздық, қайран қалу, аяушылық эмоциональді жай-күйлерді білдіретін фразаларды мәнерлі қимылдармен, жестпен сүйемелдеу
	3.2 Қылықты модельдеу.	6.3.2.1 машинистің, шаштаразшының, сырнайшының, әйнек жуушының, аспаздың, дирижердың кәсіби іс- әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау 6.3.2.2балеринаның, модельдің жүрісін еліктеп көрсету 6.3.2.3 аяушылық білдіру, жан ашу (көңіл білдіру) жағдаяттарындағы қылықты; таныс емес жағдаятындағы қылық; өзінің жиіркенуін жасыру, (ұнатпайтын тағамға); келіспеу, бір жерге барғысы келмеген кезді еліктеп көрсету
4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1 Интонациямен айтуды үйрету	6.4.1.1 интонациямен сезім реңктерін жеткізе білу: таңғалу/қайран қалу/аңырау; аяушылық/қамқорлық; жасқаншақ/қысылу; жиіркену
3-тоқсан		
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.2 Сезімдерді тану, атау, сипаттау	6.2.2.1 әдеби шығармаларды оқу және фильмдерді көру кезінде кейіпкерлердің мінез-құлқы мен эмоциональді жай-күйін бөліп көрсету (жасқаншақтық, қысылу, аяушылық, жан ашу, қамқорлық, таңғалу, қайран қалу, аңырау)
	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	6.2.3.1 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен аяушылық, қамқорлық, қысылу, ыңғайсыздық, кірпияздық, қайран қалу, таңғалу, эмоциональді жай-күйлерді мимика мен жестпен адекватты жаңғырта білу
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1 Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	6.3.1.1 мимика, жест, қимылдырмен сезімдерді көрсетуқайран қалу, жан ашу, қамқорлық, сергектік, таңғалу 6.3.1.2 дәрменсіз, қысылу, таңғалу, аңырап қалу, кірпияздық, қайран қалу, аяушылық эмоциональді жай-күйлерді білдіретін фразаларды мәнерлі қимылдармен, жестпен сүйемелдеу
	3.2 Қылықты модельдеу.	6.3.2.1 машинистің, шаштаразшының, сырнайшының, әйнек жуушының, аспаздың, дирижердың кәсіби іс- әрекетімен байланысты қимылдарды еліктеп жасау 6.3.2.2балеринаның, модельдің жүрісін еліктеп көрсету 6.3.2.3 аяушылық білдіру, жан ашу (көңіл білдіру) жағдаяттарындағы қылықты; таныс емес жағдаятындағы қылық; өзінің жиіркенуін жасыру, (ұнатпайтын тағамға); келіспеу, бір жерге барғысы келмеген кезді еліктеп көрсету

4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1 Интонациямен айтуды үйрету	6.4.1.1 интонациямен сезім ренктерін жеткізе білу: таңғалу/қайран қалу/аңырау; аяушылық/қамқорлық; жасқаншақ/қысылу; жиіркену
5. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1 Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	6.5.1.1 өмірлік жағдаяттарға қатысты тренингтерге қатысу: кітапханадағы, мұражайдағы дұрыс тәртіп; ресми іс-шараларда, қонақтарды мектепте күту кезінде; телефон қоңырауына жауап беру; үй егесінің рөлін орындау; 6.5.1.2 сын мен ескертуді адекватты қабылдап үйрену
4-тоқсан		
1."Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1 Бұлшық ет аппаратын жаттықтыру	6.6.1.1 эмпатия, ілтипат сезімдерін дамытуға ықпал ететін фильмдерді көру, тыңдау;
2. "Сезімдер мен эмоциональді жай-күйді қабылдау"	2.3 Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	6.2.3.1 әлеуметтік қолайлы тәсілдермен аяушылық, қамқорлық, қысылу, ыңғайсыздық, кірпияздық, қайран қалу, таңғалу, эмоциональді жай-күйлерді мимика мен жестпен адекватты жаңғырта білу
5. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1 Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	6.5.1.2 сын мен ескертуді адекватты қабылдап үйрену
2. Фонематикалық есту қабілетін дамыту және дыбыстың айтылуын түзету	2.1 Фонематикалық қабылауды жетілдіру және бекіту	5.2.1.1 дыбыстарды дұрыс дыбыстау, акустикалық ұқсас дыбыстарды дифференциациялау 5.2.1.2 артикуляция (жуан-жіңішке), дыбысталуы (қатаң-ұяң), сөздегі мағына айырушы мәні бойынша оппозициялық дыбыстарды салыстыра білу
	2.2 Дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту	5.2.2.1 "Орфограмма" ұғымын білу 5.2.2.2 дидактикалық материалды қолданып және онсыз құрамы бойынша қарапайым сөздерге буындық-дыбыстық, фонетикалық-графикалық (дыбыстық-әріптік) талдау жүргізу 5.2.2.3 сөзге фонетикалық-графикалық (дыбыстық-әріптік) талдау жүргізудің дұрыстығын бағалау
	2.3 Екпін	5.2.3.1 сөздегі екпіннің рөлін білу 5.2.3.2 оқшауланған сөзде, сөйлемде дұрыс екпінді сақтау
2-тоқсан		
3. Сөйлеудің лексикалық-грамматикалық аспектісін дамыту	3.1 Морфемдік талдау мен біріктіру дағдыларын қалыптастыру	5.3.1.1 морфемалардың көмегі арқылы жаңа сөздерді құру дағдыларын меңгеру 5.3.1.2 өзгертін және өзгермейтін сөздерді айыра білу; туыстас сөздерді (біртүбірлі) және сөз формаларын айыра білу; 5.3.1.3 сөздегі морфемалар арқылы біржақты айқындалатын жалғауды, түбірді, қосымшаны, суффиксті табу
	3.2 Вербализмнің алдын алу	5.3.2.1 оқылған мәтінді нақтылау үшін қолданылатын бедерлі суретті, сюжетті картинаны түсіндіруді құрастыру (қалдық көруі бар соқыр білім алушылар үшін) 5.3.2.2 заттың сипаттамасын құрастыру; өзі, өз отбасы, достары туралы әңгімелеу 5.3.2.3 әрі қарай оқыту, өзін-өзі дамыту үшін Брайль бойынша оқудың маңыздылығын саналы ұғыну 5.3.2.4 эстетикалық, адамгершілік, танымдық тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқудың мақсатын қабылдау 5.3.2.5 таныс емес мәтінді дауыстап (оқу жылдамдығы минутына 65-80 сөз) және "іштей оқу" (оқу жылдамдығы минутына 75-90-100 сөз) саналы, дұрыс және мәнерлі оқу

		5.3.2.6 мұғалімнің тапсырмасы бойынша және өзіндік бастамасы бойынша, көркем, ғылыми-танымал әдебиетті оқу біліктілігін қолдану
	3.3 Сөйлеуде паразит-сөздердің қолданылуының алдын алу	5.3.3.1 "паразит-сөздер" немесе "үзілістердің орнын толтырушы" ұғымдары туралы білу 5.3.3.2 өзіндік сөйлеуін бақылау
3-тоқсан		
4. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру	4.1 Мәтін, Мәтіннің тақырыбы және оның негізгі ойы	5.4.1.1 мәтіннің типтерін айыра білу (сипаттау, талқылау) 5.4.1.2 сабақта, мектепте, тұрмыста таныс және таныс емес, әртүрлі жастағы адамдармен ауызша қарым-қатынас жасауда тілдік және тілдік емес құралдарды таңдаудың дұрыстығын (орынды болуын) бағалау 5.4.1.3 күнделікті өмірде сөйлеу этикетінің нормалары және ауызша қарым-қатынас ережелерін сақтау (тыңдай білу, ескертулерге жауап қайтару, әңгімені жалғастыру) 5.4.1.4 өз бетімен мәтінге ат қою 5.4.1.5 мәтіннің тақырыбын және оның бөлімдерін анықтау 5.4.1.6 мәтіннің жоспарын құрастыру 5.4.1.7 оқылған мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндау
	4.2 Сөйлеу стильдері	5.4.2.1 сөйлеудің стильдерін білу (іскерлік, ғылыми, публицистикалық, ауызекі, көркемдік) 5.4.2.2 оқылған мәтінді нақтылау үшін қолданылатын бедерлі суретті, әсерлі, сюжетті картинаны түсіндіруді құрастыру (қалдық көруі бар соқыр білім алушылар үшін)
	4.3 Сөйлеуде алуан түрлі синтаксистік конструкцияларды қолдану (сөйлемдер және оның түрлері)	5.4.3.1 сөйлемді, сөзжасамды, сөзді айыра білу 5.4.3.2 сөздің және сөйлемнің бедерлі сызбаларын және сөздер мен сөйлемдерді модельдеу сызбаларындайын түрінде қолдану 5.4.3.3 сөйлемде және сөзжасамда сөздердің арасындағы байланысты мағыналық сұрақтардың көмегі
	4.4 Дауыс ырғағы және логикалық екпін	5.4.4.1 сөйлеуде және сөйлемде сөздік, логикалық (мағыналық) және эмоционалды екпінді қолдану 5.4.4.2 күмәнданған жағдайда екпіннің дұрыс қойылуында немесе сөздердің айтылуында жауап өз бетімен табу (кітаптағы сөздік бойынша) немесе мұғалімнің, ата-аналардың көмегіне жүгіну 5.4.4.3 оқылған немесе тыңдалған мәтіннің мазмұнына өзіндік пікірін білдіру, оны екпіннің көмегі арқылы беру 5.4.4.4 сөйлеуде акценттерді дұрыс қоя білу, үзілістер мен логикалық екпіннің қойылуын қадағалау
5. Коммуникативті сөйлеу әрекеті	5.1 Сөйлеуде неологизмдерді, ескірген және шетел сөздерін қолдану	5.5.1.1 неологизмдерді, ескірген және шетел сөздерін айыра білу 5.5.1.2 мәтін бойынша сөздің мағынасын анықтау немесе мұғалімнің көмегімен нақтылау 5.5.1.3 сөйлемді құрастыруда, мағынасы бойынша ұқсас және қарама-қарсы мағынасы бойынша зат есім, сын есім, етістікті іріктеу
	5.2 Сөйлеуде мақалдарды, мәтелдерді және фразеологизмдерді қолдану	5.5.2.1 ауызекі халық шығармашылығының шағын шығармаларын жаттап, қайта жаңғырту 5.5.2.2 аналогия бойынша ертегі мен жұмбақ жанрында өзіндік мәтінді құру 5.5.2.3 фонетикалық ойында жаңылтпаштарды, мәтелдерді қолдану 5.5.2.4 сөйлеуді мақалдармен, мәтелдермен, афоризмдермен

		толықтырып, байыту
	5.3 Арнайы лексиканы қолдану (профессионализмдер, терминдер)	5.5.3.1 профессионализмдер, терминдер мен дефинициялар туралы білу 5.5.3.2 сөйлеуде терминдердің орынды қолданылуын бағалау 5.5.3.3 коммуникативті міндеттерді табысты шешу үшін, ұсынылған сөздерден сөздер қатарын таңдау
4-тоқсан		
6. Сөйлеу мәдениеті	6.1 Ауызша сөйлеу тілі және әдеби тіл	5.6.1.1 "Сөйлеу мәдениеті" ұғымы және оның негізгі белгілері туралы білу (дұрыс сөйлеу, дәл, мәнерлі, таза, қисынды) 5.6.1.2 әдеби тілдің нормаларын, айтылу, екпіннің нормаларын, сөзді қолдану, сөйлемдерді құру нормаларын сақтай білу шеберлігі 5.6.1.3 сөйлеу этикетінің маңыздылығын және қажеттілігін түсіну 5.6.1.4 мәтіннің басын немесе соңын оқиғалармен толықтырып, оны қалпына келтіру 5.6.1.5 жеке тәжірибе негізінде ауызша әңгімені құрастыру 5.6.1.6 коммуникативті міндеттерді ескеріп, оқылған шығармалар негізінде ауызша әңгімені құрастыру (әртүрлі адресаттар үшін)
	6.2 Шектеулі қолданыс лексикасы	5.6.2.1 "Арнайы лексика", "Диалектілі лексика", "Жаргондық лексика" ұғымдарды туралы білу 5.6.2.2 диалектизм типтері туралы білу: фонетикалық диалектизм, грамматикалық диалектизм, лексикалық диалектизм.

## 2) 6-сынып:

### кесте-2

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1.Сөйлеуді дамыту күйін диагностикалау	1.1 Жас ерекшеліктері және психикалық даму деңгейін ескеріп, сөйлеу дағдыларының көлемін анықтау	6.1.1.1 қосымшада, сөздердің түбірлері мен жалғауларында орфограммаларды қолдану білу 6.1.1.2 ауызша және жазбаша сөйлеуді түзей білу
	1.2 Коммуникативті белсенділік деңгейін нақтылау	6.1.2.1 сөздік қордың жеткілікті көлемін меңгеру 6.1.2.2 вербальды емес қарым-қатынас құралдарын адекватты қолдана білу
2. Фонематикалық есту қабілетін дамыту және дыбыстың айтылуын түзету	2.1 Фонематикалық қабылауды жетілдіру және бекіту	6.2.1.1 сөздің дыбыстық-буындық талдауын қолдану 6.2.1.2 артикуляция және дыбысталуы бойынша оппозициялық дыбыстарды дифференциациялау 6.2.1.3 сөзге фонетикалық-графикалық (дыбыстық-әріптік) талдау жүргізудің дұрыстығын бағалау
	2.2 Дыбыстардың айтылуын бекіту	6.2.2.1 қателік жібермей, дыбысты айтудың қарқынын жеделдете білу 6.2.2.2 дыбыстардың айтылу нормаларын сақтай отырып, барлық дыбыстарды есту арқылы айыра білу және адекватты дыбыстау
	2.3 Екпін	6.2.3.1 оқшауланған сөзде, сөйлемде дұрыс екпінді сақтау 6.2.3.2 қазіргі орыс әдеби тіліндегі нормаларға сәйкес сөз тудырушы функцияны қолдану
2-тоқсан		

3. Сөйлеудің лексикалық-грамматикалық аспектісін дамыту	3.1 Морфемдік талдау мен біріктіру дағдыларын қалыптастыру	6.3.1.1 дидактикалық материалды қолданып және қолданбай, біржақты айқындалатын морфемалар бойынша сөздің құрамын талдау 6.3.1.2 морфемалардың көмегі арқылы жаңа сөздерді құру тәсілдерін және сөздердің семантикасының өзгеруін талдау
	3.2 Вербализмнің алдын алу	6.3.2.1 сөйлеу этикетінің нормаларын сақтап, қарапайым диалогтарға қатысу 6.3.2.2 қалдық көруді қолданбай екі қолмен мәтінді жылдам оқу (қалдық көруі бар соқыр білім алушылар үшін) 6.3.2.3 аталған жастағы білім алушыларға қолжетімді, Л.Брайльдің рельефті-нүктелі шрифтісімен басылған кітаптарды, прозалық шығармаларды мәнерлеп оқу (дауыстап) 6.3.2.4 алдын ала даярлықтан кейін өлең түріндегі шығармаларды көркемдеп оқу (30 шығарма) (тек көркем мәтіндер үшін) 6.3.2.5 мұғалімнің тапсырмасы және өзіндік бастамасы бойынша көркем, ғылыми-танымал шығармаларды оқу біліктілігін қолдану 6.3.2.6 көркем және ғылыми-танымал мәтіндердің мазмұнына бағдарлану, олардың мағынасын түсіну (дауыстап оқуда және "іштей оқуда", тыңдауда)
	3.3 Сөйлеуде паразит-сөздердің қолданылуының алдын алу	6.3.3.1 паразит-сөздердің сөйлеуді бұзатынын түсіну 6.3.3.2 қарым-қатынас, оқыту барысында ауызша сөйлеу тілін түзей білу
3-тоқсан		
4. Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру	4.1 Мәтін, Мәтіннің тақырыбы және оның негізгі ойы	6.4.1.1 қарым-қатынастың нақты жағдаяттары үшін хаттар, құттықтауашық хатын, қысқаша хаттарды, басқа шағын мәтіндерді құрастыру 6.4.1.2 пайымдау-дәлелдердің қарапайым мәтіндерін құру 6.4.1.3 мәтінді жан-жақты, қысқаша немесе таңдамалы түрде қайта әңгімелеу 6.4.1.4 басқа адамның атынан мәтінді қайта әңгімелеу 6.4.1.5 сөйлеудің алуан түрлі типтерін: сипаттау, баяндау және пайымдауды қолдану арқылы, білім алушылар үшін жақын тақырыптарға ауызша әңгіме айту (өз өмірінен қызықты оқиға, өзін қызықтыратын ісі туралы)
	4.2 Сөйлеу стильдері	6.4.2.1 қарым-қатынаста сөйлеу стильдерін мимикамен, ым-ишарамен, үзілістермен, екпінді ауыстырумен, дыбыс ырғағымен толықтыра отырып қолдану
	4.3 Сөйлеуде алуан түрлі синтаксистік конструкцияларды қолдану (сөйлемдер және оның түрлері)	6.4.3.1 этимологиялық сөздікті қолданып, сөздердің пайда болуын анықтау 6.4.3.2 мәтіндегі сөздердің тура және жанама мағынасында қолданылуын айыра білу (қарапайым жағдайлар) 6.4.3.3 коммуникативті міндетті табысты шешу үшін, ұсынылған сөздерден сөздер қатарын таңдау 6.4.3.4 пайымдау мақсаты бойынша сөйлемдерді жіктеу, хабарлы/бұйрықты/сұраулы сөйлемдерді табу 6.4.3.5 сөйлемдердің реті бұзылған мәтіндерді талдау және түзету, мәтінде мағыналық бос орындарды табу

	4.4 Дауыс ырғағы және логикалық екпін	6.4.4.1 дыбыстынорфографиялық және орфоэпиялық айтылуын айыра білу 6.4.4.2 сөйлемнің лепті/лепті емес дауыс ырғағын анықтау 6.4.4.3 сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін табу (түрлерге бөлмей) 6.4.4.4 бірыңғай мүшелері бар сөйлемді айқындау 6.4.4.5 бірсарындылыққа, үздіктілікке, шамадан көп екпін белсенділігіне жол бермеу 6.4.4.6 пайымдау мақсаты бойынша сөйлемді екпінді қолдануды ажырату
5. Коммуникативті сөйлеу әрекеті	5.1 Сөйлеуде неологизмдерді, ескірген және шетел сөздерін қолдану	6.5.1.1 нақтылауды талап ететін сөздерді анықтау 6.5.1.2 ой-пікірді көрсету үшін аса дәл сөздерді таңдау 6.5.1.3 мәтіндегі сөздерді тура және ауыспалы мағынасында қолдануды айыра білу (қарапайым жағдайлар)
	5.2 Сөйлеуде мақалдардың мәтелдерді және фразеологизмдерді қолдану	6.5.2.1 кез келген оқылған (тыңдалған, өз бетімен құрылған) шығарманың сценарийін құрып және сахналап, топта жұмыс жасау 6.5.2.2 жаңылтпаштарды, мәтелдерді көрсету және презентация жасау 6.5.2.3 сөйлеуде синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді орынды қолдану
	5.3 Арнайы лексиканы қолдану (профессионализмдер, терминдер)	6.5.3.1 сөйлеуде профессионализмдер мен терминдерді қолдану 6.5.3.2 интербелсенді қарым-қатынаста (СМС-хабарлама, электронды пошта, Ғаламтор және байланыстың басқа түрлері мен тәсілдері) сөйлеу өзара әрекетінің нормаларын сақтау
4-тоқсан		
6. Сөйлеу мәдениеті	6.1 Ауызша сөйлеу тілі және әдеби тіл	6.6.1.1 ауызша сөйлеу тілінде сөйлеу мәдениетінің белгілерін қолдану 6.6.1.2 қоғамда қабылданған нормаларға, яғни этикет нормаларына бағдарланып, әртүрлі жағдайларда өзін ұстай білу (көлікте, мектепте, кинода, дүкенде) 6.6.1.3 сөйлеуде орыс және ана әдеби тілдерінің нормаларын (орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық) және сөйлеу этикетінің нормаларын қолдану 6.6.1.4 сөйлеу мәдениеті бұзылған мәтіндерді түзету 6.6.1.5 диалогты және монологты сөйлеуді дұрыс құру
	6.2 Шектеулі қолданыс лексикасы	6.6.2.1 бұрын әлеуметтік жаргондардан жалпы қолданыстағы лексикаға енген бірқатар лексикалық элементтердің қолданылуына қатысты, өзіндік сөйлеуді түзету 6.6.2.2 тәжірибеде арнайы және кәсіби лексиканы айыра білу

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 45-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту мақсаты – тіл туралы білімдерді меңгеру, түрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормалары және оларды өнімді тілдік әрекет барысында белсендету, сонымен бірге сөздік қорын байыту, байланыстыра айту жолдарын, қатынас мәдениетін, тілді жетілдірудің саналы және шығармашылықтық механизмдерін меңгеру негізінде тілдік әрекеттің барлық түрлері бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы зиялы және белсенді тұлғаны дамыту.

3. Оқытудың міндеттері:

1) тіл туралы білімдерді, оның түрлі салада және қатынас жағдайларында, стилистикалық ресурстарда, әдеби тілдің негізгі нормаларында (орфоэпикалық, орфографиялық, және грамматикалық) және тілдік этикет ережелерінде қызмет істеуін қалыптастыру;

2) оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) нормативтік және қатынас жағдайындағы сәйкестік көзқарастары жағынан тілдік құралдарды бағалау және таңдау қабілетін қалыптастыру;

4) түрлі тілілік жанрларда ауызша және жазбаша монологиялық сөйлемдерді құру қабілетін дамыту және жетілдіру;

5) табысты әңгімелік қатынас жасау, түрлі сала мен коммуникативтік жағдайда пікірталас жүргізу қабілетін жетілдіру;

6) орфоэпикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылығын жетілдіру;

7) қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершіліктік құндылық ретінде, және де қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал жасайтын тілдік капитал ретінде, тілге саналы қарауға тәрбиелеу.

4. Бағдарламаның мазмұны, заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс;

тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

**2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде, жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім



алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әртүрлі жұмыстарды, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларды қарастырады (оқытын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стилдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық "Мәңгілік Ел" идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу үдерісі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық ірекеттерді қолдану түрінде берілетін, "кішкентай қадамдар" әдісі маңызды орын алады.

17. Оқудағы қиындықтарды жеңу мақсатында арнайы тәсілдер (көру бұзылымдары ескерілгендегі оқу ісінің алгоритмизациясы, сабақ құрылымының ерекшелігі, сақталған функцияларды дамыту бойынша арнайы гимнастика), оқу ақпаратын өңдеудің логикалық тәсілдері (нақтыландыру, үлгілер бойынша аналогиясын орнату, қорыту) қолданылады.

18. Білім алушылардың психикалық және дене ерекшеліктерін түзеу мақсатында тіл сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

1) шолу әдісі;

2) дидактикалық ойындар;

3) "Фонетика", "Лексика және фразеология" тақырыптарын оқу барысында кроссвордтарды табу, ребустарды, шарадаларды шешу;

4) тірек сызбалар;

5) мәтінді редакциялау;

6) анықтамалық материалдар үшін дәптер дайындау және қолдану;

7) "дыбыссыз" сұрақ;

8) дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру тәсілі және тақырыпты құру барысындағы есептеулер тәсілі;

9) болашақ тақырыптың микротақырыптарын ашу сызбасын құрастыру тәсілі және оны дайын мәтіннен есептеп шығару тәсілі;

10) тәсілдерді қолдана отырғандағы тіл шығармашылығы: "Еркін ассоциациялар тәсілі"(суреттердің деректері бойынша), "Не болар еді, егер ..." (білім алушы өзіне осындай сұрақ қойып жауап беруге тырысады), "Өңгімені жалғастыр";

11) "мағыналық бірліктер" тәсілі мағыналық жады мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналады. Тәсілдер: мәтіннің сараптамасы немесе шағын-баяндау, мұнда білім алушы дәйекті түрде екі сұраққа жауап береді: "Бұл мәтінде кім (немесе не) туралы айтылады?" және "Бұл жөнінде не айтылады (хабарланады)?" Қолданылатын қысқаша-баяндаулар көлемі үлкен мәтінге қарасты қорқынышын жеңіп, эмоциялық-ерік аясының қалыптасуына көмектеседі. Жеке тәжірибесін қолдану: жанұядағы туыстық байланыстардың аналогиясы бойынша мәтін немесе сөйлем ішіндегі туыстық байланыстарды анықтау (мысалы, "Қарапайым сөйлем") тақырыбын зерделеу барысында.

19. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға барлық психикалық үдерістердің тез сарқылуы тән, сондықтан сабақ кезінде іс-әрекеттерді ауыстырудың, әдістер мен тәсілдерді алмастырудың, жіктемелік тәсілдің, маңызыды материалды ойда сақтап қалу үшін көп рет қайталаудың,

көру қабілеті, айналаны бақылау, оқу, жұмысты тынығумен алмастыру үшін жайлы жағдайлар жасаудың мағынасы зор.

20. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін тіл және әдебиет кабинеттерін жабдықтаудың нормалары белгіленген:

1) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жинақталымы: проектор, интерактивтік тақта немесе экран;

2) электрондық басылымдар, DVD –гі видеофильмдер, электрондық плакаттар;

3) компьютер жинақталымы: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, вэб - камера, желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы;

4) аудиторлық қабырға тақтасы.

21. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) интерактивтік панелі және үшөлшемді аксессуарлары бар "Мультимедиялық интерактивтік оқытатын бағдарламалық-әдістемелік кешен" электрондық ресурсы - теориялық материал мен практикалық білімдердің меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін;

2) дыбыстық сигнады визуалдайтын "Логопедиялық тренажер" - арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізу барысында, әсіресе тұтықпасы мен дизартриясы бар балалармен жұмыс істегенде;

3) тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арналған тілідік тренажер ассистивтік құрылғысы - қажетті мөлшерде жалпақ сөйлемдік тілді меңгермеген білім алушылар үшін, сонымен бірге білім алушылардың тілдік шектелуі кезеңінде.

**3-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

6) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

23. Пәндік білімнің мазмұны коммуникативтік әрекеттер және коммуникативтік дағдыларға негізделген. Коммуникативтік дағдылардағы оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық түзете-дамыта оқыту бағытында жасалған.

24. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Тыңдалым және айтылым";
- 2) 2-бөлім "Оқылым";
- 3) 3-бөлім "Жазылым";
- 4) 4-бөлім "Әдеби тіл нормаларын сақтау".

25. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) болжау;
- 2) әр түрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 4) негізгі ойды анықтау;
- 5) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- 6) сөйлеу мәдениетін дамыту.

26. "Оқылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;
- 5) мәтіндерге салыстырмалы түрде талдау жасау;
- 6) оқылым стратегияларын қолдану;
- 7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

27. "Жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жоспар құру;
- 2) әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 4) эссе жазу;
- 5) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

28. "Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма.

29. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

- 1) тыңдалым және айтылым бөлімі: тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені түсіну; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну; тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтау;

тыңдалған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді қолдану;

2) оқылым бөлімі: мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымын түсіну, жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтін мазмұнын түсіну үшін сұрақтар құрастыру; ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын салыстыру; жалпы мазмұнын түсіну үшін, нақты ақпаратты табу үшін оқылым стратегияларын қолдану; қажетті ақпаратты балаларға арналған газет-журналдардан ала білу;

3) жазылым бөлімі: берілген мәтінге қарапайым жоспар құру; жанрлық ерекшелігіне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап хат, хабарландыру құрастырып жазу; сюжетті суреттер желісі бойынша шағын мәтін құрастыру; эссе құрылымын сақтай отырып, өзіне таныс адамды сипаттап жазу; оқылым және тыңдалым материалдарының негізінде жинақы шағын мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктердің көмегімен түзету;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі: қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесі ерекшеліктерін ескере отырып, түзету жаттығуларын орфографиялық нормаға сай жазу; сөздерді ілгерінді, кейінді, тоғыспалы заңдылықтарына сәйкес қолдану; тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді, омоним, антоним, синонимдерді орынды қолдана білу; ауызша, жазбаша тілдесім барысында жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді, күрделі сөздерді қолдану; зат есімдердің мағыналық түрлерін білу; түзету жаттығуларын орындау арқылы сын есімді зат есім орнына қолдана білу; сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

30. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым бөлімі: тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрация арқылы тақырыпты болжау; әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені түсіну; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты анықтау; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; тыңдалған мәтін мазмұны бойынша өз ойын білдіре отырып, сұрақтарға жауап беру; коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестерін орынды қолдану;

2) оқылым бөлімі: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; ауызекі сөйлеудің стильдік ерекшелігін қолданылған тілілік құралдар арқылы тану; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің жанрлық ерекшеліктерін түсіне отырып

ажырату; мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда нақты сұрақтар құрастыру; ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын салыстыру; комментарий жасау, іріктеп, рөлге бөліп оқуда оқылым стратегияларын қолдану; энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу;

3) жазылым бөлімі: кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтып, берілген мәтінге қарапайым жоспар құру; құрылымын сақтай отырып, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай хабарландыру, жарнама, құттықтау хаттарын құрастырып жазу; жинақталған деректер бойынша диаграмма, кесте, сызба түріндегі графикалық мәтін құрастыру; эссе құрылымын сақтап, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, белгілі бір оқиғаны суреттеп жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзету;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі: жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу; сөз және сөйлем ішінде екіпіннің түрлерін орынды қолдану; көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну; сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану, түзету жұмыстарын орындау; етістіктің етіс түрлері мен салт - сабақты етістіктерді білу; үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, сөйлем, мәтін құрау кезінде орынды қолдану; тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін түсіну, дұрыс қолдану.

31. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым бөлімі: мәтіннің алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілген мәселені болжау; әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені талдау; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, қосымша ақпаратты анықтау; мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне қарай негізгі ойды анықтау; тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш эмоционалды-экспрессивті сөздерді орынды қолдану;

2) оқылым бөлімі: кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер арқылы ақпаратты түсіну; көркем сөйлеудің стильдік ерекшелігін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін ажырату; мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы мен тілдік ерекшелігін салыстыру; оқылым

стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану;

3) жазылым бөлімі: әртүрлі жанрдағы мәтіндердің құрылымын сақтап, қарапайым жоспар құру; көркемдегіш құралдарды жанрлық ерекшелігіне сай қолданып, шағын мақала, әңгіме құрастырып жазу; сызба, сурет түрінде берілген процесті сипаттап жазу; эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздерін қолдана отырып жинақы мәтін жазу; мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі: жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу; сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсіну; фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, түсініп қолдана білу; етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; еліктеу сөздердің стильдік мәнін түсініп қолдану; шылау түрлерін ажырата білу, сөйлем құрау кезінде орынды қолдану; одағай түрлерін ажырата білу, сөйлем құрауда қолдану; оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

## 32. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым бөлімі: мәтіннен алынған үзінділер арқылы оқиғаның дамуын болжау; әлеуметтік-қоғамдық, мәдени, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты көтерілген мәселені талдау; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, факті мен көзқарасты ажырата білу; мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы арқылы негізгі ойды анықтау; тыңдалған мәтіннен келтірілген деректер арқылы сұрақтарға жауап беру; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш эмоционалды-экспрессивті сөздерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді орынды қолдану;

2) оқылым бөлімі: аралас және тұтас мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру; публицистикалық, ғылыми стиль ерекшеліктерін тілдік құралдар арқылы тану; хроника, кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтін бойынша перифраза ның түрлі тәсілдері арқылы сұрақтар құрастыру; әңгімелеу, сипаттау, талқылау түрлеріне қарай ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымын салыстыру; оқылым стратегияларын қолдану; комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану;

3) жазылым бөлімі: әртүрлі мәтіндердің құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру; тілдік құралдарды жанрлық және стильдік ерешеліктеріне сай қолданып мақала құрастыру; мәтін құрылымын сақтай отырып, сурет немесе шартты белгіні сипаттап жазу; эссе құрылымын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу; мәтіндегі сөздердің дұрыс нақты қолданылуын тексеру, лексикалық түзетулер енгізу;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі: дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу; ән, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану; сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу; жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану; оқшау сөздерді орынды қолдану; сөйлем ішінде, соңында қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

33. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым бөлімі: мәтіннен алынған үзінділер арқылы көтерілген мәселені болжау; әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені талдау; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, астарлы ойды анықтау; мәтіндегі көтерілген мәселе арқылы негізгі ойды анықтау; перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу; коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолдану, диалог, монологта өз ойын жүйелі жеткізу;

2) оқылым бөлімі: аралас және тұтас мәтіндердегі ақпараттарды өңдеу; қазақ тілінің стильдерін тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтіндегі көтерілген мәселе негізінде сұрақтар құрастыру; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін құрылымын салыстыру; комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқуда оқылым стратегияла рын тиімді қолдану; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау;

3) жазылым бөлімі: тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру; тілдік құралдарды жанрлық және стильдік ерешеліктеріне сай қолданып аннотация, тезис құрастырып жазу; графикалық мәтіндегі деректердің маңызды



тұсын анықтап жазу; эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін анық көрсетіп жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісімен жинақы мәтін жазу; жазба түзету жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, стильдік түзетулер жасау;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай сауатты жазу; лексикалық стилистика заңдылықтарын білу, қолдану; құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, түзету жаттығуларын орындау барысында қолдану; құрмалас сөйлемдегі түрлерін ажырата білу, сөйлемдерде қолдану; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу; сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

34. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым бөлімі: мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға болжаммен жауап беру; қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі көтерілген мәселені талдау; тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтін бойынша қорытынды жасау; автор көзқарасы арқылы негізгі ойды табу; мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра талдау, сыни баға беру; қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды орынды қолдану;

2) оқылым бөлімі: перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы қажетті ақпаратты табу; шешендік сөздің түрлерін тілдік құралдар арқылы тану; жолдау, заңнама, мемлекеттік бағдарламалар, әскери-патриоттық мәтіндердің жанрлық түрлерін ажырату; мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру; әртүрлі стильдегі мәтіндердің тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; әртүрлі ресурс көздерінен алынған ақпараттарды авторға сілтеме жасай отырып, түзету жазба жұмыстарында қолдану;

3) жазылым бөлімі: жинақталған материалдар негізінде ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; мәтін құрылымын сақтай отырып, маңызды тұстарын анықтап жазу; эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп жазу; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін жазу;

жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлуде логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі бөлімі: мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; құрмалас сөйлемнің түрлерін білу; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану; құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қолдану.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

35. Бағдарламада ұсынылған "оқыту мақсаттары" сандардан тұратын кодтық белгімен белгіленді, кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екіншісі – бөлімді, үшінші сан - бөлімшені, төртінші сан - бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді, яғни 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1" – бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

36. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) 1-бөлім: тыңдалым және айтылым:

1 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Болжау	5.1.1.1 тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау	6.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрация арқылы тақырыпты болжау	7.1.1.1 мәтіннің алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілген мәселені болжау	8.1.1.1 мәтіннен алынған үзінділер оқиғаның болжау	9.1.1.1 мәтіннен алынған үзінділер арқылы көтерілген мәселені болжау	10.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға болжаммен жауап беру
1.2 Әр түрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені түсіну	6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені түсіну	7.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені талдау	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты көтерілген мәселені талдау	9.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты көтерілген мәселені талдау	10.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі көтерілген мәселені талдау

1.3 Мәтіннен ақпаратты анықтау	5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну	6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі ақпаратты анықтау	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, қосымша ақпаратты анықтау	8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, факті мен көзқарасты ажырата білу	9.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, астарлы ойды анықтау	10.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтін бойынша қорытынды жасау
1.4 Негізгі ойды анықтау	5.1.4.1 тірек сөздер арқылы негізгі ойды анықтау	6.1.4.1 жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне қарай негізгі ойды анықтау	8.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы арқылы негізгі ойды анықтау	9.1.4.1 мәтіндегі көтерілген мәселе арқылы негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 автор көзқарасы арқылы негізгі ойды табу
1.5 Тыңдалым материалы бойынша жауап беру	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша өз ойын білдіреті отырып, сұрақтарға жауап беру	7.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру	8.1.5.1 тыңдалған мәтіннен келтірілген деректер арқылы сұрақтарға жауап беру	9.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу	10.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра талдау, сыни баға беру
1.6 Сөйлеу мәдениетін дамыту	5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді қолдану	6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестерін орынды қолдану	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш эмоционалды-экспрессивті сөздерді орынды қолдану	8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш эмоционалды-экспрессивті сөздерді, мақал-мәтелдерді, тіркестерді орынды қолдану	9.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолдану, диалог, монологта өз ойын жүйелі жеткізу	10.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды орынды қолдану

## 2) 2-бөлім "Оқылым":

### 2 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ақпаратты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну	6.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну	7.2.1.1 кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер арқылы ақпаратты түсіну	8.2.1.1 аралас және тұтас мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру	9.2.1.1 аралас және тұтас мәтіндердегі ақпараттарды өңдеу	10.2.1.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы қажетті ақпаратты

						табу
2.2 Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	5.2.2.1 лексиканың ауызекі және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану	6.2.2.1 ауызекі сөйлеудің стильдік ерекшелігін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	7.2.2.1 көркем сөйлеудің стильдік ерекшелігін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	8.2.2.1 публицистикалық, ғылыми стиль ерекшелік терін тілдік құралдар арқылы тану	9.2.2.1 қазақ тілінің стильдерін тілдік құралдар арқылы тану	10.2.2.1 шешендік сөздің түрлерін тілдік құралдар арқылы тану
2.3 Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымын түсіну, жанрлық ерекшеліктерін ажырату	6.2.3.1 ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің жанрлық ерекшеліктерін түсіне отырып ажырату	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымымен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін ажырату	8.2.3.1 хроника, кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелік терін ажырату	9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымымен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	10.2.3.1 жолдау, заңнама, мемлекеттік бағдарламалар, әскери-патриоттық мәтіндердің жанрлық түрлерін ажырату
2.4 Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу	5.2.4.1 мәтін мазмұнын түсіну үшін сұрақтар құрастыру	6.2.4.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда нақты сұрақтар құрастыру	7.2.4.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру	8.2.4.1 мәтін бойынша перифразаның түрлі тәсілдері арқылы сұрақтар құрастыру	9.2.4.1 мәтіндегі көтерілген мәселе негізінде сұрақтар құрастыру	10.2.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру
2.5 Мәтіндерге салыстырмалы түрде талдау жасау	5.2.5.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын салыстыру	6.2.5.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын салыстыру	7.2.5.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымымен тілдік ерекшелігін салыстыру	8.2.5.1 әңгімелеу, сипаттау, талқылау түрлеріне қарай ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымын салыстыру	9.2.5.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін құрылымын салыстыру	10.2.5.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
2.6 Оқылым стратегияларын қолдану	5.2.6.1 жалпы мазмұнын түсіну үшін, нақты ақпаратты табу үшін оқылым стратегияларын	6.2.6.1 комментарий жасау, іріктеп, рөлге бөліп оқуда оқылым	7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу	8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу	9.2.6.1 комментарий жасау, іріктеп талдап оқуда оқылым	10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді

	қолдану	стратегияла рын қолдану			стратегияла рын тиімді қолдану	қолдана білу
2.7 Өртүрлі ресурс көздерінен қажеті ақпаратты алу	5.2.7.1 қажетті ақпаратты балаларға арналған газет- журналдардан ала білу	6.2.7.1 энциклопеди я, сөздік, балаларға арналған газет- журналдар дан қажетті ақпараттарды алу	7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет- журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану	8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет- журналдар, оқулық тардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану	9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет- журналдар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	10.2.7.1 өртүрлі ресурс көздерінен алынған ақпараттарды авторға сілтеме жасай отырып, түзету жазба жұмыстарында қолдану

### 3) 3-бөлім "Жазылым":

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Жоспар құру	5.3.1.1 берілген мәтінге қарапайым жоспар құру	6.3.1.1 кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтып, берілген мәтінге қарапайым жоспар құру	7.3.1.1 өртүрлі жанрдағы мәтіндердің құрылымын сақтап, қарапайым жоспар құру	8.3.1.1 өртүрлі мәтіндердің құрылымын ескеріп, күрделі жоспар құру	9.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру	10.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру
3.2 Өртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	5.3.2.1 жанрлық ерекшелігіне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу	6.3.2.1 құрылымын сақтай отырып, жанрлық және стильдік ерекшелік теріне сай хабарландыру, жарнама, құттықтау хаттарын құрастырып жазу	7.3.2.1 көркемдегіш құралдарды жанрлық ерекшелігіне сай қолданып, шағын мақала, әңгіме құрастырып жазу	8.3.2.1 тілдік құралдарды жанрлық және стильдік ерешеліктеріне сай қолданып мақала құрастыру	9.3.2.1 тілдік құралдарды жанрлық және стильдік ерешеліктеріне сай қолданып аннотация, тезис құрастырып жазу	10.3.2.1 өртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру
3.3 Жазба жұмыстарын өртүрлі формада ұсыну	5.3.3.1 сюжетті суреттер желісі бойынша шағын мәтін құрастыру	6.3.3.1 жинақталған деректер бойынша диаграмма, кесте, сызба түріндегі графиктік мәтін	7.3.3.1 сызба, сурет түрінде берілген процесті сипаттап жазу	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, сурет немесе шартты белгіні сипаттап жазу	9.3.3.1 графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұсын анықтап жазу	10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, маңызды тұстарын анықтап жазу

		құрастыру				
3.4 Эссе жазу	5.3.4.1 эссе құрылымын сақтай отырып, өзіне таныс адамды сипаттап жазу	6.3.4.1 эссе құрылымын сақтап, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, белгілі бір оқиғаны суреттеп жазу	7.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып жазу	8.3.4.1 эссе құрылымын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу	9.3.4.1 эссе құрылымымен даму желісін сақтап, мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін анық көрсетіп жазу	10.3.4.1 эссе құрылымымен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп жазу
3.5 Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу	5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдарының негізінде жинақы шағын мәтін жазу	6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу	7.3.5.1 тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздерін қолдана отырып, жинақы мәтін жазу	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісімен жинақы мәтін жазу	10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін жазу
3.6 Мәтіндерді түзету және редакциялау	5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктердің көмегімен түзету	6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзету	7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру	8.3.6.1 мәтіндегі сөздердің дұрыс нақты қолданылуын тексеру, лексикалық түзетулер енгізу	9.3.6.1 жазба түзету жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, стильдік түзетулер жасау	10.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлуде логикалық түзетулер енгізу, редакциялау

		Чтение	10.3.1.1 понимать главную, второстепенную и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов; 10.3.5.1 составлять тезисный план
		Письмо	10.4.3.1 представлять информацию в виде отчета, статьи, справки на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков и наоборот; 10.4.6.1 соблюдать орфографические нормы
		Использование языковых единиц	10.5.2.1 использовать простые и сложные предложения, соответствующие ситуации устного или письменного общения
		Коррекционная работа	10.6.2.1 уметь управлять качеством движения и физической работоспособностью
2 четверть			
Восточные напевы	И.С. Тургенев "Восточная легенда" А.С. Пушкин "Бахчисарайский фонтан" Абай Кунанбаев "Масгут" Абулькасим Фирдоуси. Шахнаме (фрагменты). Эпос.	Аудирование	10.1.1.1 понимать основную и детальную информацию сообщения, продолжительностью до 5-8 минут, определяя подтекст, цель высказывания и отношение говорящего к событиям и героям и делая выводы; 10.1.3.1 понимать содержание прозаических, драматических, поэтических произведений/ фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям
		Говорение	10.2.1.1 владеть объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем; 10.2.2.1 пересказывать содержание текста, демонстрируя критическое отношение, оценивая позицию автора; 10.2.5.1 участвовать в дискуссии по предложенной проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы
		Чтение	10.3.1.1 понимать главную, второстепенную и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов; 10.3.5.1 составлять тезисный план;

			10.3.6.1 анализировать содержание художественных произведений, выявляя авторскую позицию и оценивая содержание произведения
		Письмо	10.4.2.1 излагать информацию прослушанного, прочитанного и / или аудиовизуального текста, творчески интерпретируя содержание; 10.4.5.1 писать эссе (объем 100-150 слов) по предложенной проблеме, обосновывая свое мнение и предлагая пути решения проблемы, соблюдая особенности текста рассуждения, рассуждения с элементами повествования/ описания; 10.4.7.1 использовать знаки препинания в простых, простых осложненных и сложных предложениях
		Использование языковых единиц	10.5.1.2 использовать глаголы в соответствующих формах; 10.5.2.1 использовать простые и сложные предложения, соответствующие ситуации устного или письменного общения
		Коррекционная работа	10.6.3.1 владеть коммуникативными навыками
Истории любви	Р.И. Фраерман. Повесть "Дикая собака Динго, или повесть о первой любви" Н.М. Карамзин. "Бедная Лиза"	Аудирование	10.1.2.1 понимать значение слов общественно политической тематики; 10.1.5.1 прогнозировать содержание текста на основе утверждений
		Говорение	10.2.4.1 создавать высказывание (рассуждение, убеждение), используя приемы привлечения внимания и учитывая целевую аудиторию; 10.2.6.1 оценивать высказывание (монолог/ диалог) с использованием приемов привлечения внимания и с учетом целевой аудитории
		Чтение	10.3.2.1 определять стилистические особенности текстов публицистического стиля (проблемная статья), научного стиля (аннотация, тезисы, статья), официально-делового стиля (инструкция, правило, отчет, закон); определять принадлежность текста к различным типам на основе характерных признаков; 10.3.4.1 использовать виды чтения владеть техниками критического мышления при чтении
		Письмо	10.4.1.1 создавать тексты публицистического стиля (проблемная статья), научного стиля (аннотация, статья, тезисы) и официально-делового стиля (правило, отчет, инструкция); 10.4.3.1 представлять информацию в виде отчета, статьи, справки на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков и наоборот; 10.4.6.1 соблюдать орфографические нормы
		Использование языковых единиц	10.5.1.2 использовать глаголы в соответствующих формах; 10.5.2.1 использовать простые и сложные предложения, соответствующие ситуации устного или письменного общения
		Коррекционная работа	10.6.4.1 уметь писать согласно нормам каллиграфии

		работа	
3 четверть			
Человек и общество	Л.Н. Мартынов. Стихотворение "След" М.Ю. Лермонтов. Поэма "Мцыри" А.С.Пушкин. Поэма "Цыганы" Н.В. Гоголь. "Шинель".	Аудирование	10.1.1.1 понимать основную и детальную информацию сообщения, продолжительностью до 5-8 минут, определяя подтекст, цель высказывания и отношение говорящего к событиям и героям и делая выводы; 10.1.3.1 понимать содержание прозаических, драматических, поэтических произведений/ фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям
		Говорение	10.2.1.1 владеть объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем 10.2.5.1 участвовать в дискуссии по предложенной проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы
		Чтение	10.3.1.1 понимать главную, второстепенную и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов; 10.3.5.1 составлять тезисный план; 10.3.8.1 сравнивать тексты, анализируя содержание, определяя авторскую и собственную позицию
		Письмо	10.4.3.1 представлять информацию в виде отчета, статьи, справки на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков и наоборот; 10.4.5.1 писать эссе (объем 100-150 слов) по предложенной проблеме, обосновывая свое мнение и предлагая пути решения проблемы, соблюдая особенности текста рассуждения, рассуждения с элементами повествования/ описания
		Использование языковых единиц	10.5.1.3 использовать числительные в соответствующих формах; 10.5.2.1 использовать простые и сложные предложения, соответствующие ситуации устного или письменного общения
		Коррекционная работа	10.6.5.1 уметь устанавливать аналогии
Воспитание личности	Д.И. Фонвизин "Недоросль" Н.А. Некрасов. Стихотворение "Школьник" П. Тревверс "Мэри Поппинс" А. Сент-Экзюпери. "Маленький принц"	Аудирование	10.1.4.1 определять основную мысль текста, учитывая структуру текста; 10.1.5.1 прогнозировать содержание текста на основе утверждений
		Говорение	10.2.2.1 пересказывать содержание текста, демонстрируя критическое отношение, оценивая позицию автора; 10.2.3.1 соблюдать речевые нормы, включая в высказывание лексические и синтаксические единицы, соответствующие стилю
		Чтение	10.3.3.1 формулировать вопросы, перефразируя информацию текста, и отвечать на них, различая факт и мнение; 10.3.4.1 использовать виды чтения владеть техниками критического мышления при чтении; 10.3.7.1 извлекать и синтезировать информацию, делать

			выводы на основе полученных сведений, выражая собственное мнение
		Письмо	10.4.2.1 излагать информацию прослушанного, прочитанного и / или аудиовизуального текста, творчески интерпретируя содержание; 10.4.4.1 писать творческие работы, фрагмент/фрагменты текста, являющиеся контрастными по содержанию, с использованием в письме изобразительно-выразительных средств
		Использование языковых единиц	10.5.1.3 использовать числительные в соответствующих формах
		Коррекционная работа	10.6.6.1 уметь зрительно воспринимать объемный материал
4 четверть			
Мы против коррупции	Н.В. Гоголь "Ревизор"	Аудирование	10.1.2.1 понимать значение слов общественно политической тематики
		Говорение	10.2.1.1 владеть объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем; 10.2.3.1 соблюдать речевые нормы, включая в высказывание лексические и синтаксические единицы, соответствующие стилю; 10.2.4.1 создавать высказывание (рассуждение, убеждение), используя приемы привлечения внимания и учитывая целевую аудиторию
		Чтение	10.3.1.1 понимать главную, второстепенную и скрытую (подтекст) информацию сплошных и несплошных текстов; 10.3.3.1 формулировать вопросы, перефразируя информацию текста, и отвечать на них, различая факт и мнение; 10.3.4.1 использовать виды чтения владеть техниками критического мышления при чтении
		Письмо	10.4.1.1 создавать тексты публицистического стиля (проблемная статья), научного стиля (аннотация, статья, тезисы) и официально-делового стиля (правило, отчет, инструкция); 10.4.6.1 соблюдать орфографические нормы 10.4.7.1 использовать знаки препинания в простых, простых осложненных и сложных предложениях
		Использование языковых единиц	10.5.1.2 использовать глаголы в соответствующих формах
		Коррекционная работа	10.6.6.1 уметь сосредотачивать внимание на объемном материале
Чтобы помнили	Литература периода Великой Отечественной войны К. Симонов. "Родина" М.Джалиль. "Палачу"	Аудирование	10.1.4.1 определять основную мысль текста, учитывая структуру текста; 10.1.5.1 прогнозировать содержание текста на основе утверждений
		Говорение	10.2.5.1 участвовать в дискуссии по предложенной

"Не О. Сулейменов "Одна война закончилась верь!" другой"		проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы; 10.2.6.1 оценивать высказывание (монолог/диалог) с использованием приемов привлечения внимания и с учетом целевой аудитории
	Чтение	10.3.2.1 определять стилистические особенности текстов публицистического стиля (проблемная статья), научного стиля (аннотация, тезисы, статья), официально-делового стиля (инструкция, правило, отчет, закон); определять принадлежность текста к различным типам на основе характерных признаков; 10.3.5.1 составлять тезисный план; 10.3.8.1 сравнивать тексты, анализируя содержание, определяя авторскую и собственную позицию
	Письмо	10.4.2.1 излагать информацию прослушанного, прочитанного и / или аудиовизуального текста, творчески интерпретируя содержание; 10.4.4.1 писать творческие работы, фрагмент/фрагменты текста, являющиеся контрастными по содержанию, с использованием в письме изобразительно-выразительных средств
	Использование языковых единиц	10.5.2.1 использовать простые и сложные предложения, соответствующие ситуации устного или письменного общения
	Коррекционная работа	10.6.6.1 уметь сосредотачивать внимание на объемном материале

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 50-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 490-  
қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес) 1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Екінші тілге оқытудың мақсаты оқыту деңгейіне сәйкес коммуникация құралы ретінде қазақ тілін меңгеру мен жетілдіру дағдыларының қалыптасуын, сонымен бірге қазақ әдеби тілінің нормалары мен ережелерін, тіл этикеті ережелерінің сақталуын қамтамсыз етеді, бұлар білім алушылардың

функционалдық сауаттылығының дамуына, өз бетінше қазақ тілінде сөйлеп қатынас жасауына ықпал жасайды.

### 3. Міндеттер:

1) өмірдің әлеуметтік-тұрмыстық, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіптік салаларында қатынас жасауға қажетті тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын дамыту;

2) тілдік жүйе бірліктері, олардың үйлесім ережелері, қызметі, дағдылары және де, қазақ тілінің ережелері мен нормаларына сәйкес синтаксикалық құрылымын құру қабілеттері жөнінде білімдерін қалыптастыру;

3) тілдік өзін-өзі бақылау мен тілдік белсенділік дағдыларын дамыту;

4) қабылдаған ақпараттың сараптамасына, синтезіне, бағалануына, түсінілуіне бағытталған ойлау қабілетінің дағдыларын дамыту және қалыптастыру;

5) білім алушылардың танымдық қабілеттерін, жадын, зейінін, қиялын, тілдік реакциясын, тілдік құбылыстарға қарасты байқампаздығын дамыту;

6) ізденушілік, танысушылық, зерттеушілік оқу дағдыларын, оқыған ақпаратты өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

7) түрлі жанрдағы шығармаларды саралау, оқығанын дәлелді тұжырымдау: тақырыпты, идеяны және композициялық ерекшеліктерді, шығарма сюжетін, негізгі оқиғаларды, кейіпкерлердің әрекеттері мен істерін, жазушының стилдік ерекшеліктерін;

8) білім алушының сөздік қорын байыту, педагогтың, айналасындағылардың айтқанын түсініп тыңдауын дамыту;

9) қазақ тіліндегі фонетика, лексика, грамматика, дұрыс жазу негіздерін зерделеу және байланысты сөйлеу тілін қалыптастыру;

10) өзге халықтардың тілі мен мәдениетіне төзімділік көзқарас қалыптастыру.

4. Бағдарламаның мазмұны заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

### 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Тілді оқыту оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және де жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер

мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әр-түрлі жұмыстарға қамтылады, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларға

(оқитын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрындағы, стилдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық "Мәңгілік Ел" идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу үдерісі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық ірекеттерді қолдану түрінде берілетін, "кішкентай қадамдар" әдісі маңызды орын алады.

17. Әрбір жаңа кезеңде білім алушылар материалды зерделеуге алдыңғы дағдыларының қалыптасуына қарай көшіп отырады; мұғалім дағдылары мен қабілеттерінің қалыптасуына қажетті әр кезеңге белгіленген уақытты өз бетінше белгілейді.

18. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында білім алушылардың тілдік практикалық қабілеттерінің қалыптасуына акцент жасау қарастырылады, бұлар



білім алушылардың тілдік әрекетінің шектеулілігіне байланысты күнделікті істерінде жүзеге асырылады.

19. Екінші тілге оқытудың бастапқы кезеңдерінде ауызша сөйлеу тілін түсіну қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын анықтау және кеңейту негізгі болып табылады, олар тілдік естуін дамыту және түзеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуімен, орфоэпикалық дағдыларын қалыптастырумен сабақтасады; бұл үшін әңгімелесуді, өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, сөйлемдер, тілдік ойындар жаттауды қолдануға болады; мұнда мұғалім сөздердің орфоэпикалық дұрыс айтылуын қадағалайды, өз тілі мысалында қазақ тілінде сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоюға, сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді оқуға үйретеді.

20. 5-сыныпта білім алушылар сөздердің дыбыстық, содан кейін дыбыстық-әріптік сарптамасымен жұмыс жүргізуді жалғастырады; жұмыстың бұл түрінің тілдік естуді дамытуда үлкен мағынасы бар, қазақша сөздегі әрбір дыбыс пен әріптің орнын көруге көмектеседі, ал бұл өз кезегінде, дұрыс сөйлеуге, жазуға, сөздерді есте сақтауға ықпалын тигізеді.

21. Тілді практикалық тұрғыда меңгерудің бастапқы кезі тыңдау қабілеті мен дағдысы болады, бұлардың базасында байланысты сөйлеу, сөйлеу қабілеті мен дағдылары қалыптасып, олармен жұмыс жетекші орын алады, өйткені ауызша тілдің қабілеті мен дағдыларының базасында оқу және жазу қабілеті мен дағдылары қалыптасады.

22. Бұл үшін қабілеттіліктің бүтіндей кешені орнатылуы керек, атап айтқанда:

1) дыбыстамалық тілді тыңдау;

2) айтылғанды есту, бөтен және өз тіліндегі нормадан ауытқуларды табу;

3) үлгі негізінде естігенді дұрыс қайталап айту;

4) дыбыстарды, буындарды, сөздерді анық артикуляциялау;

5) естігенді айтқан сөзбен және көргенімен сәйкестеу: дыбыстық және әріптік құрылымның сәйкестігін белгілеу, әдеби сөйлеу мен сөзді жазу арасындағы қайшылықтарды табу;

6) ауызша өз сөзінде және оқығанда өз бетінше орфоэпикалық үлгілерді қолдану;

7) байланысты сөздер құру;

8) сауатты жазу.

23. Тілдік дағдыларды дамыту үшін түрлі талдауыштар қатысатын жағдайларды жасаған дұрыс: көру (суреттерді, заттарды көрсету), есту (мұғалім, құрбылары не айтып жатқанын мұқият тыңдау, өзгелер мен өз сөзінде қателерді байқау); тактильді (дыбыс артикуляциясын сезіну).

24. Сөздерді дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады: сөздерді, сөйлемдерді тақтадан және оқулықтан көшіріп жазу; қалдырып кеткен әріптерді, буындарды, сөздерді қойып көшіру; таңдамалы көшіру; естігенін жазу, ойша, сраптама ізі бойынша сөйлемдердегі сөздердің бұзылған ретін қалпына келтіру.

25. Оқыту барысындағы орфографиялық сөздермен сүйемелденетін тыңдау, сөйлеу, саналы көшіру қазақ тілін меңгеру жұмыстарының негізгі түрі болып табылады.

26. Оқыған кезде фактілер дұрыс қабылданып жатқанын (не, қайда, қашан), себептік-нәтижелік байланыстар белгіленгенін (неге, не үшін), оқығанның мағынасын қалай түсінгенін анықтап алады.

27. Оқыту барысында сөздіктік жұмыстың үлкен мағынасы бар: ол түсініп оқудың қалыптасуына, сөздігінің баюына, бөлектенген сөздердің айтылуы мен жазылуы практикалық тұрғыда меңгерілуіне ықпал жасайды; сөздік жұмыстың мазмұнымен жаңа сөздердің мағынасы түсіндіріліп, олар білім алушылардың белсенді тіліне (ауызша және жазбаша) енгізіледі. Жаңа сөздер мағынасын талқылау қазақ тілінде жүргізіледі; бөлек жағдайда ана тілін қолдануға болады.

28. Қазақ тілін оқытудың маңызды шарттарының бірі - мұғалімнің сөйлеу тілі мен оқуы; педагогтың тілі үлгі болады; үлкеннің қазақ тілі анық, ашық, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қателерсіз қарастырылады.

29. Қабілеттер мен дағдылардың дамуы сабақ берудің стратегияларын, әдістері мен тәсілдерін қарастырады:

1) білім алушыларды коммуникативтік іс-әрекетке белсенді түрде тарту;

2) оқудың таныстырушылық түрі негізінде өз бетінше білім іздеу уәждемесін қалыптастыру;

3) әрі қарай дамуы үшін бағалаудың түрлі тәсілдерін қолдану, білім алушылардың шығармашылықтық қабілеттерін арттыру үшін түрлі жағдайлар жасау;

4) білім алушыларды ынталандыру және уәждеу мақсатында оқытуды дифференциалау.

30. Екінші тілге оқыту үшін бірегей (шоғырландырылған) қазақ тілі мен әдебиеті сабағы жүргізіледі.

31. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) интерактивтік панелі және үшөлшемді аксессуарлары бар "Мультимедиялық интерактивтік оқытатын бағдарламалық-әдістемелік кешен"

электрондық ресурсы - теориялық материал мен практикалық білімдердің меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін;

2) дыбыстық сигнады визуалдайтын "Логопедиялық тренажер" - арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізу барысында, әсіресе тұтықпасы мен дизартриясы бар балалармен жұмыс істегенде;

3) тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арналған тілдік тренажер ассистивтік құрылғысы - қажетті мөлшерде жалпақ сөйлемдік тілді меңгермеген білім алушылар үшін, сонымен бірге білім алушылардың тілдік шектелуі кезеңінде.

**3-тарау. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

32. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына сағат, оқу жылында – 170 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 5сағат, оқу жылында – 170 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 170 сағатты құрайды.

33. Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың жүйке жүйесі, артикуляциялық аппараты, эмоциональды-өріс саласы, сөйлеу қабілеті мен танымдық ерекшеліктері, сөйлеу тілінің бұзылыстары және осы қызметтерді қалыптастыру негізінде 7, 8, 9-сыныптардың оқу материалдары бір жылға ұзартылып, 7-10 сыныптарға арналып құрастырылды.

34. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

35. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар білім алушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді. Коммуникативтік дағдылардағы оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық түзете-дамыта оқыту бағытында жасалған.

36. Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) тыңдалым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) айтылым;
- 5) тілдік бағдар.

37. "Тыңдалым" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) болжау;

- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

38. "Оқылым" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) стильдік ерекшеліктерді белгілеу;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы түрде талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

39. "Жазылым" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 2) эссе жазу;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

40. "Айтылым" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

41. "Тілдік бағдар" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

42. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап бер;

2) айтылым: жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы,

мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым: негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым: ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

#### 43. Тілдік бағдар:

1) сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктер, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

2) сөйлем: хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

#### 44. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

2) айтылым: тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне

салыстыру жасау, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

3) оқылым: мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

4) жазылым: мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

45. Тілдік бағдар:

1) сөз таптары: деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулардың қызметін білу;

2) сөйлем: жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру.

46. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

2) айтылым: мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен

сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші тыңдаушы" позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

3) оқылым: кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

4) жазылым: мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

47. Тілдік бағдар:

1) сөз таптары: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу;

2) сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

48. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу - еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым: тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым: перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым: мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

49. Тілдік бағдар:

1) сөз таптары: болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану;

2) сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

50. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді



тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым: мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым: мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым: мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

#### 51. Тілдік бағдар:

1) сөз таптары: өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану;

2) сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру. тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйек сөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау.

#### 52. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын

түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйек сөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйек сөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;

2) айтылым: мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым: мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым: мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

### 53. Тілдік бағдар:

1) сөз таптары: өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану;

2) сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

54. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1" – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

#### 55. Оқыту мақсаттары:

##### 1) 1-бөлім. "Тыңдалым":

1 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Болжау	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау	6.1.1.1 тірек сөздер және сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	7.1.1.1 мәтін тақырыбы және басы бойынша мәтін мазмұнын болжау	8.1.1.1 мәтіннің үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау	9.1.1.1 тыңдалған мәтін бойынша дайындалған сұрақтар арқылы тақырып пен көтерілетін мәселені болжау	10.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйек сөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау
1.2. Назарын шоғырланды рып тындау	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпараттарды анықтау	7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау	8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау.	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылы ғын анықтау	10.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың нақтылығын анықтау
1.3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	6.1.3.1 әлеуметтік- тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну	7.1.3.1 әлеуметтік- мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптары на байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну	9.1.3.1 әлеуметтік- қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну	10.1.3.1 әлеуметтік- қоғамдық тақырыптар аясында айтылған термин сөздердің мағынасын түсіну
1.4. Көркем	5.1.4.1 фольклорлық	6. 1.4.1 әңгіме,	7. 1.4.1 повестердің және лирикалық	8.1.4.1 орта көлемді	9.1.4.1 орта көлемді	10.1.4.1 орта көлемді

шығармаларды тыңдау	және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну	хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау	поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау	прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтау	прозалық, поэзиялық шығармаларды тыңдап, өз пікірлерін білдіру
1.5. Негізгі ойды анықтау	5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау	6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау	9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен мақсатын анықтау	10.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау
1.6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру	6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жалпы жауап беру	7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру	8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру	9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру	10.1.6.1 тыңдалым материалдарының негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру

## 2) 2-бөлім. "Айтылым":

### 2 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Сөздік қорының алуандылығы	5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді меңгеру, сол сөздермен тіркестерін, сөйлемдер құрай білу	6.2.1.1 тақырып бойынша жаңа сөздерді меңгеріп, оларды синоним, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу	7.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	8.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту	9.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау	10.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау
2.2 Сөз мәнері мен сөйлеу	5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері	6.2.2.1 тақырып бойынша	7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау,	8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем	9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға	10.2.2.1 түрлі жағдаяттарға

этикеті	мен ұлттық этикет формаларын пайдалану	диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу	өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу	байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу
